

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 мамырдағы № 223 бұйрығы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 130-бабының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 14 ақпандығы № 70 бұйрығының күші жойылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Бухгалтерлік есеп, аудит және бағалау әдіснамасы департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында оның орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрі

M. Такиев

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2025 жылғы 12 мамырдағы
№ 223 бұйрығымен
бекітілген

Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

1-бөлім. Жалпы ережелер

1-тарау. Жалпы ереже

1. Осы Мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алууды жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің (бұдан әрі –

Бюджет кодексі) 130-бабының 4-тармағына сәйкес өзірленді және республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есепке алуды салықтық және салықтық емес түсімдерді, негізгі капиталды сатудан түсетін, трансфертерді, мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін есепке алуды жүргізу тәртібін белгілейді.

2. "Есепке алу саясатын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 24 сәуірдегі № 191 бұйрығымен бекітілген есепке алу саясатына (бұдан әрі – Есепке алу саясаты) сәйкес бухгалтерлік есепке алуды жүргізу мен қаржылық есептілікті қалыптастыруды жүзеге асырады, ол осы Қағидаларда қаралғандардан есепке алудың нақты модельдерін айқындайды.

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ағымдағы қалпына келтіру құны – есептілік күніне активті сатып алу нәтижесінде мемлекеттік мекемеде туындауы мүмкін шығындар;

2) айырбасталатын операциялар – бұл операцияларды жүзеге асыру кезінде мемлекеттік мекеме алынатын активтерге/қызметтерге, өз міндеттемелерін өтеуге айырбасқа шамамен құнға тең баламаны тапсырады (ақшалай қаражат, көрсетілетін қызметтер немесе пайдалануға басқа активтерді ұсыну нысанында);

3) айырбасталмайтын операциялар – айырбасталатын болып табылмайтын операциялар. Айырбасталмайтын операцияны жүзеге асыру кезінде мемлекеттік мекеме шамамен құнына тең айырбасқа тікелей тапсырусыз басқа субъектіден құнды алады не шамамен құнына тең айырбасқа тікелей алусыз басқа тарапқа құнды береді;

4) активтер – болашақта экономикалық пайда немесе сервистік әлеуетті қамтамасыз ете алатын, өткен оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік мекеме бақылайтын ресурстар;

5) активті алмастыру құны – активтің жалпы сервистік әлеуетін алмастыру үшін қажет құн;

6) активтің құнсыздануы – амортизация арқылы болашақ экономикалық пайдалардағы немесе активтің сервистік әлеуетіндегі шығындарды жүйелі түрде танудан асып түсетін болашақ экономикалық пайдалардағы немесе активтің сервистік әлеуетіндегі шығындар;

7) активтің құнсыздануынан болатын шығын – оны алмастыратын құннан асатын активтің баланстық құнының сомасы;

8) активтің өтелетін құны сатуға және оның пайдалану құндылығын жұмсалатын шығындарды шегере отырып, активтің әділ құнының ең көп мәні;

9) ақша қаражатының ағыны – ақша мен олардың баламаларының ағындары (түсімдері) мен шетке кетуі (төлемдер);

10) ақшалай баламалар – ақша қаражатының белгілі бір сомасына оңай айырбасталатын және құнының өзгеруінің елеусіз тәуекеліне ұшырайтын қысқа мерзімді, жоғары өтімді инвестициялар;

11) ақшалай емес (монетарлы емес) баптар – ақшалай болып табылмайтын баптар;

12) ақшалай (монетарлы) баптар – қолдағы бар валюта бірліктері, сондай-ақ валюта бірліктерінің тіркелген немесе айқындалатын санында көрініс тапқан алуға немесе төлеуге жататын активтер мен міндеттемелер;

13) амортизация – пайдалы қолдану мерзімі ішінде активтің амортизацияланатын құнының жүйелік бөлінуі;

14) аннуитет – белгілі бір жылдар саны ішінде жүйелі төлемдер арасындағы тең аралықтағы, бір бағыттағы төлемдердің ағымы;

15) аннуитеттің болашақ құны – аннуитетке енгізілген әрбір жеке төлемнің немесе түсімнің болашақ құндарының сомасы;

16) ауыл шаруашылығы қызметі – оларды сату, ауыл шаруашылығы өнімін алу немесе қосымша биологиялық активтер өндіру мақсатында субъектінің биологиялық активтердің биотрансформациясын басқаруды жүзеге асыруы;

17) әділ құн – актив айырбастала алатын сома, ол бойынша жақсы хабардар, мұндай операция жасауға ниетті, тәуелсіз тараптар арасында операциялар жасағанда міндеттеме өтеле алатын сома;

18) бағалау міндеттемесі – шамасы бойынша белгіленбекен немесе орындалу мерзімі белгіленбекен міндеттеме;

19) бағамдық айырма – басқа валюталық бағамдар бойынша бір валюта бірлігінің бірдей санын басқа валютаға қайта есептеу кезінде туындаитын айырма;

20) баланстық құн – ол бойынша актив немесе міндеттеме бухгалтерлік баланста танылатын сома;

21) белсенді нарық – мынадай:

нарық айналымындағы тауарлар біртекті болып табылуы;

іс жүзінде кез келген уақытта мәміле жасауға ниетті сатып алушылар мен сатушылар болуы;

баға туралы ақпарат жалпы қолжетімді болып табылуы шарттарының барлығы орындалатын нарық;

22) берілген қарыздардың номиналды және әділ құны немесе ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер арасындағы он немесе теріс айырманың амортизациясы – есептелген айырма сомасын табыстарға немесе шығыстарға біртіндеп жатқызу;

23) биологиялық актив – жануар немесе өсімдік;

24) болашақ кезеңдердің кірістері – болашақ кезеңдерге жатқызылған, бірақ іс жүзінде есепті кезеңде алынған кірістер;

25) болашақ кезеңдердің шығыстары – осы кезеңде жүргізілген, бірақ болашақ кезеңдерге жатқызылған шығыстар;

26) бірлескен бақылау – маңызды іс-қимылдар туралы шешім бақылауды жүзеге асыратын тараптардың толық келісімін талап еткен кезде болатын міндетті күші бар келісім нысанындағы қызметке бақылауды келісілген түрде бөлу;

27) бірлескен кәсіпорынның қатысушысы – бірлескен кәсіпорындағы осы бірлескен кәсіпорынға бірлескен бақылауы бар тарап;

28) бірлескен қызмет – 2 (екі) немесе одан да көп тараптар бірлесіп бақылайтын қызмет;

29) бухгалтерлік операциялар деректерінің бірыңғай қоймасы

(бұдан әрі – БО ДБҚ) – бұл басқарушылық шешімдер қабылдау үшін есептілікті, талдауды құруды қамтамасыз ететін мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік операцияларының орталықтандырылған дерекқоры;

30) валюталық бағам – "Валюта айырбастаудың нарықтық бағамын айқындау тәртібі туралы" Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2013 жылғы 25 қаңтардағы № 15 қаулысымен және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 22 ақпандағы № 99 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8378 тіркелген) бекітілген тәртіппен айқындалған бір валютаны басқасына айырбастаудың нарықтық бағамы;

31) вексель – біржақты сөзсіз ақшалай міндеттемені қамтитын қатаң белгіленген нысандағы төлем құжаты;

32) елеулі ықпал – басқа ұйымның қаржы және операциялық саясаты мәселелері бойынша шешімдер қабылдауға қатысу өкілеттігі, бірақ мұндай саясатты бақылау немесе бірлескен бақылау емес;

33) ең аз жалдау төлемдері – жалға алушыдан шартты жалдау төлемін, жалға беруші төлейтін қызметтер мен салықтардың төлемі бойынша соманы немесе оған қайтарылатын соманы алып тастағанда жалдау мерзімі бойы талап етілетін немесе талап етіле алатын төлемдер:

жалға алушы үшін – жалға беруші кепілдік беретін немесе жалға берушімен байланысты тарап кепілдік беретін кез келген сомамен;

жалға беруші үшін – мынадай тараптардың бірі жалға берушіге кепілдік берген кез келген қалдық құнмен:

жалға алушы;

жалға алушымен байланысты тарап;

34) есеп саясаты – барлық мемлекеттік мекемелер үшін бірыңғай болып табылатын, мемлекеттік мекемелер қаржылық есептілікті жасау және ұсыну кезінде қолданатын қағидаттар, негіздер, ережелер, қағидалар мен тәжірибе;

35) есептеу әдісі – операциялар мен оқиғалар орын алған есепті кезендегі (акшалай қаражаты мен олардың баламаларының нақты түсімі мен төлеміне байланысты емес) оларды жасау фактісі бойынша танылатын бухгалтерлік есеп әдісі;

36) есептік ақпараттық жүйесі – бұл бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау жөніндегі функцияларды автоматтандыруға арналған бағдарламалық өнім;

37) жалдау – ол бойынша жалға беруші жалға алушыға келісілген уақыт кезеңі ішінде төлемге немесе төлемдер тобына айырбастауға активті пайдалану құқығын беретін шарт;

38) жалдау мерзімі – жалға алушы активті жалдауға келіскең кезең, сондай-ақ, егер жалдау мерзімінің басталу сәтінде жалға алушы осындай таңдау жасайды деген дәлелді сенімділік болса, кез келген қосымша мерзім, ол мерзімде жалға алушының таңдауы бойынша төлем арқылы немесе онсыз активті жалдауды жалғастыра алады;

39) занды міндеттеме – заннама немесе шарт негізінде туындастырылған міндеттеме;

40) инвестициялық жылжымайтын мүлік – жалдау төлемдерін алу немесе капитал немесе екеуінің де құнын өсіру мақсатында иеліктегі (меншік иесінің немесе жалға алушының қаржылық жалдау шарты бойынша) жылжымайтын мүлік (жер немесе ғимарат не анау да мынау да), бірақ:

өндірісте немесе әкімшілік мақсаттар үшін тауарларды жеткізгенде, қызметтерді көрсеткендегі қолдану үшін емес;

қалыпты шаруашылық қызмет барысында сату үшін;

41) инвестициялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құны – төленген ақша қаржатының немесе оның баламасының сомасы немесе оны сатып алу не құру сәтінде активті сатып алу мақсатында берілген басқа орнын алмастырудың әділ құны;

42) кадастрылық (бағалау) құны – мемлекет жер участекін немесе оны жалға алу құқығын сатқан кезде қолданылатын, инфляцияның жалпы деңгейі туралы ресми статистикалық ақпаратқа сәйкес кезең-кезеңімен нақтыланатын жер участеклері үшін төлемақының базалық ставкалары және оларға түзету коэффициенттері негізінде айқындалатын жер участекінің есептеу құны;

43) квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржы инвестициялары – мемлекеттік кәсіпорындарға, жауапкершілігі шектулі серіктестіктерге, акционерлік қоғамдарға, оның ішінде қатысуышы немесе акционері мемлекет болып табылатын ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға, сондай-ақ мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы Қазақстан Республикасының заннамалық актілеріне сәйкес олармен аффилииленген болып табылатын еншілес, тәуелсіз және өзге де занды тұлғаларға бюджет қаржатын салу;

44) кірістер – капиталда қатысатын тұлғалардың жарналарына байланысты арттырудан ерекшеленетін таза активтердің\ капиталдың өсуіне әкеп соқтыратын активтердің ағымы немесе өсуі немесе міндеттемелердің азаюы нысанында есеп кезеңі ішінде экономикалық пайдалардың немесе сервистік әлеуеттің өсуі;

45) қаржылық есептілікті беру валютасы – қаржылық есептілік берілетін валюта;

46) қаржылық жалдау – жалдау мерзімінің уақыты өткеннен кейін меншік құқығының ауысуына қарамастан, активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдалардың жалға алушыға елеулі ауыстырылуы болатын жалдау;

47) қаржы міндеттемелері – бұл:

ақша қаражатын немесе кез келген басқа қаржы активін басқа субъектіге төлеу туралы;

пайдасыздығы ықтимал болып табылатын жағдайларда екінші субъектімен қаржы құралдарын алмасу туралы шартты міндеттеме болып табылатын кез келген міндеттеме ;

48) қауымдақсан үйым – инвестордың елеулі ықпалы бар үйым;

49) қорлар – мынадай:

өндірістік процесте пайдалану үшін шикізат және материалдар түріндегі;

қызмет көрсету кезінде тұтынылатын немесе таратылатын шикізат пен материалдар түріндегі;

кәсіпорынның қалыпты қызметі барысында сатуға немесе таратуға арналған;

сату немесе тарату үшін өндірілетін активтер;

50) материалдық емес актив – физикалық нысаны жоқ сәйкестендірілетін монетарлы емес актив;

51) мәдени мұра активтері – мәдени, экологиялық немесе тарихи маңыздылығы салдарынан мәдени мұра активтері болып табылатын активтер. Оларға тарихи ғимараттар мен монументтер, бірегей сөзүет ескерткіштері, археологиялық қазбалар орындары, қорықтар мен табиғи қорғалатын аумақтар, сондай-ақ өнер туындылары жатады;

52) міндеттеме – өткен оқиғалардан туындастын мемлекеттік мекеменің міндеттемесі, оны реттеу экономикалық пайданы немесе сервистік әлеуетті қамтитын ресурстың шығып қалуына әкеп соқтырады;

53) нарықтық белгіленген баға – сатудан алғына алатын немесе белсенді нарықта қаржы құралын сатып алу кезінде төленуі тиіс ақша қаражатының сомасы;

54) негізгі құралдар – мынадай:

тауарларды өндіруде немесе жеткізуде немесе қызметтер көрсетуде пайдалану үшін , басқа тұлғаларға жалға беру үшін немесе әкімшілік мақсаттар үшін ұсталатын;

бір жылдан астам уақыт ішінде қолданылатын материалды объектілер;

55) операциялық жалдау – қаржы жалдауынан ерекшеленетін жалдау;

56) орындылық – ақпарат шешім қабылдайтын пайдаланушылар үшін орынды болып табылады және оларға оқиғаларды бағалауға, олардың өткен бағаларын растауға немесе түзетуге көмектеседі;

57) пайдалы қолдану мерзімі – актив субъектінің пайдалануы үшін жарамды болады деп күтілетін уақыт кезеңі; не мемлекеттік мекеме осы активтің көмегі арқылы алуға болжап отырған өнімнің белгілі бір саны немесе үксас көрсеткіш;

58) ретроспективті қолдану (есеп саясатындағы өзгерістер) – жаңа есеп саясатын операцияларға, басқа оқиғалар мен жағдайларға осы есеп саясаты әрқашан пайдаланылатын түрде қолдану;

59) салыстырмалық – түрлі кезеңдердегі және түрлі мемлекеттік мекемелердің ақпаратын салыстыру мүмкіндігі. Ұқсас операциялардың қаржылық нәтижелері барлық мемлекеттік мекемелер үшін ортақ әдіснама бойынша жүзеге асырылады;

60) сенімді ұсыну – экономикалық немесе басқа құбылысты сенімді түрде білдіретін, мәміленің мәнін, басқа оқиғаны, қызметті немесе жағдайды көрсететін ақпарат, олардың заңды формасына әрдайым сәйкес келмейді;

61) сервистік әлеует – мемлекеттік мекеменің функцияларына сәйкес қызмет көрсету, сондай-ақ тауарларды өндіру үшін пайдаланылатын, бірақ ақша қаражатының таза түсімін тікелей қамтамасыз етпейтін активтер;

62) таза активтер/капитал – оның барлық міндеттемелерін алып тастағанда қалатын, мемлекеттік мекеменің активтердегі үлесі;

63) таза сатылатын құн – сатуға, айырбастауға немесе таратуға байланысты болжамды шығындарды және аяқтау бойынша болжамды шығындарды алып тастағанда, қалыпты қызмет процесінде сатудың күтілетін бағасы;

64) тану – бухгалтерлік балансқа немесе қаржылық қызмет нәтижелері туралы есепке қаржылық есептілік элементтерінің бірін айқындауға сай келетін және оны тану өлшемшарттарына қанағаттандыратын бапты енгізу процесі;

65) тарату құны – егер актив пайдалы қолдану мерзімінің соңына жеткен болса, ал оның жай-күйі пайдалы қолдану мерзімінің аяғында күтілетіндей жағдайда болған кезде есеп шығындарын есептен шығарғаннан кейін бүгінгі таңда активті есептен шығару кезінде алуға болатын бағалау сомасы;

66) тексерушілік – пайдаланушыларды қаржылық есептіліктегі ақпараттың дұрыс екендігіне сендеруге көмектесетін ақпарат сапасы;

67) түсініктілік – қаржылық есептілікте ұсынылатын ақпарат пайдаланушыларға түсінікті;

68) уақтылылық – есеп беру және шешім қабылдау мақсаттары үшін өзінің пайдалылығын жоғалтпас бұрын пайдаланушылар үшін ақпараттың қолжетімділігі;

69) функционалдық валюта – субъект жұмыс істейтін негізгі экономикалық орта валютасы;

70) шартты актив – өткен оқиғалардан туындастырылған және болуы туындауы белгісіз және кәсіпорынның толық бақылауында болмайтын бір немесе бірнеше болашақ оқиғалардың болуымен немесе болмауымен ғана расталатын ықтимал актив;

71) шартты міндеттеме – өткен оқиғалардан туындастырылған және болуы туындауы белгісіз және мемлекеттік мекеменің толық бақылауында болмайтын бір немесе бірнеше болашақ оқиғалардың болуымен немесе болмауымен ғана расталатын ықтимал міндеттеме;

72) шетел валютасы – функционалдық валютадан ерекшеленетін валюта;

73) шетел валютасындағы операция – шетел валютасында көрсетілген немесе реттеуге жататын мәміле;

74) шығыстар – шетке кету түрінде есепті кезең ішінде экономикалық пайда немесе сервистік әлеуеттің азаюы немесе капиталда қатысатын тұлғаларға бөлуге қатысты азаюдан ерекшеленетін, таза активтердің/капиталдың азаюына әкелетін активтердің азаюы мен міндеттемелердің туындауы.

2-тарау. Бухгалтерлік есепті ұйымдастыру тәртібі

4. Қаржы жағдайы, қаржы жағдайындағы өзгерістер мен қызмет нәтижелері туралы толық және анық ақпарат беру бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептіліктің мақсаты болып табылады.

5. Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есебіндегі операциялар мен оқиғалар "Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 170 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есепке алу шоттарының жоспары (бұдан әрі – Шоттар жоспары) негізінде көрсетіледі.

6. Мемлекеттік мекеменің басшысы бухгалтерлік есепті дұрыс жүргізу үшін жағдайлар жасайды, есепке қатысы бар мемлекеттік мекемелердің барлық бөлімшелерінің және қызметкерлерінің құжаттар мен мәліметтерді есепке алу үшін рәсімдеу мен ұсынудың тәртібіне қатысты талаптардың мүлтіксіз орындауын қамтамасыз етеді.

7. Мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есепті оның дербес құрылымдық бөлімшесі болып табылатын мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік қызметі немесе бас бухгалтер басқаратын орталықтандырылған бухгалтериясы жүзеге асырады.

8. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісім бойынша өз жүйесінің мемлекеттік мекемелерінде олардың қызметінің ерекшелігін ескере отырып және мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп жүргізуді және есеп саясатын сақтай отырып, бухгалтерлік есеп жөніндегі жалпы ережелерді қолдану тәртібі туралы нұсқаулар шығарады.

9. Бухгалтерлік қызметі жоқ мемлекеттік мекемелерде бухгалтерлік есеп пен есептілікті мекеме басшысының жазбаша әкімімен тағайындалған тиісті маман жүзеге асырады.

10. Орталықтандырылған есепке алу бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бұйрығымен бекітілетін Орталықтандырылған бухгалтерия туралы ережеге сәйкес жүзеге асырылады.

Орталықтандырылған бухгалтерия қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелердің басшыларына осы мемлекеттік мекемелер басшыларының келісімімен орталықтандырылған бухгалтерияның бас бухгалтері белгілеген мерзімде қаржы есептілігін ұсынады.

11. Бухгалтерлік қызметтердің басшылары өз жұмыстарында Бюджет кодексін, мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік жөніндегі

нормативтік құқықтық актілерді және бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті қалыптастыру басқармалары (бөлімдері) туралы ережелерді басшылыққа алады.

12. Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері (бұдан әрі - бас бухгалтер) немесе оның орнындағы адамы лауазымына басшы тағайындауды және босатады және мемлекеттік мекеменің басшысына, соңғысы болмаған кезде тиісті бүйрықпен міндеттерін орындау жүктелген тұлғага тікелей бағынады.

Мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері барлық жүзеге асырылатын шаруашылық операцияларының бухгалтерлік есеп шотында көрінуі мен бақылануын, шұғыл операцияның ұсынылуын, қаржы есептілігінің белгіленген мерзімде жасалуын қамтамасыз етеді.

13. Бас бухгалтер мемлекеттік мекеменің басшысымен немесе оның орнындағы адаммен (бұдан әрі - мемлекеттік мекеменің басшысы) бірлесіп, банк құжаттарына және материалдық құндылықтар мен ақшалай қаражатты қабылдауға және беруге негіз болатын құжаттарға, сондай-ақ қаржылық міндеттемелерге қол қояды. Мемлекеттік мекеменің басшысы бас бухгалтердің ұсынымы бойынша банк құжаттары мен бухгалтерлік құжаттарға қол қою құқығын уәкілетті тұлғаларға береді. Осы өкілеттіктер мемлекеттік мекеме басшысының бүйрықтары негізінде беріледі. Бас бухгалтердің немесе оның орнындағы адамның қолтаңбасыз құжаттар жарамсыз болып есептеледі және орындалуға қабылданбайды.

14. Бас бухгалтер атқаратын лауазымынан босатылған (жұмыстан босатылған, басқа лауазымға тағайындалған, ауыстырылған) кезде істерді бас бухгалтерге, ал соңғысы болмаған кезде – мемлекеттік мекеме басшысының бүйрығымен тағайындалған қызметкерге тапсыру жүргізіледі.

Істерді тапсыруши бас бухгалтердің (бұдан әрі – тапсыруши) және істерді қабылдаушы қызметкердің (бұдан әрі – қабылдаушы) істерді тапсыруы және қабылдауы мемлекеттік мекеме басшысының бүйрығы негізінде жүргізіледі. Бүйрықта бухгалтерлік қызмет істерінің қабылдау-тапсыру мерзімі, бірақ 2 (екі) аптадан аспауы тиіс; тапсыруши мен қабылдаушының енбекақы төлеу тәртібі көрсетіледі. Бүйрықта сондай-ақ істерді қабылдау-тапсыру кезеңінде қол қою құқығы кімге берілетіні көрсетіледі, бұл ретте қабылдаушы тұлғаның қол қою құқығын рәсімдегенге дейін құжаттарға қабылдаушының бақылауымен істерді тапсыруши қол қоятыны келісілуі тиіс.

Істерді тапсыру процесінде осы мемлекеттік мекемедегі бухгалтерлік есептің жағдайы және есеп мәліметтерінің дұрыстығы анықталады, бұл ретте істерді қабылдаушы мен тапсырушиның жаупкершілігін шектейтін істерді қабылдау-тапсыру актісі жасалады (онда басшының бүйрығына сәйкес комиссия құрамы, бухгалтерлік тіркелімдердің атауы мен саны есептілік: қаржылық, бюджеттік, салықтық және статистикалық, активтердің, міндеттемелердің, таза активтердің/капиталдың сомасы мен атауы көрсетіледі).

Бухгалтерлік қызмет істерін тапсыру соңғы ұсынылған баланстың негізінде жүргізіледі. Қабылдап алу-беру актісінде істерді беруді жүзеге асыру күні көрсетілуі тиіс.

Істерді қабылдау және тапсырудың басында істерді қабылдау-тапсыру кезіндегі кассаның (қолда бар ақша қаражатының сақталуына тиісті жағдайлар қамтамасыз етілген бе, кассада сақталатын басқа құндылықтар бойынша жағдай және олардың бухгалтерлік жазбаларға сәйкестілігі, чек кітапшаларының, қолданылмаған чектер нөмірлерінің болуы) жағдайы тексеріледі. Кассадағы қолма-қол ақшаның қалдығын тексеру актісіне (онда ерекшеліктер бойынша ақша қаражатының қалдық сомасы, соңғы шығыс және кіріс ордерлерінің нөмірлері мен күні көрсетіледі) бухгалтерлік қызмет істерін тапсыруши және қабылдаушы адам, сондай-ақ кассир не кассалық операцияның жүргізуіне жауап беретін тұлға қол қояды.

Істерді қабылдау және тапсыру кезінде ақшалай есептің, есептеу операцияларын есептеу жағдайы, есептеу баптары балансының жағдайы (дебиторлық және кредиторлық берешектің нақтылығы, осыған кінәлі тұлғалардың көрсетілуімен өндіріп алуға болмайтын берешектің болуы, өзара есептесудің салыстыру актісінің болуы, бюджетке уақытылы аударылмаған сомалардың болуы), сондай-ақ мемлекеттік мекеменің қаржы есептілігінің жасалуы (есеп тәртібінің сақталуы, ұсынылатын есептің сапасы) тексеріледі.

Бұдан басқа қабылдап алу-беру актісінде:

бухгалтерлік қызметте есепті ұйымдастырудың жағдайы (штат, оның жинақталуы, міндеттердің бөлінуі, лауазымдық нұсқаулықтар, бухгалтерлік есеп пен есептілік бойынша нұсқаулық материалдардың болуы, бухгалтерлік кітаптармен, есеп пен есептілік бланкілерімен қамтамасыз етілуі), есеп жүйесінің қалыптасуы;

есептің, бухгалтерлік есептіліктің алғашқы құжаттамасының жағдайы;

есепке алу, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылауды ұйымдастыру үшін қажет іс-шаралар;

құжаттардың ресімделуінің және сақталуының дұрыстығы, мұрағаттың жағдайы көрсетіледі.

Мемлекеттік мекеменің есебі мен есептілігінің жағдайын тексеруді аяқтау бойынша жасалған қабылдап алу-беру актісіне істерге қабылдаушы мен тапсыруши қол қояды және мемлекеттік мекеменің басшысы немесе оның уәкілеттік берген тұлға бекітеді. Қабылдап алу-беру актісінің қандай-да бір ережелерімен қабылдаушы келіспеген жағдайда, ол оған қол қойғанда тиісті дәлелденген ескертулерді көрсетуге етуі тиіс. Қабылдап алу-беру актісі 2 (екі) данада жасалады, оның біреуі істі тапсыруши тұлғада қалады.

15. Мемлекеттік мекемелердегі бухгалтерлік қызметтер мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілігі саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасының сақталуын, қаржыландыру жоспарының орындалу барысын,

ұйымдармен, мемлекеттік мекемелермен және тұлғалармен есеп айырысудың жағдайын, ақша қаражаты мен материалдық құндылықтардың сақталуын бақылау үшін толық және нақты ақпаратпен мемлекеттік мекемелерді қамтамасыз етуі тиіс.

16. Мемлекеттік мекемені бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті жасау үшін нұсқаулық құжаттармен қамтамасыз етуді бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жүзеге асырады.

17. Мемлекеттік мекеме осы Қағидаларға сәйкес бухгалтерлік есептің мемориалды-ордерлік нысаны бойынша бухгалтерлік есепті жүзеге асырады.

18. Операцияны немесе оқиғаларды жасау фактісін белгілейтін, дұрыс рәсімделген бастапқы құжаттар бухгалтерлік есептің тіркелімдерінде жазбаларды көрсетуге негіз болып табылады.

Бастапқы құжаттар операцияны немесе оқиғаларды жасау кезінде жасалады, егер бұл мүмкін болмаса операция мен оқиғалар аяқталғаннан кейін тікелей жасалуы тиіс.

Бастапқы құжаттарда жазбалар ұзақ уақыт бойы жазбалардың сақталуын қамтамасыз ететін құралдар арқылы ғана жүргізіледі.

Бастапқы құжаттарда мынадай міндетті деректемелер қамтылады:

құжаттың атауы (нысандар);

жасау күні;

ұйым атауы немесе құжат кімнің атынан жасалса, соның тегі мен аты-жөні;

операция немесе оқиға мазмұны;

операция мен оқиғаның өлшем бірлігі (сандық және құндық шамада);

операцияның жасалуына (оқиғаны растауға) және оның дұрыс рәсімделуіне жауапты тұлғалардың лауазымдарының атауы, тектері, аты-жөндері және қолдары;

бизнес-сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – БСН).

Бастапқы құжаттың электрондық нысаны қағаз жүзінде ресімделген бастапқы құжаттың күшінде болады. Электрондық қолдарды қолданушы электрондық қолтаңбаларды пайдалану және қол жеткізу құқығына қатысты тиісті сақтану шараларын және бақылауды белгілейді.

Мемлекеттік мекемелер электрондық тасымалдағыштарда бастапқы құжаттарды және бухгалтерлік есепке алу тіркелімдерін жасау кезінде осындай құжаттарды қажет болған кезде қағаз тасығыштарда басып шығарады.

Қажет болған жағдайда бастапқы құжатта қосымша деректемелер құжаттың нөмірі, мемлекеттік мекеменің мекенжайы, құжатпен тіркелген операцияны жасау үшін негіздеме, құжатталатын операциялардың сипатымен айқындалатын басқа да қосымша деректемелер жазылады.

Материалдық құндылықтарды сатып алуға арналған құжаттарда осы құндылықтарды алғаны жөніндегі материалдық жауапты тұлғаның қолхаты, ал орындалған жұмыстар үшін құжаттарда – тиісті тұлғалардың жұмыстарды қабылдау растамасы болады.

Бастапқы құжаттарда мәтіндік бөлімде де, сандық деректерде де келісілмеген түзетулер мен тазартуларға жол берілмейді.

Бастапқы құжаттарда қателер дұрыс емес мәтінді немесе соманы сызып тастау жолымен түзетіледі және сызып тасталғаның үстінен дұрыс мәтінді немесе соманы жазу арқылы түзетіледі. Сызып тастау бұрынғы жазылғанды оқитындей етіп, жіңішке сзықпен жүргізіледі. Бастапқы құжатта қатені түзеу "Түзетілді" деген жазумен ескертілу және құжатқа қол қойған тұлғалардың қолымен, түзету енгізу мерзімін көрсету арқылы расталады.

Кассалық және банктік бастапқы құжаттарға түзетулер енгізуге жол берілмейді.

Халықаралық ұйымның дипломатиялық хатының негізінде жасалған бухгалтерлік анықтама Қазақстан Республикасының жарналарын төлеу кезінде корреспондент банктің комиссиялық сыйақысына арналған шығыстарды бухгалтерлік есепте көрсету үшін негіз болып табылады.

19. Салық төлеушілердің жеке шоттарының (бюджетке есептелген, азайтылған, түскең, қайтарылған сома) қорытынды операциялары бойынша жиынтық есеп бюджетке түсетін салықтың түсімдерді есепке алу бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.

Мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтердің, сондай-ақ аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің мемлекеттік немесе коммуналдық меншігіндегі (жергілікті өзін-өзі басқару коммуналдық меншігіндегі) заңды тұлғалардағы қатысу үлестеріне кірістердің бір бөлігінің түсімдерін есепке алу жөніндегі бастапқы құжаттар тиісті салалардың уәкілетті органдары немесе жергілікті атқарушы органдар не аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты берген деректер болып табылады.

"e-Қаржымині" интеграцияланған автоматтандырылған ақпараттық жүйесінің (бұдан әрі – ИААЖ) талдау орталығы кіші жүйесі "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" талдау орталығы (бұдан әрі – ТО) алынған түсімдер бойынша есептер нысаны бюджетке түсетін салықтың емес түсімдерді есептеу бойынша бастапқы құжаттар болып табылады.

20. Есепке алу тіркелімдерінде жазбалар үшін негіз болып қызмет ететін құжаттар бухгалтерлік қызметке беріледі.

Материалдық жауапты тұлғалар 2 (екі) данада жасалатын "Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 22 сәуірдегі № 187 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік мекемелер үшін бухгалтерлік құжаттама нысандарының (бұдан әрі – Бухгалтерлік құжаттама нысандары) 442-нысанына сәйкес құжаттарды тапсыру тізілімі бойынша материалдық құндылықтардың кірісі мен шығысы бойынша бастапқы

құжаттарды ұсынады (кіріс және шығыс құжаттары бойынша жеке толтырылады). Материалдық жауапты тұлғаның қатысуында ұсынылған бастапқы құжаттардың ресімделуінің дұрыстығына жүргізілген тексеруден кейін тізілімнің бір данасы бас бухгалтердің қолымен материалдық жауапты тұлғаға қайтарылады, екінші данасы бухгалтерлік қызмет істерінде қалады.

Ақша қаражатының және материалдық құндылықтардың сақталуына жауапты тұлғалармен Бухгалтерлік құжаттама нысанының 321-нысаны бойынша толық материалдық жауапкершілік туралы жазбаша шарт жасалады.

21. Бухгалтерлік қызметке түскен алғашқы құжаттар нысан бойынша да (алғашқы құжаттарды ресімдеудің толықтығы мен дұрыстығы, деректемелердің толтырылуы), мазмұны бойынша да (құжатталатын операциялардың заңдылығы, жекелеген көрсеткіштердің қисынды үйлесімі) тексеруге жатады.

Бухгалтерлік құжаттаманың электрондық нысаны Бухгалтерлік құжаттама нысандарының қағаз тасығышта ресімделген құжаттама күші бар.

22. Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің 1 және 15-бабыларына сәйкес қаржыландырудың ерекше тәртібі айқындалған мемлекеттік мекемелерді қоспағанда, республикалық және жергілікті бюджеттер есебінен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің міндетін атқарушының 2018 жылғы 29 наурыздағы № 123 бүйрәғымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16777 болып тіркелген) "электрондық үкіметтің" ақпараттандыру объектілерін интеграциялау қағидаларына сәйкес дербес деректерді қорғау шараларын сақтай отырып, өздерінің есептік ақпараттық жүйесінен күн сайын интеграциялық сервистер арқылы бухгалтерлік операциялар бойынша БО БДК-ға деректерді беруді жүзеге асырады. БО БДК-ны бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган әкімшілендіреді.

23. Тексерілген және есепке алынған құжаттар операцияларды жасау күні бойынша жүйеленеді және мемориалды ордерлермен – Бухгалтерлік құжаттаманың нысандары бойынша жинақтау ведомостерімен ресімделеді, оларға мынадай тұрақты нөмірлер беріледі:

1-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 381 нысанды кассалық операциялар бойынша жинақтау ведомосі;

2-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 381 нысанды мемлекеттік мекемелердің кодтарындағы қаражаттың қозғалысы жөнінде жинақтау ведомосі;

3-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 381 нысаны арқылы қызметтердің қолма-қол ақшаны бақылау шоты (бұдан әрі – ҚБШ), демеушілік, қайырымдылық көмек ҚБШ, ақша қаражатын уақытша орналастыру ҚБШ, шетел

валютасындағы шоттағы және сыртқы қарыздар мен гранттар бойынша бюджеттік инвестициялық жобаның арнайы шоттарындағы ақша қаражатын есепке алу жөніндегі жинақтау ведомості; нысаналы қаржыландыру ҚБШ;

5-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 405 нысанды еңбекақы мен стипендиялар бойынша есептеу ведомостерінің жиынтығы;

6-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 408 нысанды ұйымдармен есеп айырысу бойынша жинақтау ведомосі;

7-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 408 нысанды аванстық төлемдер тәртібіндегі есеп айырысу бойынша жинақтау ведомосі;

8-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 386 нысанды есеп беруге жауапты тұлғалармен есеп айырысу бойынша жинақтау ведомосі;

9-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 438 нысанды ұзақ мерзімді активтердің шығып қалуы мен орын ауысуы бойынша жинақтау ведомосі;

10-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 438 нысанды арнайы киім-кешекті және жеке пайдаланудағы басқа да заттардың шығып қалуы мен орын ауысуы бойынша жинақтау ведомосі;

11-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 398 нысанды тамақ өнімдерінің кірісі бойынша жинақтау ведомостерінің жиынтығы;

12-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 411 нысанды тамақ өнімдерінің шығысы бойынша жинақтау ведомостерінің жиынтығы;

13-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 396 нысанды материалдардың шығысы бойынша жинақтау ведомосі;

14-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 406 нысанды балаларды қамсыздандыру үшін ата-аналармен есеп айырысу бойынша жинақтау ведомостерінің жиынтығы;

15-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 409 нысанды айырбасталмайтын операциялардан кірістерді есептеудің жинақтау ведомосі;

16-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 409-а нысанды тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан кірістерді есептеудің жинақтау ведомосі;

17-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 409-б нысанды активтерді басқарудан түсетін кірістерді есептеудің жинақтау ведомосі;

18-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 409-в нысанды өзге операциялар бойынша кірістерді есептеудің жинақтау ведомосі;

19-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 458 нысанды операциялық шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

20-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 458-а нысанды бюджеттік төлемдер бойынша шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

21-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 458-б нысанды активтерді басқару бойынша шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

22-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 458-в нысанды өзге операциялар бойынша шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

23-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының № 408-ДБ-д нысанының бюджетке түсетін түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөніндегі дебиторлық берешек жөніндегі жинақтаушы ведомосі;

24-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының № 408-КБ-д нысанының бюджетке түсетін түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөніндегі кредиторлық берешек жөніндегі жинақтаушы ведомосі;

25-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының № 381-д нысанындағы республикалық және жергілікті бюджеттің ҚБШ ақша қозғалысы бойынша жинақтаушы ведомосі;

26-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының № 409-д нысанының бюджетке түсетін түсімдерінен кірістерді есептеудің жинақтаушы ведомосі ;

27-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттама нысандарының № 458-д нысанының бюджетке түсетін түсімдерінің азауы бойынша шығыстарды есептеудің жинақтаушы ведомосі;

Қалған операциялар және "Сторно" операциялары бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 274 нысанды жеке мемориалды ордерлер жасалады, олар әр ай үшін 28-нен бастап жеке нөмірленеді.

Жеке мемориалды ордерлер операцияны жасау шамасына қарай, бірақ келесі күннен кешіктірмей (алғашқы құжатты алғаннан кейін), жеке құжаттардың негізінде де , біртекті құжаттар тобының негізінде де жасалады. Мемориалды ордерде қосалқы шоттарды корреспонденттеу бір қосалқы шоттың дебеті бойынша және басқа қосалқы шоттың кредиті бойынша немесе бір қосалқы шоттың дебеті бойынша және біrnеше қосалқы шоттардың кредиті бойынша немесе керісінше бір қосалқы шоттың кредиті бойынша немесе біrnеше қосалқы шоттардың дебеті бойынша операция сипатына қарай жазылады.

Мемориалды ордерлерге бас бухгалтер және орындаушы қол қояды.

24. Барлық мемориалды ордерлер Бухгалтерлік құжаттаманың 308 нысанды "Басты-журнал" кітабында тіркеледі. "Басты-журнал" кітабындағы есеп әдетте қосалқы шоттар бойынша жүргізіледі.

"Басты-журнал" кітабы өткен жылдың бухгалтерлік балансына сәйкес жыл басындағы сома қалдықтарының жазбаларымен ашылады. Онда жазбалар мемориалды ордерлерді жасау шамасына қарай жүргізіледі, ал жинақтау ведомостерінің мемориалды ордерлерін жасау кезінде айна бір рет жүргізіледі. Мемориалды ордердің сомасы алдымен "Ордер бойынша сома" бағанына, содан кейін тиісті қосалқы

шоттардың дебеті мен кредитіне жазылады. Бір айда айналымдардың сомасы дебет бойынша да, кредит бойынша да, барлық қосалқы шоттар бойынша "Ордер бойынша сома" бағанының қорытындысына тең болу керек. Бір айдағы айналымнан кейін екінші жолда әрбір қосалқы шот бойынша келесі айдың басындағы қалдық шығарылады.

25. Талдамалы есеп есепке алу тіркелімдерінде (кітаптарда, карточкаларда, жинақтау ведомостерінде және басқа есепке алу тіркелімдерінде) жүргізіледі.

Салықтық түсімдердің талдамалық есебі (салықтар, өзге де бюджетке төленетін міндетті төлемдер, сондай-ақ өсімпұлдар мен айыппұлдар) "Орталықтандырылған біріздендірілген дербес шот" ақпараттық жүйесінде және интеграцияланған салықтық ақпараттық жүйеде (бұдан әрі – ИСАЖ) "Салық төлеушінің жеке шотын жүргізу, салықтар, бюджетке төленетін төлемдер, әлеуметтік төлемдер, айыппұлдар, өсімпұл бойынша салық төлеушінің жеке шотындағы есеп-қисаптар сальдосын есептеу, есебі мемлекеттік кірістер органында жүргізілетін берешектің жоқ (бар) екендігі туралы мәліметтерді қалыптастыру, сондай-ақ "Салықтарды, бюджетке төленетін төлемдерді, өсімпұл мен айыппұлдарды есепке жатқызуды және қайтаруды жүргізу" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 306 бүйрүгіна (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16601 болып тіркелген) сәйкес уәкілетті органның кодтары бойынша жүргізіледі.

26. Бухгалтерлік кітаптарда жазбалар басталғанға дейін барлық беттер (парапттар) нөмірленеді, бухгалтерлік есепті ақпараттық жүйе арқылы жүргізген кезде бухгалтерлік кітаптардың барлық беттері (параптары) автоматты түрде нөмірленеді. Параптың соңғы бетінде бас бухгалтердің қолы қойылып: "Осы кітапта барлығы _____ беттер (параптар) нөмірленген" деген жазу жазылады. Бухгалтерлік құжаттаманың кассалық кітабы КО-4 нысаны және 440 нысаны тігіліп, елтаңбалы мөрмен мөрленуі тиіс, ал Бухгалтерлік құжаттаманың КО-4 және 440 нысандарындағы параптар саны мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғаның және бас бухгалтердің қолдарымен расталады.

Әр кітапта мемлекеттік мекеме, орталықтандырылған бухгалтерияның атауы және кітап ашылған жыл жазылады. Кітапта онда ашылған қосалқы шоттардың мазмұны болуы тиіс. Жазбаларды кітаптың басқа бетіне көшіргенде, осы қосалқы шот бойынша мазмұнда жаңа беттерді көрсете отырып жазуларды көшіру туралы белгі жасалады.

Бухгалтерлік есеп кітаптары жыл өткенен кейін бос беттер болған кезде келесі жылдың операцияларын жазу үшін пайдаланылуы мүмкін. Бұл жағдайларда кітаптар 2 (екі) жылда бір рет мұрағатқа тапсырылады.

Карточкалар (активтер бойынша карточкалардан басқа) әр шот бойынша жеке жүргізілетін Бухгалтерлік құжаттаманың 279 нысанды каточкалар тіркелімінде

тіркеледі. Активтерді есепке алу карточкалары Бухгалтерлік құжаттаманың ҰМА-10 нысанды ұзақ мерзімді активтерді есепке алу бойынша түгендеу карточкаларының тізімдемесінде тіркеледі.

Карточкалар картотекада сақталады, олар онда қосалқы шоттар бойынша іштей материалды жауапты тұлғалар бойынша бөліну арқылы орналасады, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер бойынша да орналасады.

Материалдарды есепке алу карточкалары тігілген түрде карточкалар тізілімімен, тіркелімдерімен және басқа бухгалтерлік құжаттармен бірге жыл сайын немесе 2 (екі) жылда бір рет мұрағатқа тапсырылады. Жыл бойы шығып қалған активтерді есепке алу карточкалары осындай мерзімдерде мұрағатқа тапсырылады.

Бухгалтерлік құжаттаманың ҰМА-10 нысанды активтерді есепке алу бойынша түгендеу карточкаларының тізімдемесі Бухгалтерлік құжаттама нысандарының НҚ-6, НҚ-8 және НҚ-9 нысанды соңғы түгендеу карточкасы бойынша мүкәммалды есептен шығару туралы белгі болғанда мұрағатқа тапсырылады. Тізімдемесіз түгендеу карточкаларын мұрағатқа тапсыру кезінде олар жеке ведомосте жазылады, онда карточка нөмірі және есептен шығарылған мүкәммалдың атауы, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда одан басқа қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекеменің атауы да көрсетіледі.

Бухгалтерлік есеп тіркелімдеріндегі жазбалар алғашқы құжаттардан, оларды алғаннан кейін келесі күннен кешіктірмей жүргізіледі. Әр ай аяталғаннан кейін талдамалы есеп тіркелімдерінде айналымдар қорытындысы саналады және қосалқы шоттар бойынша қалдықтар шығарылады.

27. Ағымдағы жыл үшін бухгалтерлік есеп жазбаларында анықталған қателерді түзеу мынадай тәртіппен жүргізіледі:

1) осы мемориалды ордердің мәліметтерін өзгертуді талап етпейтін, бухгалтерлік балансты ұсынған сәтке дейін осы есепті кезеңде анықталған қате сызылып тасталғанды оқу үшін, дұрыс емес мәтінді немесе соманы жіңішке сызықпен сызу жолымен түзетіледі және сызып тастағанның үстінен түзетілген мәтін мен сома жазылады. Бір уақытта бас бухгалтердің қолтаңбасымен жолақта тиісті жолға қарама-қарсы "Түзетілді" деген ескертпе жасалады;

2) мемориалды ордердегі қатеден туындаған бухгалтерлік балансты ұсыну сәтіне дейін анықталған қате сипатына қарай қосымша мемориалды ордермен немесе "Қызыл сторно" тәсілі бойынша түзетіледі. Қателерді түзету бойынша қосымша бухгалтерлік жазбалар, сондай-ақ "Қызыл сторно" тәсілімен жасалған түзетулер мемориалды ордерлермен рәсімделеді, оларда әдеттегі деректемелерден басқа осы мемориалды ордермен түзетіледі мемориалды ордердің нөміріне және күніне сілтеме жасалады.

Қаржылық есептіліктегі кейбір баптар есептеу бағаларына негізделеді. Есептеу бағаларын айқындау процесі ең соңғы, қолжетімді және шындыққа сай ақпаратқа

негізделеді. Есептеу бағасы, мәселен, қаржы активтерінің немесе қаржылық міндеттемелердің, күмәнді борыштар бойынша резервтердің, бағалау міндеттемелерінің әділ құнын айқындау кезінде қажет болуы мүмкін. Есептеу бағаларындағы өзгерістер нәтижесі перспективтік мойындауға және егер ол тек осы кезеңге немесе өзгеріс болған кезеңге ғана әсер ететін болса, өзгеріс болған ағымдағы кезеңдегі және оларға әсері болған жағдайда келешектегі кезендерде де қаржылық нәтижелердің есептелуіне қосуға жатады.

28. Синтетикалық және талдамалы есеп шоттары бойынша бухгалтерлік жазбалардың дұрыстығын бақылау үшін тиісті синтетикалық шотпен біріктірілетін талдамалы шоттардың әрбір тобы бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың М-44, 285 және 326-ҰМА, 326-МЕА, 326-ИЖМ және 326-БА нысандарының айналым ведомостері жасалады. Айналымдардың қорытындылары және әрбір талдамалы шоты бойынша айналым ведомостерінің қалдықтары айналымдардың қорытындыларымен және Бухгалтерлік құжаттаманың 308 нысанды "Басты-журнал" кітабының осы қосалқы шоттарының қалдықтарымен салыстырылады.

Айналым, оның ішінде активтер бойынша ведомостер ай сайын жасалады.

Бухгалтерлік құжаттаманың 326-ҰМА, 326-МЕА, 326-ИЖМ және 326-БА нысандарындағы айналым ведомостеріндегі жазбалар бірнеше жыл бойы жүргізіле алады.

29. Жаңа қаржы жылында синтетикалық және талдамалық шоттар бойынша бухгалтерлік тіркемелерде жыл басындағы қалдықтардың сомасы бухгалтерлік баланс пен өткен жылғы есепке алу тіркемелерімен толық сәйкестікте жазылады.

Егер бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі есепті қаржы жылындағы қаржылық есептілікті қабылдау кезінде түзетулер жасаса, онда тиісті жазбаша хабарлама негізінде бұл түзетулер осы есепті қаржы жылының бухгалтерлік есебінің тіркелімдеріне (бухгалтерлік жазбаны түзету жолымен) және ағымдағы жылдың бухгалтерлік есебінің тіркелімдеріне (кіріс қалдықтарын өзгерту жолымен) енгізіледі.

30. Әрбір есепті ай өткенен кейін барлық мемориалды ордерлер, мемориады ордерлер – жинақтау ведомостері оларға қатысты құжаттармен бірге хронологиялық тәртіппен іріктеледі және түптелед. Құжаттар саны аз болған кезде түптеуді үш айда бір дестеге жүргізіледі. Мұқабада мемлекеттік мекеменің немесе орталықтандырылған бухгалтерияның атауы, дестенің, істің атауы мен реттік нөмірі, есепті кезең жыл мен ай, мемориалды ордерлердің бастапқы және соңғы нөмірлері, істегі беттердің саны жазылады.

Тауарларды сатып алу, жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету жағдайларында – Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасының нормалары қолданыла отырып, және онсыз мемлекеттік мекеменің міндеттемелері (тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға арналған азаматтық-құқықтық мәмілелер) бойынша шығыстар жүргізу үшін негіздеме болып

табылатын құжаттар, төлеуге берілетін шот, шот-фактуралар, орындалған жұмыстардың актілері немесе "Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 540 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №9934 болып тіркелген) бекітілген Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде (бұдан әрі – Бюджеттің атқару ережелері) белгіленген басқа да құжаттар номенклатуралық істерде хронологиялық тәртіpte нөмірленеді, тігінделеді және тігіледі.

31. Мемлекеттік мекемелер "Ұлттық архив қоры және архивтер туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген кезең ішінде алғашқы құжаттарды, бухгалтерлік есептің тіркелімдерін қағаз және (немесе) электрондық тасығыштарда, қаржылық есептілікті, есеп деректерінің электрондық өндеге бағдарламасын сақтауы тиіс.

32. Алғашқы құжаттардың, бухгалтерлік есеп тіркелімдерінің, қаржылық есептіліктің сақталуын, олардың рәсімделуін және мұрағатқа тапсырылуын мемлекеттік мекеменің бас бухгалтері қамтамасыз етеді.

Алғашқы құжаттар, бухгалтерлік есеп тіркелімдері, қаржылық есептілік мұрағатқа тапсырғанға дейін бухгалтерияда арнайы үй-жайларда немесе жабылатын шкафтарда бас бухгалтердің уәкілетті тұлғаларының жауапкершілігінде сақталуы тиіс.

Мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік мұрағатында істер іс номенклатурасында белгіленген мерзім ішінде сақталады. Сақтау мерзімі өткеннен кейін істер тиісті мемлекеттік мұрағатқа тапсырылады. Мұрағатқа істердің тапсырылуын растайтын құжаттар үнемі бухгалтерлік қызметте сақталады.

33. Алғашқы құжаттар жоғалған немесе жойылған жағдайда мемлекеттік мекеме басшысы тергеу органдарының, күзеттің және мемлекеттік өрт бақылау өкілдерін тарта отырып, бұйрықпен жоғалу немесе жойылу себебін қызметтік тергеу бойынша комиссия тағайындейді.

Комиссия жұмысының нәтижелері актімен (еркін нысандағы) ресімделеді, оған комиссия мүшелері қол қояды және оған мемлекеттік мекеменің басшысы немесе оның уәкілеттік берген тұлға бекітеді.

3-тарау. Бухгалтерлік есепті және қаржылық есептілікті жасаудың қағидаттары мен негізгі сапалық сипаттамалары

34. Қызметтің есептелуі мен үздіксіздігі бухгалтерлік есепті жүргізу мен қаржылық есептілікті жасаудың қағидаттары болып табылады.

Есептеу қағидаты төлем уақытына қарамай, оларды жасау фактісі бойынша операция қорытындыларын танумен қамтамасыз етіледі.

Қызметтің үздіксіздігі қағидаты мемлекеттік мекеме болашақта жұмыс істеуге ниетті екендігін, қызметті жою қажеттілігі немесе қызмет ауқымын анағұрлым қысқартуға болмайтынын білдіреді.

35. Қаржылық есептіліктің негізгі сапалық сипаттамалары түсініктілік, орындылық, сенімді ұсыну, салыстырмалылық, уақтылылық және тексерушілік болып табылады.

36. Операциялар мен оқиғалар есепке алу құжаттамасында тіркеледі және олар жататын кезеңдердің қаржылық есептіліктерінде танылады.

37. Активтер, міндеттемелер және капитал қаржылық есептіліктің қаржы ережесін бағалауға байланысты элементтері болып табылады.

Кірістер мен шығыстар қаржылық қызмет нәтижелері туралы есепте қызмет нәтижелерін тікелей өлшеуге байланысты элементтер болып табылады.

38. Активтерге өткен оқиғалар нәтижесінде мемлекеттік мекеменің бақылауындағы ресурстар жатқызылады, олардан болашақта экономикалық пайда немесе сервистік әлеуетті күтіледі.

Активке негізделген болашақ экономикалық пайдалар түрлі жолдармен түседі. Актив жеке немесе басқа активтермен үйлесімділікте тауарларды өндірген және қызметтер көрсеткен кезде басқа активтерге айырбастала, міндеттемені өтеуге қолданыла алады. Тауарларды өндіру және қызметтер көрсету үшін пайдаланылатын, бірақ ақша қаражатының таза түсімін тікелей қамтамасыз етпейтін активтер сервистік әлеуетті білдіреді.

Актив мынадай өлшемдердің кез келгеніне сәйкес келген жағдайда айналымды (қысқа мерзімді) ретінде жіктеледі:

оны сату немесе асыру ұйғарылады немесе ол қалыпты операциялық цикл барысында қолдануға арналған;

ол сауда мақсаттарына арналған;

есепті кезеңнен кейін 12 (он екі) ай ішінде оны сату ұйғарылады; немесе есепті кезеңнен кейін кем дегенде 12 (он екі) айға міндеттеме бойынша есептеу үшін айырбастау немесе қолдану рұқсат етілсе – бұл ақша қаражаты немесе ақшалай баламалар.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді (айналымнан тыс) ретінде жіктеледі.

39. Мемлекеттік мекеменің реттелуі экономикалық пайданы немесе сервистік әлеуетті қамтитын ресурстардың шығып қалуына әкеп соқтыратын өткен оқиғалардан туындастын елеулі міндеттеме болып табылады.

Бар міндеттенді реттеу екінші тараптың талаптарын қанағаттандыру үшін әдетте мемлекеттік мекемеден экономикалық пайdasы бар ресурстардың ағып кетуіне байланысты. Бар міндеттемені реттеу ақша қаражатын төлеумен басқа активтерді берумен, қызмет көрсетумен не бір міндеттемені басқасымен айырбастаумен жүзеге асырыла алады.

Міндеттеме сондай-ақ кредит берушінің өз құқықтарынан бас тарту немесе оны жоғалту сияқты басқа құралдармен өтелуі мүмкін.

Міндеттеме мынадай кез келген талаптарды қанағаттандырғанда қысқа мерзімді ретінде жіктеледі:

оны өтеуді қалыпты операциялық цикл шегінде жүргізу үйгартылады;

ол сауда мақсаттарына арналған;

ол есепті кезеңнен кейін 12 (он екі) ай ішінде өтелуі тиіс; немесе есепті кезеңнен кейін кем дегенде 12 (он екі) айға субъект міндеттемені өтеуге мерзімін өткізіп алуға шарттыз құқығы болмағанда.

Барлық өзге активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі.

40. Вексельдерді шығару және айналысқа шығару тәртібі "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңымен реттеледі.

Вексельдік міндеттеме вексель берушінің тиісті дәрежеде ресімделген вексельді берген кезінен бастап пайда болады.

Мемлекеттік мекеме берілген жай вексельдер бойынша міндеттемені 7460 "Өзге шығыстар" шотының дебеті және 3030 "Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", 4030 "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазбамен көрсетеді.

Жай вексельдер бойынша сыйақыны есептеу 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар" шотының дебеті бойынша және 3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының кредиті бойынша хат-хабармен көрсетіледі.

Жай вексель бойынша негізгі борышты өтеу мынадай: 3030 "Өзге қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер", 4030 "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер" шотының дебеті және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", шотының тиісті қосалқы шотының 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" кредиті бойынша жазбамен жүргізіледі.

41. Таза активтер/капитал – бұл барлық міндеттемелер шегерілгеннен кейін қалған активтердегі үлес.

Таза активтер/капитал қаржылық жағдай туралы есептегі қалдықтың мөлшерін көрсетеді (активтер минус міндеттемелер) және оң немесе теріс болуы мүмкін.

42. Қаржылық есептілік элементінің анықтамасына жауап беретін бап, егер:

1) баппен байланысты кез келген болашақ экономикалық пайданы немесе сервистік әлеуетті алады деген ықтималдық бар;

2) объектіні сатып алуға немесе оның құнына іс жүзіндегі шығындар сенімді өлшенгенде танылады.

43. Қаржылық есептілік элементтерінің арасындағы өзара байланыс нақты элемент, мәселен актив үшін тану анықтамасына және өлшемдеріне жауап беретін бап автоматты түрде екінші бір элементті, мәселен табыс немесе міндеттемені тануды талап етеді дегенді білдіреді.

44. Қаржы жылды қаржылық есептілік үшін есепті кезең болып табылады. Қайта құрылған мемлекеттік мекеме үшін бірінші есепті жыл оның мемлекеттік тіркелген сәтінен бастап сол жылдың 31 желтоқсанын қоса алғандағы кезеңде басталады.

45. Қаржылық есептілік Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында ұсынылады.

Мемлекеттік мекемелердің қаржылық есептілікті жасауы және ұсынуы "Қаржылық есептілікті жасау және ұсыну нысандары мен қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 1 тамыздағы № 468 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15594 болып тіркелген) бекітілген қаржылық есептілікті жасау және ұсыну нысандары мен қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

2-бөлім. Жалпы есепке алу қағидаттары

4-тaraу. Ақша қаражатын және олардың баламаларын есепке алу тәртібі

46. Мемлекеттік мекемелер шығыс операцияларын жүзеге асыруды ағымдағы қаржы жылына арналған төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспары шегіндегі шығыстардың экономикалық сыныптамасының ерекшеліктері бойынша жүргізеді

Бюджет қаражатын пайдалану нысаналы мақсатына сай қатаң жүзеге асырылады. Ағымдағы қаржы жылының 31 желтоқсанының аяғына дейін пайдаланылмаған жоспарлы тағайындаулардың қалдықтары жойылады.

47. Есепті кезеңдегі ақшалай қаражат ағындары туралы ақпарат мемлекеттік мекеменің ақшалай қаражат қозғалысы туралы есепте операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтерінен ағындарға бөле отырып, беріледі.

48. Ақша қаражатымен және олардың баламаларымен жасалатын операцияларды есепке алу үшін Шоттар жоспарының "Ақша қаражаты және олардың баламалары" кіші бөлімінің шоттары пайдаланылады:

1010 "Кассадағы ақша қаражаты";

1020 "Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шоты";

1030 "Есеп айырысу шоты";

1040 "Түсімдер мен есеп айырысуларды есепке алу үшін ҚБШ";

1050 "Шетелдік валютадағы шот";

- 1060 "Арнайы шот";
1070 "Өзге де ақша қаражаты";
1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары";
1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары".
49. Мемлекеттік мекеменің қолма-қол ақшаны екінші деңгейлі банктер немесе банк операцияларының тиісті түрлеріне Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар ұйымдар арқылы алу Бюджетті атқару ережелерінде анықталған тәртіппен жүргізіледі.
50. Аумақтық қазынашылық бөлімшесінің чекі бойынша қолма-қол ақша алу кезінде мынадай жазба жүргізіледі: 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті, 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының кредиті.
51. Есепке қолма-қол ақша қаражатын беру мынадай жазбамен көрсетіледі: 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1263 "Өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті.
52. Кінәлі тұлғалардың есебінен жатқызылған, мемлекеттік мекеменің кассасындағы ақша қаражатының анықталған жетіспеушіліктерінің сомасы 1262 "Қызметкерлердің өзге есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" шотының дебеті бойынша және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.
- Жетіспеушілікті өтеуге мемлекеттік мекеменің кассасына соманың түсі 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті және 1262 "Қызметкерлердің өзге есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.
53. Мемлекеттік мекеменің кассасындағы ақша қаражатының анықталған артық сомасы бюджет кірісі болып табылады және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі, бір уақытта 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шоты дебеттеледі, 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты кредиттеледі. Бюджетке ақша қаражатын аудару 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.
54. Корпоративтік төлем карточкасын қолдану арқылы есеп айырысуды іске асыру рұқсат етілетін шығыстар мен лимиттердің экономикалық сыныптамасы ерекшелігінің

тізбесі бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бекіткен Бюджеттің атқарылуы және оған кассалық қызмет көрсету ережесінде айқындалған.

Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шотын толықтыру сомасына 1020 "Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шоты" қосалқы шоты дебеттеледі және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" немесе 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1040 "Тұсімдер мен есеп айырысулады есепке алу үшін ҚБШ" шоттарының тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі.

Ағымдағы шоттан кассалық операцияларды жүргізу жөніндегі уәкілетті орган (есеп беретін тұлға) алған ақшаның сомасына 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" дебеті және 1020 "Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шоты" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Кассаға енгізілген ақшаның сомасына: 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" дебеті және 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" кредиті жүргізіледі.

55. 1030 "Есеп айырысу шоты" шотында Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінен (және басқа үйимдар алған бюджет қаражатын есепке алу жүзеге асырылады.

Тұсken сома мынадай жазбамен көрсетіледі 1030 "Есеп айырысу шоты" шотының дебеті және 6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер" шотының кредиті.

Шетелдік мекемелер жүргізген аударымдар 3210 "Жеткізуашілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының тиісті қосалқы шоттарының, 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер" және 1410 "Берілген қысқа мерзімді аванстар" қосалқы шоттарының дебеті және 1030 "Есеп айырысу шоты" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

56. 1041 "Қайырымдылық көмек ҚБШ" қосалқы шотында мемлекеттік мекемелердің өздері алғын филантропиялық қызметтеннен және (немесе) демеушілік қызметтеннен және (немесе) меценаттық қызметтеннен түсетін ақшаның түсі мен жұмсалуы ескеріледі.

Филантропиялық қызметтеннен және (немесе) демеушілік қызметтеннен және (немесе) меценаттық қызметтеннен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтеннен тұсken сомаға 1041 "Қайырымдылық көмек ҚБШ" қосалқы шоты дебеттеледі және 6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" қосалқы шоты кредиттеледі.

Филантропиялық қызметтеннен және (немесе) демеушілік қызметтеннен және (немесе) меценаттық қызметтеннен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтеннен

қаражатты өнім берушілерге аудару кезінде 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша және 1041 "Қайырымдылық көмек ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

57. 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотында мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын және Қазақстан Республикасы Бюджет Бюджет кодексіне сәйкес пайдаланылатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан алынатын ақшаның түсімі мен жұмсалуы ескеріледі.

Ақылы қызметтер ҚБШ-ға түсken сома 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының дебеті және 1230 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" шотының тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазылады.

1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен ақылы қызметтер ҚБШ-дан төленген сома және мемлекеттік мекеменің кассасына алынған және кіріске жазылған қолма-қол ақша сома көрсетіледі. Бұл ретте 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3270 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 1010 "Кассадағы ақша қаражаты", 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" шоттарының тиісті қосалқы шоттары дебеттеледі

Бюджет кірісіне ақылы қызметтер ҚБШ-дан аударылған сома 3130 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шоты қосалқы шоттарының дебетіне жатқызылады.

58. 1043 "Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шотында Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жеке және (немесе) заңды тұлғалар оларды қайтаруы не тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға белгілі бір шарттар басталған кезде аудару шарттарында мемлекеттік мекемеге беретін ақша қозғалысы ескеріледі.

Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ-да ақшаның тусуі 1043 "Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шотының дебеті және 3271 "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Жеке не заңды тұлғаларға ақша қаражатын қайтарған не тиісті республикалық не жергілікті бюджеттерге ақшаны беру кезінде 1043 "Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шотының кредиті және 3271 "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша жазылады.

Бұдан басқа 1043 "Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шотында түзеу мекемелерінің сотталғандары орындаған жұмыстар үшін түсken ақша, медициналық-элеуметтік мекемелерде (ұйымдарда) тұратын тұлғаларға, сот шешімімен енбекке қабілетсіз деп танылған және қамқорлыққа мұқтаж, толық мемлекеттік

қамсыздандыруда тұрған психоневрологиялық аурулары бар тұлғаларға арналған зейнетақы төлемдері және жәрдемақылар көрсетіледі.

59. 1045 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ" қосалқы шотында бюджет қаражатын есептеу және оларды ерекше шығыстарды өткізуге пайдалану (нысаналы қаржыландыру шоты) ескеріледі.

60. 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ" қосалқы шотында республикалық шоттағы ақша қаражаттарының қозғалысы есептеледі.

61. 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шотында жергілікті бюджеттегі ақша қаражаттарының қозғалысы есептеледі.

62. 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ" шотында республикалық бюджетке түсімдердің түсіуі есептеледі, 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ", шотында жергілікті бюджетке түсімдердің түсіуі есептеледі.

Бюджетке салықтық, салықтық емес түсімдер 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шоттарының дебеті және 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1294 "Негізгі капиталды сатудан түсіндер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1295 "Негізгі мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсіндер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бюджеттен төлеушіге артық төленген соманы қайтару кезінде 3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3284 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шоттарының дебеті және 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

63. 1050 "Шетелдік валютадағы шот" шотында осы Қағидалардың 19 "Валюта бағамдары өзгеруінің әсері" деген тарауының ережелеріне сәйкес мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебінде көрсетілген валюталық операциялардың есебі жүргізіледі.

Шетел валютасындағы шоттар бойынша операцияларды жасау және ресімдеу тәртібі "Валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

Бухгалтерлік есепте шетел валютасындағы шоттарда қаражат қозғалысы және шетел валютасындағы операциялар есеп айырысу-ақшалай құжаттарды берген күні әрекет ететін валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамы бойынша шетел

валютасын қайта есептеу жолымен алған Қазақстан Республикасының валютасында көрсетіледі. Осы операцияларды есепке алу бір уақытта есеп айырысу және төлемдер валютасында жүргізіледі.

64. Шетел валютасын сатып алу кезінде 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шоты дебеттеледі және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" 1040 "Тұсімдер мен есеп айырысаларды есепке алу үшін ҚБШ" және 1030 "Есеп айырысу шоты" шоттарының тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі. Шотқа шетел валютасының тусуі мынадай жазбалармен көрсетіледі: 1050 "Шетелдік валютадағы шот" шотының дебеті, алған шетел валютасының сомасына 1030 "Есеп айырысу шоты" және 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шоты және комиссиялық алым сомасына 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шоты.

65. Өнім берушілермен шетел валютасында есеп айырысу кезінде 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 4110 "Жеткізушилерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоттарының қосалқы шоты дебеттеледі және 1050 "Шетелдік валютадағы шот" қосалқы шоты кредиттеледі.

66. 1061 "Байланысты гранттың арнайы шоты" қосалқы шотында байланысты грант туралы келісімге сәйкес үкіметтік байланысты грант есебінен тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға жұмсалатын шығыстардың үлесін үкіметтік байланысты грант есебінен жабу үшін ашылады. Байланысты гранттың арнайы шотына қаражат түскен кезде 1061 "Байланысты гранттың арнайы шоты" қосалқы шотының дебеті және 6060 "Гранттар бойынша кірістер" шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі. Осы шоттағы қаражатты пайдалану 1061 "Байланысты гранттың арнайы шоты" қосалқы шотының кредиті және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер" тиісті қосалқы шоттарының дебеті бойынша көрсетіледі.

67. 1062 "Сыртқы қарыздың арнайы шоты" қосалқы шотында халықаралық қарыз шартына сәйкес тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатып алуға жұмсалатын шығыстардың үлесін үкіметтік сыртқы қарыздың есебінен жабу үшін ашылады.

Сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражат түскен кезде 1062 "Сыртқы қарыздың арнайы шоты" қосалқы шотының дебетіне, 6070 "Сыртқы қарыз тұсімдерден түскен кірістер" қосалқы шотының кредитіне жазба жүргізіледі.

68. 1071 "Аккредитивтер" қосалқы шотында активтерді жеткізгені үшін төлем бойынша өнім берушілер алдында туындастын, мемлекеттік мекемелердің міндеттемелеріне сәйкес ашылған аккредитивтердің сомасы ескеріледі. Аккредитив ашу кезінде 1071 "Аккредитивтер" қосалқы шоты дебеттеледі және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоттарының тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі.

Пайдаланылған аккредитив сомасына 1071 "Аккредитивтер" қосалқы шотының кредиті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті бойынша жазба жүргізіледі.

Аккредитивтің пайдаланылмаған сомасы тиісті бюджеттік немесе ағымдағы шоттарға есептеледі: 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоттары қосалқы шоттарының дебетіне, 1071 "Аккредитивтер" қосалқы шотының кредиті.

69. 1072 "Ақша құжаттары" қосалқы шотында банкілік овердрафт және өзге де ақша құжаттары ескеріледі.

70. 1073 "Жолдағы ақша қаражаты" қосалқы шотында жолда есептелетін ақша қаражаты ескеріледі.

Осы шотта сондай-ақ шетелдік мекемелердің шығыстарын қаржыландыруға аударған, бірақ шетелдік мекемелерінің есеп шотына түспеген ақша қаражатының қозғалысы ескеріледі.

Шетелдік мекеменің есеп шотына жолда есептелген сома түсken кезде мынадай жазба жүргізіледі: 1030 "Есеп айырысу шоты" қосалқы шотының дебеті, 1073 "Жолдағы ақша қаражаты" қосалқы шотының кредиті.

71. 1074 "Өзге де ақша қаражаты" қосалқы шотында алдындағы қосалқы шоттарда көрсетілмеген өзге ақша қаражаты ескеріледі.

72. 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоты мынадай қосалқы шоттардан тұрады:

1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары";

1082 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар";

1083 "Басқа да бюджеттердің есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар";

1084 "Трансферттер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар";

1085 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар";

1086 "Республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар";

1087 "Сыртқы қарыздардың және байланысты гранттардың есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар";

1088 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар

73. Осы шоттың қосалқы шоттарының дебетінде мемлекеттік мекеменің міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында көзделген міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулардың сомасы, сондай-ақ ағымдағы жылдың кассалық шығындарын қалпына келтіруге енгізілген сома, ал кредитте – мақсатты тағайындау бойынша "Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2014 жылғы 18 қыркүйектегі № 403 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9756 болып тіркелген) Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасының кодтарына сәйкес жұмсалған қаражат көрсетіледі.

Мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін қабылдауға міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында көзделген жоспарлы тағайындаулардың сомасына мынадай жазба жүргізіледі:

1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1083 "Басқа да бюджеттердің есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1086 "Республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шоттарының дебеті және 6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер" шотының кредиті;

1082 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6020 "Күрделі салымдарды қаржыландырудан түсетін кірістер" шотының кредиті;

1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6030 "Трансфертер бойынша кірістер" шотының кредиті;

1085 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6040 "Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер" шотының кредиті;

1087 "Сыртқы қарыздардың және байланысты гранттардың есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 5012 "Сыртқы қарыздардың және байланысты гранттардың есебінен қурделі салымдарды қаржыландыру" қосалқы шотының кредиті;

1088 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6086 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландырудан түсетін кірістер" қосалқы шотының кредиті.

Ағымдағы жылдың кассалық шығыстарын қалпына келтіруге түскен сома 1080 "Респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шоттарының дебетіне және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты", 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шоттарының, 1260 "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" шоты қосалқы шоттарының және басқа шоттардың кредитіне жазылады.

74. Алғашқы құжаттардың негізінде қаражатты пайдалану кезінде төлеуге берілетін шоттар бойынша сома 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының және басқа шоттардың дебетіне, 1080 "Респубикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының, 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының, ақшалай қаражаттың басқа да шоттарының тиісті қосалқы шоттарының кредитіне жазылады.

75. Төлеуге берілетін шот негізінде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің аударған нысаналы трансфертер сомасына мынадай жазба жүргізіледі 1212 "Ағымдағы нысаналы трансфертер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1213 "Нысаналы даму трансфертері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоттарының дебеті, 1084 "Трансфертер бойынша

міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шоттарының кредиті, 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелерді қабылдауға жоспарлы тағайындаулар".

Жалпы сипаттағы алынған трансфертерді аудару кезінде тиісті бюджеттің атқарылуы жөніндегі уәкілетті органға 7240 "Жалпы сипаттағы трансфертер бойынша шығыстар" шотының дебеті және 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелерді қабылдауға жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Алынған трансфертердің қаражаты есебінен жүргізілген шығыстарды есептен шығару мынадай жазбамен жергілікті атқарушы органдардың есептері негізінде жүзеге асырылады 7210 "Трансфертер бойынша шығыстар" шотының дебеті, 1210 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының тиісті қосалқы шоттарының кредиті.

Нысаналы трансфертер бойынша дебиторлық берешек сомалары бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есебінде төмен тұрған бюджеттерге аударылған сәттен бастап олар қаражатты пайдалану жөніндегі есептерді ұсынғанға дейін танылады.

76. 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоты бойынша қалдықтар (сыртқы қарыздар мен байланысты гранттарсыз) мемлекеттік мекеменің коды бойынша қаражаттың қалдығына сәйкес келуі тиіс.

Есепті жылдың аяғында бұрын кірістер құрамында ескерілген қаржыландыру сомасы мынадай тізбекпен пайдаланылмаған жоспарлы тағайындаулар сомасына түзетіледі: 6090 "Қаржыландыруды бюджетке қайтару" шотының дебеті және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" қосалқы шотының кредиті.

77. 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебетінде міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулардың сомалары, сондай-ақ ағымдағы жылдың кассалық шығыстарын қалпына келтіруге енгізілген сомалар, ал кредитте мақсатты тағайындау бойынша бюджеттік сыныптама кодына сәйкес жұмсалған қаражат көрсетіледі.

Міндеттемелер бойынша жеке қаржыландыру жоспарында көзделген мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулардың сомасына мынадай жазбалар жүргізіледі:

1091 "Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер" шотының кредиті;

1092 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6020 "Күрделі салымдарды қаржыландырудан түсетін кірістер" қосалқы шотының кредиті;

1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6030 "Трансфертер бойынша кірістер" шотының кредиті;

1094 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6040 "Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер" шотының кредиті;

1095 "Жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер" шотының кредиті.

78. Активтер мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуға арналған шарттарға сәйкес төлемдерді жүзеге асыру кезінде мынадай тізбектер жүзеге асырылады:

3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 1410 "Берілген қысқа мерзімді аванстар" қосалқы шотының дебеті және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының, 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шоттарының кредиті.

79. Ағымдағы жылдың кассалық шығыстарын қалпына келтіруге бюджет шотына қаражат түскен кезде 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шотының дебетіне және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты", 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының, 1260 "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" шоты қосалқы шотының және басқа шоттар кредитіне жазба жүргізіледі.

80. 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке

қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоттары бойынша бухгалтерлік жазбаларды тексеру үшін мемлекеттік мекеме 4-20 "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" нысаны бойынша ай аяқталғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күнінің ішінде тоқсан сайын аумақтық қазынашылық бөлімшесімен айдың бірі күніне салыстыруды жүргізеді.

Бюджет қаражатының жұмсалуын бақылауды қамтамасыз ету үшін мемлекеттік мекеме, аумақтық қазынашылық бөлімшесі 4-09 нысанды "Мерзімді міндеттемелердің бөлшектері" есебін, 4-12 нысанды "Орындалмаған міндеттемелердің бөлшектері" есебін және 4-20 нысанды "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" есебін қалыптастырады "Қазынашылық-клиент" АЖ бойынша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер 4-09 нысанды "Мерзімді міндеттемелердің бөлшектері", 4-12 нысанды "Орындалмаған міндеттемелердің бөлшектері", 4-20 нысанды "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" есептерін дербес қалыптастырады.

Бюджеттің атқарылуы қағидаларына сәйкес республикалық және жергілікті бюджеттің ҚБШ түсімдердің есептелуіне бақылауды бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілдеп органның тиісті құрылымдық бөлімшесінің қамтамасыз ету үшін "Қазынашылық-клиент" АЖ 2-14 "Бір айдағы түсімдерді жинау жөніндегі есеп" және 2-43 "Бюджет сыйыптамасының коды бойынша түсімдер" нысандары бойынша есептерді дербес қалыптастырады және "e-Қаржымині" ИААЖ талдау орталығы кіші жүйесі "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" ТО компонентінен алғынған түсімдер.

81. Мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен кассир тағайындалады, онымен өзі қабылдаған барлық құндылықтардың сақталуы үшін, сондай-ақ оның қасақана іс-әрекеттерінің нәтижесінде, өз міндеттеріне ұқыпты немесе адаптациялық нәтижесінде мемлекеттік мекемеге келтірілген залал үшін оның толық материалдық жауапкершілігі туралы шарт жасалады.

Жұмыс істейтіндердің саны аз, штатта кассирі жоқ мемлекеттік мекемелерде кассирдің міндеттерін мемлекеттік мекеме басшысының жазбаша өкімі бойынша, онымен толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасаса отырып басқа қызыметкер орынданай алады.

82. Банкноттар мен монеталарды қабылдау кезінде кассир "Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 29 қарашадағы № 230 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16120 болып тіркелген) бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының банкноттары мен монеталарының төлемділігін айқындау қағидаларын басшылыққа алады.

Колма-қол ақшаны банктен чек бойынша алу үшін кассир банктен чек кітапшасын сатып алады. Чектерді пайдалану туралы шарт жасасу тәртібі және оның міндettі талаптары Қазақстан Республикасының банк заңнамасымен белгіленеді. Чек кітапшасы Бухгалтерлік құжаттаманың 448-нысаны бойынша қатаң есептілік бланкілерін есепке алу жөніндегі кіріс-шығыс кітабында тіркеледі. Мемлекеттік мекемелердің чектерді пайдалануы чек бланкілері нөмірлерінің реттілігін сақтай отырып қамтамасыз етіледі, бұл ретте чек кітапшасы мемлекеттік мекеменің кассасынан тыс шығарылмайды.

Бас бухгалтер немесе оны алмастыруши тұлға қол қойған кіріс ордерінің нөмірі мен күні көрсетіле отырып, чек кітапшасы түбіртегінің арғы бетінде қолма-қол ақшаның кассаға кіріске алынғаны туралы жазба жасалады

83. Кассир өзіне жүктелген жұмысты орындауды басқа тұлғаларға сеніп тапсырмайды.

Кассирді уақытша ауыстыру қажет болған жағдайда міндettterіn atқару мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығы негізінде толық материалдық жауапкершілік туралы шарт жасаса отырып, басқа қызметкерге жүктеледі.

Кассир кенеттен жұмыста болмай қалған жағдайда (сырқаттанып қалуы және басқа да себептер) оның есебінде тұрған қолма-қол ақшаны олар өзіне табыс етілетін тұлға мемлекеттік мекеменің басшысы, ол болмаған кезде – оның ауыстыратын тұлға тағайындаған тұлғалардан тұратын комиссияның қатысуымен дереу санайды. Құндылықтарды қайта санау және табыстау нәтижелері туралы көрсетілген тұлғалардың қолы қойылған акт жасалады.

Басшылар, бас бухгалтерлер және кассалық құжаттарға қол қою құқығын пайдаланатын басқа да қызметкерлер кассирдің міндettterіn atқara алмайды.

84. Егер мемлекеттік мекемеде бюджеттік шот бойынша, ақылы қызметтер ҚБШ бойынша, қайырымдылық көмек ҚБШ бойынша, ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ бойынша нысаналы қаржыландыру ҚБШ бойынша, ақшалай операциялар болса, мемлекеттік мекемелерде кассалық операцияларды есепке алу кассалық кітапта Бухгалтерлік құжаттаманың КО-4 нысаны бойынша немесе 440 нысаны бойынша жүргізіледі.

Банктен алынған қолма-қол ақша сол күні Бухгалтерлік құжаттаманың № КО-1 нысаны бойынша кіріс кассалық ордері бойынша мемлекеттік мекеменің кассасына кіріс ретінде тіркеледі. Кіріс және шығыс кассалық ордерлерін кассаға жіберілгенге дейін Бухгалтерлік құжаттаманың № КО-За нысаны бойынша бухгалтерия кіріс және шығыс кассалық ордерлерін тіркеу журналында тіркейді.

Мемлекеттік мекемелердің кассалары қолма-қол ақшаны қабылдауды бас бухгалтер немесе ол уәкілеттік берген тұлға қол қойған кіріс кассалық ордерлері бойынша, соңғылары мен кассирдің қолы қойылған, кассир мөрімен (мертбанымен) расталған түбіртек беру арқылы жүргізеді.

85. Мемлекеттік мекемелер кассаларында банктен чек бойынша және корпоративтік төлем карточкасын пайдалану арқылы алғынған қолма-қол ақшаны барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға көзделген ақшалай қаражатты қоспағанда, қызмет көрсететін банктен ақша алған күнді қоспағанда, үш жұмыс күннен артық емес сақтайды.

Мемлекеттік мекеме кассаға қабылдаған қолма-қол ақша, барлау, қарсы барлау, жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыруға көзделген ақшалай қаражатты қоспағанда, қабылданған күннен бастап үш жұмыс күнінен кешіктірмей

қолма-қол ақшаны тиісті бақылау шоттарына есептеу үшін банкке тапсырады.

Ақшаны, оларды алдын ала тиісті қолма-қол ақшаны бақылау шоттарына тапсырмaston, пайдалануға рұқсат етілмейді.

Мемлекеттік мекеменің кассасындағы қолма-қол ақшаның қалдықтары есепті жылдың 31 желтоқсанына банкке өткізіледі.

86. Мемлекеттік мекеменің кассасынан қолма-қол ақша беру кассалық шығыс ордерлері (Альбомдағы КО-2 нысаны) немесе төлем тізімдемесі 49 нысаны төлем (есептесу-төлеу) және Альбомның 389 нысаны (бұдан әрі- тізімдемесі) бойынша жүргізіледі, бұл құжаттарға мөртабан басылып, кассалық шығыс ордерінің деректемелері толтырылуы керек.

Мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсететін орталықтандырылған бухгалтерияда берілген жалақының жалпы сомасына бір кассалық шығыс ордері толтырылады, оның күні мен нөмірі әрбір тізімдемесіне қойылады.

Жекелеген тұлғаға кассалық шығыс ордері немесе тізімдеме бойынша кассир ақша беру кезінде алушының жеке басын күеландыратын құжат ұсынуды талап етеді, құжаттың атауы мен нөмірін, оны кім және қашан бергенін жазып алады.

Қолма-қол ақшаны алушы ақшаны алғанына қол қояды, қолхат алғынған сомасын жазумен көрсете отырып, тек шарикті қаламсаптың паставымен өз қолымен жазылады. Қолма-қол ақшаны тізімдеме бойынша алған кезде жазумен сомасы көрсетілмейді.

87. Мемлекеттік мекеменің штаттық санында жоқ тұлғаларға қолма-қол ақша әр тұлғаға жеке-жеке жазылатын кассалық шығыс ордері бойынша немесе жасалған шарттар немесе мемлекеттік мекеме басшысының бүйрүгі негізінде жеке тізімдеме бойынша беріледі.

Қолма-қол ақшаны кассир тек кассалық шығыс ордерінде немесе тізімдемеде көрсетілген тұлғаға ғана береді. Егер ақша сенімхат бойынша берілетін болса, онда ордердің мәтінінде ақша алушының тегінен, аты-жөнінен кейін ақша алуға сенім білдірілген тұлғаның тегін, аты-жөнін көрсетеді. Егер ақша тізімдеме бойынша берілетін болса, онда кассир ақша алу жөніндегі қолхаттың алдына "Сенімхат бойынша" деген жазу жазады. Сенімхат кассирде қалады және кассалық шығыс ордеріне немесе тізімдемеге тіркеледі.

Тізімдеменің титул (басты) параграфында қолма-қол ақшалай қаражатты беру туралы рұқсат етілген жазу жазылып, мемлекеттік мекеменің басшысы мен бас бухгалтерінің немесе оларды алмастырушы тұлғалардың қолы қойылып, қолма-қол ақшаның берілген күні және жазбаша сомасы көрсетіледі.

88. Жекелеген тұлғаларға жалақы үшін қолма-қол ақшаны бір жолғы беру, кассалық шығыс ордері бойынша жүргізіледі.

Әрбір кассалық ордер бойынша ақшаны алғаннан не бергеннен кейін, кассир дерек касса кітабына жазбалар жүргізеді.

Күн сайын, жұмыс күнінің аяғында кассир бір күндегі операциялардың қорытындысын санайды, келесі күнге қалған кассадағы ақшаның қалдығын шығарады және бухгалтерияға кассир есебі ретінде екінші жыртпалы бетті (бір күндегі касса кітабындағы жазбалардың көшірмесін) кіріс және шығыс құжаттарымен бірге, касса кітабындағы қолхат арқылы тапсырады. Кассир бір мезгілде кассадағы қолма-қол ақшаның қалдығын кассада нақты бар ақшамен салыстырады.

89. Есепті ай біткен соң, барлық жүзеге асырылатын операцияларды бухгалтерлік есепке алу шоттарында көрсету және бухгалтерлік есептілікті белгіленген мерзімде жасау мақсатында:

1) тізімдемеде төлем төленбеген тұлғалардың тегінің қарсысына мөртабан басылады немесе "Депозитке салынды" деп қолмен белгі соғылады;

2) тізімдеменің соңында іс жүзінде төленген сома және депозитке салынуға жататын алынбаған сома туралы жазу жасалады, бұл соманы тізімдемедегі жалпы жиынтымен салыстырылады және оған кассирдің қолы қойылады;

3) кассалық кітапқа іс жүзінде төленген сома жазылады және тізімдемеге: "№ _____ кассалық шығыс ордері" деген мөртабан басылады.

Бухгалтерлік қызмет тізімдемеде мемлекеттік мекеменің кассалық операцияларды жүргізу бойынша кассир жасаған белгілерді тексеріп, ол бойынша депозитке салынған және берілген соманы есептейді.

Депозитке салынған сома банкке өткізіледі және өткізілген сомаға бір ортақ кассалық шығыс ордері толтырылады, ол қолма-қол ақшалай салым жөніндегі хабарландыру жазу үшін негіз болады, онда бюджеттік сыныптаманың коды міндетті түрде көрсетіледі.

90. Әрбір мемлекеттік мекеме нөмірленген, жіппен қайымдалған және сүргішті немесе мастикалық мөр басылған бір ғана кассалық кітапты жүргізеді. Кассалық кітаптағы парақтардың саны басшының, бас бухгалтердің немесе осы мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есебін қамтамасыз ететін бөлімшені басқаратын тұлғаның қолымен расталады.

Кассалық кітаптағы жазу көшірме қағаз арқылы 2 (екі) данада жүргізіледі. Парақтардың екінші даналары жыртылады және кассирдің есебі қызметін атқарады.

Парақтардың бірінші даналары кассалық кітапта қалады. Парақтардың бірінші және екінші даналары бірдей нөмірмен нөмірленеді.

Кассалық кітапта өшіруге және ескертілмеген түзету енгізуге тыйым салынады. Кітапта қатені түзету, түзетудің күні көрсетіле отырып, "Түзетілді" деген жазумен ескертілуі кассирмен және мемлекеттік мекеменің бас бухгалтерінің немесе оларды ауыстыратын тұлғалар қойған қолымен расталуы тиіс.

91. Кассалық кіріс және шығыс ордерлерін немесе тізімдемені алу кезінде кассир:

- 1) құжаттарда – бас бухгалтердің қолы, ал кассалық шығыс ордері мен тізімдемеде – мемлекеттік мекеме басшысының немесе ол уәкілеттік берген тұлғалардың қолы болуын және оның растығын;
- 2) құжаттарды ресімдеудің дұрыстығын;
- 3) құжаттарда аталған қосымшалардың болуын тексереді.

Осы талаптардың бірі болмаса бірі сақталмаған жағдайда, кассир құжаттарды тиісінше ресімдеу үшін бухгалтерлік қызметке дереу қайтарады.

Кассалық кіріс және шығыс ордерлеріне немесе тізімдемеге қосымшаларымен бірге, күні, айы, жылы көрсетіле отырып, міндettі түрде "Алынды" немесе "Төленді" деп жазылған мөртабан басылуға жатады.

92. Кассалық шығыс ордерінде немесе тізімдемеде алушының қойылған қолымен расталмайынша кассадан қолма-қол ақша беру кассадағы қолма-қол ақша қалдығын растау үшін қабылданбайды. Бұл сома кем шығу болып саналады және кассирдің келісумен одан өндіріп алынады. Кассалық кіріс ордерімен расталмаған қолма-қол ақша кассаның артық ақшасы деп саналып, 204113 "Мұнай секторы ұйымдарынан және Жәбірленушілерге өтемақы қорына түсетін түсімдерді қоспағанда, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер салатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар, өндіріп алулар", 204114 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелермен алынатын өзге де айыппұлдар, өсімпұлдар, санкциялар" түсімдердің бюджеттік кодтары бойынша тиісті бюджеттің кірісіне есепке алынады.

93. Қолма-қол ақшаның мақсатқа сай пайдаланылуын есепке алууды бақылау үшін мемлекеттік мекемелер бюджет ақшасына арналған Бухгалтерлік құжаттаманың нысандарының 453-нысаны бойынша (бұдан әрі – 453) қолма-қол ақшаның мақсатқа сай пайдаланылуын бақылау кітабын және Альбомның 454-нысаны (бұдан әрі – 454) бойынша ақылы қызметтерден, қайырымдылық көмектен, жергілікті өзін-өзі басқару, нысаналы қаржыландыру бойынша түскен қолма-қол ақшаны мақсатқа сай пайдаланылуын бақылау кітабын жүргізеді.

Кассалық кітаптың және 453 және 454-нысандар бойынша бақылау кітаптарының дұрыс жүргізілуін бақылау бас бухгалтерге немесе мемлекеттік мекемеде бухгалтерлік есеп жүргізуі қамтамасыз ететін бөлімшениң басқаратын тұлғага жүктеледі.

Нысандар альбомында көзделген деректемелердің болу шартымен компьютерлік жүйелер толтырылған кассалық құжат бланкілерін пайдалануға жол беріледі.

94. Әрбір мемлекеттік мекеменің қолма-қол ақшамен есеп айырысу жүргізу үшін кассасы болуы тиіс. Кассаға кіретін есік операциялар жасау кезінде іш жағынан кілттеліп жабылуы тиіс. Кассаның жұмысына қатысы жоқ тұлғалардың оның бөлмесіне кіруіне рұқсат етілмейді. Әрбір мемлекеттік мекемеде кассаға кіретін тұлғалардың тізімі жасалады, оған басшы, ол болмаған кезде оны ауыстыратын тұлға мен бас бухгалтер қол қояды.

Мемлекеттік мекеменің басшысы, ол болмаған кезде оны ауыстыратын тұлға қолма-қол ақшаны сақтау мен тасымалдау кезінде оның сақталуын қамтамасыз етеді.

95. Мемлекеттік мекемелердің барлық қолма-қол ақшасы, чек кітапшалары, қатаң есептілік бланкілерін есепке алу бойынша кіріс-шығыс кітаптары және кассалық кітаптары сейфтерде немесе отқа жанбайтын металл жәшіктерде, олар жұмыс аяқталғаннан кейін кілттеліп, сүргіш мөр басылып жабылады.

Сейфтер мен металл жәшіктердің кілттері, сондай-ақ мөрлер кассирде сақталады. Кассир оларды белгіленген жерлерде қалдырмайды, сырт тұлғаларға бермейді, есепке алынбаған телнұсқа жасатпайды.

Мемлекеттік мекемелердің басшыларында кілттердің есепке алынған телнұсқалары мөрлеген пакеттерде, қобдишаларға немесе басқа да орауыштарға сақталады. Кемінде тоқсанына бір рет оларға комиссиялық тексеру жүргізіледі. Кілттің жоғалғаны анықталған жағдайда, мемлекеттік мекеменің басшысы болған оқиға туралы ішкі істер органдарына хабарлайды және металл жәшіктің құлпын дереу ауыстыру шараларын қолданады.

Кассада осы мемлекеттік мекемеге тиесілі емес қолма-қол ақша мен басқа да құндылықтарды сақтауға рұқсат етілмейді.

96. Кассаның бөлмесі мен металл жәшіктерді ашар алдында кассир құлыптардың, есіктердің, терезе торлары мен мөрлердің сақталуын тексереді, күзет дабылының бұзылмағандығына көз жеткізеді.

Мөр бүлінген немесе алынған, құлыптар, есіктер мен терезе торлары сындырылған жағдайда, кассир мұны дереу мемлекеттік мекеменің басшысына хабарлайды, ол болған оқиға туралы ішкі істер органдарына хабарлайды және ішкі істер органдарының қызметкерлері келгенше кассаны күзету шараларын қолданады.

Басшы, бас бухгалтер немесе оны ауыстыратын тұлға, сондай-ақ кассир ішкі істер органдарының рұқсатын алғаннан кейін кассада сақтаулы қолма-қол ақша мен басқа да құндылықтардың бар-жоғын тексереді. Тексеру кассалық операциялар басталмастан бұрын жүргізуі тиіс. Тексеру нәтижелері туралы акт үш данада жасалады, оған тексеруге қатысатын барлық тұлғалар қол қояды. Актінің бірінші данасы - ішкі істер органдарына, екіншісі - бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне беріледі, үшіншісі - мемлекеттік мекемеде қалады.

97. Кассаны түгендеу "Мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 16 сәуірдегі № 169 бұйрығымен бекітілген мемлекеттік мекемелерде түгендеу жүргізу қағидаларына сәйкес жүргізіледі. Кассаға түгендеу жүргізу нәтижелері бойынша қолма-қол ақшаны түгендеу актісі жасалады.

98. Жоспарлы тағайындаулардың және төленген міндеттемелердің талдамалы есебі жоспарлы тағайындауларды және төленген міндеттемелерді ерекшеліктер бойынша бөле отырып, әрбір бағдарлама, кіші бағдарлама бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 294-а нысаны бойынша талдамалы есеп карточкаларында жүргізіледі. Карточкаларда бір айдағы және жыл басынан қорытындылар саналады.

99. Корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып 1020 "Мемлекеттік мекеменің ағымдағы шоты" шоты бойынша бюджет ақша қаражатының нысаналы пайдаланылуын талдамалы есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 453 нысаны бойынша кітапта жүргізіледі.

100. 1030 "Есеп айырысу шоты" қосалқы шоты бойынша талдамалы есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларда жүргізіледі.

101. 1041 "Қайырымдылық көмек ҚБШ" қосалқы шоты жөнінде ақша қаражатының қозғалысы бойынша операцияларды есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 5-20 "Қолма-қол ақшаның бақылау шотынан көшірме", 5-15 "Мемлекеттік мекеменің жүргізілген төлемдері бойынша күн сайынғы үзінді көшірме" нысандарының негізінде Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысаны және оған қосымша берілген құжаттар бойынша жинақтау ведомосінде жүргізіледі. Филантропиялық қызметтің және (немесе) демеушілік қызметтің және (немесе) меценаттық қызметтің және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтің жекелеген түрлері бойынша 1041 "Қайырымдылық көмек ҚБШ" қосалқы шоты бойынша талдамалы есеп Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларда (Бухгалтерлік құжаттаманың 292 нысанды кітабында) жүргізіледі.

1042 "Ақылды қызметтер ҚБШ" қосалқы шоты бойынша ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі операцияларды есепке алу 5-33 "Ақылды қызметтердің ҚБШ қалдықтар туралы есеп", 5-15 "Мемлекеттік мекеменің жүргізген төлемдері бойынша күнделікті көшірме" нысандарының және оларға қосымша құжаттардың негізінде Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысаны (3-мемориалды ордер) бойынша жинақтау ведомосінде жүргізіледі.

1043 "Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шоты бойынша ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі операцияларды есепке алу "Мемлекеттік мекеменің шотынан көшірме" 5-20, 5-15 "Мемлекеттік мекеменің жүргізген төлемдері бойынша күнделікті көшірме" нысандары және оларға қосымша құжаттардың негізінде Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысаны (3-мемориалды ордер) бойынша жинақтау ведомосінде жүргізіледі. 1043 "Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шоты

бойынша талдамалы есеп Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысаны бойынша карточкаларда (Бухгалтерлік құжаттаманың 292 нысаны бойынша кітапта) жүргізіледі.

102. 1050 "Шетелдік валютадағы шот" қосалқы шоты бойынша ақша қаражатының қозғалысы жөніндегі операцияны есепке алу теңгеде, Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысаны (3-мемориалды ордер) бойынша жинақтау ведомосінде, ал операциялардың талдама есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында немесе Бухгалтерлік құжаттаманың 292 нысанды кітабында жүргізіледі.

103. 1061 "Байланысты гранттың арнайы шоты" қосалқы шоты байланысты гранттардың қозғалысы бойынша операцияларды есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысанды (3-мемориалды ордер) жинақтау ведомосінде жүргізіледі. 1061 "Байланысты гранттың арнайы шоты" қосалқы шоты бойынша талдама есеп Бухгалтерлік құжаттаманың 294-а нысанды карточкаларында жүргізіледі.

104. 1062 "Сыртқы қарыздың арнайы шоты" шотының сыртқы қарыздар қаражатының қозғалысы бойынша операцияларды есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысанды (3-мемориалды ордер) жинақтау ведомосінде жүргізіледі. Жазбалар екінші деңгейдегі банктің шоты бойынша үзінді көшірменің және оған қоса берілген құжаттардың негізінде жүргізіледі. 1062 "Сыртқы қарыздың арнайы шоты" шоты бойынша талдама есеп шығыстардың бюджеттік сыныптамасы кодтары бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 294-а нысанды карточкаларында жүргізіледі.

105. 1071 "Аkkредитивтер" қосалқы шоты бойынша талдама есеп Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында (Бухгалтерлік құжаттаманың 292 нысанды кітабында) әрбір ашылған аккредитив бойынша жүргізіледі.

Ақша құжаттарының талдама есебі олардың түрлері бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында (292 нысанды кітапта), жүргізіледі.

106. Мемлекеттік мекемелердің кодтарындағы қаражаттың қозғалысы бойынша операцияларды есепке алу жинақтау ведомосінің Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысаны бойынша (2-мемориалды ордер) жүргізіледі. Жазбалар "Шығыстар бойынша жиынтық есеп" 4-20 нысанды есептер және 5-15 "Мемлекеттік мекемелер бойынша төлемдер тізілімі" нысаны мен оған қоса берілген құжаттар негізінде жүргізіледі. Ағымдағы қаржы жылышының төлемдерін қайтару бойынша жазбалар үшін 2-38 нысаны бойынша төлем тапсырмасы мен аумақтық қазынашылық бөлімшесі ұсынған 5-17 "Қалпына келтіру мен тасымалдар тізілімі" нысанының есебі негіз болып табылады. Откен жылдардың төлемдерін қайтару бойынша жазбалар үшін аумақтық қазынашылық бөлімшесі ұсынған 2-38 нысан бойынша төлем тапсырмасы, ал жергілікті бюджеттің кірісіне бұрынғы жылдардың дебиторлық берешегін қайтару сомасын аудару бойынша аумақтық қазынашылық бөлімшесінің төлемдік тапсырмасы негіз болып табылады.

Орталықтандырылған бухгалтерияларда жоспарлы тағайындаулардың және төленген міндеттемелердің талдамалы есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 294-а нысанды

талдама есеп карточкаларында, бағдарламалар мен кіші бағдарламалар бөлінісінде жүргізіледі. Бухгалтерлік құжаттаманың 294-а нысанды карточкаларындағы қорытындылар бір айға және жылдың басынан есептеледі.

Міндеттемелер мен төлемдер бойынша жеке қаржыландыру жоспарының орындалуын дербес жүзеге асыратын мемлекеттік мекемелерде және орталықтандырылған бухгалтерияларда мемлекеттік мекемелер бойынша міндеттемелер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жалпы жеке жоспарын жасау кезінде міндеттемелерді қабылдауға, кассалық және нақты шығыстардың талдамалы есебі бағдарламалар, кіші бағдарламалар және бюджеттік сыйыптама ерекшеліктері бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 294 нысанды жоспарлы тағайындауларда және шығыстарды есепке алу кітабында жүргізіледі. Жазбалар бір күнде түскен әр құжат бойынша жүргізіледі.

5-тарау. Қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелерін есепке алу тәртібі

107. Қаржы инвестициялары бойынша операцияларды есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

- 1110 "Қысқа мерзімді берілген қарыздар";
- 1120 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары";
- 1130 "Қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв";
- 2110 "Ұзақ мерзімді берілген қарыздар";
- 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары";
- 2130 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв";

108. Қаржы міндеттемелерімен жасалатын операцияларды есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

- 3010 "Қысқа мерзімді алынған сыртқы қарыздар";
- 3020 "Қысқа мерзімді алынған ішкі қарыздар";
- 3030 "Қысқа мерзімді алынған ішкі қарыздар";
- 3040 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша қысқа мерзімді міндеттемелер";
- 4010 "Ұзақ мерзімді алынған сыртқы қарыздар";
- 4020 "Ұзақ мерзімді алынған ішкі қарыздар";
- 4030 "Өзге ұзақ мерзімді қаржылық міндеттемелер";
- 4040 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелер".

109. Мемлекеттік мекеме мынадай әдістерді пайдалана отырып, қаржы инвестицияларын кейіннен есепке алууды жүзеге асырады:

- квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қаржылық инвестициялар;
- өзіндік құны бойынша;
- үлестік қатысу;

квазимемлекеттік сектор субъектілеріне тиімді пайыздық мөлшерлемені қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша берілген ұзақ мерзімді қарыздар;

басқа да қаржылық инвестициялар:

өзіндік құны бойынша;

әділ құны бойынша;

амортизацияланған құны бойынша;

қауымдастыран ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға қаржылық инвестиациялар:

ұлестік қатысу;

өзге қаржы инвестиациялары:

өзіндік құны бойынша;

әділ құн бойынша;

амортизацияланған құн бойынша.

110. Қаржы активтерін немесе қаржылық міндеттемелерді алғаш мойындау кезінде қаржылық нәтиже арқылы әділ құнымен есепке алынбайтын қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер, мұндай қаржы активін немесе қаржылық міндеттемені сатып алумен немесе шығарумен тікелей байланысты мәмілелер бойынша шығындар жағдайында ұлғайтылған немесе азайтылған әділ құны бойынша бағаланады.

111. Қазақстан Республикасы Үкіметінің, облыс (аудан) әкімшіліктерінің, Астана және Алматы қалаларының шешімі негізінде квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға немесе жарғылық капиталын толықтыруға бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне бөлінген ақша қаражатын аударған кезде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестиациялары" шотының дебеті және 1082 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1092 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" шотының тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша жазба жүргізеді.

112. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін түзуге немесе толықтыруға бюджеттік бағдарламалар әкімшісі берген негізгі құралдары бухгалтерлік есепте көрсету Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік мүлікті иелену бойынша уәкілді органның шешімдері негізінде жүргізіледі.

Мемлекеттік мүлік туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес баланстық құны бойынша квазимемлекеттік сектор субъектілерін (мемлекеттік кәсіпорындарды) түзуге немесе толықтыруға негізгі қаражатты беру кезінде бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мынадай жазба жүргізеді:

2120 "Ұзақ мерзімді қаржылық инвестиациялар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының 2300 "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шоттарының кредиті;

жинақталған амортизация сомасына:

2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының 2300 "Негізгі құралдар" шоттарының кредиті.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (мемлекеттік қасіпорындардың) жарғылық капиталына қаржылық инвестициялар негізгі қаражатты қайтару жолымен азайған жағдайда, бюджеттік бағдарламалар әкімшісі қабылдау-беру актісінің негізінде шоттардың көрі корреспонденциясымен жүргізеді.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мұлік туралы заңнамасына сәйкес негізгі құралдарды жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мұліктік салым ретінде не "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына бағалаушы жүргізген берілетін негізгі құралдарды бағалау нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алуына ақы төлеуге беру кезінде жазбалар сәйкес жүргізіледі.

Негізгі құралдарды қайта бағалау (жете бағалау):

2300 "Негізгі құралдар" шотының дебеті және 5111 "Негізгі құралдарды қайта бағалауға резерв" қосалқы шотының кредиті;

жинақталған амортизацияны түзету сомасына:

5111 "Негізгі құралдарды қайта бағалауға резерв" қосалқы шотының дебеті және 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" шотының кредиті.

Негізгі құралдарды беру:

2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шотының дебеті және Шоттар жоспарының 2300 "Негізгі құралдардың" кіші бөлімі шоттарының кредиті;

жинақталған амортизация сомасына:

2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының 2300 "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шоттарының кредиті";

негізгі құралдарды қайта бағалау бойынша резервті есептен шығару:

5111 "Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының дебеті және 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті.

Негізгі құралдардың баланстық құнының азаюына әкеп соққан қайта бағалау кезіндегі операцияларды есепке алу осы Қағидалардың 309-тармағына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлік туралы заңнамасына сәйкес негізгі құралдарды квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын құруға немесе толықтыруға берген кезде осы субъектінің мемлекеттік басқару органы болып табылмайтын бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі қаржылық инвестицияларды мемлекеттік басқару органына төленген акциялардың қабылдау-беру актісімен бірге мұлікпен берілетін қабылдау-беру актісін береді.

Акциялардың мемлекеттік пакетін және мемлекеттік қатысу үлесін сенімгерлік басқаруға беру кезінде қаржылық инвестициялар сатып алу-сату шартын жасасу, тиісті бюджетке ақша қаражатын аудару және сатып алу-сату шартына сәйкес басқа да

міндеттемелерді орындау сәтіне дейін мемлекеттік басқару органының есебінде көрсетіледі.

Бюджет кодексіне сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне эмиссияны жүзеге асырған, бірақ көрсетілген заңды тұлғалар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену және пайдалану құқығы жоқ бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері қаржылық инвестицияларды мемлекеттік басқару органына эмиссия жүзеге асырылған жылы қабылдау-беру актісімен береді.

113. Инвестициялардың шығуы, оның ішінде беру, сату, тарату жолымен 7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және 2120 Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" қосалқы шотының кредиті бойынша жазбамен көрсетіледі.

Инвестициялардың шығып қалуы Қазақстан Республикасының мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілері қайта ұйымдастырылған жағдайларда инвестицияларды есепке алу Қазақстан Республикасы Үкіметінің, жергілікті атқарушы органдардың, мемлекеттік мүлікті басқару саласындағы уәкілетті органның шешімдері негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, қайта ұйымдастырылған квазимемлекеттік сектор субъектілеріне инвестициялар 7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шотының кредиті бойынша көрсетіледі, жаңадан құрылған квазимемлекеттік сектор субъектілеріне инвестициялар 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Резидент емес заңды тұлғаларға қаржылық инвестицияларды есепке алу осы Қағидалардың 5-тaraуында көзделген тәртіппен жүргізіледі.

114. Өзіндік құн бойынша есепке алу әдісі инвестициялар өзіндік құн бойынша танылатын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жарғылық капиталына инвестиацияларды есепке алу әдісі болып табылады. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ол (инвестор ретінде) инвестициялау құнінен бастап туындастын, инвестициялар объектісінің жиналған таза табысынан бөлу алатын дәрежеде инвестициялардан алынатын кірісті таниды.

Үлестік құралдар бойынша дивидендтер және мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысы бір бөлігінің аударымдары төлемді алуға құқық белгіленгенде активтерді басқарудан түсетін кірістер есебіне жатады және бюджет кірістері болып табылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі дивидендтер мен инвестиция объектілерінің таза кірісі бір бөлігінің төлемдерін есептеуді мынадай жазбамен көрсетеді: 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және 6220 "Активтерді басқарудан

алынатын өзге де кірістер" шотының кредиті, бір мезгілде: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

115. Үлестік қатысу әдісі квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, бірлескен кәсіпорындар және қауымдастырылған ұйымдарға инвестицияларды есепке алу әдісін білдіреді, оған сәйкес инвестиациялар бастапқыда өзіндік құны бойынша есепке алынады, содан кейін инвестиацияның баланстық құны сатып алғанған күннен кейін инвестиация объектісінің таза активтеріндегі/капиталындағы инвестордың үлесін тануды көрсете отырып, ұлғайтылады немесе азаяды. Инвестордың инвестиациялар объектісінің пайдасындағы немесе залалындағы үлесі инвестордың ағымдағы жылышының қаржылық нәтижесінде танылады.

Инвестициялар объектісінен алғанған төлемдер инвестиациялардың баланстық құнын төмендетеді.

Баланстық құнды түзету инвестиациялар объектісінің пайдасында немесе шығынында танылмаған инвестиациялар объектісінің капиталындағы өзгерістер нәтижесінде туындастырылған инвестиациялар объектісіне инвестордың қатысу үлесіне барабар өзгерістерді есепке алу үшін қажет.

Оларға негізгі құралдарды қайта бағалау және бағамдық айырмашылықтарды көрсете нәтижесінде туындастырылған өзгерістер жатады. Бұл өзгерістердегі инвестордың үлесі инвестордың таза активтерінде/капиталында жеке көрсетіледі.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері инвестиациялар объектісінің пайдасында (шығынында) қатысу үлесін мынадай жазбалармен көрсетеді:

пайда үлесі: 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестиациялары" шотының дебеті және 6220 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" шотының кредиті бойынша, шығындар үлесі: 7320 "Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар" шотының дебеті және 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестиациялары" шотының кредиті бойынша.

Егер инвестиация объектісінің шығындарындағы инвестордың үлесі инвестиациялардың баланстық құнына тең болса немесе асса, онда инвестор есептілікке өзінің болашақ шығындарының үлесін қосуды тоқтатады.

Егер нәтижесінде инвестиациялар объектісі өз есептерінде пайда көрсетсе, инвестор өз пайдасын көрсетуді танылмаған шығындар үлесіне тең болғаннан кейін ғана қалпына келтіреді.

Мемлекеттік кәсіпорындардың алуға есептелген дивидендтері мен таза табысының бір бөлігінің аударымдарын көрсете мынадай жазбамен жүзеге асырылады: 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестиациялары" шотының кредиті. Сонымен бір қатарда мынадай жазба да жүргізіледі: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

Үлестік қатысу әдісін қолданған кезде бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі квазимемлекеттік сектор субъектісінің ең соңғы қолжетімді қаржылық есептілігін пайдаланады.

Мемлекеттік мекеме мен квазимемлекеттік сектор субъектісінің есепті кезеңінің аяқталу күндері әртүрлі болған кезде, мемлекеттік мекеме немесе:

1) квазимемлекеттік сектор субъектісінің ең соңғы қаржылық есептілігін пайдаланады, онда олардың қаржылық есептілік күні мен мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілік күні арасында болған елеулі операциялардың немесе оқиғалардың әсері ескеріледі.

2) квазимемлекеттік сектор субъектісінің ең соңғы қаржылық есептілігін пайдаланады, сондай-ақ есепті кезеңде жүргізілген операцияларды қамтиды:

бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға немесе жарғылық капиталын толықтыруға бөлінген ақшалай қаражатты аудару;

бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің негізгі құралдарды квазимемлекеттік сектор субъектілерін құруға немесе жарғылық капиталын толықтыруға беруі;

"Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Мемлекеттік мүлік туралы заң) сәйкес жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің жарғылық капиталына мүліктік салым ретінде не "Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бағалаушы жүргізген берілетін негізгі құралдарды бағалау нәтижелері бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің акционерлік қоғамдардың акцияларын сатып алуына ақы төлеуге негізгі құралдарды беру;

акциялардың мемлекеттік пакеттеріне, заңды тұлғаларға қатысу үлестеріне дивидендер төлеу, мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару;

мемлекеттік кәсіпорындардың ұй-жайларын, ғимараттарын, құрылыштарын материалдық-техникалық жарактандыруға және күрделі жөндеуге ақша қаражатын аудару;

мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылық капиталын толықтыруға бұрын берілген негізгі құралдарды бюджеттік бағдарламалардың әкімшісіне қайтару.

116. Егер мемлекеттік мекеме сандық иелену үлесі болса және бюджеттік инвестициялар объектісінде дауыстардың 20 немесе одан да көп пайзының тікелей немесе жанама иеленсе, онда мемлекеттің ұйымның (заңды тұлғаның) жарғылық капиталына мемлекеттің қатысуы арқылы жүзеге асырылған инвестициялардың нәтижесінде мемлекеттің елеулі ықпалы болады.

117. Мемлекеттік мекеменің елеулі ықпалының болуы төменде көрсетілген белгілердің бірімен немесе бірнешеуімен расталады:

1) инвестициялар объектісінің Директорлар кеңесіндегі немесе осыған ұқсас басқару органындағы өкілдігі;

- 2) дивидендтер немесе соғас ұқсас төлемдер бойынша шешімдер қабылдауға қатысады қоса алғанда, саясатты әзірлеу процестеріне қатысу;
- 3) инвестор мен инвестициялар объектісі арасындағы операциялар;
- 4) басқару персоналымен алмасу; немесе
- 5) маңызды техникалық ақпаратты ұсыну.

118. Мемлекеттік мекеме (инвестор ретінде) үлестік қатысу әдісін пайдалануды оның инвестициясы қауымдастырылған үйім немесе бірлескен кәсіпорын болуын тоқтатқан күннен бастап тоқтатады.

Егер қауымдастырылған үйімға салынған инвестиция бірлескен кәсіпорынға салынған инвестицияға айналса немесе бірлескен кәсіпорынға салынған инвестиция қауымдастырылған үйімға салынған инвестицияға айналса, мемлекеттік мекеме үлестік қатысу әдісін қолдануды жалғастырады және қалған үлесті қайта бағаламайды.

119. Мемлекеттік мекеменің үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдастырылған үйімға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиациялар бастапқы құн бойынша танылады, ал олардың баланстық құны сатып алынған күннен кейін инвестиация объектісінің пайдастырылған үйімде шығындағы инвестордың үлесін тануды көрсете отырып, ұлғаяды немесе азаяды. Оларға негізгі құралдарды қайта бағалау және бағамдық айырмашылықтарды көрсету нәтижесінде туындайтын өзгерістер жатады. Бұл өзгерістердегі инвестордың үлесі инвестордың таза активтерінде/капиталында жеке көрсетіледі.

120. Инвестиция ол қауымдастырылған үйім немесе бірлескен кәсіпорын болған күннен бастап үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Инвестицияларды сатып алу кезінде инвестиациялар объектісінің сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің таза әділ құнындағы инвестиациялар құны мен мемлекеттік мекеменің үлестерінің арасындағы кез келген айырма мынадай түрде ескеріледі:

- 1) егер мемлекеттік мекеме қауымдастырылған үйімға немесе бірлескен кәсіпорынға қатысты іскерлік беделді инвестиацияның баланстық құнына енгізсе, осы іскерлік беделдің амортизациясына жол берілмейді;

- 2) инвестиациялар объектісінің сәйкестендірілетін активтері мен міндеттемелерінің таза әділ құнындағы мемлекеттік мекеме үлесінің инвестиация құнынан асып кетуі инвестордың қауымдастырылған үйімнің немесе бірлескен кәсіпорынның инвестиация сатып алынған кезеңдегі пайдастырылған үйімнің немесе шығындағы үлесін айқындау кезінде түсімге енгізіледі.

Инвестордың қауымдастырылған үйімнің немесе бірлескен кәсіпорынның пайдастырылған үйімнің шығындағы үлесін көрсету үшін сатып алғаннан кейін қажетті түзетулер орындалады. Осыған ұқсас, құнсызданудан (негізгі құралдардың немесе іскерлік беделдің құнсызданудан) болған шығындарды есепке алу үшін сатып алынғаннан кейін қауымдастырылған үйімнің немесе бірлескен кәсіпорынның пайдастырылған үйімнің шығындағы инвестиордың үлесіне тиісті түзетулер жүргізіледі.

121. Үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде мемлекеттік мекеме қауымдақан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның ең соңғы қолжетімді қаржылық есептілігін пайдаланады. Мемлекеттік мекеменің және қауымдақан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның есепті кезеңнің аяқталу күні әр түрлі болған кезде, мемлекеттік мекеме немесе:

1) үлестік қатысу әдісін қолдану мақсаттары үшін мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі сияқты сол күнге қосымша қаржылық ақпаратты алады; немесе

2) қауымдақан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілік күні мен мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілік күні арасында болған елеулі операциялардың немесе оқиғалардың әсері ескерілген ең соңғы қаржылық есептілігін пайдаланады.

Мемлекеттік мекеменің қаржылық есептілігі ұқсас операциялар мен ұқсас жағдайлардағы оқиғалар үшін бірыңғай есеп саясатын пайдалана отырып дайындалды.

122. Егер қауымдақан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын ұқсас мән-жайлар кезінде орын алған ұқсас операциялар мен оқиғаларға қатысты мемлекеттік мекеменің есеп саясатынан ерекшеленетін есеп саясатын қолданса, қауымдақан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның есеп саясатын, егер қауымдақан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның қаржылық есептілігін мемлекеттік мекеме үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде пайдаланса, мемлекеттік мекеменің есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер жүргізеді. Егер инвестордың инвестициялық ұйым болып табылатын қауымдақан ұйымда немесе бірлескен кәсіпорында үлесі болса, инвестор үлестік қатысу әдісін қолдану кезінде осы инвестициялық ұйымның қауымдақан ұйымы немесе бірлескен кәсіпорны олардың бақыланатын ұйымдардағы үлесіне қолданатын әділ күн бағасын сақтайды.

123. Егер инвестордың қауымдақан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның шығынындағы үлесі қауымдақан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы оның үлесіне тең немесе одан асатын болса, онда инвестор одан әрі шығында өз үлесін тануды тоқтатады. Қауымдақан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы үлес мемлекеттік мекеменің қауымдақан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияларының бір бөлігін құрайтын мәні бойынша ұзақ мерзімді салымдармен бірге үлестік қатысу әдісін пайдалана отырып айқындалған қауымдақан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың баланстық құнына сәйкес келеді.

124. Қауымдақан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның пайдасын тануды қоса алғанда, үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін мемлекеттік мекеме қауымдақан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға оның таза инвестицияларына қатысты құнсызданудан болатын қосымша шығындарды айқындау үшін қаржы құралдарын есепке алу талаптарын қолданады.

Мемлекеттік мекеме қауымдақан ұйымдағы немесе бірлескен кәсіпорындағы таза инвестициялардың және құнсызданудан болатын осындай шығындар сомасының бөлігі

болып табылмайтын үлесіне қатысты құнсызданудан болатын қосымша шығындарды тану қажеттілігін айқындау үшін қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі талаптарды қолданады.

Қаржы құралдарын есепке алу жөніндегі талаптарды қолдану қауымdasқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың құнсыздануы екенін көрсетсе, ақша қаражатын генерациялайтын активтердің құнсыздануы және қажет болған кезде ақша қаражатын генерациялайтын активтердің құнсыздануын есепке алуға қатысты талаптарды қолданады.

Ақша қаражатын генерациялайтын активтердің құнсыздануын есепке алуға қатысты талаптар ақша қаражатын генерациялайтын инвестицияларды пайдалану құндылығын айқындауды көздейді. Ақша қаражатын генерациялайтын инвестицияларды пайдалану құндылығын айқындау кезінде мемлекеттік мекеме:

1) қауымdasқан ұйымның немесе бірлескен кәсіпорынның операцияларынан түсетін ақша ағындарын және инвестициялардың түпкілікті шығуынан түсетін түсімдерді қоса алғанда, қауымdasқан ұйымнан немесе бірлескен кәсіпорыннан күтілетін болжанатын болашақ ақша ағындарының дисконтталған құнындағы өз үлесін; немесе

2) инвестициялардан немесе оларды түпкілікті сатудан алынған дивидендтерден немесе ұқсас төлемдерден күтілетін болжанатын болашақ ақша ағындарының дисконтталған құнын бағалайды.

Тиісті жорамалдар кезінде 2 (екі) әдіс бірдей нәтиже береді.

Ақша қаражатын генерацияламайтын активтердің құнсыздануын есепке алуға қатысты талаптар активтің өтелетін құны оның баланстық құнынан аз болған жағдайда баланстық құн активтің өтелетін құнына дейін азайтылуын көздейді. Өтелетін құн сатуга жұмсалған шығындарды және пайдалану құндылығын шегергендеңі активтің әділ құнының ең үлкені болып табылады. Ақша қаражатын генерацияламайтын активті пайдалану құны активті пайдалы пайдаланудың қалған мүмкіндігінің дисконтталған құны ретінде анықталады. Пайдалы пайдаланудың қалған мүмкіндіктерінің дисконтталған құны ауыстырудың амортизацияланған құны әдісін, қалпына келтіру құны әдісін немесе пайдалы бірліктер әдісін пайдалана отырып бағаланады.

125. Қауымdasқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестициялардың өтелетін сомасы, қауымdasқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын мемлекеттік мекеменің басқа да активтерінің ақша ағындарынан тәуелсіз жалғасатын қызметтен ақша ағындарын генерацияламайтын жағдайларды қоспағанда, әрбір қауымdasқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын бойынша жеке бағаланады.

126. Мемлекеттік мекеме негізгі құралды шарт бойынша сенімгерлік басқаруға берген кезде, негізгі құрал мемлекеттік мекеменің теңгерімінде есепке алынады. Негізгі құралдың амортизациясын мемлекеттік мекеме есептейді. Мемлекеттік мекеме сенімгерлік басқаруға берілген активті пайдаланудан түскен кірістерді және негізгі құралдың амортизациясы бойынша шығындарды көрсетеді.

127. Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы инвестицияларын есепке алу кезінде белсенді нарықтағы олардың нарықтық белгіленген бағасы қаржы инвестицияларының әділ құны болып табылады. Белсенді нарық болмаған кезде үлестік құралдарға салынатын қаржы инвестициялары құнсызданудан келетін шығындарды шегере отырып, өзіндік құны бойынша есепке алынады.

Әділ құн бойынша бағаланатын қаржы инвестицияларының әділ құнының өзгеруінен болатын нәтиже былайша көрсетіледі:

әділ құнның өзгеруінен кіріс: 1120 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" шотының дебеті және 6310 "Әділ құнның өзгеруінен түсетін кірістер" шотының кредиті ;

әділ құнның өзгеруінен шығыс: 7410 "Әділ құнының өзгеруі бойынша шығыстар" шотының дебеті және 1120 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" шотының кредиті.

Сату үшін қолда бар қаржы инвестицияларының әділ құнының өзгеруінен болатын нәтиже тікелей таза активтердің/капиталдың құрамында:

мыналар: 1120 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары" шотының дебеті, 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шотының дебеті және 5113 "Қаржылық инвестицияларын қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының кредиті үлгайған кезде;

мыналар: 5113 "Қаржылық инвестицияларын қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының дебеті мен 1120 "Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары", 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шоттарының кредиті азайған кезде танылады.

128. Өтеуге дейін ұсталатын қаржы инвестицияларын амортизация құны бойынша есепке алу пайыздың тиімді ставкасы әдісін қолдана отырып, жүзеге асырылады.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне берілген ұзақ мерзімді қарыздарды есепке алу тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін қолдана отырып, амортизацияланған құн бойынша жүзеге асырылады.

Қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеменің амортизацияланған құны – оған қаржылық актив немесе қаржылық міндеттеме бастапқы тану кезінде борыштың негізгі сомасын өтеуге төлемді шегере отырып, бастапқы құн мен өтеу сомасы арасындағы айырманы амортизациялау пайызының тиімді ставкасы әдісін пайдалана отырып жинақталған сомаға азайтылған немесе үлгайтылған, сондай-ақ құнсыздануға (тікелей немесе бағалау резервінің шотын пайдалану жолымен) азайтылған соманы шегере отырып, өлшенген көлем.

Мемлекеттік мекеме бастапқы танығаннан кейін қаржылық міндеттемелер қаржылық нәтиже мен алынған қарыздарды мойынданай отырып, әділ құн бойынша ескерілген қаржылық міндеттемелерді қоспағанда, пайыздың тиімді мөлшерлемесінің әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша бағаланады.

Пайыздың тиімді ставкасы әдісі осы Қағидалардың "Дисконттау қағидаттары" бөлімінде қарастырылған.

129. Құнсыздану белгілері болған кезде есепті жылдың аяғында өткізілген түгендеу нәтижесі бойынша мемлекеттік мекеме басшысының бүйрығына сәйкес құрылған түгендеу комиссиясының актісі негізінде есепте қаржы инвестицияларының құнсыздану фактісі тіркеледі. Түгендеу актісінде құнсыздану себептері (құнсызданудың объективті белгілерінің болуы) көрсетілуі тиіс.

Активті алғаш танылғаннан кейін орын алған бір немесе бірнеше оқигалар нәтижесінде құнсызданудың объективті белгілері болса және мұндай залалға әкеп соқтыратын оқиға сомасы сенімді бағалануы мүмкін болатын қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы бойынша күтілетін болашақ ақшалай ағындарға әсер ететін болса қаржы активі құнсызданады. Құнсыздануды тудырған бірлі-жарым оқиғаны құнсызданудың себебі деп айтуға болмайды, өйткені бірнеше оқиғаның құрамдастырылған нәтижесі құнсызданудың себебі болып табылады.

Қаржы инвестицияларының құнсыздануының объективті белгілеріне инвесторға белгілі:

инвестиция объектісі тап болатын елеулі қаржы қыындықтары;

инвестиция объектісінің банкротталу ықтималдығы немесе қаржылық қайта ұйымдастырылуы;

шарттың бұзылуы, мәселен, төлемді немесе борыштың негізгі сомасын төлемеу немесе мерзімінің бұзылуы;

кредит берушінің борышкерге олар болмаса берілмейтін, қарыз алушының қаржылық қыыншылықтарына байланысты экономикалық немесе заңды жеңілдіктер беруі;

қаржылық қыындықтар себебі бойынша активтің осы түріне белсенді нарықтың жоғалуы туралы және басқа ақпарат жатады;

бастапқы танылғаннан кейін қаржы активтері бойынша күтілетін болашақ ақшалай қаражат сомасының тәмендеуі туралы куәландыратын, байқалатын деректердің болуы.

130. Оның әділ құны сенімді бағалануы мүмкін болмағандықтан іс жүзіндегі құны бойынша есепке алынатын қаржы инвестициясының құнсыздануынан шығындардың объективтік белгілері болған кезде, шығын шамасы ағымдағы нарық ставкасының пайызын қолдана отырып есептелген және осыған ұқсас қаржы инвестициялары үшін белгіленген қаржы инвестиациясының баланстық құны мен ақша қаражатының ұйғарылатын болашақ ағындарының дисконтталған құны арасындағы айырма ретінде анықталады. Құнсызданудан мұндай шығындар кері айдауға (қалпына келтіруге) жатпайды.

Егер сату үшін қолда бар қаржы активінің әділ құны тәмендеуі тікелей таза активтерінде/капиталында танылса және осы ретте активтің құнсыздануының объективтік куәлігі болса, онда таза активтерінде/капиталында танылған жинақталған залал таза активтерден/капиталдан алынып тасталуы және қаржы активін тану әлі тоқтатылмаған болса да қаржылық нәтижелер құрамында танылуды тиіс.

Таза активтерден/капиталдан алынып тасталған және қаржылық нәтижелер құрамында танылған жинақталған залал сомасы активті сатып алуға (алынған негізгі сома төлемдері мен амортизацияны шегере отырып) шыққан шығындар мен бұдан бұрын қаржылық нәтижелер құрамында танылған осы қаржы активінің құнсыздануынан келген залалды шегере отырып, ағымдағы әділ құны арасындағы айырманы білдіреді.

Қаржылық нәтижелер құрамында танылған құнсызданудан келген залалдар, сату үшін қолда бар ретінде жіктелген үлестік құралға салынатын инвестициялар бойынша кезеңдегі қаржылық нәтижелер құрамында көрініс таба отырып, қалпына келтірілуі мүмкін емес.

Егер, амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын инвестицияларды өтеуге дейін ұсталатын құнсызданудан залалға ұшырағанына объективтік куәлік болса, онда залал сомасы активтің баланстық құны мен болашақ есепті ақша ағындарының (әлі шекпеген болашақ кредиттік залалдарды алып тастай отырып) дисконтталған құны арасындағы қаржы активі бойынша пайыздың бастапқы тиімді ставкасы бойынша дисконтталған айырма ретінде өлшенеді.

Амортизацияланған құны бойынша есепке алынатын, өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар құнсызданған кезде активтің баланстық құны тікелей немесе бағалау резерві арқылы азаяды. Залал сомасы осы ретте есепті кезеңдегі қаржылық нәтижесінде танылады.

Бағалау резервінің шотын пайдалана отырып, өтеуге дейін ұсталатын бағалы қағаздар құнсыздануы мынадай жазбамен көрсетіледі: 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар" шотының дебеті және 1130 "Қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв", 2130 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестицияларының құнсыздануына арналған резерв" шоттарының кредиті.

Егер келесі кезеңде құнсызданудан келген залал көлемі қысқарса және бұл қысқару құнсыздану танылғаннан (дебитордың кредит қабілеттілік рейтингі өсуімен бірге) кейін болған оқиғамен объективті түрде байланыстыру мүмкін болса, бұдан бұрын танылған құнсызданудан келген залалды не тікелей не бағалау резервінің шотын түзету жолымен қалпына келтіруге жатады. Мұндай реверсивтік жазба, қаржы активінің баланстық құны оның құнсыздануды қалпына келтіру күніне құнсыздану танылмағандай есептелген амортизацияланған құнынан асып кетуіне әкеп соқтырмауы тиіс. Реверсивтік жазбаның сомасы кезеңдегі қаржылық нәтиже құрамында танылған болуы тиіс.

131. Ішкі кредиттеу бойынша бюджеттік кредиттер беру кезінде шоттардың мынадай корреспонденциясы 1110 "Қысқа мерзімді берілген қарыздар", 2110 "Берілген ұзақ мерзімді қарыздар" шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары

бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоттарының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен бір мезгілде берілген кредиттің сомасына бюджетпен есеп айырысулар бойынша берешек: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының, 4130 "Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешектер" шотының кредиті бойынша есептеледі.";

Берілген кредиттер бойынша сыйақы есептеу 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және 6210 "Сыйақылар бойынша кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бір мезгілде 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша бюджет алдында міндеттемелерді тану бойынша екінші жазба жүзеге асырылады.

Озіндік құнымен есепке алынатын бюджеттік кредит бойынша негізгі берешекті өтеу мынадай жазбалармен жүргізіледі: 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша және 4130 "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті бойынша және 1110 "Берілген қысқа мерзімді қарыздар", 2110 "Берілген ұзақ мерзімді қарыздар" шоттарының кредиті бойынша.

Бюджетке сыйақы төлеу жазбамен: 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша және 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының кредиті бойынша жүргізіледі.

132. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бюджеттік кредиттер беру кезінде шоттардың мынадай корреспонденциясы 1110 "Қысқа мерзімді берілген қарыздар", 2110 "Ұзақ мерзімді берілген қарыздар" және шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоттарының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

Сонымен бір мезгілде берілген кредиттің сомасына бюджетпен есеп айырысулар бойынша берешек: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының, 4130 "Өзге ұзақ мерзімді кредиторлық берешектер" шотының кредиті бойынша есептеледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне ұзақ мерзімді кредит беру кезінде әділ құнның көрінісі шоттардың мынадай корреспонденциясында көрсетіледі:

әділ құн номиналды құннан аз болған жағдайларда:

7483 "Берілген қарыздарды бастапқы танудан шығыстар" қосалқы шотының дебеті бойынша 2150 "Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы оң айырма" шотының кредиті бойынша;

әділ құн номиналды құннан артық болған жағдайларда:

2160 "Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы теріс айырма" шотының дебеті бойынша 6383 "Берілген қарыздарды бастапқы танудан кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша.

Берілген кредиттер бойынша сыйақы есептеу 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және 6210 "Сыйақылар бойынша кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бір мезгілде 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша және 4130 "Бюджет алдындағы ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті бойынша және 1110 "Берілген қысқа мерзімді қарыздар", 2110 "Берілген ұзақ мерзімді қарыздар" шоттарының кредиті бойынша.

Бюджетке сыйақы төлеу жазбамен: 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша және 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының кредиті бойынша жүргізіледі.

Есепті күндегі жағдай бойынша берілген қарыздардың номиналды және әділ құны (әділ құны номиналды құннан аз) арасындағы оң айырманың амортизациясы: 2150 "Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы оң айырма" шотының дебеті және 6210 "Сыйақылар бойынша кірістер" шотының кредиті бойынша есептеледі

,
немесе 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 2160 "Берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы теріс айырма" шотының кредиті бойынша берілген қарыздардың номиналды және әділ құны арасындағы теріс айырманың амортизациясы (әділ құны номиналдыдан артық).

133. Қаржылық есептілікте берілген қарыздарды тануды тоқтату мынадай:

қарыз алушы міндеттемелерді толық орындаған;

қарыз үмітсіз деп танылған (Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес) сәтте жүзеге асырылады.

134. Қаржылық құралға немесе оның қаржы міндеттемесі ретінде жіктелген құрауышқа қатысты пайыздар, дивидендтер, шығындар және пайдалар қаржылық нәтиже есебінде түсімдер немесе шығындар ретінде көрсетіледі.

135. Қаржы міндеттемелерін тануды тоқтату ол өтелген кезде, яғни шартта көрсетілген міндеттеме орындалғанда, жойылғанда немесе оның мерзімі аяқталғанда жүргізіледі.

136. Тиісті бюджетке түскен сыртқы қарыздар 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шотының дебеті және 3010 "Қысқа мерзімді алынған сыртқы қарыздар", 4010 "Ұзақ мерзімді алынған сыртқы қарыздар" шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге түскен ішкі қарыздар 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шотының дебеті және 3020 "Қысқа мерзімді алынған ішкі қарыздар", 4020 "Ұзақ мерзімді алынған ішкі қарыздар" шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

137. Алынған қарыздар бойынша сыйақыны есептеуді 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының кредиті бойынша көрсетеді. Сыйақы төлеу кезінде мынадай жазба жүзеге асырылады: 3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және Шоттар жоспары ақша қаражатының шоты тиісті қосалқы шотының кредиті.

138. Қарыздар бойынша шығындар олар шығарылған кезеңнің шығыстары құрамында танылады.

139. Қаржы инвестициялары мен қаржы міндеттемелерінің талдамалы есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында және Бухгалтерлік құжаттаманың 292 нысанды кітабында әрбір түрі бойынша есепке алу тіркелімдерінде жүргізіледі.

6-тарау. Дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу тәртібі

140. Шаруашылық операциялардың нәтижесінде қалыптасқан мемлекеттік мекеменің дебиторлық берешегі басқа мемлекеттік мекемелерді, занды және жеке тұлғаларды қосқанда басқа тұлғалардан тиесілі сома ретінде анықталады.

141. Дебиторлық берешекті есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

1210 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1220 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1230 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі";

1240 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар";

1260 "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі";

1270 "Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер";

1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв";

1291 "Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

2210 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзак мерзімді дебиторлық берешегі";

2220 "Жал бойынша ұзак мерзімді дебиторлық берешек";

2230 "Өзге ұзак мерзімді дебиторлық берешектер".

142. Шаруашылық операциялардың нәтижесінде қалыптасқан мемлекеттік мекеменің кредиторлық берешегі басқа мемлекеттік мекемелерді, жеке және заңды тұлғаларды қоса алғанда мемлекеттік мекеме басқа тұлғаларға төлеуі тиіс сома ретінде анықталады.

143. Кредиторлық берешекпен жасалатын операцияларды есепке алуға мынадай шоттар арналған:

3110 "Бюджеттен төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3120 "Бюджетке төленетін төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3130 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3140 "Басқа да міндетті және ерікті төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3220 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3230 "Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3240 "Қызметкерлердің және басқа да есеп беретін тұғалардың алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар";

3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3270 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3280 "Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

4110 "Жеткізушілерге және мердігерлерге ұзак мерзімді кредиторлық берешек";

4120 "Жал бойынша ұзак мерзімді кредиторлық берешек";

4130 "Бюджет алдындағы ұзак мерзімді кредиторлық берешектер".

144. Мемлекеттік мекеменің кредиторлық және дебиторлық берешектері активтер мен міндеттемелерді тану өлшемдерін сақтаған кезде актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

145. 1210 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының қосалқы шоттарында заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруа (фермерлік) қожалықтарына трансфертер мен субсидиялар және жеке тұлғаларға трансфертер төлеу бойынша есеп айырысулар, сондай-ақ зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша есеп айырысулар көрсетіледі.

Жеке тұлғаларға жоғарыда көрсетілген трансфертерді Қазақстан Республикасының бюджеттік заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік мекемелер жүзеге асырады.

3111 "Жеке тұлғаларға трансфертер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотында:

әлеуметтік төлемдер және әлеуметтік көмек бойынша;

жұмысшылар мен қызметшілерге еңбек міндеттерін атқаруына байланысты мертігіп қалған жағдайда немесе денсаулығына басқаша зақым келгенде олардың шеккен зиянын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтеу бойынша;

қаза тапқан, қайтыс болған әскери қызметшілердің ата-аналарына, асырап алушыларына, қамқоршыларына біржолғы төлемдер бойынша;

мерзімді қызмет әскери қызметшілеріне, әскери (арнайы) оқу орындарының курсанттарына демалысқа кеткен кезде төленетін азық-түлік үлесінің орнына ақшалай өтемақы бойынша;

әскери қызметшілерге тұрғын үйді ұстай бойынша шығыстарды және коммуналдық қызметтерді төлеуге берілетін ақшалай жәрдемақы;

жеке тұлғаларға басқа трансфертер бойынша есеп айырысу көрсетіледі.

Тиісті жылға арналған "Республикалық бюджет туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мөлшерде тұрғын үйді ұстай және коммуналдық қызметтер бойынша шығыстарды төлеуге ақшалай өтемақы алуға құқығы бар тұлғалар лауазымдарының тізбесіне сәйкес мемлекеттік мекемелер өтемақы сомасын есептеуді жүргізеді. Есеп айырысу-төлем ведомосі бойынша есептелген өтемақы сомасына мынадай жазба жүргізіледі: өтемақы төлеу кезінде 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебеті және 3111 "Жеке тұлғаларға трансфертер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті – 3111 "Жеке тұлғаларға трансфертер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті.

Бюджеттік бағдарлама әкімшісі әлеуметтік төлемдер мен әлеуметтік көмекке мемлекеттік мекеме қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларға трансфертер

бойынша қаржыландыру түсімдері мынаны көрсетеді: 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті, 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті, және 6031 "Жеке тұлғаларға берілетін трансфертер бойынша кірістер" шотының кредиті;

мемлекеттік мекеме қызметкерлері болып табылмайтын жеке тұлғаларға әлеуметтік төлемдер мен әлеуметтік көмекке трансфертерді есептеу: 7210 "Трансфертер бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3111 "Жеке тұлғаларға трансфертер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

жеке тұлғаларға әлеуметтік төлемдер мен әлеуметтік көмекке трансфертерді есептеу: 7210 "Трансфертер бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3111 "Жеке тұлғаларға трансфертер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

Жеке тұлғаларға әлеуметтік төлемдер мен әлеуметтік көмекке трансфертерді аудару: 3111 "Жеке тұлғаларға трансфертер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелерді қабылдауға жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелерді қабылдауға жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шоттарының кредиті.

146. Бюджеттік бағдарлама әкімшісі жалпы сипаттағы трансфертер бойынша операцияларды мынадай түрде көрсетеді:

қаржыландырудың түсі 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6035 "Жалпы сипаттағы трансфертер бойынша кірістер" шотының кредиті;

жалпы сипаттағы трансфертерді аудару 7240 "Жалпы сипаттағы трансфертер бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті.

Жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарлама әкімшісі нысаналы трансфертер бойынша мынадай түрде көрсетіледі:

қаржыландыру түсімі 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6032 "Нысаналы ағымдағы трансфертер бойынша кірістер", 6033 "Нысаналы даму трансфертері бойынша кірістер" қосалқы шотының кредиті;

төмен тұрған бюджеттерге нысаналы трансфертерді аудару 1212 "Ағымдағы нысаналы трансфертер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1213 "

Нысаналы даму трансфертері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті;

төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламасы әкімшісінің есептері негізінде нысаналы трансфертерді есептен шығару 7210 "Трансфертер бойынша шығыстар" шотының дебеті және 1212 "Ағымдағы нысаналы трансфертер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1213 "Нысаналы даму трансфертері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

ағымдағы жылы төменгі бюджеттен пайдаланылмаған трансфертер сомасының түсімдері 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шот дебеті және 1212 "Ағымдағы нысаналы трансфертер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1213 "Нысаналы даму трансфертері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

147. Нысаналы трансфертердің пайдаланылмаған сомаларын бюджетке қайтару кезінде жоғары тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшісі мынадай жазба жүргізеді:

төмен тұрған бюджеттерден пайдаланылмаған нысаналы трансфертерді қайтару 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 1212 "Нысаналы ағымдағы трансфертер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1213 "Нысаналы даму трансфертері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоттарының кредиті.

пайдаланылмаған нысаналы трансфертердің сомаларын бюджетке қайтару 3133 "Бюджет алдында өзге операциялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешегі" шотының дебеті және 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының.

148. Бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган жергілікті өзін-өзі басқару трансфертері бойынша операцияларды былайша:

қаржыландыру түсімін 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6034 "Жергілікті өзін-өзі басқару трансфертері бойынша кірістер" шотының кредитін;

жергілікті өзін-өзі басқару ҚБШ-сына есепке жатқызу 7250 "Жергілікті өзін-өзі басқару трансфертері бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредитін көрсетеді.

149. Субсидиялар бойынша операцияларды мемлекеттік мекеме мынадай тізбектермен көрсетеді:

каражатты алу: 1085 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1094 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6040 "Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер" кредиті;

жеке және заңды тұлғалар субсидиясын есептеу: 7230 "Субсидиялар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3114 "Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3115 "Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

жеке және заңды тұлғалар субсидиясын төлеу: 3114 "Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3115 "Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1085 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1094 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті:

тиісті бюджеттік бағдарлама шенберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне мемлекеттік қаржылық көмек көрсету үшін қаржы агенттеріне субсидияларды аудару 1215 "Заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1085 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1094 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі;

қаржы агентінің субсидиялау туралы есебінің негізінде субсидияны есептен шығару 7230 "Субсидиялар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 1215 "Заңды тұлғаларға берілетін субсидиялар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.

150. Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеуге қаржыландыру алуды халықты әлеуметтік қорғау саласында реттеуді жүзеге асыратын мемлекеттік орган 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" қосалқы шотының дебеті және 6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетеді.

Зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдері бойынша қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғага аударлыған қаражат 1216 "Зейнетақы жарналары мен зейнетақы төлемдері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Қаржыландырудың жеке жоспары бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті бойынша есепке алынады. Зейнетақылар мен әлеуметтік жәрдемақыларды төлеу бойынша жүргізілген шығыстар 7220 "Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша шығыстар"

шотының дебеті және 1216 "Зейнетақылар мен жәрдемақыларды төлеу бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша есепке алынады.

151. Бюджетке салықтық және салықтық емес түсімдер, негізгі капиталды және мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түсетін түсімдер, трансфертер, бюджеттік кредиттер төлеу сомасы және қарыздар бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөніндегі дебиторлық берешекті есептеу үшін 1291 "Салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының мынадай қосалқы шоттары арналған:

1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек",

1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек",

1294 "Негізгі капиталды және мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

1295 "Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек".

Салықтық түсімдер бойынша дебиторлық берешекті есептеу салық төлеушілердің жеке шоттарының (бюджетке есептелген, азайтылған, түскен, қайтарылған сома) қорытынды операциялары бойынша жиынтық есебі негізінде жүргізіледі.

Салықтық емес түсімдер бойынша дебиторлық берешекті есептеу "Мемлекеттік қаржы бойынша есептілікті және статистиканы қалыптастыру, бюджеттердің атқарылуын талдау, талдау материалдарын дайындау" құрауышының "e-Қаржымині" ИААЗ талдау орталығы (ТО) кіші жүйесінен алынған түсімдер бойынша есептер негізінде жүргізіледі.

Корпоративтік табыс салығы (бұдан әрі – КТС) бойынша кірістер сомасын бағалауға арналған есептеуге салыстырмалы өткен кезең үшін аванстық төлемдер есептемесіне декларация бойынша КТС сомасына қатынасы ретінде коэффицентті қолданған жөн.

Бұл ретте, бухгалтерлік жазба жүргізіледі:

КТС бойынша кірісті 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шот/қосалқы шот дебеті және 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша есептеу;

Салық төлеушілер декларация тапсырғаннан кейін уәкілетті орган кірісті дербес шоттардың мәліметтері негізdemесіне сәйкес таниды және есептелген кірістерді есепті қунге жазады.

Бұл ретте бухгалтерлік жазба:

6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының дебеті және 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп

айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының/қосалқы шотының кредиті бойынша декларация тапсырылғаннан кейін КТС бойынша есептелген кірістер түзетпесіне;

1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шоты/қосалқы шоты дебеті мен

6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша кейінгі кезеңге декларациялау негізінде кірісті есептеуге жазылады.

Қосылған құн салығы (бұдан әрі – ҚҚС) бойынша кірістер сомасын бағалау үшін есептеуге салық төлеушілердің есепті кезеңінің үшінші тоқсаны үшін декларациялар бойынша ҚҚС-нан кірістерді есептеу фактісін тіркейтін жеке шоттардағы жазбалар болып табылады. ҚҚС бойынша толық жылдық соманы көрсету үшін есептеуге төртінші тоқсан бойынша өткен жылдардың статистикасын пайдалана және алғашқы үш тоқсан үшін нақты деректерді түзете отырып, төртінші тоқсандағы ҚҚС бойынша кірістер сомасына қатысты бухгалтерлік бағалау қолданылады.

Бұл ретте:

төртінші тоқсандағы ҚҚС кірісін есептеуге 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының/қосалқы шотының дебеті және 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазба жазылады.

Дәл осындай тәсіл салық төлеушілердің (салық агенттерінің) жеке шоттары жүргізілетін, салық кезеңі күнтізбелік ай немесе күнтізбелік тоқсан белгіленген салық түсімдерінің басқа түрлеріне қолданылады (акциздер, пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салық, ойын бизнесіне арналған салық).

Салық төлеушілердің (салық агенттерінің) жеке шоттары жүргізілмейтін бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша кірістер (мемлекеттік баж, алым, төлемдер) Қазақстан Республикасының салықтық заңнамасына сәйкес төленген сәтте танылады.

Салықтық емес түсімдер мен негізгі капиталды сатудан, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдер бойынша кірісті уәкілетті орган төленген сәтте танылады.

152. Салық төлеушілердің салықтық және салықтық емес төлемдері бойынша есеп айырыулары жөніндегі кредиторлық берешекті есепке алу үшін 3280 "Бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының мынадай қосалқы шоттары арналған:

3281 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3284 "Бюджетке түсетін салықтың емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айрысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

3285 "ЕАЭО-ға мүше-мемлекеттер алдындағы бөлінетін кеден баждары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек".

Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктерге ҚҚС бойынша кредиторлық берешекті есептеу Қазақстан Республикасында аккредиттелген дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктердің жиынтық ведомосы (тізілімі) негізінде жүргізіледі, 7260 "Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және 3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" кредиті бойынша ескеріледі.

Бұл ретте, ҚҚС сомасын есептеу кезінде қайтаруға: 3282 "ҚҚС төлеу жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

ҚҚС сомасының қайтарымы төлем тапсырмасы бойынша және салық органдының өкімі бойынша 3283 "ҚҚС қайтару жөнінде қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті бойынша және 1046 "Респубикалық бюджеттің ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.

153. Жергілікті бюджеттерді атқару жөніндегі уәкілетті органдар есепті кезеңін аяғында күмәнді салық берешегі бойынша резервті жасайды.

Банкrottардың және мәжбүрлеп таратылатын өзге де тұлғалардың салық берешегін қоса алғанда, күмәнді салық берешегі бойынша резервтер құру, оған қатысты мемлекеттік кіріс органдары мәжбүрлеп өндіріп алушың барлық шараларын қабылдаған салық берешегі жөніндегі шығыстарды есепке алуға арналған 7451 "Салық берешегі бойынша резерв құру жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және 1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв" шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазба жүргізіледі.

154. Күмәнді салық берешегін қайтаруды жүзеге асыру кезінде резервті құру бойынша есепті кезең ішінде танылған шығыс мынадай тізбекпен көрсетіледі: 1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв" шотының дебеті және 7451 "Салық берешегі бойынша резервті құру жөніндегі шығыстар" шотының кредиті".

155. Стипендия төлеу жөніндегі операциялар мынадай жолдамалармен көрсетіледі:

мемлекеттік мекеменің стипендия төлеуге қаржыландыру алуы: 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6010 "ағымдағы қызметті қаржыландырудан түсетін кірістер" шотының кредиті;

стипендияны есептеу: 7021 "Стипендиаттардың шетелде оқуына ақы төлеу", 7022 "Стипендиялар" шотының дебеті және 3230 "Стипендиаттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті;

оку орнының стипендия төлеуі, сондай-ақ: 3230 "Стипендиаттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының, 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті.

156. Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі ұзақ мерзімді активтерді сатып алу үшін мемлекеттік кәсіпорындарды өтеусіз қаржыландыру бойынша операцияларды және курделі сипаттағы шығындарды жүзеге асыруды шоттардың мынадай корреспонденцияларымен көрсетеді:

ақшалай қаражатты аудару кезінде: 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының дебеті және 1081 "Қаржыландырудың жеке жоспары бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1091 "Қаржыландырудың жеке жоспары бойынша міндеттемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1041 "Қайырымдылық көмек ҚБШ", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ", 1050 "Шетелдік валютадағы шот" қосалқы шоттарының кредиті;

ақшалай қаражатты мақсатты пайдалану үшін мемлекеттік кәсіпорындардан тиісті растайтын құжаттарды алу кезінде: 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шотының дебеті және 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының кредиті.;

157. Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган есепті кезеңнің сонында қарыз шарттары шенберінде өз міндеттемелерін орындаған мемлекеттік кепілдік алушылардың күмәнді берешегі бойынша резерв жасайды.

Бұл ретте, қарыз шарттары шенберінде өз міндеттемелерін орындаған мемлекеттік кепілдік алушылардың күмәнді берешегі бойынша резервтер құру бойынша шығыстарды есепке алу үшін 7453 "Мемлекеттік кепілдіктер алушылардың күмәнді берешегі бойынша резервтерді құру бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 2140 "Кредиттік шығындар резерві" шотының кредиті бойынша бухгалтерлік жазба жүргізіледі.

158. Мемлекеттік кепілдіктерді алушылардың күмәнді берешегін қайтаруды жүзеге асыру кезінде есепті кезең ішінде танылған резервті құру бойынша шығыс мынадай жолдармен қалпына келтіріледі: 2140 "Кредиттік шығындар резерві" шотының дебеті және 7453 "Мемлекеттік кепілдіктер алушылардың күмәнді берешегі бойынша резервтерді құру бойынша шығыстар" қосалқы шотының кредиті.

159. Мемлекеттік мекеме бюджет кірісі болып табылатын сома бойынша:

бюджеттің кірісіне өткізуге жататын активтерді және басқа материалдық құндылықтарды сатудан түсken сома;

кінәлі тұлғаларға жатқызылған және бюджет кірісіне тапсыруға жататын материалдық құндылықтар мен ақша қаражатының анықталған жетіспеушіліктері;

өткен қаржы жылдары пайда болған дебиторлық берешекті қайтару сомасы;

жана қаржы жылында бюджеттік шоттарға мемлекеттік мекемелер қайтаратын өткен қаржы жылындағы пайдаланылмаған бюджет қаражатының сомасы; өзге түсімдер бойынша бюджетпен есеп айырысады жүргізеді.

160. Бюджетпен есеп айырысу бойынша туындаған сома 3130 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шоты қосалқы шоттарының кредитіне жазылады, бюджет кірісіне тиісті соманы аудару шамасына қарай – осы шоттың дебетіне жазылады.

Активтерді сатудан түскен қаражат бойынша бюджет алдында мемлекеттік мекеменің міндеттемелерін есептеу мынадай жазбамен көрсетіледі: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3131 "Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті; берешекті өтеу 3131 "Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының ақша қаражатының тиісті қосалқы шотының шотының 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

161. Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түскен ақшаның түсімі мен жұмсалуы жоспарында көзделген сомадан тыс түскен қаражат бойынша бюджет алдындағы міндеттеме мынадай жазбамен көрсетіледі: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3132 "Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістер бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті; ал бюджетке қаражатты аудару: 3132 "Тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді өткізуден түсетін кірістер бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының кредиті.

162. Анықталған жетіспеушіліктер мен талан-тараж етулер тексеру немесе тексеріс актісінде көрсетілген сомада кінәлі тұлғаларға жатқызылады және анықталған жетіспеушіліктер мен талан-тараж етулер бойынша қызметтік тексерулер жүргізгеннен кейін 5 күнтізбелік күн ішінде материалдар кінәлілік дәрежесін анықтау үшін тергеу органдарына беріледі. Алынған сот шешімі негізінде кінәлілік дәрежесі дәлелденген кезде кінәлі тұлғаларға жатқызылған сома нақтыланады.

Жетіспеушіліктер мен талан-тараж етуден келтірілген зиян айқындалған кезде зиянды анықтаған күндегі материалдық құндылықтардың құнына сүйенген жөн.

163. Түгендеу барысында анықталған ұзақ мерзімді активтердің, қорлардың және басқа активтердің жетіспеушілігі қызметтік тергеу аяқталғанша және кінәлілік дәрежесі анықталғанша материалдық жауапты адамға жатқызылады және есепке алуда мына корреспонденциялармен көрсетіледі:

кейіннен есептен шығару тәртібі анықталғанға дейін жетіспеушілігі анықталған кезде 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының дебеті, 1300 "Қорлар" шотының қосалқы шоттары, ұзақ мерзімді активтердің және басқа активтердің шоттары, анықталған жетіспеушілікті есептен шығару тәртібі белгілі болғаннан кейін осы жазба жойылады;

кінәлі тұлға есебінен жетіспеушілікті есептен шығару 1262 "Қызметкерлердің өзге есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті, 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті және бір мезгілде 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

қорлар бойынша жетіспеушілікті анықтау кезінде дебет бойынша 7460 "Басқа шығыстар" шоты көрсетіледі және кредит бойынша 1300 "Қорлар" шоты көрсетіледі, активтердің басқа түрлері бойынша жетіспеушілікті анықтау кезінде активтердің жетіспейтін активтердің түрлерін шығару бойынша шоттар корреспонденциясы жүзеге асырылады;

мемлекеттік мекеме арқылы бюджет кірісіне ақша қаражатының түсі 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті және 1262 "Қызметкерлердің өзге есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті;

бюджет кірісіне ақша қаражатының түсі 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1262 "Қызметкерлердің өзге есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті.

164. Өткен қаржы жылдарында пайда болған дебиторлық берешек сомасын қайтарған жағдайда жазбалар (бір мезгілде) жүзеге асырылады:

дебиторлық берешек сомасы есепте болған кезде: 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті және дебиторлық берешектің тиісті шотының кредиті; 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті; 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті;

бұрын есептен шығарылған дебиторлық берешек қалпына келтіруге жатады: дебиторлық берешектің тиісті шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті; 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті және дебиторлық

берешектің тиісті шотының кредиті; 7120 "Бюджетке төлеметін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті; 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті.

165. Қызметкерлердің еңбек ақысынан ұсталынған, Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізілген жеке табыс салығы сомасын бюджетке аудару 3121 "Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шотының, 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

166. Бюджетке әлеуметтік салық төлеген кезде 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты дебеттеледі және ақша қаражаты шотының тиісті қосалқы шоты кредиттегеледі.

167. Бюджетке қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем сомасын, мемлекеттік баж бойынша және басқа төлемдер бойынша төлем сомасын есептеу мынадай жазбамен жүргізіледі: 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебеті және 3123 "Қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3124 "Бюджетке өзге салықтар және басқа да міндеттемелер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Ақша қаражаты және олардың баламалары" бөлімшесі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті.

Есептелген соманы аудару мынадай тізбекпен көрсетіледі: 3123 "Қоршаған ортаға жағымсыз әсер еткені үшін төлемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3124 "Бюджетке өзге салықтар және басқа да міндеттемелер бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Ақша қаражаты және олардың баламалары" бөлімшесі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті.

168. Қызметкерлердің әлеуметтік сақтандыруға аударымдары Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексінде (бұдан әрі – Әлеуметтік кодекс) көзделген мөлшерде жүргізіледі.

Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік есептеулер сомасын есептеу мынадай жазбалармен жүзеге асырылады: 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3141 "Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорына міндетті әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті; 3141 "Мемлекеттік

әлеуметтік сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының кредиті.

Мемлекеттік мекеме әлеуметтік салықты есептеуді мынадай жазбамен көрсетеді: 7040 "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар" шотының дебеті және 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

169. Қызметкерлерге уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақы есептеу мынадай жазбамен көрсетіледі: 3244 "Уақытша еңбекке жарамсыздығы жөнінде қызметкерлерге әлеуметтік жәрдемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті. Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша есептелген жәрдемақы сомасына әлеуметтік салық бойынша берешектің азауы мынадай жазбамен көрсетіледі: 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3244 "Уақытша еңбекке жарамсыздығы жөнінде қызметкерлерге әлеуметтік жәрдемақы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті. Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша жәрдемақы төлеу Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасында белгіленген нормалар шегінде жүзеге асырылады.

170. Қызметкерлердің табыстарынан міндettі зейнетақы жарналарын ұсташа 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3142 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамына (бұдан әрі – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ) төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Қосымша белгіленген зейнетақы жарналарын есептеу мынадай жазбамен көрсетіледі: 7033 "Қосымша белгіленген зейнетақы жарналарына арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3142 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на төленетін міндettі және қосымша зейнетақы жарналарын аудару 3142 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелерді

қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ", 1045 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ" тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

171. Жұмыс берушінің "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на Әлеуметтік кодексіне сәйкес мемлекеттік мекемелер жүргізген міндettі зейнетақы жарналарын есептеу 7032 – "Жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналарына арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3144 – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналарын "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-ға аудару 3144 – "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на жұмыс берушінің міндettі зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ", 1045 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ" тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

172. "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын есептеу мынадай: 7031 "Міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарына арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3145 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ міндettі кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті жазбасымен көрсетіледі.

"Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа міндettі кәсіптік зейнетақы жарналарын аудару 3145 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-қа кәсіптік зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ", 1045 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ" тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

173. Басқа төлемдерді есептеу бойынша операцияларда:

автокөлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалық актілерінде белгіленген көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettісақтандыруға арналған міндettі төлемдер және өзге де операциялар: есептеу –

7050 "Міндettі сақтандыруға арналған шығыстар" шотының дебеті бойынша және 3143 "Өзге де міндettі және ерікті төлемдер бойынша өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша; аудару - 3143 "Өзге де міндettі және ерікті төлемдер бойынша өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелерді қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" тиісті қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Ерікті төлемдер: есептеу - 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебеті бойынша және 3143 "Өзге де міндettі және ерікті төлемдер бойынша өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша; аудару - 3143 "Өзге де міндettі және ерікті төлемдер бойынша өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

174. Қызметкерлердің кірістерінен міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын ұстап қалу 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті және 3152 "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Мемлекеттік медициналық сақтандыру қорына міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру жарналарын аудару 3152 "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндettемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ", 1045 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

175. Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға мемлекеттік мекемелердің аударымдарын есептеу 7150 "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар" шотының дебеті және 3151 "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған аударымдардың сомасын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына аудару 3151 "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық

"берешек" қосалқы шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ", 1045 "Нысаналы қаржыландыру ҚБШ" қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

176. 1230 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" және 2210 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі" шоттарының қосалқы шоттарында тапсырыс берушілермен олар үшін орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер үшін, өндірістік оқу процесінде кәсіптік техникалық мектептердің оқушылары орындаған сатылған дайын бұйымдар мен жұмыстар үшін есеп айырысулар, сондай-ақ балалардың музика мектептерінде оқығаны үшін, мектеп-интернаттарда тәрбиеленушілерді ұстағаны үшін, нысанды киім-кешек үшін, мектептердің жанындағы интернаттарда балалардың тамағы үшін есеп айырысулар ескеріледі.

Көрсетілген қосалқы шоттардың дебетіне көрсетілген қызметтер, оқу-өндірістік шеберханалар әзірлеген сатылған дайын бұйымдар құны, мемлекеттік мекемелерде оқу орнының оқушылары орындаған жұмыстар үшін оқу орнының оқушыларына төлеуге жататын сыйақы сомасы және оқу базасын кеңейтуге, оқушылардың, балалар спорт мектептерінің, бастауыш суретшілер мектептерінің, мәдениет және өнер өкілдерінің мәдени-тұрмыстық қызмет көрсетуін жақсартуға филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсken сома және басқа сомалар жазылады, бұл ретте 6110 "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер", 6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" шоты кредиттеледі.

Мемлекеттік мекеменің ақылы қызметтерінен түсken сома 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының дебеті және 1230 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 2210 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі" шоттарының тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

177. Мектеп-интернаттарда және мектеп жанындағы интернаттарда балаларды ұстауға төлемді есептеу мынадай жазбамен көрсетіледі: 1232 "Төлемдердің арнайы төлем түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 6110 "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер" шотының кредиті.

Балаларды күтіп-ұстауға төлемнің түсі: 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының, 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының дебеті және 1232 "Төлемдердің арнайы төлем түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

Мектепке дейінгі балалар мекемелерінде балаларды күтіп-ұстағаны үшін төлемді қайтару және ата-аналар алдындағы берешекті өтеу: 1232 "Төлемдердің арнайы төлем түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының, 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шотының кредиті; бір мезгілде қайтару сомасына сатудан кірістің азауы 6110 "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер" шотының дебеті және 1232 "Төлемдердің арнайы төлем түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

178. 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" және 4110 "Жеткізушилерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоттарында қорларды жеткізу және қайта өндеу жөніндегі шығыстарды қоса алғанда сатып алынған қорлар, ұзақ мерзімді активтер, қабылданған жұмыстар мен тұтынылған қызметтер үшін өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысу ескеріледі.

179. Өнім берушілермен және мердігерлермен есеп айырысулар бойынша 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" және 4110 "Жеткізушилерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоттарының дебетіне төленген шоттардың сомасы жазылады, бұл ретте 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шотының, 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" шотының қосалқы шоты кредиттеледі.

180. Мердігер орындаған жұмыстардың, қорлар түсімінің, ұзақ мерзімді активтердің сомасына 2411 "Аяқталмаған құрылым", 1310 "Материалдар", 1340 "Тауарлар", 2300 "Негізгі құралдар", 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік", 2600 "Биологиялық активтер", 2710 "Материалдық емес активтер" қосалқы шотының дебетіне және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 4110 "Жеткізушилерге және мердігерлерге ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шоты қосалқы шотының кредитіне жазба жүргізіледі.

181. Мемлекеттік мекемелер 1240 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" және 3220 "Ведомстволық есеп айырысулар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шоттарының қосалқы шотында ведомстволық есептер бойынша есеп айырысуларды ескереді.

182. 3271 "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотында мемлекеттік сатып алу саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес заңды немесе жеке тұлғалар

белгілеген жағдайлар туындағанда тиісті бюджетке немесе үшінші тұлғаларға ол ақша қайтарылады немесе аударылады деген шарт негізінде мемлекеттік мекемеге түсken сома ескеріледі.

183. 3271 "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредитіне мемлекеттік мекеменің уақытша иелігіне түсken сома жазылады, бұл ретте 1043 "Ақшаны уақытша орналастыру ҚБШ" қосалқы шоты, 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шоты дебеттеледі, ал осы қосалқы шоттың дебетіне тағайындау бойынша шоттан аударылған немесе берілген сома жазылады.

Бұдан басқа 3271 "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотында сottалған және тергеуге алынған-sottalғan тұлғалардан алынған сома мен олардың жеке ақшасы есепке алынады, 3271 "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебетіне сottалған және тергеуге алынған-sottalғan тұлғалардың жеке ақшасы мен олардан алынған сома, атқару парақтары бойынша сottалғандардың еңбекақысынан, зейнетақысынан, жәрдемақысынан және өзге кірістерінен ұсталған сома, сондай-ақ сottалғандар Қазақстан Республикасының бюджет және қылмыстық-атқарушылық заңнамасында көзделген шығындарға пайдаланған қаражат жазылады, бұл ретте 3242 "Атқарушы құжаттар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешектер" қосалқы шоттары мен өзге тиісті шоттар кредиттеледі. 3271 "Ақшаны уақытша орналастыру бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредитіне сottалған және тергеуге алынған-sottalғan тұлғалардың есептік шотына есептелген еңбекақы, зейнетақы, жәрдемақы мен өзге кірістер жазылады, бұл ретте 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты дебеттеледі.

184. Шарттар мен біржолғы тапсырыстар бойынша жұмыс үшін төленетін есептелген қаламақы сомасы 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер" қосалқы шотының кредитіне жазылады, бұл ретте 7140 "Өзге операциялық шығыстар" қосалқы шоты дебеттеледі.

Қаламақыны төлеу 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер" қосалқы шотының дебеті және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндептемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндептемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндептемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндептемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" шоты қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

185. Сыртқы қарыздар есебінен қаржыландырылатын жобалар бойынша консультант қызметкерлердің еңбегіне ақы төлеу және қосымша ақы төлеу сыртқы қарыздардың қаражатынан сыйақы (қаламақылар) төлеу жолымен жүргізіледі. Есептелген сыйақылардың (қаламақылардың) сомасына 3273 "Өзге қысқа мерзімді

"кредиторлық берешектер" қосалқы шотының кредитіне және 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебетіне жазба жүргізіледі.

Төленген сыйақылардың сомасы 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешектер" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының, 1060 "Арнайы шот" шоты қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

186. Республикалық және жергілікті бюджеттердің қараджаты есебінен тауарларды (жұмыстар мен қызметтерді) сатып алуға жасасқан азаматтық-құқық мәмілелердің шарттарын орындау Бюджеттің атқару ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

187. Мемлекеттік мекеме дебиторлармен есеп айырысуды түгендеу қорытындысы бойынша сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен шарттар бойынша күмәнді берешекті өндіріп алу жөніндегі жұмыс нәтижелерін ескере отырып, түгендеу комиссиясы актісіне сәйкес қабылданған мемлекеттік мекеме басшысы шешімінің негізінде есепті кезеңнің аяғында тауарларға, жұмыстарға және көрсетілетін қызметтерге ақы төлеу немесе жеткізудің мерзімі өтуі туындаған кезде резерв құрады:

180 күннен 1 жылға дейін – берешек сомасынан 50 %-ы мөлшерінде;

1 жылдан астам - берешек сомасынан 100 %-ы мөлшерінде.

Күмәнді берешектер бойынша резерв құру мынадай тізбекпен көрсетіледі: 7452 "Резервтерді құру жөніндегі шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв" шотының кредиті.

188. Егер кейін, күмәндігінде жатқызылған дебиторлық берешектің қайтарылуы жүзеге асырылса, онда күмәнді дебиторлық берешек бойынша резервтер құру жөнінде бұрын танылған шығысты мынадай тізбекпен қалпына келтірген жөн: 1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв" шотының дебеті және 7450 "Резервтерді құру бойынша шығыстар" шотының кредиті.

189. Сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен шарттар бойынша үмітсіз дебиторлық берешекті есептен шығару мынадай тізбектермен көрсетіледі:

егер бұрын күмәнді берешекке резерв құрылса – тепе-тең құрылған резервке 1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв" шотының дебеті және үмітсіз берешек қосалқы шотының кредиті;

егер күмәнді берешекке резерв болмаса – шығыстарға 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебеті және үмітсіз берешектің тиісті қосалқы шоттарының кредиті.

190. Дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысуды түгендеу нәтижелері бойынша мынадай:

1) дебиторлық берешек:

өндіріп алуға сот бас тартқан, оның ішінде талап ету уақытының өтіп кету себебі бойынша;

мұліктің жетіспеуіне байланысты борышкерді таратқан кезде қанағаттандырылмаған, сондай-ақ тарату балансын бекіткенге дейін кредит беруші мәлімдемеген;

егер міндеттеме борышкердің қайтыс болуына байланысты тоқтатылса, егер атқару борышкердің жеке қатысуысыз жүргізіле алмаса немесе міндеттеме борышкердің жеке басына басқаша ажыратусыз байланысты болса;

төрелік шешімдерінің не тараптар арасында дауды бейбіт реттеу туралы келісім жасасу негізінде;

Эскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабының 7-тармағына сәйкес оқудан шығарылған курсанттар мен кадеттерден мемлекет кірісіне қаражат өндіріп алу мәселелері бойынша 2018 жылғы 1 қаңтарға дейін заңды құшіне енген сот актілері бойынша қозғалған атқарушылық іс жүргізуі тоқтату негізінде жүзеге асырылады;

2) кредиторлық берешек:

кредитор таратылған жағдайда;

кредитор қарызды кешкен жағдайда, егер борыштан босату туралы шешімді кредит беруші мұліктің меншік иесі немесе ол уәкілдегі берген тұлға қабылдаса;

мемлекеттік мекемеден өндіріп алуға сот бас тартса, оның ішінде талап ету мерзімінің өтіп кету себебінен есептен шығаруға жатады.

Мемлекеттік мекеменің басшысы есеп айырыуларды түгендеу актісін (онда басшының бүйрығына сәйкес комиссия құрамы, дебиторлардың және кредиторлардың атауы, берешектің сомасы, пайда болуын уақыты мен себебі көрсетіледі), сондай-ақ түгендеу комиссиясы хаттамасының негізінде бұл туралы 10 (он) күн мерзімде бюджеттік бағдарламалар әкімшісіне хабарлай отырып, дебиторлық және кредиторлық берешекті есептен шығару туралы шешім қабылдайды.

Есептеп шығарылған дебиторлық берешек 04 "Төлеуге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі" баланстан тыс шотына көшіріледі.

191. Үмітсіз кредиторлық берешекті есептен шығару (бұған объективті жағдайлар болған кезде) мынадай тізбекпен көрсетіледі: кредиторлық берешектің тиісті қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті.

192. Есепті кезеңнің аяғына өтмелеген, шетел валютасында берілген және ақша қаражатымен алуға/өтеуге жататын дебиторлық немесе кредиторлық берешек валюта айырбастаудың түпкілікті бағамы бойынша шетел валютасын қайта есептеу жолымен Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында көрсетіледі.

193. Тұрғын үй қатынастары туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тұрғын үй төлемдерін есептеу 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебеті және 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Тұрғын үй төлемдерін қызметкердің арнағы шотына аудару кезінде жазба жүргізіледі: 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының кредиті.

Қызметкердің жеке шотына қателесіп аударылған тұрғын үй төлемдерін қайтару 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының дебеті және 3273 "Өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

194. Әр айдың басында Бухгалтерлік құжаттаманың 408 нысанды (6-меморалды ордер) үйымдармен есеп айырысу бойынша жинақтау ведомосінен өткен ай үшін 2, 3, 4, 5 және 6-бағандарда әр позиция (жол) бойынша өнім берушілердің материалдық құндылықтар алынбаған шоттарының мәліметтері жазылады. Өнім берушінің төленген шотының тұсу шамасына қарай 2, 3 және 4, 7, 8, 9, 10 және 11-бағандарда әр позиция (жол) бойынша жазбалар жүргізіледі.

195. 7-мемориалды ордерде – Бухгалтерлік құжаттаманың 408 нысанды аванстық төлемдер тәртібінде есептеулер бойынша жинақтау ведомосі - әр өнім берушіге бір ай ішіндегі операцияны көрсету үшін қажетті жол саны бөлінеді. Жинақтау ведомосінде жазулар операцияның жасалу шамасына қарай әрбір құжат (төлеуге берілетін шот, шот) бойынша жүргізіледі. Бір айдың қорытындысы "Негізгі-журнал" кітабына жазылады. Мемлекеттік мекеменің немесе орталықтандырылған бухгалтерияның кодына өнім беруші аванс төлемін қайтарған жағдайда "Негізгі-журнал" кітабына жазба осы соманы ескерусіз жүргізіледі.

Қалған операциялар бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 274 нысанды жекелеген мемориалды ордерлері жасалады, олар әрбір ай үшін жеке 28-ден бастап нөмірленеді.

196. Бюджетке дебиторлық берешек бойынша төлеушілермен есеп айырысу нысандар альбомында № 408-Д3-д нысанының (23 мемориалдық ордер) жинақтаушы ведомосінде және Бюджетке түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша кредиторлық берешек бойынша жинақтаушы ведомосінде № 408-К3-д нысанының (24 мемориалдық ордер) жүргізіледі.

Жынтық деректер "Бас журнал" кітабына көшіріледі.

197. Операциялардың көлемі бойынша жинақтау ведомостарын жасау талап етілмейтін мемлекеттік мекемелерде шоттардың корреспонденциясы Бухгалтерлік құжаттаманың 274 нысанды жекелеген мемориалды ордерлерінде көрсетіледі.

198. Дебиторлық және кредиторлық берешек бойынша талдама есеп есепке алу тіркелімдерінде (кітаптарда, көп бағанды карточкаларда, жинақтау ведомостерінде және басқа есепке алу тіркелімдерінде) Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды көп бағанды карточкаларында жүргізіледі.

199. Корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып бюджеттік ақша қаражатының нысаналы пайдаланылуын есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 453 нысаны бойынша кітапта жүргізіледі.

200. Мемлекеттік мекемеге түсетін алименттерді өтеу туралы атқарушы параптар мен басқа құжаттарды тіркеу және есепке алу, сондай-ақ ұсташа мөлшерін есептеу үшін Бухгалтерлік құжаттаманың 437 нысанды алименттерді өндіріп алу туралы атқарушы параптарды есепке алу кітабы жүргізіледі.

201. Эрбір алушы бойынша төленген қаламақы сомасы бойынша мәліметті алу үшін "Орындалған жұмыстар үшін басқа есеп айырысу" қосалқы шоты бойынша талдама есеп жүргізу үшін, егер олар жүргізілген болса Бухгалтерлік құжаттаманың 417 нысанды карточка-анықтамасы жүргізіледі.

202. Бухгалтерлік құжаттаманың 283 нысанды көп бағанды карточкаларда тапсырыс берушілермен олар үшін орындалған жұмыстар немесе көрсетілген қызметтер және дайын сатылған бұйымдарға есеп айырысуладын, сондай-ақ өндірістік оқыту процесінде оқушылар орындаған жұмыстар үшін кәсіпорындармен және мемлекеттік мекемелермен есеп айырысуладын; зейнетақы мен жәрдемақы төлеу бойынша; жұмыс берушілердің шотына аударылған сомада міндетті әлеуметтік сақтандыруға трансфертер бойынша есеп айырысуладын талдама есебі жүргізіледі.

203. Бухгалтерлік құжаттаманың 294 нысанды кітабында бағдарламалар мен шығыстардың жүргізіледі.

204. Карточкалар әр шот бойынша жеке жүргізілетін Бухгалтерлік құжаттаманың 279 нысанды карточкалар тізілімінде тіркеледі.

Карточкалар картотекаларда сақталады, онда олар іштей материалды жауапты тұлғалар бойынша бөліну арқылы қосалқы шоттар бойынша, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер бойынша орналасады.

205. Дебиторлық және кредиторлық берешекті есептен шығару үшін негіздемелер болған кезде дебиторлармен және кредиторлармен есеп айырысудың түгендеу актісіне анықтама жасалады, ол мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

дебитордың, кредитордың атауы, толық нақты заңды мекен-жайы, БСН/ Жеке сәйкестендіру нөмірі. Борышкердің мекен-жайы мен орналасқан орны белгісіз болған жағдайда оны іздестіру бойынша қабылданған шаралар (тіркелген жері бойынша салық органдарына өтініш, жергілікті атқарушы органдар және басқа) көрсетіледі;

берешек сомасы;

қандай баланстық шотта берешек есептелетіні, қандай міндеттемелер бойынша;

берешектің пайда болу күні;

берешектің растайтын құжаттар;

берешектің пайда болуына немесе уақытылы өндіріп алмауына кінәлі лауазымды тұлғалар;

рергесті тәртіппен кінәлі есебінен шығын сомасын өндіріп алу мүмкін еместігі екені туралы дәлел;

борышты (дебиторлық берешекті) өндіріп алуға қисынсыз деп танудың толық негіздемесі (борышты өндіріп алу жөнінде қабылданған нақты шаралар, оның ішінде талап ету-қуыну жұмыстарын жүзеге асыру, берілген атқарушы құжаттары бойынша ақпарат; тарату комиссиясы шешімінің немесе борышкерді банкрот деп таныған жағдайда тарату балансын бекіту туралы сот шешімінің күні, нөмірі. Мемлекеттік мекемеге талап арызда бас тарту негіздемесін көрсетуден бас тартқан кезде, жоғары тұрган сот инстанцияларына сот шешімін шағымдану жөнінде қабылданған шаралар);

кредиторлық берешекті есептен шығару туралы шешім қабылдау үшін себептер (негіздер).

7-тaraу. Қызметкерлермен есеп айырысуды есепке алу тәртібі

206. Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша мемлекеттік мекеменің дебиторлық және кредиторлық берешектері активтер мен міндеттемелерді танудың өлшемдерін сақтаған кезде актив немесе міндеттеме ретінде танылады.

207. Қызметкерлермен есеп айырысу бойынша операцияларды есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

1260 "Қызметкерлердің және өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі";

3240 "Қызметкерлердің және басқа да есеп беретін тұғалардың алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек"

208. 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотында қолма-қол ақшасыз есеп айырысу және корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып, бюджеттік ақша қаражаты есебінен есеп айырысу жолымен жүргізілмейтін шығыстарды төлеуге оларға берілетін іссапар шығыстарына берілетін аванстар бойынша есеп беретін тұлғалармен есеп айырысу ескеріледі.

209. Есеп беруге аванс осы мемлекеттік мекемеде жұмыс істейтін тұлғаларға ғана басшының ұйғарымы бойынша беріледі. Есептілікке сома берген кезде, бухгалтерлік қызметтің қызметкерлері өткен аванстар бойынша есеп беруге жауапты тұлғаның берешегінің жоқ екендігі туралы белгі жасалады.

Есептілікке берілген ақша оларды беру кезінде көзделген мақсаттарға ғана жұмсалады. Есептілікке жауапты тұлғалар жүргізілген шығыстарды растайтын құжаттарды қосу арқылы аванстық соманың жұмсалуы туралы есеп ұсынады. Аванстық есепке қоса берілген құжаттарді оларды есепте жазу тәртібімен есеп беретін тұлға нөмірлейді.

Аванстың пайдаланылмаған қалдығын есеп беретін тұлға аванстық есепті тапсырғаннан кейін, үш жұмыс күннен кешіктірмей қайтаруы тиіс. Есеп беретін

тұлғаға жаңа аванстар беру бұрын берілген авансты қайтарған кезде ғана жүргізіле алады.

Корпоративтік төлем карточкасы бойынша ағымдағы шоттан ақша қаражатын пайдалану туралы есеп беретін тұлғалар корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып жүргізілген төлемдердің растауы болып табылатын құжаттарды қоса бере отырып аванстық есепті ұсынады.

Бухгалтерлік қызметте аванстық есептер арифметикалық түрде тексеріледі, сондай-ақ құжаттарды ресімдеудің дұрыстығы мен қаражаттың мақсатқа сай жүмсалуы тексеріледі. Тексерілген аванстық есептерді мемлекеттік мекеменің басшысымен немесе ол уәкілеттілік берген адам бекітеді.

210. Есеп беретін тұлғаларға берілген сомаға 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1263 "Өзге есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шоты дебеттеледі және Шottар жоспарының "Ақша қаражаты мен олардың баламалары" кіші бөлімі шоттарының тиісті қосалқы шоттары кредиттеледі.

Есеп берілетін іссапар шығыстары сомалары мен аванс сомаларының жүмсалған қайтарылған қалдықтарына 1261 "Есеп берілетін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1263 "Өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шоттарының кредитіне және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты", 7070 "Іссапарларға арналған шығыстар", 7140 "Өзге операциялық шығыстар", 1310 "Материалдар" шотының тиісті қосалқы шоттарының дебетіне жазбалар жүргізіледі.

Есеп беретін тұлғаның пайдаланылмаған іссапар сомалары мен аванс қалдығын қайтару тенгемен қолма-қол ақшамен жүзеге асырылады, есеп беретін жауапты тұлғаның тиынмен қайтарылмаған сома қалдығы соманы кейіннен есепке беру кезінде ескеріледі.

211. Есеп беретін тұлғалар ақшалай қаражаттың іс жүзіндегі шығыстары туралы аванстық есептерді белгіленген мерзімде ұсынбаған немесе аванстың пайдаланылмаған қалдығын кассаға қайтармаған жағдайда мемлекеттік мекеме осы берешекті жалақыдан ұстауды жүргізеді.

212. Еңбекақыны есептеу айына бір рет жүргізіледі және айдың соңғы күні есепте көрсетіледі.

Мемлекеттік мекемелердің қызметкерлеріне еңбекақы төлеу Бюджетті атқару ережелерінде белгіленген.

Айдың бірінші жартысына қызметкерлерге еңбек ақысының 50%-ы мөлшерінде аванс берілуі мүмкін, бұл сомадан Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен ұстауға жататын салықтар сомасы алынып тасталады.

213. Есептелген еңбекақы сомасына 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредитіне

және 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" шотының, 8012 "Еңбекақы" қосалқы шотының дебетіне жазба жүргізіледі.

Төленген еңбекақы сомасы 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебетіне және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредитіне, 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шотының, 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" шоты қосалқы шотының кредитіне жазылады.

214. Белгіленген мерзімде алынбаған еңбекақы сомасы 3243 "Депонентtelgen сома бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредитіне және 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебетіне жазылады.

Депонентке берілген еңбекақы сомасына 3243 "Депонентtelgen сома бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шоты дебеттеледі және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шоты, 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шотының, 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" шотының қосалқы шоты кредиттеледі.

Талап ету мерзімі өткеннен соң депоненттік берешектің талап етілмеген сомасы есептеулердің түгендеу актісінің, актіге анықтаманың және түгендеу комиссиясы Хаттамасының негізінде өзге кірістер ретінде тануға жатады және есепке алуша 3243 "Депонентtelgen сома бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

215. Қазақстан Республикасының салық заңнамасының, Әлеуметтік кодексінің, міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес мемлекеттік мекеме қызметкерлер мен қызметшілердің жалақысынан мынадай есептеулер мен ұстап қалуларды жүргізеді:

жеке табыс салығы - есептеу мынадай тізбекпен көрсетіледі:

3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3121 "Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

міндettі зейнетақы жарналары: 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3142 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар: 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3152 "Міндettі әлеуметтік медициналық сақтандыруға жарналар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

216. Мемлекеттік мекеме қызметкердің жазбаша өтініші негізінде, кейіннен мақсатына сай аудара отырып қызметкерлер мен қызметшілердің жалақысынан мынадай ұстап қалуларды жүзеге асырады:

партиялық жарналарды төлеуге 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

кәсіподактық мүшелік жарналарды төлеуге 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3245 "Кәсіподактық мүшелік жарна сомаларын қолма-қол емес аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

банктердің салымдары бойынша шоттарға 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебетіне және 3247 "Банктерге салымдар бойынша шоттарға аударылған қолма-қол ақшасыз аударымдар бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін төлеуге 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

Қазақстан Республикасының банктік заңнамасында белгіленген тәртіппен банктен алынған несиені өтеуге 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

қызметкердің өтініші бойынша жалақыдан өзге ұстап қалуларға 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті және 3273 "Өзге де қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

Ұстап қалулар сомасын аудару 3121 "Жеке табыс салығы бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3142 "Азаматтарға арналған үкімет мемлекеттік корпорациясы"

КЕАҚ-на төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3245 "Кәсіподақтың мүшелік жарна сомаларын қолма-қол емес аударымдар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3247 "Банктерге салымдар бойынша шоттарға аударылған қолма-қол ақшасыз аударымдар бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" немесе 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" тиісті қосалқы шотының дебеті бойынша және 1040 "Тұсімдер мен есеп айырысуларды есепке алу үшін ҚБШ", 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" тиісті шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

217. Атқару парактары мен басқа құжаттар бойынша жалақыдан ұсталған сома 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебетіне және 3242 "Атқару құжаттары бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредитіне жазылады.

3242 "Атқару құжаттары бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебетіне аударылған сома жазылады, бұл ретте 1040 "Тұсімдер мен есеп айырысуларды есепке алу үшін ҚБШ", 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шоты кредиттеледі.

218. Мемлекеттік мекеме есепті жылдың аяғында қызметкерлердің пайдаланылмаған демалыстары бойынша резерв есептеуді жүргізеді.

Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервті есептеу есепті жылдың 31 желтоқсанына туындаған міндеттемелер бойынша жүргізіледі.

Есепті қаржы жылдының аяғындағы пайдаланылмаған демалыстар бойынша резервтің сальдосы есепті жылдың басындағы пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв сальдосы қосу өткен есепті жылдар үшін пайдаланылмаған демалыстар бойынша жүргізілген төлемдер сомасын алғандағы есепті қаржы жылы үшін есептелген пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв сомасы ретінде айқындалады

219. Демалыстар бойынша резервті есептеудің сомасына 3246 "Пайдаланылмаған демалыс бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы

шотының кредитіне және 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" шотының дебетіне жазба жүргізіледі.

Қызметкерлерге демалысақы төлеу 3241 "3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты", 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" шоттарының, 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шоттары қосалқы шоттарының кредиттері бойынша көрсетіледі.

Пайдаланылмаған демалыстар бойынша құрылған резерв сомасы жетпеген кезде демалысақыны есептеу 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" шотының дебеті және 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме түгендеу қорытындысы бойынша есепті кезеңнің аяғында резервті жете есептеуді немесе демалыстар бойынша резервтің артық есептелген сомасын есептен шығаруды жүзеге асырады:

жете есептеу: 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" шотының дебеті және 3246 "Пайдаланылмаған демалыс бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

220. Қызметкер жұмыстан шығарылған, стипендият оқуы аяқталған, ақша айналымынан қолма-қол тындардың алыну себебі бойынша атқару парактарының және өзге құжаттың қолдану мерзімі аяқталған жағдайларда төленбекен немесе артығымен төленген тындар сомаларын көрсету үшін 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шоты пайдаланылады. Төленбекен жалақы, стипендия қалдығы, есеп беретін адам алдында берешек сомалары 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шотының кредиті бойынша және 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының, 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының, 3230 "Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті бойынша көрсетіледі көрсетіледі.

Артық төленген тындардың сомасы бір теңгеге дейін соманы дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану нәтижесінде артық төленген тындардың сомасы (50 тынға дейін аз жаққа дөңгелектеледі; 50 тын және одан жоғары тын үлкен жаққа дөңгелектеледі) 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3230 "Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" тиісті қосалқы

шотының кредиті және 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шотының дебеті бойынша көрсетіледі.

Төленбекен сома мен бір теңгеге дейін соманы дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану нәтижесінде артық төленген тиындар сомасының арасында айырма түрінде жоғарыда төленген төлемдер бойынша қалыптасқан 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шотының кредиті бойынша қалдық жыл аяқталғаннан кейін жоғарыда көрсетілген төлемдер бойынша бюджетке есептеуге жатады, бұл ретте 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шотының дебеті бойынша және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі, оны бюджетке аудару кезінде 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотының тиісті қосалқы шотының кредиті бойынша жүзеге асырылады. 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шотының дебеті бойынша қалдық 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотына ауыстырыла отырып, келесі есепті кезеңге ауысады. Кейіннен 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шоты бойынша сальдоны түзету 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотына ауыстырылған сальдоны ескере отырып жүргізіледі.

221. Атқару парактары мен басқа құжаттардың әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда төленбекен не керінше артық төленген тиындардың қалдығы бір теңгеге дейін соманы дөңгелектеудің арифметикалық әдісін қолдану нәтижесінде 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысулар" қосалқы шотына есептеледі.

222. Жұмыстан босаған сәтте немесе есеп жылшының аяғында қызметкерлерге қайтарылмаған тиындағы есепке берілген, 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті бойынша ескерілетін соманың қалдығы оның еңбекақысынан ұсталады, бұл кезде 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

Мемлекеттік мекеменің есеп беретін жауапты тұлға алдындағы тиындағы берешегінің сомасы жұмыстан шыққан кезде 3272 "Ақша айналымынан қолма-қол тиындардың алынуына байланысты есеп айырысуладар" қосалқы шотына есептен шығарылады, бұл кезде 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және 3248 "Қызметкерлерге өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" тиісті қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

223. Есеп беретін тұлғалармен есеп айырысулың талдамалы есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 386 нысанды (8-мемориалды ордер) есеп беретін жауапты тұлғалармен есеп айырысу бойынша жинақтаушы ведомосінде жүргізіледі. Эр жол бойынша есеп беретін жауапты тұлғаның тегі, берілген аванстың сомасы және жүргізілген шығыстардың сомасы, сондай-ақ қолданылмаған аванстың түскен сомасы жазылады. Ай аяқталғаннан кейін "1261, 1263 (3248, 3249) қосалқы шотының кредит есебі бойынша шығыстардың сомасы бекітілді" бағаны және "Қосалқы шоттар дебеті" мен "Екінші жазбалар" бағандары бойынша қорытындылар "Басты-журнал" кітабына жазылады.

Есеп беретін тұлғаларының саны көп емес мемлекеттік мекемелерде есеп айырысуладың талдама есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында есептілікке жауапты әр тұлға бойынша жүргізіледі.

Корпоративтік төлем карточкасын қолдана отырып бюджеттік ақшаны нысаналы пайдаланудың талдамалы есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 453 нысаны бойынша кітапта жүргізіледі.

224. Мыналар жалақыны есептеу үшін негізгі құжаттар болып саналады: мемлекеттік мекеменің бекітілген штат кестесі және жалақы ставкаларына сәйкес қызметкерлерді қабылдау, жұмыстан шығару және ауыстыру туралы бұйрықтары, Бухгалтерлік құжаттаманың 421 "Пайдаланылған жұмыс уақытын есепке алу және жалақыны есептеу табелі" нысаны, Бухгалтерлік құжаттаманың 423 "Жұмыс нормаларын есептеу картасы" нысаны, Бухгалтерлік құжаттаманың 424 "Наряд" нысаны бойынша пайдаланылған жұмыс уақытын есепке алу табельдері және басқа құжаттар.

Жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу табельдерін (Бухгалтерлік құжаттаманың 421 "Жұмыс уақытын пайдалануды есепке алу және жалақыны санау табелі" нысаны) ай сайын мемлекеттік мекеме бойынша бұйрықпен тағайындалған тұлғалар белгіленген нысан бойынша жүргізеді. Ай сонында табель бойынша жұмыс істеген күндердің жалпы саны, сондай-ақ артық жұмыс сағаттары анықталады. Толтырылған табель мен басқа тиісті қолдармен бекітілген құжаттар белгіленген мерзімде жалақыны есептеу үшін бухгалтерлік қызметке тапсырылады.

Бір ай үшін жалақы есептеу Бухгалтерлік құжаттаманың 49 нысанды есеп айырысу-төлем ведомосі бойынша жүргізіледі. Есеп айырысу-төлем ведомосінде

табельдік нөмір, қызметкерлердің аты-жөні, есептелген жалақы және жәрдемақы, берілген аванс сомасы, ұсталған салық және басқа сома жазылады.

Жұмысшылар және қызметкерлер демалысқа кеткен кезде есеп айырысу Бухгалтерлік құжаттаманың 425 нысанды демалыс беру туралы есебінде жүргізіледі.

Бұл есеп айырысулар бойынша есептелген сома ағымдағы айға ашылған есеп айырысу-төлем ведомосына жазылады. Демалысқа не жұмыстан шыққанда жалақы бойынша біржолғы есеп айырысулар жалпы есеп айырысумен сәйкес келмесе, есеп айырысу аралық кезеңдегі төлемдер Бухгалтерлік құжаттаманың 389 нысанды төлем ведомостары не кассалық шығыс ордері бойынша жүргізіледі.

Бұл есеп айырысулар бойынша есептелген және төленген сома ағымдағы айдың есеп айырысу-төлем ведомосына жазылады. "Беруге сома" бағанында тиісті аты-жөннің қасына сызық қойылады.

Есеп айырысу-төлем және төлем ведомостарына осы ведомостарды жасаған және тексерген тұлғалар қол қояды. Жалақы төлеуге берілетін рұқсатқа мемлекеттік мекеменің басшысы және бас бухгалтер немесе оларды ауыстыратын тұлғалар қол қояды.

225. Төлеу уақыты аяқталғаннан кейін кассир есеп айырысу-төлем және төлем ведомостында жалақысын алмаған адамдардың аты-жөннің қасына мөртаңба қояды немесе қолымен "Депонатталды" деп жазуға және депонатталған сома тізілімін жасауға міндettі. Ведомостың сонында кассир нақты төленген сома туралы мен алынбаған жалақы сомасы туралы жазба жасайды, оларды төлем және есеп айырысу-төлем ведомостары бойынша жалпы қорытындымен салыстырып әрі жазуды өз қолымен растауы тиіс. Егер ақшаны кассир емес, басқа тұлға берсе, ведомоста қосымша "Ақшаны ведомоспен берген – лауазымы, қолы, қолды таратып жазу" деген жазба жасалынады. Кассирдің төлем және есеп айырысу-төлем ведомостында жасаған жазбалары мұқият тексерілген және берілген және депонатталған сома саналған соң берілген жалақы сомасына белгіленген тәртіппен ресімделген кассалық шығыс ордері жасалады, ол белгіленген тәртіппен ресімделеді және кассалық кіріс және шығыс ордерлері тіркелетін журналда тіркеледі. Төлем және есеп айырысу-төлем ведомостында касса бойынша ақшаны есептен шығару жүргізілген кассалық шығыс ордерінің күні және нөмірі жазылады.

Еңбекақы бойынша депонантталған соманың есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 441 нысаны депонантталған еңбекақы мен стипендияның талдамалы есебі кітабында жүргізіледі. Кітаптағы жазу әр депонент бойынша жүргізіледі.

Ай сонында Бухгалтерлік құжаттаманың 441 нысанды кітабында "Кредит" пен "Дебет" бағандары бойынша қорытынды саналады және келесі айдың басына кредиттік қалдық шығарылады.

226. Қызметкердің өткен кезеңдердегі жалақысы туралы мәліметтер алу үшін Бухгалтерлік құжаттаманың 417 нысанды карточка-анықтамасы (жеке шот) жүргізіледі,

онда қызметкер туралы жалпы мәліметтерден басқа ай сайын есептелген жалақы сомасы түрлері бойынша көрсетіледі.

227. Есеп айырысу-төлем ведомостары негізінде 5-мемориалды ордер – жалақы мен стипендиялар бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 405 нысаны (сондай-ақ тұрғын үйді күтіп-ұстаяға және коммуналдық қызметтерді төлеуге әскери қызметшілерге, ішкі істер органдары қызметкерлеріне, сондай-ақ өртке қарсы қызмет органдарының жедел іздестіру, тергеу және әскери бөлімшелері, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі қылмыстық-атқару жүйесі органдары мен мекемелерінің, қаржы полициясы органдары қызметкерлеріне ақшалай өтемақыны есептеуді қамтиды) есептеу ведомостерінің жиынтығы есепке алу-төлем ведомостарының негізінде жасалады.

228. Ауру параптары (еңбекке жарамсыздық параптары) жеке дестеге тігіледі және жыл басынан бастап хронологиялық тәртіппен нөмірленіп отырады. Әр парапта олар есептеу үшін енгізілген есеп айырысу-төлем ведомосының нөмірі жазылады.

229. Персоналмен есеп айырысудың сараптама есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында жүргізіледі.

230. Мемлекеттік мекемеге келіп түсетін алимент өндіріп алу туралы орындау параптарын және басқа құжаттарды тіркеу және есепке алу, сондай-ақ ұсталынатын мөлшерді есепке алу үшін Бухгалтерлік құжаттаманың 437 нысанды алимент өндіріп алу туралы орындау параптарын есепке алу кітабы жүргізіледі.

231. Уақытша еңбекке жарамсыздық бойынша әлеуметтік жәрдемақыны есептеу және төлеу жөніндегі есеп айырысуларды есепке алуды мемлекеттік мекеме Бухгалтерлік құжаттаманың 283 нысанды көп бағанды карточкаларында жүргізіледі.

232. Жеке тұлғаның (қызметкердің) аударылған міндетті зейнетақы жарналары туралы толық мәлімет алу үшін мемлекеттік мекеме "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на төленетін міндетті зейнетақы жарналарын жарналарын есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 451 нысанды карточкасын толтырады, оның көшірмесін жылына бір рет жеке тұлғаға (қызметкерге) береді.

8-тарау. Қорларды есепке алу тәртібі

233. Қорлар құрылыш материалдарын, оқу, ғылыми зерттеулер және басқа мақсаттар үшін материалдарды, дәрі-дәрмектер мен байлау құралдарын, тамақ өнімдерін, отын және жағу, шаруашылық материалдары мен кенсе құралдарын, арнайы киім-кешекті және басқа жеке пайдаланудағы құралдарды, қосалқы бөлшектерді, аяқталмаған өндірісті, дайын өнімді, тауарларды, жолдағы қорларды қамтиды.

Қорларды есепке алу материалдардың атавы мен жауапты тұлғалар бойынша сандық және сома түрінде жүргізіледі.

Мемлекеттік мұліктің құрамына жекелеген негіздер бойынша тұсken мұлікті есепке алуды, сақтауды және одан әрі пайдалануды жүзеге асыратын органдар 1341 "

Мемлекет меншігіне айналдырылған (түскен) мұлік" қосалқы шотында бағаланған мұліктің есебін жүргізеді.

Мұлікті тізімдеу, бағалау және (немесе) қабылдап алу-тапсыру актілері және мұлікті бағалау туралы есептер көрсету үшін негіз болып табылады.

234. Мемлекеттік мекеме:

құрылышқа байланысты шарттардың орындалу процесінде туындайтын аяқталмаған жұмыстарды, оның ішінде қызметтерді көрсетуге олармен тікелей байланысты шарттарды;

қаржы құралдарын;

ауылшаруашылық қызметпен байланысты биологиялық активтер мен егін жинау кезеңіндегі ауылшаруашылық өнімді;

өтеусіз көрсетілетін қызметтер бойынша немесе алушылардан тікелей нақтылы есесін қайтару бойынша аяқталмаған жұмыстарды қоспағанда қорларды есепке алу кезінде Қағидалардың осы тарауының ережелерін қолданады.

235. Қорларды есепке алудың негізгі міндеттері барлық материалдық құндылықтардың дұрыс қолданылуы мен қозғалысын бақылау және сақталуын қамтамасыз ету; қорлар мен шығыстардың белгіленген нормаларын сақтау, белгіленген тәртіппен сатуға жататын, қолданылмайтын материалдарды уақытылы анықтау; мемлекеттік мекемелердің қоймасындағы қалдықтар туралы нақты мәліметтерді алу болып табылады.

Бухгалтерлік қызмет жүйелі түрде қоймадағы материалдық құндылықтардың түсімі мен жұмсалуына бақылауды жүргізеді, сондай-ақ қоймада (қамбада) жүргізілген жазбалармен материалдарды есепке алу жөніндегі өз жазбаларымен салыстырады.

236. Мемлекеттік мекеменің қорларын есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

1310 "Материалдар";

1320 "Аяқталмаған өндіріс";

1330 "Дайын өнім";

1340 "Тауарлар";

1350 "Жолдағы қорлар";

1360 "Қорлардың құнсыздануына арналған резерв".

237. Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті сату, сауда-саттық арқылы өткізу, сату мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі:

1233 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) мұлік бойынша сатып алушылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және

1341 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) мұлік" қосалқы шотының кредиті;

7120 "Бюджетпен есеп айырысу бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3132 "Тауарларды (жұмыстар мен көрсетілген қызметтер) өткізуден түсетін кіріс

бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

Бюджетке мүлікті өткізуден тұсken ақша кезде растайтын құжат негізінде мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі:

3132 "Тауарларды (жұмыстар мен көрсетілген қызметтер) өткізуден түsetін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1233 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (тұsken) мүлік бойынша сатып алушылардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті.

Мүлікті мемлекет меншігіне айналдыру туралы сот актісінің күшін жоюға/өзгертуге байланысты мүлікті қайтару кезінде мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі:

7461 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (тұsken) мүлікке байланысты операциялар бойынша өзге де шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 1341 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (тұsken) мүлік" қосалқы шотының кредиті.

Жекелеген негіздер бойынша мемлекеттің меншігіне айналдырылған (тұsken) мүлікті қоймадан есептен шығару кезінде мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі :

7461 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (тұsken) мүлікке байланысты операциялар бойынша өзге де шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 1341 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (тұsken) мүлік" қосалқы шотының кредиті.

238. Есепте қорлардың құны активтерді танудың белгілері орындалғанда ғана мойындалады: болашақта осы актив бойынша экономикалық пайда немесе сервистік әлеует алу мүмкіндігінің болуы, сенімді бағалау мүмкіндігі.

Қорлар мемлекеттік мекеменің шотында тек осы қорларға байланысты тәуекелдер мен активтерді иеленуден пайдалар осы мекемеге ауысқанда ғана көрсетіледі. Қорларға байланысты пайдалар мен тәуекелдердің ауысу сәтін анықтау қорларды есепке алу кезінде негізін қалайтын сәттердің бірі болып табылады. Бұл сәт оның шарттарын сөз ететін жеткізу шартымен анықталады.

239. Жас төлдің төлдеуі мен қосылуынан басқа, ауылшаруашылық тағайындаудың биологиялық активтеріне жатпайтын қорлар бухгалтерлік есепте және сатып алуға, баға қосуға (ұстеме бағаға), сыртқы экономикалық, жабдықтаушы, делдал кәсіпорындарға төленген комиссиялық сыйақыларға, тауар биржалары қызметінің құнына, кедендік баждарға, тасымалдау шығындарына, сақтау мен жеткізуге шығындарды ескере отырып анықталатын олардың нақты құны бойынша қаржылық есептілікте көрсетіледі. Сатып алуға шығындарды анықтау кезінде сауда женілдіктері, төлемдердің қайтарулары мен өзге ұқсас баптар алынып тасталады. Өзге шығындар қорлардың өзіндік құнына қорларды олардың қазіргі орналасқан жері мен жағдайына жеткізуге байланысты мөлшерде ғана қосылады.

Ауылшаруашылық мақсатындағы биологиялық активтерге жатпайтын жас төлдің төлдеуі мен қосылуын кіріске жазу жоспарланған өзіндік құн бойынша жүзеге асырылады.

240. Мемлекеттік мекеме:

басқа мемлекеттік мекемеден алынған - тапсыратын қорлардың баланстық құнын;

қайтарусыз негізде үшінші тараптан алынған, - қорлардың әділ бағасын қорлардың өзіндік құны деп таниды.

241. Қорларды сатып алу мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі:

сатып алу: 1310 "Материалдар", 1340 "Тауарлар" шоты тиісті қосалқы шотының дебеті және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті (қайтарымды немесе айырбастау ыдысын алып тастағанда, сатып алу бағасы бойынша);

басқа мемлекеттік мекемеден түсім: 1310 "Материалдар", 1340 "Тауарлар" шоты тиісті қосалқы шотының дебеті және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" (баланстық құны бойынша) шотының кредиті;

филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін қаражат немесе гранттар түрінде түсім: 1310 "Материалдар", 1340 "Тауарлар" шоты тиісті қосалқы шотының дебеті және 6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" (әділ құн бойынша) шотының кредиті.

Қайтарымды немесе айырбасталатын ыдыс (бөшкелер, бидондар, жәшіктер, бөтелкелер және басқа ыдыс) босы да, қорлардағы да өнім берушілердің шотында көрсетілген баға бойынша ескеріледі: 1319 "Өзге материалдар" қосалқы шотының дебеті және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

242. Дайын бұйымдар мен баспа өнімі оның жасалуына жұмсалатын іс жүзіндегі шығындардың деректері бойынша анықталған іс жүзіндегі өзіндік құн бойынша ескеріледі. Дайын өнімнің сомасына 1330 "Дайын өнім" қосалқы шотының дебеті және 8010 "Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

243. Жолдағы қорларға мемлекеттік мекемелер басқа қалалық жеткізілімдер бойынша төлеген, бірақ айдың соңында қоймаға түспеген, сондай-ақ орталықтандырылған қамтамасыз ету және шаруашылық қызмет көрсету топтарының қоймасына алынған және мемлекеттік мекемелерге бөлінбеген қорлар жатады.

Жолдағы қорларды тану мынадай жазбамен көрсетіледі: 1350 "Жолдағы қорлар" қосалқы шотының дебеті және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті. Қорлар мемлекеттік мекемеге түскенде мынадай жазба жүргізіледі: "Корлар" шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және 1350 "Жолдағы қорлар" шотының кредиті.

244. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері Қазақстан Республикасының бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті органымен келісім бойынша осы қағидалардың активтерді есепке алудың жалпы тәртібіне сәйкес келетін іш киімді, төсек жабдықтарын, киім-кешекті және аяқ киімді ведомстволық бақылауды анықтайды.

245. Дәрі-дәрмектер мен байлау құралдарын есепке алу тиісті орталық пен өзге мемлекеттік органдар шығаратын және бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органмен келісілген нұсқаулықтарға сәйкес жүргізіледі.

246. Кейіннен есепке алу кезінде қорлар 2 (екі) шаманың ең кемі бойынша бағаланады – қорларды айырбасталмайтын операция тәсілімен сатып алу, тегін тарату немесе атаулы құны бойынша тарату үшін сақтау, тегін таратуға немесе атаулы құны бойынша таратуға жататын тауарларды өндіру процесінде тұтыну жағдайларынан басқа өзіндік және таза сату құны.

Таза сатылатын баға деп іс қалыпты жүргенде қорларды сату нәтижесінде мемлекеттік мекеменің күтетін таза сомасы түсініледі. Қорлардың таза сату бағасы сату бойынша шығыстарды шегере отырып әділ құнға сәйкес келе бермейді.

Егер қорлар тегін тарату үшін немесе атаулы бойынша тарату, тегін таратуға немесе атаулы құн бойынша таратуға жататын тауарларды өндіріс процесінде қолдану үшін сақталса, онда олар өзіндік құнның көлемдерінің ең азы бойынша және ағымдағы қалпына келтіру бағасы бойынша бағаланады. Егер қорлардың сақталу мақсаты өзгерсе, онда қорлар 2 (екі) көлемнің ең кішісі бойынша: өзіндік құны және таза сатылатын құны бойынша бағаланады.

Қорлардың ағымдағы қалпына келтіру бағасы деп субъектіде есептілік күніне активтерді сатып алу нәтижесінде туындаған шығындар ұғынылады.

247. Есепті жылдың аяғында жүргізілген түгендеу нәтижелері бойынша мемлекеттік мекеме басшысының бүйрекіна сәйкес құрылған түгендеу комиссиясының актісі негізінде есепте егер өтелетін құн қордың баланстық құнынан төмен болса бар қорлардың құнсыздану фактісі тіркеледі. Түгендеу актісінде құнсыздану себептері көрсетілуі тиіс. Егер бұл қорлар зақымдалса, толық немесе жартылай ескірсе қорлардың өзіндік құнның орны өтелмеуі мүмкін.

248. Қорларды таза сату құны бойынша баланстық құн есебінде көрсету қорлардың ағымдағы нарықтық құны мен қорлардың іс жүзіндегі құнның арасындағы айырма мөлшерінде қорлардың құнсыздануына резерв құру жолымен жүргізіледі.

Резерв құру 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар" шотының дебеті және 1360 "Қорлардың құнсыздануына арналған резерв" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Келесі есепті жылдың сонында, егер қорлар құнның өзіндік құнынан төмен төмендеуін туыннатқан мән-жайлар қолданылмайтын болса немесе, егер өзгерген экономикалық жағдайлардың салдарынан таза сату құнның артуының айқын күәліктері болса, есептен шығару сомасы қалпына келтіріледі (бұл ретте қалпына

келтіру есептен шығарудың бастапқы сомасы шегінде жүзеге асырылады). Осы операция 1360 "Қорлардың құнсыздануына арналған резерв" шотының дебеті және 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті бойынша есепте көрсетіледі.

249. Баланстан есептен шығарылатын қорлардың өзіндік құнын бағалау үшін мынадай әдістер қолданылады:

шығындардың ерекше сәйкестігі;
орташа өлшем құны;
ФИФО: бірінші түсім-бірінші демалыс.

250. Мемлекеттік мекеме субъектінің оларды қолдану мақсаты және ұқсас табиғаты бар барлық қорлар үшін өзіндік құнды есептеудің бір әдісін қолданады. Өзара сипаты мен қолданылу мақсаты бойынша ерекшеленетін қорларға қатысты өзіндік құнды бағалаудың әр түрлі әдістерін қолдану ақталған болып табылады. Мемлекеттік мекеме таңдаған қорларды бағалаудың әдісі есепті кезең ішінде қолданылады.

251. Ерекшелікті сәйкестендіру әдісі өзара алмастыруши болып табылмайтын қорлардың, сондай-ақ олар сатып алынды ма не өндірілді ме, қарамастан арнайы жобалар үшін өндірілген және арналған тауарлар немесе көрсетілетін қызметтердің өзіндің құнын анықтау үшін қолданылады. Шығындардың ерекшелікті сәйкестендіруі ерекшелікті шығындар қорлардың белгілі бір баптарына жатады дегенді білдіреді.

252. Орта өлшем құнының әдісі кезең басында ұқсас баптардың орта өлшем құнынан әр баптың бағасын анықтауды және кезең ішінде сатып алынған немесе өндірілген осындаған баптардың бағасын анықтауды болжайды. Орташа мәні мерзімді немесе субъекті жұмысының шарттарына байланысты әр қосымша жеткізілімді алу шамасына қарай есептеле алады.

253. ФИФО әдісі (бірінші түсім - демалысқа бірінші) бірінші сатылып алынған қорлар бірінші болып есептен шығарылатындығын, демек қорларда қалатын баптар кезең соңында кешірек алынғанын үйғарады.

254. Қорларды есептен шығару 7060 "Қорлар бойынша шығыстар", 7460 "Өзге шығыстар", 8011 "Материалдар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

255. Мемлекеттік мекеменің қажеттіліктері үшін пайдаланылған және сырт ұйымдарға өткізілген қорлар құнын есептен шығару шығыс ретінде танылады, бұл ретте 7060 "Қорлар бойынша шығыстар" шоты дебеттеледі және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шоты кредиттеледі.

Басқа мемлекеттік мекемеге немесе басқа ұйымдарға берілген қорлар құнын есептен шығару шығыс ретінде танылады, бұл ретте 7460 "Өзге шығыстар" шоты дебеттеледі және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шоты кредиттеледі.

Құнсызданудан резерв құру есебінен құны бұрын төмендеген қорларды есептен шығару: құрылған резерв сомасына - 1360 "Қорлардың құнсыздануына арналған резерв" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде қорлардың баланстық құнына - 7060 "Қорлар бойынша шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті көрсетіледі.

256. Нақты кінәлілер анықталмаған жағдайларда, қорлардың бұзылудан, табиғи апапттан (су тасқыны, өрт және басқа табиғи апаптар) шығыны кінәлі түлғалардың нақты жоқтығы мүқият тексерілгеннен және болашақта залал фактілерін жібермеуге қажетті шаралар қолданылғаннан кейін ғана есептен шығарылады.

Бұзылудан қорлардың шығыны туындаған кезде шығыстар ретінде танылады: 7460 "Өзге шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті.

257. Бос ыдысты қайтару немесе сату кезінде сатып алу бағасы мен бос ыдыс сатылған баға арасындағы айырма іс жүзіндегі шығыстарға жатқызылады: 7140 "Өзге операциялық шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 1319 "Өзге материалдар" қосалқы шотының кредиті.

258. Сатып алынған және ағымдағы қажеттіліктерге берілген кеңсе жабдықтары (қағаз, қаламсалтар, сиялар, қауырсындар және басқа кеңсе жабдықтары), сондай-ақ дәрі-дәрмектер мен дайын дәрілер (спиртті, байлау құралдары мен қымбат тұратын дәрі-дәрмектерді қоспағанда) кіріс пен шығыс бойынша жалпы сомасын көрсету арқылы нақты шығындарға 1316 "Шаруашылық материалдары және кеңсе жараптары" қосалқы шотында есептен шығарылады.

259. Арнайы киімнің және жеке пайдаланылатын басқа да заттардың құны мемлекеттік мекеменің қоймасынан Бухгалтерлік құжаттаманың 434-з нысаны бойынша қорлардың ішкі орнын ауыстыруға арналған жүккүжаттың негізінде беріледі.

Арнайы киімнің және жеке пайдаланудағы басқа да заттардың бір бірлігі үшін 2 (екі) айлық есептік көрсеткіш шегіндегі құны оларды қоймадан берген кезде мынадай тізбекпен есептен шығарылады: 7060 "Қорлар бойынша шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті. Бір бірлігі үшін құны 2 (екі) айлық есептік көрсеткіштен асатын көрсетілген қорлар мемлекеттік мекеменің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясын есептен шығару туралы актінің негізінде белгіленген мерзім өткеннен кейін есептен шығарылады.

260. Кейбір қорлар басқа активтердің шотына жатқызылуы мүмкін, мысалы, негізгі қаражаттың дербес өндірілген құрауышы ретінде пайдаланылған қор: "Негізгі құралдар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті. Осылайша бөлінген қорлар осы активтің қызмет ету мерзімі ішінде шығыс ретінде (амортизацияны есептеу) танылады.

261. Қорлардың сақталуын және есепке дұрыс қойылуын қамтамасыз ету мақсатында қойма есебін тиісті үйымдастыруды қамтамасыз етіледі. Қорларды сақтау арнайы жабдықталған үй-жайларда (қоймаларда) жүргізіледі. Қоймалық үй-жайларда қорларды орналастыру тәртібі оларды қабылдау, беру мен түгендеу жүргізу жөніндегі операциялардың жылдамдығымен қамтамасыз етіледі. Бұл тұлғаларды ауыстыру қойманы түгендеумен және мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекіткен қабылдау-тапсыру актілерін жасаумен сүйемелденеді.

Қорларды сақтау орындары салмақ жабдықтарымен, өлшеу құралдарымен, өлшеу ыдысымен және басқа бақылауға арналған құралдармен жабдықталуы тиіс.

1341 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) мүлік" қосалқы шотында есепке алынатын мүлікті қоспағанда, қоймадағы материалдарды есепке алушы материалды жауапты тұлға атауы, өлшем бірлігі, бағасы, сұрпы мен саны бойынша ғана Бухгалтерлік құжаттаманың М-17 нысанды материалдарды қоймалық есепке алу кітабында жүргізеді.

262. Бухгалтерлік есеп тіркелімдеріне материалдар мен тамақ өнімдері кіріс бойынша алғашқы құжаттар (шottар, актілер мен басқалар) негізінде, құндылықтар алынған күнмен жазылады. Алғашқы құжаттарда мынадай деректер көрсетілуі тиіс: материалдар мен тамақ өнімдері кімнен түсті, атауы, сұрпы, саны (салмағы), бағасы, сомасы, қоймаға түскен күні мен осы құндылықтарды қабылданған материалды жауапты тұлғаның қолхаты.

Өнім беруші құжаттарының деректерімен алшактық болған жағдайда Бухгалтерлік құжаттаманың 429 нысаны бойынша қорларды қабылданған материалдың құндылықтарды есепке алу үшін, екіншісі өнім берушіге қарсылық хатын ресімдеу үшін қолданылады.

Қоймадан материалдарды беру мемлекеттік мекеме басшысы немесе оның уәкілі адамымен бекіткен құжаттар арқылы жүргізіледі. Материалдарды беру үшін мынадай құжаттар қолданылады:

№ 434-с нысаны бойынша жүк құжат запастарды сыртқа беруді ресімдеу үшін жіберіледі. № 434-с нысаны 2 (екі) данада жасалады;

№ 434-з нысаны бойынша жүк құжат қорды қоймаға немесе қоймадан қабылдау немесе алушы, ішкі көшірілуін ресімдеу үшін қолданылады. № 434-з нысаны 2 (екі) данада жасалады;

Бухгалтерлік құжаттаманың 299 нысанды тізім-талабы қоймадан тамақ өнімдерін беру үшін қолданылады. Тізім-талап күн сайын тамақ өнімдерін тарату нормалары негізінде және қанағаттанғандар саны туралы деректер негізінде жасалады.

Тұлғалардың азық-тұліктерді алу мен беру туралы қолхаты кестеде белгіленген мерзімде бір айда кемінде үш рет бухгалтериялық қызметке жіберіледі.

Тамақ өнімдерінің түсімін есепке алу азық-тұліктердің кірісі бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 300 нысанды жинақтау ведомосінде жүргізіледі. Ведомость әрбір материалдық жауапты тұлға бойынша жеке жасалады. Ведомостегі жазбалар алғашқы құжаттар негізінде сандық және сома шамасында жүргізіледі. Ай аяқталғаннан кейін ведомосте қорытындылар есептеледі. Бухгалтерлік құжаттаманың 300 нысанды жинақтау ведомосі 11-мемориалды ордерін жасау үшін негіз болып табылады.

Тамақ өнімдерінің шығыстарын есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 399 нысанды тамақ өнімдерінің шығыстары жөніндегі жинақтау ведомосінде жүргізіледі. Бұл ведомость материалдық жауапты тұлғалар бойынша жасалады. Ондағы жазбалар Бухгалтерлік құжаттаманың 299 нысанды тізім-талап және басқа құжаттары негізінде жүргізіледі. Ай аяқталғаннан кейін ведомосте қорытындылар есептеледі, ол жұмсалған тамақ өнімдерінің құнын анықтауға септігін тигізеді. Бір мезгілде балалардың қатысуы туралы деректемен балаларға арналған мекемелер бойынша, аурулардың болуы туралы мәліметтер бойынша емделу мекемелеріндегі қанағаттанушылардың саны және басқа мәліметтер салыстырылады. 12-мемориалды ордерді жасау үшін Бухгалтерлік құжаттаманың 399 нысанды жинақтау ведомосі негіз болып табылады. Жинақтау ведомосінің деректерінен басқа, Бухгалтерлік құжаттаманың 411 нысанының жиынтығына тамақ өнімдеріне басқа шығыс құжаттарының (азық-тұліктердің жетіспеушілігіне, қайтарылуына актілердің және басқа шығыс құжаттарының) деректері жазылады.

Тамақ өнімдерінің талдамалы есебі атаулары, сұрыптары, саны, бағасы мен материалдық жауапты тұлғалар бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың М-44 нысанды айналым ведомостерінде жүргізіледі. Айналым ведомостеріне жазбалар Бухгалтерлік құжаттаманың 300 және Бухгалтерлік құжаттаманың 399 нысанды жинақтау ведомостерінің мәліметтері мен тамақ өнімдерінің кірісі мен шығысы бойынша басқа құжаттардың негізінде жүргізіледі. Айналым ведомостерінде ай сайын айналымдар саналады және айдың басына қалдықтар шығарылады.

Бухгалтерлік құжаттаманың 397 нысанды азық пен жем бөлуге ведомость. Азық пен жем қоймадан белгіленген нормалар шегінде жіберіледі;

Бухгалтерлік құжаттама нысандарының 410-нысанды мемлекеттік мекеменің қажеттіліктеріне материалдарды бөлу ведомосі бір ай ішіндегі шаруашылық материалдарын, оқу және басқа мақсаттарға материалдарды бөлу үшін қолданылады. Бұл ретте ведомостегі жазуларды хронологиялық емес тәртіpte жүргізіледі, ал айдың соңында материалдардың әр түрі бойынша жалпы қорытындыны шығару үшін материалдардың әр түрі үшін жолдың белгіленген саны қалдырылады;

Бухгалтерлік құжаттаманың 431 нысанды жинау картасы материалдар мен отынды құнделікті бөлген кезде де, ай ішінде уақыттың анықталған арлығында да қолданылады

Жинау картасы әр алушыға материалдың бірнеше атауына тікелей қолданылуы бойынша жұмсау үшін беріледі. Бұл карта 2 (екі) данада беріледі, біреуі алушының қолхатымен қоймада, екіншісі алушыда сақталады. Материалдарды күнделікті бөлу кезінде жинау картасы 15 календарлық күн мерзіміне, ал мерзімді бөлінгенде бір ай мерзімге беріледі.

263. Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) мұлікті негізгі құралдарға және қорларға аудару мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі: Шоттар жоспарының 2300 "Негізгі құралдар", 1300 "Қорлар" кіші бөлімінің тиісті қосалқы шотының дебеті және 1341 "Мемлекеттің меншігіне айналдырылған (түскен) мұлік" шотының кредиті.

264. Материалдар мен отын алушы жинау картасының өзіндегі данасын көрсеткен кезде белгіленген лимит шегінде беріледі. Белгіленген лимиттен тыс материалдарды бөлу Бухгалтерлік құжаттаманың 434-қ нысанды жүккүжаты бойынша жүргізіледі.

Коймадан жүккүжат немесе жинау картасы бойынша отын беру мүмкін болмаған жағдайда, отын шығындарын есепten шығару қалдықтарды өлшеу актісі бойынша жүзеге асырылады. Өлшеу актісі бойынша шығынның белгіленген нормаларын салыстырғанда отын жетіспеген жағдайда мемлекеттік мекеменің басшысы артық жұмсау себептерін анықтауға шаралар мен тиісті жағдайда өндіріп алу шараларын қолданады.

Жол парагы автомобиль жанар және жағар май материалдың шығынға есепten шығару үшін қолданылады. Жанар және жағар май материалдар іс жүзіндегі шығын бойынша, бірақ автомобильдердің жеке түрлері үшін бекітілген нормалардан артық емес мөлшерде есепten шығарылады;

Бухгалтерлік құжаттаманың 1-т нысанды тауар-көлік жүккүжаты жеке автомобильдерінде мемлекеттік мекеменің өз қажеттіліктері үшін жүктөрді тасымалдау үшін қолданылады.

Жанар және жағар май материалдарына талондар және карталар (1315 "Отын, ЖЖМ" қосалқы шоты) жүргізушіге мемлекеттік мекеме басшысының нұсқауы бойынша беріледі. Талондарды қайталап беру бүрын алынғаны үшін есеп тапсырғаннан кейін гана жүргізілуі мүмкін.

Әрбір түрі бойынша талондар мен жанар-жағар май материалдарын талдамалы есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында, еңбек кітапшаларының бланкілерін есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 449-нысанды кітабында жүргізіледі.

265. Дайын бұйымдар мен баспа өнімі қоймада қабылдау актісі немесе басқа құжаттар негізінде кіріске жазылады. Дайын бұйымдар мен баспа өнімдерінің талдамалы есебі атауы, саны, құны мен сақтау орындары бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында жүргізіледі.

266. Құрылым материалдарының талдамалы есебі материалдардың атаулары, саны, бағасы бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында жүргізіледі.

Материалдарды шығысқа жазу мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекіткен актілер мен басқа құжаттардың негізінде жүргізіледі.

267. Дәрілік құралдардың талдама есебі бағандарды толтырусыз сандық есебі тұтастай алғанда мемлекеттік мекеме және әрбір бөлімше (кабинет) бойынша құндылықтардың мынадай топтары бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында (Бухгалтерлік құжаттаманың 296 нысанды кітабында) сома шамасында мынадай құндылықтар топтары бойынша жүргізіледі:

дәрі-дәрмектер, оларға мыналар жатады: дәрілік құралдар, сарысулар мен вакциналар, дәрілік шөптік шикізат, емдік минералды сулар, залалсыздандыру құралдары және басқа дәрі-дәрмектер;

тану құралдары, атап айтқанда: дәке, жаратанғыш, мақта, компресстік үлбі мен қағаз және басқа тану құралдары;

көмекші материалдар: жылтырақ, жарғақ және сұзгіш қағаз, қағаз қораптар, қаптар және басқа көмекші материалдар;

ыдыс: сыйымдылығы 5000 миллилитрден жоғары шыны сауыттар мен банкалар, бөтөлкелер, тобатайлар, жәшіктер және құны сатып алынған дәрілердің бағасына кірмейтін басқа қайтарылатын ыдыс заттары.

Денсаулық сақтаудың емдеу-алдын-алу мемлекеттік мекемелерінің бөлімшелерінде (кабинеттерінде) дәрі-дәрмектер мынадай топтар бойынша заттық-сандық есепке жатады:

улы дәрі-дәрмектер;

есірткі дәрі-дәрмектері;

этил спирті;

денсаулық сақтау саласындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органының нұсқауларына сәйкес клиникалық сынақ пен зерттеуге арналған жаңа препараттар;

тапшы қымбат тұратын дәрі-дәрмектер мен байлау құралдары;

бос та, дәрі-дәрмектерден бос емес те ыдыс.

268. Кеңсе құралдарын сатып алу мен алуды растайтын құжаттарда осы материалдарды алған тұлғаның қолы болуы тиіс.

269. Қара металл сынығы мен қалдықтары, түрлі-түсті металл қалдықтары және арнайы қор материалдары бойынша талдама есеп Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларда немесе Бухгалтерлік құжаттаманың 296 нысанды кітабында жеке жүргізіледі.

270. Жолдағы материалдардың талдамалы есебі жеке өнім берушілер бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында (Бухгалтерлік

құжаттаманың 296 нысанды кітабында) жүргізіледі. Орталық жабдықтау мен шаруашылық қызмет көрсету топтарының қоймасына түскен материалдар олардың атауы бойынша, бағасын, саны мен сомасын көрсете отырып Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында (Бухгалтерлік құжаттаманың 296 нысанды кітабында) ескеріледі.

271. Қосалқы бөлшектердің талдамалы есебі қосалқы бөлшектердің атауы, таңбалары зауыттық нөмірлері, саны, құны мен материалдық жауапты тұлғалар бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында (Бухгалтерлік құжаттаманың 296 нысанды кітабында) жүргізіледі. Бұл ретте қоймадан тозғандарды айырбастау үшін берілген автомобиль шиналары мен доңғалақ қабын бухгалтерлік қызмет арнайы киімнің, жеке пайдаланылатын заттардың және пайдаланудағы басқа материалдардың қозғалысын Бухгалтерлік құжаттаманың 412 нысанды жедел (сандық) есепке алу ведомосінде ескереді, онда алған тұлғаның лауазымы мен тегі, алған уақыты мен зауыттық нөмірлері жазылады. "Есептен шығару туралы белгілер" бағанында жарамсыздық салдарынан қолданудан шығып қалған автомобиль шиналары мен доңғалақ қабының құні мен зауыттық нөмірі жазылады.

272. Тамак өнімдерінен басқа материалдардың шығысы бойынша операцияларды есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 396 нысанды (13-мемориалды ордер) материалдардың шығысы бойынша жинақтау ведомосінде жүргізіледі.

Сынған ыдысты есептен шығару үшін Бухгалтерлік құжаттаманың 325 нысанды ыдыстың сынуын тіркеу журналы жүргізіледі. Журналдағы жазуларды тиісті лауазымды тұлғалар жүргізеді. Тұрақты әрекет ететін комиссия журналдың дұрыс жүргізуін тексереді және тоқсан сайын (ай сайын) сынған ыдысты есептен шығару үшін акт жасайды, актіні мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді.

Ішкі киім, төсек құралдары, киім мен аяқ-киім жеке топтарға бөле отырып, олардың атаулары, саны, материалдық жауапты тұлғалары бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың М-17 нысанды материалдарды қоймалық есепке алу кітабында ескеріледі:

ішкі киім (жейделер, ішкі көйлектер, халаттар және басқа да ішкі киім);

төсек орындары мен жабдықтары (матрацтар, жастықтар, көрпелер, ақжаймалар, көрпе тыстары, жастық тыстары, жапқыштар, ұйықтауға арналған қаптар және басқа төсек орындары мен жабдықтары);

арнайы киімді қоса алғанда киім мен нысанды киім (костюмдер, пальто, плащтар, қысқа тондар, көйлектер, эйелдер киетін көкірекшелер, юбкалар, курткалар, шалбарлар және басқа да киімдер мен киім-кешектер);

арнайысын қоса алғанда аяқ киім (бәтеңкелер, етіктер, қонышты аяқ киімдер, жазғы аяқ киімдер, пималар және басқа да аяқ киім);

спорттық киім мен аяқ киім (костюмдер, бәтенкелер және басқа да спорттық киім мен аяқ киім).

Жұмсақ мүкәммалдың көрсетілген заттарын мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға мен бухгалтерлік қызметтің қызметкерінің қатысусында қойма менгерушісі мемлекеттік мекеменің атауын көрсете отырып, заттың сыртқы түрін зақымдамай, жуылып кетпейтін бояумен, арнайы мөрмен таңбалайды, заттарды қолдануға берген кезде қосымша қоймадан берілген құннің мерзімі айы мен жылы көрсетіледі. Таңбалау мөртабандары мемлекеттік мекеме басшысында немесе оның орынбасарында сақталуы тиіс.

273. Қолданыстағы ішкі киім, төсек орындары, киім мен аяқ-киімнің талдамалы есебі заттардың атаулары, саны, құны, топтары мен материалдық жауапты тұлғалары бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында (Бухгалтерлік құжаттаманың 296 нысанды кітабында) жүргізіледі немесе түгендеге тізімдемесіне (салыстырмалы ведомоске) Бухгалтерлік құжаттаманың 402 нысанды қосымша парақтарында жүргізіледі.

Ескірген және жарамсыз болған ішкі киім, төсек орындары, киім мен аяқ-киімді есептен шығару "Баланстан ішкі киім, төсек орындары, киім мен аяқ-киімді, құралдарды, өндірістік және шаруашылық мүкәммалды есептен шығаруға акті" Бухгалтерлік құжаттаманың 443-а нысаны бойынша мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекіткен есептен шығаруға акті негізінде, өз жүйесі үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бекіткен қызмет ету мерзімін ескере отырып жүргізіледі.

Арнайы киімнің, арнайы аяқ-киімнің және сақтау құрылғыларының талдамалы есебі Бухгалтерлік құжаттаманың МБ-6 "Арнайы киімнің, арнайы аяқ-киімнің және сақтау құрылғыларының жеке карточкасы" нысаны бойынша және Бухгалтерлік құжаттаманың МБ-7 "Арнайы киімді, арнайы аяқ-киімді және сақтау құрылғыларын беруді (қайтаруды) есепке алу" нысаны бойынша жүргізіледі.

274. Жинақтау ведомостіне жазулар әр құжат және қызмет көрсететін мемлекеттік мекемелер немесе материалдық жауапты тұлғалар бойынша, оның ішінде соманы белгілей отырып әрбір құжат және тиісті қосалқы шоттар бойынша жүргізіледі. Ай аяқталғаннан кейін қосалқы шоттар бойынша қорытындылар "Негізгі-журнал" кітабына жазылады.

9-тарау. Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі

275. Негізгі құралдар:

өндірісте қолдану немесе тауарларды немесе қызметтерді жеткізу үшін, басқа тұлғаларға жалға беру үшін немесе әкімшілік үшін ұсталады;

бір жылдан астам уақыт ішінде қолданылатын материалды объектілер.

276. Мемлекеттік мекеме Қағидалардың осы тарауының талаптарын негізгі құралдарға қолданады, оның ішінде:

- мәдени мұра активтеріне;
- арнайы әскери жабдыққа;
- инфрақұрылым активтеріне;

жылжымайтын мүліктеге, ғимараттарға және ауылшаруашылық қызметіне қатысы бар биологиялық активтерді дамытуға немесе қамтамасыз етуге пайдаланылатын жабдықтарға және минералды ресурстарды, мұнайды, табиғи газды және ұқсас қалпына келтірілмейтін табиғи қорларды әзірлеуге құқықтарға;

инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде келешекте қолдануға салынып немесе қайта жаңартылатын, бірақ "инвестициялық жылжымайтын мүлік" анықтамасына жауап бермейтін жылжымайтын мүлікке;

- ересек жұмысқа жарамды малға;

мемлекеттік мекеме бір кезеңнен астам уақыт ішінде қолдануды жоспарлаған қосалқы бөлшектерге және резервтік жабдыққа, сондай-ақ егер қосалқы бөлшектер мен көмекші жабдықтар тек негізгі құралдардың объектілеріне байланысты қолданылса.

277. Негізгі құралдар ретінде мемлекеттік мекеме үшін оларды қолдану тікелей экономикалық пайда әкелмейтін, бірақ басқа объектілерді (қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғауын қамтамасыз ету үшін сатып алынатын негізгі құралдар) қолданудан пайда алу үшін қажет объектілер танылады.

278. Резервтік жабдықтаудың және негізгі құралдар бір кезеңнен астам уақыт ішінде қолданылатыны күтілетін қосалқы бөлшектері, сондай-ақ тек негізгі қаражаттардың объектілеріне байланысты қолданыла алатын қосалқы бөлшектер ескеріледі.

279. Инфрақұрылымдық активтер төмендегі сипаттамалардың біреуі немесе бірнешеуі болған кезде негізгі құралдардың объектілері ретінде танылады:

- жүйенің немесе желінің бөлігі болып табылады;
- арнайы сипаты бар және баламалы қолданысы жоқ;
- жылжымайтын болып табылады; сатуға белгіленген шектеулер болады.

Жолдардың желілері, көріздеу жүйелері, су және электржабдықтаулар жүйелері және коммуникация желілері инфрақұрылымдық активтер болып табылады.

280. Экономикалық пайданы тура көбейтпейтін, бірақ мұндай пайданы негізгі құралдардың басқа объектілерінен алу үшін қажет қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету үшін активтер негізгі құралдардың объектісі ретінде танылады.

281. Қағидалардың осы тарауының ережелері жылжымайтын мүлік ретінде келешекте қолдануға қайта жаңартылатын инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу үшін қолданылады. Құрылымдық жұмыстары немесе қайта жаңарту аяқталған сэтте жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүлік болады және

мемлекеттік мекеме осы қағидалардың 10 "Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу тәртібі" деген тарауының ережелерін қолданады.

282. Негізгі құралдардың бухгалтерлік есебі дұрыс күжаттамалық ресімдеумен және олардың тұсуін, мемлекеттік мекеме ішінде орнын ауыстыруын және шығуын есепке алу тіркелімдерінде уақтылы көрсетумен, сондай-ақ әрбір объектінің (заттың, жиынтықтың) сақталуын және дұрыс пайдаланылуын бақылаумен қамтамасыз етіледі.

283. Мемлекеттік мекеменің негізгі құралдарын, аяқталмаған құрылышын, негізгі құралдарын қайта бағалауға арналған резервті есепке алу үшін мынадай шоттар/қосалқы шоттар арналған:

2310 "Жер";

2320 "Фимараттар";

2330 "Құрылыштар";

2340 "Беріліс құрылғылары";

2350 "Көлік құралдары";

2360 "Машиналар мен жабдықтар";

2370 "Аспаптар, ендірістік және шаруашылық мүкеммалы";

2380 "Өзге негізгі құралдар";

2390 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен құнсыздандыу";

2411 "Аяқталмаған құрылыш";

5111 "Негізгі құралдардың қайта бағалауға арналған резерв".

284. Негізгі құрал объектісінің құны осы объектіге байланысты мемлекеттік мекемеге болашақ экономикалық пайда мен сервистік әлеуеттің тұсуіне ықтималдық болғанда, және іс жүзіндегі шығындарды немесе объектінің әділ құнын сенімді өлшеу мүмкін болса, актив деп танылуы мүмкін.

Негізгі құрал тұсken кезде мемлекеттік мекеме активті иеленуде қандай шамада пайда мен тәуекел болатынын бағалайды. Бұл ретте:

егер активті иеленуден тәуекел мен пайда алу қебірек болса, мемлекеттік мекеме активті мойындейды;

егер активті иеленуден тәуекел мен пайда алу аз болса, мемлекеттік мекеме активтің тұсуін мойындармайды;

егер активті иеленуден пайда мен тәуекел алу аз болса, мемлекеттік мекеменің актив үстінен бақылау дәрежесі бағаланады;

егер мемлекеттік мекемеде бақылау құқығы туындаса, мемлекеттік мекеме активті таниды;

егер бақылау құқығы беруші тарапта қалса, мемлекеттік мекеме активті сатып алуды мойындармайды.

Егер мемлекеттік мекеме активті иеленуден барлық пайдаларды алса, бірақ активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер тапсырушы тарапта қалса, актив тапсырушы

тараптың есебінде қала береді. Меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеу қажет болған жағдайларда шарттағы талаптарға көніл аудару қажет, атап айтқанда:

егер шарт талаптары бойынша активті иеленуден пайдалар мен тәуекелдер актіге қол қойған сәтте сатып алушыға ауысса, онда бұл жағдайда активтің шығып қалуы активті акті бойынша берау күніне көрсетіледі;

егер шарт талаптары бойынша активке иелік етуге байланысты тәуекелдер меншік құқығының ауысуын мемлекеттік тіркеген сәтке дейін беруші тарапта қалса, онда бұл жағдайда активті есептен шығару тіркеу күніне көрсетіледі.

285. Активтерді тану өлшемдеріне жауап беретін мәдени мұра активтері баланста танылады, мәдени мұраның өзге активтері Шоттар жоспарының 09 "Мәдени мұра активтері" балансталған шоғында ескеріледі (мысалы: тарихи ғимараттар мен монументтер, археологиялық қазбалар орындары, қорлар мен табиғи қорғау аймақтары, сондай-ақ өнер туындылары).

Мемлекеттік мекеме мәдени мұра активтерін бухгалтерлік есепте егер:

олардың мәдени, экологиялық, ағартушылық және тарихи құндылықтары тек нарықтық бағаға негізделген қаржы құнымен толық көрсетілмесе;

занды міндеттемелер тыйым салуларды және сату жолымен шығып қалуга салмақты шектеулер туындарады;

олар жиі ауыстырылмайтын болып табылады және олардың физикалық жағдайы төмендесе де, олардың құндылықтары уақыт өте өсе алады;

кейбір жағдайларда бірнеше жұз жыл жасалатын алатын олардың пайдалы қолдану мерзімін белгілеу күрделі.

286. Тұгендеу объектісі негізгі құралды бухгалтерлік есепке алудың бірлігі болып табылады. Негізгі құралдың тұгендеу объектісі деп барлық жабдықтаулары мен керек жарақтары бар объект немесе белгіленген өзіндік функцияларды орындауға арналған жеке конструктивті жекеленген зат немесе бірынғай бүтін және белгіленген жұмыстарды орындауға арналған заттардың конструктивті жекелеген кешені танылады

Жер амортизацияланбайды және пайдалану мерзімі шексіз. Ғимараттардың қызмет ету мерзімі шектеулі және амортизацияланатын активтер болып табылады. Ғимарат түрған жердің қымбаттауы бұл ғимараттың амортизациялық құнын анықтауға әсер етпейді.

Кітапханалық кітаптар, компьютерлік қосымша құрылғылар мен жабдықтаудың кішігірім бөлшектері сияқты жеке маңызды емес жиынтық бірліктер үшін мемлекеттік мекеме жиынтық құнның өлшемдерін қолдана алады.

Конструктивті бөлшектенген заттардың кешеніне жалпы тағайындаулары мен жалпы басқарулары немесе бір іргетаста жөнделген бір немесе әртүрлі тағайындаудың бір немесе бірнеше заттары, осының негізінде кешенге әр кіруші зат тек кешен құрамында өз функцияларын орындаі алады, бірақ жеке емес.

Бірнеше объектіні бір кешенге жатқызу техникалық мамандар растаған жобалау құжаттамасының негізінде жүзеге асырылады.

Жер мен ғимараттар бір-бірінен бөлінетін активтер болып табылады және қаржылық есептілік мақсатында олар бірге сатып алынса да бөлек есепке алынады. Жер участкерлерінде орналасқан құрылыштар, автомобиль жолдары, ескерткіштер бөлек есепке алынуға жатады.

287. Негізгі құралдардың объектісі алғаш танылған кезде өзіндік құны бойынша көрсетіледі. Кітапханалар қорына енгізілген кітаптар, оқулықтар мен басқа баспалар олардың алғашқы түптеу құнын қоса алғанда атаулы бағасы бойынша ескеріледі.

Негізгі құралдар объектісінің өзіндік құны:

сатып алуға саудалық жеңілдіктер мен түсірулерді алғаш тастағаннан кейін, импорттық баждар мен қайтарылмайтын салықтарды қосқанда, оның сатып алынған бағасы;

учаскеге активті жеткізуге және мақсатына қарай жұмыс қалпына келтіру үшін жағдай дайындауға тұра жататын кез келген шығындар;

ол орналасқан участкені қалпына келтіруге, объектінің қайта жөндеуге және ауыстыруға арналған есептік шығындар.

Тікелей сипатты шығындарға мыналар жатады:

участкені дайындауға жұмсалатын іс жүзіндегі шығындар;

жеткізу мен түсіруге жұмсалатын алғашқы шығындар;

орнату мен монтаждауға жұмсалатын шығындар;

осы орынға активті тасымалдаған уақытта жасалған объектілер мен жағдайлардың кірісін (мысалы, жабдықты сынау кезінде үлгілерді тексеретін өндіріс) алғаш тастағанда, активті сынауга және оның тиесілі қызмет етуін сынауга жұмсалатын шығындар;

кәсіби қызметтерге жұмсалатын шығындар;

өзге шығындар.

Негізгі құралдардың өзіндік құнына енгізілетін шығындар болып табылмайтын іс жүзіндегі шығындарға мыналар жатады:

жана ғимаратты ашуға жұмсалатын шығындар;

қызметтер немесе жана өнім өндірісін енгізуға жұмсалатын шығындар (тауарды жылжыту бойынша шараларға және жарнамаға жұмсалатын шығындар);

әкімшілік немесе өзге жалпы жүккүжат шығындары.

Негізгі құралдар объектісінің баланстық құнына енгізілетін шығындарды тану объект тікелей мақсаты бойынша қолдануға дайын болғанда тоқтатылады. Мынадай шығындар негізгі құралдардың баланстық құнына енгізілмейді:

объект жұмыс істейтін қалпында қолданысқа енүі тиіс, бірақ әлі пайдаланылмаған немесе толық емес қуаттылыққа жұмыс істейді деген жағдайлармен туындаған шығыстар;

объекті өндірісіне сұраныс артқан уақытта шегілген алғашқы операциялық шығын; және

мемлекеттік мекемелердің барлық операцияларының бір бөлігін немесе барлығын ауыстыруға немесе қайта ұйымдастыруға жұмсалатын шығындар.

288. Егер актив айырбасталмайтын операция жолымен, яғни қайтарусыз негізде сатып алынса, оның өзіндік құны деп сатып алу мерзіміндегі әділ бағасы танылады. Егер жердің әділ құнын айқындау мүмкін болмаса, кадастрық (бағалау) құны қолданылады. Нөлдік немесе атаулы баға бойынша сатып алынған және әділ құны бойынша танылатын негізгі құралдар объектілерін таныған кезде баға қайта есептеу болып табылмайды.

Негізгі құралдар объектісі басқа активке айырбасқа сатып алынса, алынған объектінің іс жүзіндегі құны оның әділ құны тең баға бойынша қабылданады, ол тапсырылған активтің ақша қаражаты мен олардың баламаларының төленген сомасына түзетілген әділ құнына тең келеді. Жаңа активтің анықталған әділ құны мен оған айырбасқа берілген активтің баланстық құны арасындағы айырма айырбастау операциясынан кіріс немесе шығысты құрайды.

Алынған активтің де, жіберілген активтің де әділ құны сенімді бағалана алмаса, онда негізгі құралдардың сатып алынған объектісінің құны жіберілген активтің баланстық құны бойынша бағаланады. Алынған объектінің құнсыздану тұрғысынан тексеру қажет.

289. Мемлекеттік мекеме негізгі құралдар объектісінің түсімін Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және:

бюджеттік қаржыландыру есебінен немесе ақылы қызметтер, филантропиялық (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызметтен алынған ақшалай қаражат есебінен - сатып алу құны бойынша – 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының;

филантропиялық және (немесе) демеушілік және (немесе) меценаттық қызметтен алынғаны - әділ құн бойынша - 6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" шотының;

үшінші тұлғаларға өтеусіз беру нәтижесінде алынғаны - әділ құн бойынша, сондай-ақ мемлекеттік мекемелер арасында негізгі құралдарды беру нәтижесінде - баланстық құн бойынша 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетеді, бұл ретте бір мезгілде жинақталған амортизация сомасына 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

290. Негізгі құралдарды кейіннен есепке алу үшін мемлекеттік мекеме іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін не қайта бағалау бойынша есепке алу моделін қолданады және негізгі құралдардың барлық сыныбына (тобына) осы модельді қолданады.

Негізгі құралдардың сыныбы сипаты және мемлекеттік мекеме қызметінде қолданылуы жағынан ұқсас активтер тобы.

291. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделі: актив ретінде танығаннан кейін негізгі құралдар объектісін есепке алу кез келген жиналған амортизация мен шығындардың құнсыздануы нәтижесінде жиналған кез келген амортизацияны алып тастағанда, оның өзіндік құны бойынша жүргізіледі.

292. Қайта бағалау моделі: әділ құны сенімді бағаланатын негізгі құралдар объектісін актив ретінде танығаннан кейін есепке алу кез келген жиналған келесі амортизация мен шығындардың құнсыздануы нәтижесінде жиналған кез келген келесі амортизацияны алып тастағанда, қайта бағалау күніне әділ құнды білдіретін оның қайта бағалау құны бойынша жүргізіледі.

Негізгі құралдар объектісін қайта бағалау кезінде осы актив жататын негізгі құралдардың барлық сыныбы (тобы) қайта бағаланады.

Қайта бағалау жиілігі қайта бағалауға жататын негізгі құралдардың әділ құнындағы өзгерістерге байланысты. Егер артық бағаланған активтің әділ құны оның баланстық құнанан айтарлықтай өзгеше болса, қосымша қайта бағалау қажет. Мемлекеттік мекеме қайта бағалауды әр бес жыл сайын жүргізеді.

Жер мен ғимараттардың әділ құны деп кәсіби бағалаушылар орындаған, бағалау жолымен анықталатын олардың нарықтық құны болып табылады.

Машиналар мен жабдықтар санаттарының әділ құны деп әдетте бағалау жолымен анықталатын олардың нарықтық бағасы болып табылады.

Негізгі құралдардың арнайы сипаттағы себебі бойынша немесе осы активтердің сатылуы сирек болу себепті нарықтық құн туралы ақпарат болмағанда, тозуын ескере отырып, олар нақты құны бойынша бағаланады.

293. Жүргізілген қайта бағалау нәтижесінде активтер сыныбының баланстық құнаның артуы таза активтерге/капиталға жатқызылады және Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және 5111 "Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі. Қайта бағалаудан осы актив объектісі құнаның азаюы бұрын танылса, онда негізгі құрал құнаның артуы ағымдағы жылдың қаржы нәтижесіне бұрын қаржы нәтижесінің құрамында танылған сол активтің қайта бағалау құнаның азаю сомасын қалпына келтіретін мөлшерде жатқызылады.

Егер негізгі құралдардың баланстық құны қайта бағалау нәтижесінде азайса, онда мұндай азаудың сомасы ағымдағы жылдың қаржы нәтижесінде көрсетіледі. Алайда, бұл азаю осы активке жататын негізгі құралдардың қайта бағалауға резервте көрсетілген, бар кредиттік қалдығы мөлшерінде таза активтерге/капиталға жатқызылады.

294. Негізгі құралдар объектісін қайта бағалау кезінде, қайта бағалау күніне кез келген жинақталған амортизация:

не активтің баланстық құнының барабар өзгеруіне қарай қайта есептеледі (активтің алғашқы құны мен жинақталған амортизация сомасы қайта бағалауға дейін баланстық құнға қайта бағаланған құнның қатысына тең бір көрсеткішке көбейеді). Жинақталған амортизацияның түзету сомасын қосымша бағалау кезінде: 5111 "Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының кредиті және 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының кредиті бойынша жазумен көрсетіледі

не активтің баланстық құны анықталады, бұл ретте 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шоты дебеттегендегі және активтің қайта бағаланған құнына дейін қайта есептеле тін Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шоты кредиттегендегі (бұл әдіс ғимараттар үшін жиі пайдаланылады).

295. Қайта бағаланған негізгі құралдарды пайдалану шамасына қарай жете бағалау сомасы қаржылық нәтижеге есептен шығарылады: 5111 "Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының дебеті және 5220 "Откен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті.

Негізгі құрал шығып қалған жағдайда пайдаланған уақытта қаржылық нәтижеге ауыстырылмаған жете бағалау сомасы қалдығын есептен шығару жүргізіледі: 5111 "Негізгі құралдарды қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының дебеті және 5220 "Откен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті.

296. Ғимараттардың баланстық құны нөлге тең болған кезде тұрғын және тұрғын емес ғимараттардың бастапқы құнын өзгертуге, бірақ объект экономикалық пайда немесе қызмет көрсету әлеуетін жалғастыра берсе, келесі жолдармен рұқсат етіледі:

1) Қазақстан Республикасының Салық кодексінде көзделген әдістер мен есептерге сәйкес; не

2) кәсіби бағалаушыны тарта отырып бағалау жолымен жүзеге асырылады.

Осы тармақтың нормалары есепке алу моделін тандауға қарамастан қолданылады.

297. Амортизация төмендегі мынадай негізгі құралдардың объектілеріне есептелмейді:

жерге;

мәдени мұра активтеріне;

жабдыққа, экспонаттарға, үлгілерге, әрекет етуші және әрекет етпейтін модельдерге, макеттерге және кабинеттер мен зертханалардағы және оқыту және ғылыми мақсаттар үшін пайдаланылатын басқа да көрнекі құралдарға;

жұмысшы малға, буйволдарға, өгіздерге, ауылшаруашылық қызметке байланысты емес, пайдалану жасына жетпеген көп жылдық екпелерге;

жануарлар әлемінің экспонаттарына (зообақтар және басқа ұқсас мемлекеттік мекемелерде);

кітапханалық қорларға, киноқорға, саҳналық-қойылым құралдарына, мұражайлық және көркем құндылықтарға;

қару-жарапқа және әскери техникаға;

консервациялауға ауыстырылған активтерге.

Тозу нормасы бар негізгі құралдар объектілерінің элементтері амортизациялық аударымдарды анықтау үшін топталады.

Амортизациялық аударымдарды айқындау үшін тозудың әртүрлі нормалары бар негізгі құрал объектісінің құрауыштары бөлек есептеледі. Мемлекеттік мекеме негізгі құрал объектілерінің бастапқы құнын осындай құрауыштары арасында бөледі және әрбір құрауышты жеке амортизациялайды.

298. Негізгі құралдың амортизациясын мемлекеттік мекеме ол пайдалану үшін қол жетімді болған, орындана болған және тікелей нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға жарамды болған кезде есептейді.

299. Негізгі құралдардың амортизациясы ай сайын есептеледі.

Сатып алынған негізгі құралдардың амортизациясын есептеу айдан кейінгі айдың 1-і күнінен бастап жүргізіледі:

монтаждауды жүзеге асыру талап етілмесе, сатып алулар;

монтаждау қажет болса, қолданысқа енгізу.

Шығып қалған негізгі құралдардың амортизациясын есептеу негізгі құралдар объектілерінің шығып қалған айынан кейінгі айдың 1-нен тоқтатылады.

Негізгі құралдың тұрып қалу немесе белсенді емес қолданылу жағдайы болғанда немесе оны алып тастау үшін ұстап қалған жағдайда осы Қағидалардың 297-тармағында көрсетілген активтерден басқа, негізгі құралдар объектісінің амортизациясы толық амортизацияланғанға дейін тоқтатылмайды.

Негізгі құралдардың амортизациясы негізгі құралдарды тану тоқтатылған кезде тоқтатылады.

300. Әр кезеңге амортизациялық есептеулер егер олар басқа активтің баланстық құнына кірмесе, сол кезеңдердің шығыстарында танылады.

301. Негізгі құралдардың құнынан 100% асырып амортизация есептеу жүргізілмейді. Әрі қарай қолдануға жарамды, негізгі құралдар объектісі құнының 100% мөлшерінде жинақталған амортизация тозу себебіне байланысты есептен шығару үшін негіз болып табылмайды.

302. Амортизацияны есептеу әдісі мемлекеттік мекеменің активтің экономикалық пайдасы мен қызметтік әлеуетін тұтыну сыйбасын көрсетеді. Активтің амортизациялық құнын жүйелі бөлу үшін оның пайдалы қолданылу мерзімі ішінде амортизацияны есептеудің түрлі әдістері қолданылады:

тозуды есептеудің біркелкі әдісі;

азаятын қалдық әдісі;

өнім біrlігінің әдісі.

Тозуды біркелкі есептеу әдісі активті пайдалы қолдану мерзімінің ішінде тұрақты аударымдарға әкеледі.

Азаятын қалдық әдісі активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде аударымдардың азауына әкеледі.

Өнім бірлігінің әдісі күтілетін қолдануға немесе алған өнімнің санына негізделген есептеулерге әкеледі.

303. Активті пайдалы қолдану мерзімі әрбір есепті қунге қарастырылады.

Пайдалы қолдану мерзімін анықтау кезінде барлық мынадай төмендегі аспектілер ескеріледі:

активті күтілетін пайдалану (күтілетін қуат, активтің физикалық өнімділігі);

өндірістік факторларға тәуелді күтілетін физикалық тозу және тоқтап қалу кезеңінде активті жөндеу, оған қызмет көрсету және сақтау жөніндегі бағдарлама;

объектіні өзгерту немесе жаңғыруту нәтижесінде туындайтын техникалық немесе коммерциялық ескіру;

активті пайдалануға заңды немесе осыған ұқсас шектеулер.

Активті пайдалы қолдану мерзімі активтің күтілетін пайдалылығын ескере отырып анықталады. Пайдалы қолдану мерзімі активтің экономикалық қызметі мерзімінен қысқа болуы мүмкін.

Негізгі құралдар объектілерінің тарату құны нөлге тең қабылданады.

304. Тозуды біркелкі есептеу әдісін қолдану кезінде негізгі құралдардың амортизациясын есептеу мынадай тәсілдермен:

1) амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып;

2) пайдалы қолданудың белгілі бір мерзімін пайдалана отырып жүргізіледі.

осы Қағидаларға 1-қосымшага сәйкес мемлекеттік мекемелердің ұзак мерзімді активтері бойынша жылдық тозу нормалары белгіленеді.

305. Амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып негізгі құралдар объектілерінің амортизация сомасы негізгі құралдардың бастапқы құнын (қайта есептелгендер үшін – қайта бағаланған құнын) мемлекеттік мекемелердің ұзак мерзімді активтер бойынша тозудың бекітілген жылдық нормаларына сүйене отырып анықталған ай сайынғы амортизация нормасына көбейту жолымен анықталады.

Мемлекеттік мекемелердің ұзак мерзімді активтер бойынша жылдық тозу нормаларында көзделмеген негізгі құралдар бойынша тозуды есептеу осыған ұқсас негізгі құралдарға (активтерге) тозу нормалары бойынша жүргізген жөн.

306. Негізгі құралдар объектілерін амортизациялау әдісі мен тәсілі бірынғай есеп саясатымен анықталады және кезеңнен кезеңге кезекті қолданылады.

307. Негізгі құралдар амортизациясын есептеу 7110 "Ұзак мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" шотының дебеті және 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" шотының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

308. Мемлекеттік мекеме осы Қағидалардың 24 "Активтердің құнсыздануы" деген тауарының ережелеріне сәйкес құнсыздану тұрғысынан активтің баланстық құнын қайта қарастырады.

309. Негізгі құралдардың құнсыздануы 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар" шотының дебеті және 2392 "Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

310. Мемлекеттік мекеме негізгі құралдардың құнсыздануынан шығындарды қалпына келтірген жағдайда мынадай тізбекті жүзеге асырады: құнсызданудан бұрын есептелген шығын сомасының шегінде 2392 "Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының кредиті және 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар" шотының дебеті.

311. Негізгі құралдар объектілерінің құрылышын аяқтау, толық жабдықтау мен қайта жаңарту бойынша жұмыстарын жүргізу кезінде мемлекеттік мекеменің шығындары олардың құнын өсіреді. Бұл ретте егер мемлекеттік мекемеге болашақ экономикалық пайдалар алғашқы бағаланған нормалардан тыс түссе, кейінгі күрделі салымдар нәтижесінде негізгі құралдар объектілерінің баланстық құнын өсіру жүргізіледі.

Болашақ экономикалық пайдаларды (күрделі салымдарды) арттыратын шығындардың үлгілері:

оның қуаттылығын қоса алғанда пайдалы қолданылу мерзімін ұзарту үшін негізгі құралдар объектілерінің модификациясына;

өнім сапасын анағұрлым жақсартуға қол жеткізу үшін машиналардың бөлшектерін жетілдіру; және

бұрын бағаланған шығындарды анағұрлым қысқартуға мүмкіндік беретін жаңа өндірістік үрдістерді енгізу.

312. Мемлекеттік мекеме күрделі шығындарды 2411 "Аяқталмаған құрылыш" қосалқы шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті бойынша көрсетеді. Аяқталмаған құрылыш іс жүзіндегі шығындар бойынша өлшенеді.

Аяқталмаған және аяқталған, бірақ пайдалануға тапсырылмаған құрылыш және қайта жөнделген объектілер бойынша шығындар келесі жылдың балансына ауысады.

Аяқталған және пайдалануға берілген құрылыш объектілері қабылдау актілері негізінде оларға кеткен шығындар толық сомада көрсетіліп, ұзак мерзімді активтерді есепке алу шотына жатқызылады, бұл ретте мынадай жазба көрсетіледі: Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және 2411 "Аяқталмаған құрылыш" қосалқы шотының кредиті.

313. Негізгі құралдар объектілеріне объектінің техникалық жағдайын сақтау мен қолдау мақсатында жүргізілетін қызмет көрсетуге, ағымдағы жөндеуге және негізгі құралдарды қолданысқа беруге жұмсалатын шығындар алғашқы құнды өсірмейді, ал

олар туындау кезіндегі ағымдағы шығыстар ретінде танылады. Кітаптарды жөндеуге және қайта жөндеуге, оның ішінде екінші рет түптеуге жұмсалатын шығындар кітап құнын өсіруге жатқызылмайды және шығысқа есептен шығарылады.

Жөндеуге жұмсалатын шығындарды есептен шығару мынадай жазбамен көрсетіледі : 7090 "Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар" шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

314. Егер негізгі құралдар объектілерінің баланстық құнына объектінің бір бөлігін ауыстыру құны кірсе, онда ауыстырылған бөліктің баланстық құны, ауыстырылған бөлік жеке амортизацияланды ма жок па оған қарамастан баланстан есептен шығарылады. Егер объектінің ауыстырылған бөлігінің баланстық құнын анықтау мүмкін болмаса, мемлекеттік мекеме ауыстыру құнын ауыстырылған бөлік құнының сатып алу немесе салу кезіндегі көрсеткіші ретінде қолдана алады.

Кейбір негізгі құралдардың құрамдас бөліктері белгілі бір уақыт аралығында ауыстыруды қажет етуі мүмкін (жол бірнеше жыл сайын жаңа жабуды қажет етуі мүмкін; пеш белгілі бір пайдалану сағаттарынан кейін төсемді ауыстыруды қажет етуі мүмкін; немесе ұшақтың ішкі жабдықтары, мысалы, орындықтар мен ас үй, фюзеляждың қызмет ету мерзімі ішінде бірнеше рет ауыстырылуға жатады). Кейбір негізгі құрал объектілері мұндай жиі ауыстыруды қажет етпеуі мүмкін.

Осы Қағидалардың 38-тармағында көзделген тану қағидатына сәйкес мемлекеттік мекеме тану критерийлері сақталған жағдайда, мұндай объектінің құрамдас бөлігін олар пайда болған сәтте ауыстыру жөніндегі шығындарды негізгі құралдар объектісінің баланстық құнында таниды. Ауыстырылған компоненттердің қалдық құны осы Қағидалардың 9-тaraуының ережелеріне сәйкес есептен шығарылады.

315. Негізгі құралдар объектілерінің істен шығуы әртүрлі тәсілдермен (сату, қайтарусыз тапсыру, тарату жолымен) болуы мүмкін.

2411 "Аяқталмаған құрылыш" қосалқы шоты бойынша ұзақ мерзімді активтерді қабылдау, беру, істен шығару, есептен шығару бойынша операциялар негізгі құралдар жөніндегі ұқсас операциялармен жүргізіледі.

Негізгі құралдардың шығып қалуы Мемлекеттік мүлік туралы заңының және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қаржы министрінің 2023 жылғы 29 маусымдағы № 721 бұйрығымен бекітілген Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидаларының (бұдан әрі – Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қағидасы) (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33019 болып тіркелген) талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекеме қаржыландыру жоспары бойынша оларға бөлінген қаражат есебінен сатып алынған, оған бекітілген активтерді дербес сатпайды. Активтерді сату Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұлікті басқару саласындағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады. Активтерді сату Мемлекеттік мұлік туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

316. Мемлекеттік мекеме негізгі құралдардың сатылуын баланстық құнға – 7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде осы актив бойынша жинақталған амортизацияның сомасына – 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті корреспонденцияларымен көрсетеді. Құнсызданудан бұрын есептелген резерв болған кезде шығып қалған ұзақ мерзімді активтер бойынша оның есептен шығуы жүзеге асырылады: 2392 "Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының дебеті және "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті.

317. Егер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен бұл соманы қолданудың өзге тәртібі белгіленбесе, активтерді сатудан түсетін соманы мемлекеттік мекемелер бюджет кірісіне аударады және есепте көрсетеді: 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және 6320 "Күрделі салымды қаржыландырудан түсетін түсім" шоты кредиті, сонымен бір мезгілде: 3131 "Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті. Ұзақ мерзімді активтерді сатудан түскен түсім бойынша бюджет алдындағы берешекті өтеу: 3131 "Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті.

318. Негізгі құралдардың жетіспеушілігін анықтаған кезде жазбамен оларды есептен шығару жүргізіледі;

жетіспейтін негізгі құралдардың баланстық қуны есептен шығарылады:

7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және 2300 "Негізгі құралдар" шоты тиісті қосалқы шоттарының кредиті";

жинақталған амортизация есептен шығарылады 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімі шотының (жинақталған амортизацияның сомасына) тиісті қосалқы шотының кредиті.

Құнсызданудан бұрын есептелген резерв болған кезде, оның есептен шығуы шығып қалған ұзақ мерзімді активтер бойынша жүзеге асырылады: 2392 "Негізгі құралдардың

"құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті.

Бюджетке жетіспеушіліктер сомасын өтеу осы Қағидалардың 6 "Дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу тәртібі" деген тарауында қарастырылған.

319. Негізгі құралдардың жойылуынан алынған материалдар құнын кіріске жазу 1319 "Өзге материалдар" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Негізгі құралдарды жоюдан алынған және ғылыми және оқу мақсатында қолданылатын қара металдардық сыйықтары мен қалдықтары 1312 "Оқу, ғылыми және басқа мақсаттарға арналған материалдар" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

320. Мемлекеттік мекемеде активтер түсken кезде негізгі құралдар және аяқталмаған құрылымыс объектілерінің іске қосылуын, инвестициялық жылжымайтын мүліктің пайдалануға берілуін есепке алу үшін және олар ауыстырылған кезде тұрақты қолданыстағы жұмыс істейтін комиссия әрбір жеке объектіге немесе объекті құрауышына екі данада Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-1 нысанды актісін жасайды. Материалдық жауапты тұлға бухгалтерлік қызметке бас бухгалтердің қол қоюы және мемлекеттік мекеме басшысының немесе оған уәкілдегі берген тұлғалардың бекітуі үшін қоса берілген техникалық құжаттамасы бар ресімделген актіні береді.

Негізгі құралдарды есепке алу түгендеу объектілері бөлінісінде олардың сақталу орындары мен жауапты тұлғалары бойынша жүргізіледі.

Негізгі құралдарды есепке алуды ұйымдастыру және сақталуын бақылауды қамтамасыз ету үшін кітапханалық қорлардан басқа әр объектіге (затқа) түгендеу нөмірі беріледі. Талдамалы есеп негізгі құралдар объектілерін есепке алуға, ауыстыруға, түгел жабдықтауға, қайта жөндеуге, жаңғыртуға, күрделі жөндеу мен есептен шығару жөніндегі құжаттардың негізінде толытырылатын түгендеу карточкасында жүргізіледі.

Түгендеу нөмірлері негізгі құралдар объектілеріне олардың тұсу шамасына қарай реттік-сериялық жүйе бойынша беріледі. Түгендеу нөмірі 12 (он екі) белгіден тұрады: бірінші төрт белгі шотты/қосалқы шотты, бесінші және алтыншы белгі топты және соңғы алты белгі – заттың топтағы реттік нөмірін білдіреді. Топтар белгіленбеген шоттар/қосалқы шоттар бойынша бесінші және алтыншы белгі нөлмен белгіленеді.

Түгендеу нөмірлерінің тізбесі мемлекеттік мекеме пайдаланатын бухгалтерлік мекеменің ақпараттық жүйесі арқылы қалыптастырылады. Түгендеу объектісі күрделі болған кезде, яғни онымен бірге бір бүтінді құрайтын сол немесе басқа оқшауланған элементтерді қосқанда, әрбір осындай элементте оларды біріктіретін негізгі объектімен бірдей түгендеу нөмірі көрсетіледі. Түгендеу нөмірі объектіге бекітілген жетонда немесе объектідегі бояумен немесе басқа тәсілмен белгіленеді. Объектіге (затқа)

берілген түгендеу нөмірі оның осы мемлекеттік мекемеде болған барлық кезеңіне сақталады. Шығарылған немесе жойылған мұкәммалдық объектілердің нөмірлері басқа объектілерге берілмейді.

Барлық негізгі құралдар мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған лауазымды тұлғалардың жауапты сақталуынады. Негізгі құралдар объектілерінің сақталуына жауапты тұлғалар Бухгалтерлік құжаттаманың ҰМА-13 нысаны бойынша объект бойынша негізгі құралдардың және инвестициялық жылжымайтын мүліктің түгендеу тізімін жүргізеді. Жауапты тұлғалар негізгі құралдардың сақталуын қадағалайды және барлық өзгерістердің есебін жүргізеді.

Жауапты тұлға ауысқан кезде, оның сақтауындағы негізгі құралдарды түгендеу жүргізіледі, ол туралы Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-1 "Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылданап алу-тапсыру (ауыстыру) актісі" нысаны бойынша негізгі құралдарды қабылданап алу-тапсыру актісі жасалады, оны мемлекеттік мекеме басшысы бекіtedі.

321. Объектінің немесе ұзақ мерзімді активтер объектілер тобының бір құрылымдық бөлімшеден екіншісіне ішкі ауысуын ресімдеу үшін, объектінің немесе негізгі құралдар объектілері топтарын қоймаға қабылдауды ресімдеу үшін немесе қоймадан қолданысқа беру үшін 434 нысанды жүккүжаты немесе 434-қ Нысандар альбомы қолданылады.

322. Жеке түгендеу объектісі деп оған тиесілі барлық құрылғыларымен және жабдықтарымен бірге аяқталған конструктивті құрылғы немесе белгіленген жеке функцияларды орындау үшін конструктивті оқшауланған зат немесе белгіленген жеке функцияларды орындау үшін оқшауланған зат немесе бірыңғай жалпылықты білдіретін және белгіленген жұмысты бірлесе орындайтын конструктивті жиналған заттардың реттелген кешені болып табылады.

"Фимараттар" қосалқы шоты бойынша түгендеу объектісі деп жеке тұрған ғимарат болып табылады. Ғимарат құрамына ғимарат ішіндегі жылжытуға арналған бу қазандығы қондырғысын қоса алғанда жылу жүйесі (егер соңғысы ғимараттың өзінде болса), су мен газ құбырының ішкі желісі және барлық құрылғылары бар көріздеулер, барлық жарықтандыру арматуралары бар жарық беруші өткізгіштің ішкі қондырғысы, ішкі телефондық және дабылдау желілері мен жалпы санитарлық маңыздылығы бар желдеткіш қондырғылары, көтергіштер (лифттер) сияқты, оны қолданысқа беруге қажет, ғимарат ішіндегі барлық коммуникациялар кіреді.

Егер ғимараттар бір бірімен қылышса және қабырғасы жалпы болса, бірақ бір дербес конструктивті тұластықты білдірсе, олар жеке түгендеу объектілері болып табылады.

Аула алдындағы құрылыштар, қоршаулар мен басқа аула алдындағы үй құрылыштары, қызмет көрсетуші ғимараттар (қора, қоршау, құдық және басқа шаруашылық құрылыштары) бір түгендеу объектісін құрайды. Егер бұл құрылыштар

мен үй құрылыштары бір не бірнеше ғимаратқа қызмет көрсетсе, олар дербес түгендеу объектісі болып есептеледі.

Дербес шаруашылық маңызы бар ғимаратқа сыртқы құрылыштар, жеке тұрған бу қазандықтарының ғимараттары, сондай-ақ құрделі аула алдындағы құрылыш (қоймалар, гараждар, тоңазытқыштар және басқа құрылыштар) дербес түгендеу объектілері болып табылады.

323. Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-6, НҚ-9 нысанды түгендеу карточкалары активтерді есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың ҰМА-10 нысанды түгендеу карточкаларының тізілімінде тіркеледі. Тізілім бір данада жүргізіледі. Онда жазулар карточканы ашу жылын көрсете отырып активтер тобының бөлінісінде жүргізіледі. Эр топ үшін беттердің тиісті саны беріледі. Нөмірлеу әр топ бойынша 1-нөмірден бастап жүргізіледі. Орталықтандырылған бухгалтерияларда тізілімдер әрбір қызмет көрсететін мемлекеттік мекеме бойынша осындай тәртіpte жүргізіледі. Активтер шығып қалған не ауысқан жағдайда тізілімнің "Ескертпе" бағанында мемориалды ордердің мерзім (күні, айы, жылы) мен нөмірі көрсетіледі.

Түгендеу карточкалары мемлекеттік мекеменің бухгалтерлік есептің ақпараттық жүйесінде тиісті қосалқы шоттар мен топтар бойынша, олардың ішінде бөлімшесі материалдық жауапты тұлғалар бойынша, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда – қосымша және қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер бойынша қалыптастырылады.

Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-6 нысанды карточкасы ғимараттарды, құрылыштарды, тапсыру құралдарын, машина мен жабдықтарды, өндірістік (тиістілігін қоса алғанда) және шаруашылық мүкәммалын, көлік құралдарын, мәдени мұра активтерін, кітапхана қорларын және өзге негізгі құралдарды есепке алуға арналған. Онда жазбалар бастапқы құжаттар: қолданысқа беру туралы қабылдау актілері, дайындаушы зауыттардың техникалық төлқұжаттары мен басқа құжаттардың негізінде жүргізіледі. Карточкада объектілердің (заттардың) сипаттама белгілері көрсетіледі: сызбасы, моделі, үлгісі, таңбасы, зауыттық нөмірі, шығарылған (дайындалған) мерзімі, қолданысқа енгізу актісінің күні мен нөмірі көрсетіледі. Бұдан басқа объектінің (заттың) қысқаша жеке сипаты жазылады. Жабдықтың, аспаптардың, есептеу техникасының және басқа жабдықтың құрамында бағалы металдар болған жағдайларда "Объектінің қысқа жеке сипаты" бөлімінде құрамында бағалы металл бар бөлшектердің тізбесі, төлқұжатта көрсетілген бөлшек атауы мен металл салмағы көрсетіледі. Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-6 нысанды негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алудың түгендеу карточкаларында теңгемен амортизацияның жинақталған сомасы, жылдық тозу нормасының шифрі, шығып қалған ұзақ мерзімді активтер бойынша ғана соңғы рет тозу есептелген жыл мен ай жазылады.

Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-9 нысанды карточкасы бір үлгідегі негізгі құралдар объектілерін және инвестициялық жылжымайтын мүлікті, кітапханалық қорларды және сахраналық-қойылымдық құралдарды топтық есепке алуға арналған.

Кітапханалық қорлар үшін бір карточка ашылады. Онда есепке алу жалпы сомамен ақшалай шамада ғана жүргізіледі. Сахраналық-қойылымдық құралдар бойынша топтық есепке алу үшін карточкалар материалдық жауапты тұлғалар бойынша, мөлшері бойынша, материал сапасы бойынша жақын және номенклатуралық нөмірді көрсету арқылы бір атау тұрғысынан ашылады.

Мемлекеттік мекеме ішінде ауысқан кезде осы карточканың арғы бетінде жазба жүргізіледі.

Ай сайын карточкалардан амортизация сомасы Бухгалтерлік құжаттаманың 459 нысанды Ұзақ мерзімді активтер амортизациясының сомасын есепке алудың әзірлеме кестесіне жазылады, оның негізінде есепті кезеңдегі негізгі құралдардың (активтердің) жалпы тозу сомасы анықталады.

Жалпы тозу сомасына айдың соңғы күні мемориалды ордер жасалады, кейін ол "Басты-журнал" кітабына ауыстырылады.

324. Негізгі құралдар объектілерін жөндеген, қайта жаңартқан (жаңғыртқан) жағдайда техникалық төлкүжатқа, сондай-ақ тиісті негізгі құралдың түгендеу карточкасына күрделі жөндеуге, қайта жаңартуға (жаңғыртуға) байланысты объектінің сипаттамасына қажетті өзгерістер енгізілуі тиіс.

325. Негізгі құралдар объектілерінің физикалық және моральді тозу салдарынан, зілзала апаттар мен авариялар нәтижесінде, Қарулы Күштерде, басқа әскерлерде және Қазақстан Республикасының әскери құрамаларында пайдаланылмайтын қару-жарақ, әскери техника, қорғаныс объектілері мен өзге әскери мүлікті алып тастағанда жарамсыздығын, оларға жөндеу жүргізудің тиімсіздігін анықтау үшін, сондай-ақ негізгі құралдарды есептен шығаруға қажет құжаттарды ресімдеу үшін мемлекеттік мекеме басшысының бүйрығымен тұрақты әрекет ететін комиссия құрылады. Комиссия құрамына міндетті турде мыналар: мемлекеттік мекеме басшысының орынбасары (комиссия төрағасы), бас бухгалтер немесе оның орынбасары (штат кестесі бойынша бас бухгалтер лауазымы жоқ болған жағдайда, бухгалтерлік есепті жүргізу жүктелген тұлға) негізгі құралдардың сақталуына жауапкершілік артылған тұлғалар кіреді, негізгі құралдардың жеке турлерін есептен шығарғанда комиссия құрамына сондай-ақ тиісті мамандар (сарапшылар), жол полициясының өкілі (автокөлік құралдарын есептен шығарғанда) кіреді. Тұрақты әрекет ететін комиссия техникалық құжаттаманы (төлкүжат, әр қабат сайынғы жоспарлар мен басқа құжаттар) тарта отырып, есептен шығаруға жататын объектіні тікелей тексеруді жүргізеді, сондай-ақ бухгалтерлік есептің деректерін қолданады және қалпына келтіруге және әрі қарай қолдануға жарамсыз екенін белгілейді.

326. Комиссия есептен шығару себептерін (тозу, реконструкциялау, апат және басқа есептен шығару себептері), есептен шығарылатын объектінің жекелеген материалдарын, бөлшектерін, материалдарын пайдалану мүмкіндігін анықтайды, оларды бағалауды жүргізеді және негізгі құралдар объектілерін есептен шығару актісін жасайды. Жарамсыз негізгі құралдарды, аяқталмаған құрылышты және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару Нысандар альбомына сәйкес ресмелейді "Негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару актісі" (Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-3 нысаны), "Автокөлік құралдарын есептен шығару актісі" (Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-4 нысаны), "Құралдар балансынан, өндірістік және шаруашылық мүкәммалын есептен шығару актісі" (Бухгалтерлік құжаттаманың 443-нысаны), "Мемлекеттік мекемелерде кітапханадан әдебиетті есептен шығару актісі" (Бухгалтерлік құжаттаманың 444-нысаны). Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару актісін мемлекеттік мекеме басшысы бекітеді.

Негізгі құралдарды, инвестиациялық жылжымайтын мүлікті есептен шығару актісін мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді. Есептен шығару актілері бекітілгенге дейін негізгі құралдар, аяқталмаған құрылыш және инвестиациялық жылжымайтын мүлік объектілерін бөлшектеуге және бөлшектеуге жол берілмейді. Мемлекеттік мекемелердің мүлкін есептен шығару Мемлекеттік мүлік туралы заңға және Дүлей зілзалалар мен авариялар салдарынан физикалық немесе моральдық тозуынан жарамсыз болған мемлекеттік мүліктің жекелеген түрлерінің бұзылуын және жойылуын ресімдеу қафидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Негізгі құралдардың жекелеген объектілерін жинаудан алынған және мемлекеттік мекеменің шаруашылық қажеттілігі үшін қалдырылған материалдар қорларға қайта сыныпталады және Бухгалтерлік құжаттаманың 429-р нысаны бойынша Ұзақ мерзімді активтерді бұзу және бөлшектеу кезінде алынған қорларды кіріске алу туралы актімен ресімделеді.

Бағалы металдарды қолдана отырып жасалған бөлшектер мен желілер мамандандырылған кәсіпорындарға тапсыруға жатады, ал түсті металлдардан жасалған және басқа жабдықты жөндеу үшін қолданылмайтын бөлшектер мен желілер осындағы шикізатты жинау жүктелген ұйымдарға тапсыруға жатады.

327. Негізгі құралдарды баланстан есептен шығарудың қолданыстағы тәртібі бұзылған, сондай-ақ материалдық құндылықтарға салғырт қараған жағдайда (жою, жандыру, жоғалту), бұған кінәлі тұлғалар заңнамада белгіленген тәртіппен жауапкершілікке тартылады.

Негізгі құралдар объектілерін (автокөлік құралдарынан және әскери мүліктен басқа) толық немесе жартылай есептен шығаруды ресімдеу үшін негізгі құралдардың шығып қалуына (есептен шығарылуына) акті қолданылады. Акт 2 (екі) данада жасалады, комиссия мүшелері қол қояды және ұйым басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді. Актінің бірінші данасы бухгалтерлік қызметке негізгі құралдарды есептен

шығару үшін тапсырылады, екіншісі – осы объектінің сақталуына жауапты тұлғада қалады әрі қоймаға тапсыруға және есептен шығару нәтижесінде қалған қосалқы бөлшектерді, материалдарды, металл сыйығын және есептен шығарғаннан кейін қалған басқа да қосалқы бөлшектерді іске асыруға негіз болып табылады.

Автокөлік құралдарын есептен шығару актің автокөлік құралдарын есептен шығаруды ресімдеу үшін қолданылады. Комиссия 2 (екі) данада акті жасайды, мемлекеттік мекеменің басшысы бекітеді. Актінің бірінші данасы жол полициясы органдарында есептен шығарылғанын дәлелдейтін құжатпен бухгалтерлік қызметке тапсырылады, актінің екінші данасы автокөлік құралдарының сақталуына жауапты тұлғада қалады әрі қоймаға тапсыруға және есептен шығару нәтижесінде қалған қорлар мен металл сыйығын іске асыруға негіз болып табылады.

Негізгі құралдардың шығып қалуы мен ауысуы бойынша операцияны есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 438 нысанында (9-мемориалды ордер) жинақтау ведомосінде жүргізіледі. Жинақтау ведомосіне жазбалар әр құжат бойынша жүргізіледі. Бұл ретте "Жиыны" бағанында шығып қалған және ауыстырылған материалдық құндылықтардың сомасы жазылады, ол қосалқы шоттар дебеті бойынша жазбалар сомасына тең болады. Ай аяқталғаннан кейін қосалқы шоттар бойынша қорытындылар "Басты-журнал" кітабында жазылады.

328. Жабдықты тексеру, монтаждау немесе синау процесінде ақаулықтар анықталған кезде, жабдықтың анықталған ақаулары туралы акт қолданылады.

329. Жерлерді жақсарту бойынша күрделі шығындарды есепке алу мынадай іс-шаралар бөлінісінде жүргізіледі: алып жатқан алқабы мен әр іс-шара бойынша орындалған жұмыстардың құнын көрсете отырып жер участкілерін жоспарлау, егістік алқабын тазарту, тоғайларды тазалау.

330. Есепті кезең ішінде негізгі құралдардың (активтердің) тозуының жалпы сомасын есепте өзгерту түгендеу объектілері түскен (көнергендігі мен тозуы бойынша жоюға байланысты есептен шығаруды қоса алғанда шығып қалу) кезде жүргізіледі.

331. Негізгі құралдардың жалға алынған объектілері оған жалға беруші берген түгендеу нөмірлерімен 01 "Жалға алынған активтер" балансталған шотында ескеріледі.

10-тaraу. Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу тәртібі

332. Жалға беру төлемдерін алу немесе капитал құнын өсіру мақсатында иеліктері (қаржылық жалдау шарты бойынша жалға алушының немесе меншік иесінің иелігіндегі) жылжымайтын мүлік (жер немесе ғимарат немесе ғимарат бөлігі немесе анау да, мынау да) инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылады, бірақ:

өндірісте немесе тауарларды жеткізуде, қызмет көрсетуде, әкімшілік мақсаттарға қолдану үшін емес;

қалыпты шаруашылық қызметі барысында сату үшін.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде оларды жалға тапсырудан кіріс алуға арналған объектілер (ғимарат, жер немесе олардың бір бөлігі) танылады.

Мыналар инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылады:

қысқа мерзімнен кейін сату үшін емес, ұзақ мерзімді перспективада капиталдың өсімін алуға арналған жер;

әрі қарай қолданылуы қазіргі уақытта әлі анықталмаған жер;

мемлекеттік мекемеге тиесілі (қаржылық жалдау шарты бойынша оның иелігіндегі) және шарт бойынша операциялық жалға берілген ғимарат;

бос емес, бірақ сыртқы тараптарға операциялық жалға беруге арналған ғимарат.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік баптары болып табылмайтын, сондықтан Қағидалардың осы тарауының саласынан тыс мыналар болып табылады:

қалыпты қызмет барысында сатуға арналған немесе салу немесе сату процесіндегі сату мақсатында қайта жөндеудегі жылжымайтын мүлік қорлар ретінде қарастырылады;
;

мемлекеттік мекеме тапсырысы бойынша үшінші тұлғалар салатын немесе қайта жөндейтін жылжымайтын мүлік құрылышқа шарттар ретінде қарастырылады;

тек қызметтік қолданыста қолданылатын жылжымайтын мүлік (меншік иесі алғы отырған);

құрылыш жұмыстары аяқталған сәтке дейін инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде болашақта қолдану үшін салынып жатқан немесе қайта жаңартылып жатқан жылжымайтын мүлік. Мұндай жұмыстар аяқталғаннан кейін бұл жылжымайтын мүлік инвестициялық жылжымайтын мүлік болып танылады;

әлеуметтік қызмет көрсетуге арналған жылжымайтын мүлік;

стратегиялық мақсаттарға арналған жылжымайтын мүлік, оның есебі осы қағидалардың "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" бөліміне сәйкес жүргізіледі.

333. Егер объектінің бір бөлігі жалдау ақысын немесе капитал өсімін алу үшін, ал басқа бөлігі – әкімшілік мақсаттар үшін қолданылса әрі объектінің осындай бөліктері бір біріне қатыссыз сатылса (немесе бір-біріне қатысты емес қаржылық жалдауға берілсе), мемлекеттік мекеме объектінің көрсетілген бөліктерін жеке ескереді. Егер объектінің бөліктерін жеке-жеке сатуға болмаса, егер бұл объектінің елеусіз бөлігі әкімшілік мақсаттар үшін қолданылса, тек сол жағдайда объект инвестициялық жылжымайтын мүлік болып табылады.

334. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің бухгалтерлік есебі дұрыс құжатты ресімдеуді және инвестициялық жылжымайтын мүлік түсімін есепке алу тізілімінде уақытылы көрсетуді, инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде қайта жіктелген немесе негізгі құралдардың объектілеріне қайта жіктелген жылжымайтын мүліктің ауыстырылуын қамтамасыз етуді қамсыздандыруы тиіс.

335. Мемлекеттік мекеменің инвестициялық жылжымайтын мүлігін есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік";

2520 "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы".

336. Инвестициялық жылжымайтын мүлік мынадай:

инвестициялық жылжымайтын мүлікке байланысты мемлекеттік мекемеге болашақ экономикалық пайдалар мен қызметтер әлеуеті түсімінің ықтималдығы болғанда, және іс жүзіндегі шығындар немесе инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны сенімді өлшенсе, актив деп танылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік алғаш танылғанда өзіндік құны бойынша, яғни іс жүзіндегі шығындары бойынша бағаланады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құны сатып алу бағасын және оған жатқызылатын тікелей шығындарды қамтиды. Бұл ретте тікелей шығындар, мысалы: кәсіби заңды қызметтердің құнын, мүлікті тапсыруға салықтарды және басқа операциялық шығындарды қамтиды.

Өз күшімен салынған инвестициялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құны құрылышы немесе қайта жаңарту аяқталған күнге өзіндік құн болып табылады. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құрылышы немесе оны қайта жаңарту кезеңінде есепке алу тәртібі осы қағидалардың "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" бөліміне сәйкес жүргізіледі. Жұмыстың аяқталу күніне Қағидалардың осы тарауы қолданылады.

337. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құны:

алғашқы шығындар сомасына (жылжымайтын мүлікті оның мақсатты функцияларына сәйкес жұмыс істеу жағдайына келтіру үшін қажет осындай шығындарды қоспағанда);

инвестициялық жылжымайтын мүліктің жоспарланған жұмыспен қамту деңгейіне қол жеткізілгенге дейін шеккен бастапқы операциялық шығындар;

жылжымайтын мүлікті салу немесе қайта жаңарту кезінде жүзеге асырылған материалдардың, енбектің немесе өзге ресурстардың нормадан тыс шығындарының сомасына арттырылады.

338. Егер актив айырбасталмайтын операция жолымен немесе атаулы құны бойынша немесе мүлікті тәркілеу өкілеттіктерін қолдану арқылы сатып алынса, сатып алу күніндегі әділ құн оның құны болып табылады.

339. Қаржылық жалға беруден ұсталатын инвестициялық жылжымайтын мүліктің бастапқы құны осы қағидалардың "Жалға беруді есепке алу тәртібі" бөлімінде, яғни жылжымайтын мүліктің ең аз әділ құны бойынша немесе ең аз жалға беру төлемдерінің дисконтталған құнымен айқындалады, бұл ретте баламалы сома міндеттеме болып танылады.

340. Инвестициялық жылжымайтын мүлікті сатып алу шоттардың мынадай корреспонденциясымен көрсетіледі: 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік"

шотының дебеті және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

341. Қолдануға қабылданған көтерілген ғимараттар немесе құрылыштар немесе инвестициялық жылжымайтын мүлікті тану өлшемдеріне жауап беретін, қайта жөндеуден кейінгі ғимараттар мен құрылыштар, сондай-ақ "Негізгі құралдар" санатынан "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" санатына ауыстыру кезінде мынадай тізбек жүзеге асырылады: 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" шотының дебеті және 2411 "Аяқталмаған құрылыш" қосалқы шотының немесе 2320 "Ғимараттар" шоты қосалқы шотының кредиті.

342. Инвестициялық жылжымайтын мүлікті қолдану процесінде пайдалы қызмет ету мерзімін созу үшін, бұл келешек экономикалық пайдалардың өсуіне әкеледі, сондай-ақ одан келешек экономикалық пайдаларды қалпына келтіру немесе сақтау мақсатында объектінің жұмыс жағдайында қолдау үшін жағдайын жақсартуға бағытталған мынадай шығындарда қажеттілік туындаиды.

Бұл ретте келесі курделі салымдар нәтижесінде инвестициялық жылжымайтын мүліктің баланстық құнының өсуі болашақ экономикалық пайдалар алғашқы бағаланған нормалардан тыс мемлекеттік мекемеге түскен жағдайда ғана жүргізіледі.

Жылжымайтын мүліктің бөлігін алмастыру, қосымша салу мақсаты салдарынан шегілген шығындар инвестициялық жылжымайтын мүліктің өзіндік құнына кіреді. Мемлекеттік мекеме баланстық құнда тану өлшемдерінің талаптары орындалған кезде, осындаш шығындардың туындау сәтінде бар инвестициялық жылжымайтын мүліктің бөліктерін ауыстыруға жұмсалатын шығындарды көрсетеді.

Барлық өзге кейінгі шығындар олар шегілген кезеңдегі шығын ретінде танылуы тиіс

:

объектінің техникалық жағдайын қолдау және сақтау мақсатында жүргізілетін инвестициялық жылжымайтын мүлікті жөндеуге және қолдануға шығындар;

активті дұрыс қолданбау нәтижесінде, апат салдарынан не өзге бұзулар салдарынан болатын инвестициялық жылжымайтын мүлікті жөндеуге және қалпына келтіруге шығындар.

343. Инвестициялық жылжымайтын мүлікті одан әрі есепке алу үшін мемлекеттік мекеме іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін не әділ құны бойынша есепке алу моделін қолданады және инвестициялық жылжымайтын мүліктің барлық сыйныбына (тобына) осы модельді қолданады.

344. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделі: актив ретінде танылғаннан кейін инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісін есепке алу кез келген жинақталған амортизация мен шығындардың құнсыздану нәтижесінде жинақталған кез келген амортизацияны алғып тастағанда оның өзіндік құны бойынша жүргізіледі (Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін қолдану жөніндегі осы қагидалардың 9 "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" деген тарауының ережелеріне ұқсас).

345. Әділ құны бойынша есепке алу моделі: әділ құны сенімді өлшенуі мүмкін инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу актив ретінде танылғаннан кейін әділ құны бойынша жүргізіледі.

346. Әділ құн бойынша есепке алу моделі бойынша инвестициялық жылжымайтын мүліктің барлық обьектілері алғашқы танылғаннан кейін салыстырмалы нарықтық операциялар жиі жузеге аспаған және әділ құнның баламалы бағалануы болмаған кезде, әділ құнды анықтау мүмкін болмаған жағдайды қоспағанда әділ құн бойынша бағаланады (мысалы, ақша қаражатының дисконтталған ағындары болжауларының негізінде). Бұл жағдайда мемлекеттік мекеме іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделін қолданады және инвестициялық жылжымайтын мүлік шығып қалғанға дейін немесе ол ұзақ мерзімді активтердің басқа санатына ауысқан сәтке дейін (қайта жіктеу) осы қағидалардың 9 "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" деген тарауының ережелерін қолданады.

347. Әділ құн бойынша есепке алу моделін қолданатын мемлекеттік мекеме мұндай өлшеуді шығып қалғанға дейін немесе меншік иесі алғып отырған жылжымайтын мүлік болған сәтке дейін немесе кейін сату үшін оны реконструкциялауды бастағанға дейін жалғасады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ құны әдетте кәсіби бағалаушылар орындаған, бағалау жолымен анықталатын олардың нарықтық бағасы болып табылады.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің әділ бағасының өзгеруінен кірісті немесе шығысты олар туындаған кезеңнің кірістерінде не шығыстарында таныған жөн:

қайта бағалау нәтижесінде активтер сыныбының баланстық құнының өсуі 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" шотының дебеті және 6310 "Әділ құнның өзгеруінен түсетін кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі;

әділ құнды өзгерту нәтижесінде активтер сыныбының баланстық құнын ұлғайту 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" шотының дебеті және 6310 "Әділ құнның өзгертуден түсетін кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

348. Инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына ауыстыру немесе одан алғып тастау активтің қолданылуы өзгерген кезде жүргізіледі:

меншік иесінің жылжымайтын мүлігі ретінде жылжымайтын мүлікті қолдану басында жылжымайтын мүлік санатынан негізгі құралдар санатына ауыстырған кезде;

сату мақсатында қайта жаңарту басында - инвестициялық жылжымайтын мүлік санатынан қорлар санатына ауыстырғанда;

меншік иесінің жылжымайтын мүлікті пайдалануы аяқталғанда – негізгі құралдар санатынан инвестициялық жылжымайтын мүлік санатына ауыстырғанда; немесе

жылжымайтын мүлікті салу немесе қайта жаңарту аяқталғанда – салу немесе қайта жаңарту процесіндегі жылжымайтын мүлік санатынан (осы қағидалардың 9 "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" деген тарауы) жылжымайтын мүлік санатына ауыстырғанда.

349. Егер мемлекеттік мекеме инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісінің қайта жаңартусыз есептен шығару туралы шешім қабылдаса, онда берілген объектіні оны тану тоқталғанға дейін оны қорларға ауыстырмайды, ал инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде ескеруді жалғастырады. Сондай-ақ егер мемлекеттік мекеме инвестиациялық жылжымайтын мүлік ретінде әрі қарай қолдану үшін бар инвестициялық жылжымайтын мүлікті қайта жаңартуды бастаса, онда қайта жаңарту ішінде объекті активтердің басқа баптарына қайта жіктелмейді.

350. Іс жүзіндегі шығындар моделі бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлікті ескеретін мемлекеттік мекеме инвестиациялық жылжымайтын мүлікті негізгі құралдар немесе қорлар санатына ауыстыруды объектілердің баланстық құнын, сондай-ақ ақпаратты ашу мен өлшеу мақсаты үшін осы объектілердің құнын өзгертпей жүргізеді.

Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алынатын негізгі құрал объектісін іс жүзіндегі шығындар бойынша ескерілетін инвестиациялық жылжымайтын мүлік санатына көшіру жинақталған амортизация мен негізгі құралдың құнсыздануы бойынша резервті есептен шығаруды ескере отырып көрсетіледі: 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" шотының дебеті, 2320 "Ғимараттар" шоты қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде 2392 "Негізгі құралдардың құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының дебеті, 2522 "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының дебеті және 2521 "Инвестициялық жылжымайтын мүліктің жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының кредиті.

351. Әділ құн бойынша ескерілетін инвестиациялық жылжымайтын мүлік объектісін негізгі құралдар санатына ауыстырган кезде осы Қағидалардың 9 "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" деген тарауына сәйкес келесі есепке алу үшін берілген активтің құны деп оның мақсатын өзгерту мерзіміндегі әділ құн болып табылады: Шоттар жоспарының "Негізгі құралдар" бөлімінің шоттарының тиісті қосалқы шоттарының дебеті және 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" шотының кредиті.

Әділ құн бойынша есепке алынатын негізгі құралдарды инвестиациялық жылжымайтын мүлікке көшіру мынадай тізбектермен көрсетіледі: 2510 "Инвестициялық жылжымайтын мүлік" шотының дебеті және 2320 "Ғимараттар" шотының кредиті; бір мезгілде ауыстырылатын объект бойынша жиналған амортизация 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" шотының дебеті және 2320 "Ғимараттар" шотының тиісті қосалқы шотының кредиті бойынша есептен шығарылады.

352. Егер есепте негізгі құралдар ретінде танылатын жылжымайтын мүлік объектісі әділ құн бойынша ескерілетін инвестиациялық жылжымайтын мүлік санатына ауысса, мемлекеттік мекеме оның тағайындалу мерзімін өзгерткенге дейін осы қағидалардың "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" бөлімімен регламенттелетін есепке алу тәртібін

қолданады. Мемлекеттік мекеме осы күнге бұл объектінің баланстық құны мен оның әділ бағасы арасындағы кез келген айырманы осы Қағидалардың 9 "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" деген тарауының ережелеріне сәйкес ескереді. Мемлекеттік мекеме негізгі құралдар ретінде танылатын жылжымайтын мүлік объектісін амортизациялауды жалғастырады және оның құнсыздануынан туындаған шығындарды әділ құн бойынша ескерілетін инвестициялық жылжымайтын мүлік болғанға дейін тануды жалғастырады.

353. Мемлекеттік мекеменің өз күшімен құрылған, әділ құн бойынша ескерілетін инвестициялық жылжымайтын мүлік объектісінің құрылышы мен қайта жаңартуын аяқтағанда, осы объектінің осы күнге әділ бағасы мен алдындағы баланстық құны арасындағы кез келген айырма кезеңдегі кірістерде және шығыстарда танылады.

354. Инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығып қалуы сату немесе басқа мемлекеттік мекемеге тапсыру жолымен жүргізіледі.

Инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығып қалуы нәтижесінде туындаған кірістер мен шығыстар шығып қалудан таза түсімдер мен активтің баланстық құны арасындағы айырма ретінде анықталады.

Инвестициялық жылжымайтын мүлік шығып қалған кезде алуға тиесілі өтеу әділ құн бойынша танылады.

355. Инвестициялық жылжымайтын мүлікпен жасалатын операцияларды құжаттамалық ресімдеу негізгі құралдармен жасалатын операцияларды құжаттамалық ресімдеу тәртібіне сәйкес жүзеге асырылады.

11-тaraу. Биологиялық активтерді есепке алу тәртібі

356. Биологиялық активтерге мыналар жатады: малдар және өсімдіктер.

осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысанда биологиялық активтер, ауыл шаруашылық өнімдерінің және оларды алғаннан (жиналғаннан) кейінгі соңғы қайта өндіру нәтижелері көрсетілген.

357. Ауылшаруашылық қызметі әртүрлі қызмет түрлерін қамтиды: мал шаруашылығы, орман шаруашылығы, біржылдық не көпжылдық дақылдарды өсіру, бақтар мен плантацияларды өсіру, гүл шаруашылығы және аквамәдениет (балық шаруашылығын қоса алғанда). Мынадай сипаттамалар ауылшаруашылық қызметінің барлық түрлеріне тән:

биологиялық активтер биоөзгеруге қабілетті болуы тиіс;

ауылшаруашылық қызметі басқарылуы тиіс;

биоөзгеруден болатын сандық және сапалық өзгерістер үнемі зерттеліп отырады және ауылшаруашылық қызметін басқару процесінің бір бөлігі ретінде өлшенеді (мысалы, жеміс пен жидектің пісу барысындағы сапалық өзгерістерді не олардың мөлшері мен салмағын – сандық өзгерістерді бақылап отыру).

Нәтижесінде биоөзгеру активтердің дамуына (жануарлардың не өсімдіктердің санының артуы немесе олардың сапалық сипаттамаларының жақсаруы), мал не өсімдік

тұқымының азы немесе олардың сапалық сипаттамасының нашарлауына, немесе молаю (қосымша биологиялық активтердің пайда болуы) өзгеруіне немесе латекс, шай жапырағы, жүн және сұт, мақта сияқты және басқа өнімді өндіруге әкеледі.

358. Қағидалардың осы тарауы "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" және "Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу тәртібі" бөлімдеріне сәйкес ескерілетін, осы Қағидалардың "Корларды есепке алу тәртібі" бөліміне сәйкес жүзеге асырылатын ауылшаруашылық жерлерін, ауылшаруашылықпен байланысты материалдық емес активтерді, ауылшаруашылық өнімдерін жинаудан кейін есепке алу үшін қолданылмайды.

359. Биологиялық активтерді есепке алуға мынадай шottар арналған:

2610 "Жануарлар";

2620 "Көпжылдық екпелер";

2630 "Биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздандыу".

360. Биологиялық актив және ауылшаруашылық өнімі оны жинау кезінде тек мына жағдайларда танылады:

актив өткен оқиғалар нәтижесінде қадағаланады;

осы активтен болашақта экономикалық пайда немесе сервистік әлеует алу ықтималдығы бар;

активтің әділ немесе өзіндік құнын жеткілікті сенімділік дәрежесімен есептеуге болады.

Ауылшаруашылық қызметінде бақылаудың болу дәлелі ірі қара малға зандық меншіктік құқықтың болуы, сатып алу, туылуы немесе ажырауы кезінде оны таңбалau немесе өзгеше белгілеу болып саналады. Болашақ экономикалық пайда негізгі физикалық өлшемдер шамасына қарай бағаланады.

Ауылшаруашылық өніміне алғашқы тану сәтінде одан жиналған биологиялық активке қолданған бағалау әдісін қолданған жөн.

Ауылшаруашылық мақсатындағы жерді есепке алу тағайындалуына қарай осы Қағидалардың "Негізгі құралдарды есепке алу тәрт" 9-тарауының және "Инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алу тәртібі" 10-тарауының ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

361. Биологиялық активтерді сатып алу мынадай есептер корреспонденциясымен көрсетіледі: 2610 "Жануарлар", 2620 "Көпжылдық екпелер" шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

362. Сатуға жұмсалған шығындарды шегергеннен кейін, биологиялық активті немесе ауыл шаруашылығы өнімін әділ құны бойынша бастапқы тану кезінде туындаитын қаржылық нәтиже кірістер мен шығыстардың құрамына енгізіледі. Шығыстар бастапқы тану кезінде сатуға жұмсалған шығындарды шегеруге байланысты, ал кірістер, мысалы, бұзау туылған кезде туындаиды.

363. Өз шаруашылығында төлдеуден алынған жануарлардың жас төлі үнемі тұрақты әрекет ететін комиссия құрған төлдеу актісінің негізінде төлдеу күні кіріске жазылады, бұл ретте алынған төлдің құнына 2610 "Жануарлар" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті бойынша жазба жүргізіледі.

364. Материалдық жауапты тұлғаның кінәсі бойынша жануарлардың өлімі болған жағдайда шаруашылыққа келтірілген залал "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" және "Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі" Қазақстан Республикасының кодекстеріне сәйкес кінәлі тұлғалардан өндіріп алынуы тиіс.

365. Биологиялық активтер жеке топтарға бөліне отырып ескеріледі:

жас көшеттердің барлық түрлері толық дамуға жеткен көшеттерден яғни жеміс әкелу басындағы жастан, ағаштың ұшар басының қосылуынан және бөлек ескеріледі;

өнімді және тұқымды малдың жас төлі түрлері және жас топтары бойынша бөліну арқылы ескеріледі;

ересек малдар түрлері бойынша бөлу арқылы ескеріледі.

Биологиялық активтерді бір топтан екінші топқа ауыстыру ішкі ауыстыру ретінде танылады.

366. Биологиялық активтер алғаш танылған сәтінде және әрбір есепті кезеңге әділ құны бойынша биологиялық активтерді есепке алу кезінде әділ құнын анықтау мүмкін емес жағдайларды қоспағанда, сатуға қосымша шығындарды алып тастағанда әділ бағасы бойынша өлшенеді.

Биологиялық активтерден алынған ауылшаруашылық өнімі мемлекеттік мекеменің тұрақты әрекет ететін комиссиясы актісінің негізінде өнімді алу сәтінде анықталатын оның сатылуына қосымша шығындарды шегере отырып анықталатын әділ баға бойынша өлшенеді.

Белсенді нарық болған кезде биологиялық активтің немесе ауылшаруашылық өнімінің әділ құнын негізгі сипаттамалары бойынша (мысалы, осы нарықта бағаны белгілеу үшін қолданылатын жас бойынша немесе сапа бойынша) биологиялық активтер мен ауылшаруашылық өнімді топтау жолымен анықтауға болады.

Активтерді қаржыландыруға өнім жиналғаннан кейін қайта қалпына келтіруге байланысты ақша қозғалысы (мысалы, ормандағы кесілген ағаштардың орнына ағаш отырғызуға байланысты шығыстар) есепке қосылмайды.

Ауылшаруашылық өнімінің егінді жинау кезіндегі әділ құны жеткілікті нақтылық дәрежесімен анықталады.

Сатуға қосымша шығындар комиссиялық шығыстарды, салықтарды, меншікке беруге алымдар мен баждарды қамтиды. Сатуға қосымша шығындарға нарыққа активтерді жеткізуға байланысты көліктік және өзге шығыстар жатпайды.

Нарықтық баға немесе басқа өзіндік құн көрсеткіші болмаған жағдайда биологиялық активті жиналған амортизация мен оның құнсыздандынуынан шығындарды

алып тастағанда, өзіндік құн бойынша бағалаған жөн (іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделі).

Биологиялық активтің әділ құнын сенімділіктің жеткілікті дәрежесімен бағалау мүмкіндігі болмаған кезде, сату бойынша болжамды шығыстарды шегере отырып, әділ құн бойынша бағалауға көшу керек.

Жекелеген жағдайларда активтің өзіндік құны оның әділ құнына тең болуы мүмкін: биоөзгеру бастапқы шығыстардан бастап орын алмаса (мысалы, тікелей есептік құн алдында отырғызылған жеміс-жидек ағаштарының көшеттері);

биоөзгерудің бағаға маңызды әсер беруі күтілмесе (мысалы, өндірістік циклі 30 (отыз) жылды құрайтын орман шаруашылығындағы қарағайлардың алғашқы өсу сатысында).

Егер биологиялық актив болжамды өткізу шығындары шегеріле отыра әділ құны бойынша бағаланса, бұл биологиялық актив есептен шығарылғанша бағалануы тиіс. Әділ құн бойынша бағалаудан өзіндік құн бойынша бағалауға көшуге, тек әділ құн бойынша бағалаудан нарықтағы бағалардың төмен түсіп кетуіне байланысты бас тартуға тыйым салынады.

Жермен тығыз байланысты биологиялық активтер (мысалы, орман шаруашылығындағы ағаштар) болжамды өтімді шығыстарды шегере отырып әділ құны бойынша жерден бөлек көрсетіледі.

Биологиялық активтерден алынған ауылшаруашылық өнімі "Қорлар" шотының тиісті қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті бойынша кіріске жазылады.

367. Биологиялық активті танығаннан кейін биологиялық активтерді іс жүзіндегі шығындар (өзіндік құны) бойынша есепке алу кезінде кез келген жиналған амортизацияны және құнсыздану нәтижесінде кез келген жиналған шығындарды алып тастағанда оның өзіндік құны бойынша жүргізіледі.

Биологиялық активтердің амортизациясы амортизацияның белгіленген жылдық нормаларға сүйене отырып ай сайынғы амортизация нормаларын пайдалана отырып, толық тозғанға дейін тұрақты негізде ай сайын есептеледі.

Биологиялық активтердің жойылу құны нөлге тең.

Сатып алынған биологиялық активтердің амортизациясын есептеу сатып алудан кейінгі айдың 1-інен бастап жүргізіледі және биологиялық активтің шығып қалуынан кейінгі айдың 1-інен бастап тоқтатылады.

Биологиялық активтердің амортизациясын есептеу мынадай жазбамен көрсетіледі 7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" шотының дебеті және 2631 "Биологиялық активтердің жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының кредиті.

368. Биологиялық активтерді сату және беру негізгі құралдармен жасалатын операцияларға ұксас ескеріледі.

Жемдеу аяқталғаннан кейін сойылған малдардың құны 7460 "Өзге шығыстар" шотының дебеті және 2610 "Жануарлар" шотының кредиті бойынша есептен шығарылады. Бұл ретте алынған өнімнің құны акті негізінде 1330 "Дайын өнім" шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті бойынша кіріске жазылады.

Материалдық жауапты тұлғаның кінәсі бойынша жануарлардың өлімі болған жағдайда шарушылыққа келтірілген залал заннамада белгіленген тәртіпте кінәлі тұлғалардан өндірілуі тиіс.

369. Түгендеу барысында анықталған биологиялық активтердің жетіспеушілігін өндіріп алу кінәлі тұлғалар есебінен жүргізіледі. Залалды немесе жетіспеушілікті есепте көрсету осы Қағидалардың "Дебиторлық және кредиторлық берешекті есепке алу тәртібі" тарауының 163-тармағында көрсетілген.

370. Мемлекеттік мекемеге жануарлар мен өсімдіктер түскен кезде және ауысқанда тұрақты әрекет ететін комиссия 2 (екі) данада Бухгалтерлік құжаттаманың BA-1 "Биологиялық активтерді (жануарларды) қабылдау – тапсыру (ауыстыру) актісі" нысанды актісін, Бухгалтерлік құжаттаманың BA-1A "Биологиялық активтерді (өсімдіктерді) қабылдау – тапсыру (ауыстыру) актісі" нысанды актісін жасайды. Материалдық жауапты тұлға бас бухгалтерге қол қою және мемлекеттік мекеме басшысы бекіту үшін рәсімделген актіні қосымша құжаттарымен бірге бухгалтерлік қызметке тапсырады.

Барлық биологиялық активтер мемлекеттік мекеме басшысының бұйрығымен тағайындалған тұлғалардың жауапты сақталуында болады. Жауапты тұлғалар биологиялық активтердің түгендеу тізімдерін Бухгалтерлік құжаттаманың "Мемлекеттік мекемелерде биологиялық активтерді (жануарларды) есепке алушың түгендеу карточкасы", "Мемлекеттік мекемелерде биологиялық активтерді (өсімдіктерді) есепке алушың түгендеу карточкасы" BA-3 пен BA-3A нысаны бойынша объект бойынша жүргізеді. Жауапты тұлғалар сақталуын қадағалайды және барлық өзгерістердің есебін жүргізеді. Бухгалтерлік құжаттаманың BA-3 және BA-3A нысанды түгендеу карточкалары Бухгалтерлік құжаттаманың YMA-10 нысанды мемлекеттік мекемелердегі ұзақ мерзімді активтерді есепке алу жөніндегі түгендеу карточкаларының тізімдемесінде тіркеледі. Тізімдеме бір данада жасалады. Ондағы жазба карточкаларды ашу жылын көрсете отырып, ұзақ мерзімді активтердің топтары бөлінісінде жүргізіледі. Нөмірлеу 1-нөмірден бастап әрбір топ бойынша жүргізіледі.

Түгендеу карточкалары бухгалтерлік қызмет картотекаларында сақталады, онда олар өз ішінде материалдық жауапты тұлғалар бойынша, орталықтандырылған бухгалтерияларда – қосымша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер бойынша да бола отырып, тиісті қосалқы шоттар мен топтар мен топтар бойынша орналастырылады.

Жауапты тұлға ауысқан кезде оның сақталуындағы биологиялық активтерді түгендеу жүргізіледі, ол туралы Бухгалтерлік құжаттаманың BA-1 және BA-1A

нысандары бойынша қабылдау-өткізу актісі жасалады, оны мемлекеттік мекеменің басшысы немесе оған уәкілеттік берілген тұлға бекітеді.

371. Биологиялық активтерді есепке алу олардың сақталу орны мен жауапты тұлғалар бойынша түгендеу объектілері бөлінісінде жүргізіледі.

Түгендеу карточкалары бухгалтерлік қызмет картотекаларында сақталады, онда олар өз ішінде материалдық жауапты тұлғалар бойынша, орталықтандырылған бухгалтерияларда – қосымша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер бойынша да бола отырып, тиісті қосалқы шоттар мен топтар бойынша орналастырылады.

372. Оның негізінде төлдеуден алынған малдың жас төлі кіріске жазылатын құжат төлдетуге арналған акт болып табылады, оны мемлекеттік мекеменің тұрақты әрекет ететін комиссиясы жасайды.

373. Жануарлардың жас төлін талдама есепке алу - түрлері мен жас топтары бойынша, ал жемдеудегі жануарлар бойынша - тек түрлері бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 395 нысанды жануарларды есепке алу кітабында жүргізіледі. Деректерді есепке алу жануарлардың тірі салмағы, өсімі, салмақ өсімі туралы мәліметтерді алуға мүмкіндікті қамтамасыз етеді.

374. Биологиялық активтердің шығып қалуы мен есептен шығуы Бухгалтерлік құжаттаманың BA-2 "Биологиялық активтерді (жануарларды) есептен шығару актісі" және BA-2A "Биологиялық активтерді (өсімдіктерді) есептен шығару актісі" нысанын ресімдеумен жүзеге асырылады.

12-тaraу. Материалдық емес активтерді есепке алу тәртібі

375. Объект материалдық емес актив анықтамасына жауп беру үшін ол материалдық емес активті тану өлшемдеріне, яғни сәйкестендірімділікке, ресурстарды басқаруға және болашақ экономикалық пайда немесе сервистік әлеуеттің түсінен ықтималдық болуына жауп береді.

Материалдық емес актив егер:

оны үйімнан бөлу мүмкін болса, яғни егер мемлекеттік мекеме оны жеке не онымен шарт бойынша тығыз байланысты активпен немесе міндеттемемен бірге сатуға, жалға беруге немесе айырбастауға құқылы болса; немесе

ол заңды құқықтардан туады, олардың берілетіндіктері немесе мемлекеттік мекемелерден бөлінетіндіктеріне қарамастан, немесе басқа құқықтар мен міндеттемелерден туады.

Мысалы, компьютермен басқарылатын станокқа арналған бағдарламалық қамтамасыз ету, бұл арнайы бағдарламалық қамтамасыз етусіз жұмыс атқара алмайтын станок үшін оның ажырамас бөлігі болып саналады және негізгі құралдарға арналған тәртіппен есепке алынады. Осы жағдай компьютердің операциялық жүйесіне де қатысты. Егер бағдарламалық қамтамасыз ету ол тиесілі жабдықтың ажырамас бөлігі болып табылмаса, ол материалдық емес актив ретінде есептеледі.

Бақылау мынаны білдіреді:

материалдық емес активті пайдаланудан болашақта экономикалық пайда және қызмет әлеуетін алу құқығы (зандық құжаттармен ресімделген құқық – патент, лицензия);

материалдық емес активті пайдаланудан түсетін пайдаға басқалардың қол жеткізуіне тыйым салу мүмкіндігі.

376. Материалдық емес активтердің бухгалтерлік есебі дұрыс құжаттамалық ресімдеуді және мемлекеттік мекеме ішінде олардың ауысу түсімдері мен шығып қалуын есепке алу тізілімдерінде уақытылы көрсетілуін, сондай-ақ әрбір материалдық емес активтердің сақталуын және дұрыс қолданылуын қамтамасыз етуі тиіс.

377. Мемлекеттік мекеменің материалдық емес активтерін есепке алу үшін мынадай шоттар/қосалқы шоттар арналған:

2710 "Материалдық емес активтер";

2720 "Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы мен құнсыздануы";

2412 "Материалдық емес активтерге курделі салымдар".

378. Материалдық емес актив мынадай:

осы активтің қолданылуына қатысты болашақ экономикалық табыстар және қызметтер әлеуетінің ұйымға келетіні ықтималдылығы болса, және

активтің құны сенімді бағаланған болса танылады.

379. Активті материалдық емес актив ретінде тану үшін мемлекеттік мекеме активтің:

а) осы Қағидалардың 375-тармағында баяндалған материалдық емес активті айқындау;

б) осы Қағидалардың 378-тармағында баяндалған тану өлшемшарттарына жауап беретіндігін көрсетуі керек.

Бұл талап тану сәтінде өлшенетін шығындарға (материалдық емес активті өз күшімен айырбастау немесе құру процесіндегі шығындар немесе айырбасталмайтын операция процесінде сатып алынған материалдық емес активтің әділ құны) және оны жетілдіруге, ішінара ауыстыруға немесе қызмет көрсетуге кейінгі шығындарға қатысты қолданылады.

380. Кейінгі шығындар - бастапқы танудан, сатып алынған материалдық емес активтен немесе материалдық емес активті өз бетінше құруды аяқтағаннан кейін жұмсалған шығындар активтің баланстық құнының құрамында анда-санда ғана танылады.

Кейінгі қурделі салымдар нәтижесінде материалдық емес активтің баланстық құнын ұлғайту, бастапқы бағаланған нормалардан тыс болашақ экономикалық пайдалар мемлекеттік мекемеге келіп түскен жағдайда жүргізіледі.

381. Материалдық емес актив бастапқыда нақты құны бойынша өлшенеді, ол құн сенімді өлшенуі және мына көрсеткіштерді қамтуы тиіс:

сауда женілдіктерін және арзандатуларын шегеруден кейін импорттық баждарды және сатып алуға салынатын өтелмейтін салықтарды қоса алғанда материалдық емес активті сатып алу құнын;

активті мақсаты бойынша пайдалану үшін жұмыс істеу жай-күйіне келтіруге жұмсалған кез келген тікелей шығындар.

Тікелей шығындарға мыналар жатқызылуы мүмкін:

активті жұмыс істеу жай-күйіне келтіруге байланысты пайда болатын қызметкерлерге сыйақы төлеуге байланысты шығындар;

активті жұмыс істеу жай-күйіне келтіруге байланысты пайда болатын кәсіби қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығындар;

активтің тиісті жұмыс істеуін тексеруге жұмсалған шығындар.

Материалдық емес активтің іс жүзіндегі құнының құрамына енгізілмейтін шығындарға мыналар жатқызылуы мүмкін:

жаңа өнімдерді немесе қызметті енгізуге байланысты шығындар (жарнамаға және оларды жылжыту жөніндегі іс-шараларды жүргізуге жұмсалатын шығындарды қоса алғанда);

әкімшілік және басқа да жалпы үстеме шығыстар.

Материалдық емес активтің баланстық құнындағы шығындарды тану актив басшылықтың мақсатына сәйкес пайдалану қалпына келтірілген кезде тоқтатылады.

382. Кейбір операциялар материалдық емес активті әзірлеуге байланысты орын алады, бірақ бұл активті басшылықтың мақсатына сәйкес пайдалану үшін тиісті қалыпқа келтіру міндетті болып табылмайды. Бұл міндетті емес операциялар әзірлеу кезеңіне дейін немесе әзірлеу кезеңінде жүзеге асырыла алады. Міндетті емес операциялар активті басшылықтың мақсатына сәйкес пайдалану қалпына келтіру үшін қажетті болып табылмайтындықтан, міндетті емес операциялар бойынша кірістер мен шығыстар қаржы нәтижесінің құрамында туындағаннан кейін дереке танылуды және кірістер мен шығыстардың тиісті санаттарына енгізілуі тиіс.

383. Мемлекеттік мекеме басқа мемлекеттік мекемеден алынған материалдық емес активтердің өзіндік құны деп берілетін материалдық емес активтердің құнын, ал қайтарусыз негізде үшінші тараптан мемлекеттік мекемемен алынған материалды емес активтердің құны деп – оларды алу күніндегі әділ құнды таниды.

384. Ішкі жобаны әзірлеу процесінде немесе әзірлеу сатысында туындастын материалдық емес актив үйым мыналарды:

материалдық емес активті құрудың техникалық жүзеге асырылуын, ол пайдалану немесе сату үшін қол жетерлікте болуын;

өзінің материалдық емес активті құру және оны пайдалану немесе сату ниетін;

өзінің материалдық емес активті құруға немесе сатуға қабілеттілігін;

материалдық емес актив ықтимал экономикалық табыстарды алуын;

әзірлемені аяқтау үшін, сондай-ақ материалдық емес активті пайдалану не сату үшін жеткілікті техникалық, қаржылық және басқа ресурстардың бар екендігін;

материалдық емес активті әзірлеу барысында жұмсалған шығындарды сенімді бағалай алу қабілеттілігін көрсете алған кезде фана танылады.

Материалдық емес активті құруды аяқтау, қолдану және оларды қолданудан пайда алу үшін ресурстардың болуы қажет ресурстарды көрсететін және осы ресурстардың мемлекеттік мекеменің қабілеттігін көрсететін тиісті жоспарлармен көрсетіледі.

Материалдық емес активті құрган кезде мемлекеттік мекеме:

зерттеу сатысындағы шығындарды олар туындаған кезде шығыстар ретінде мойындайды. Мемлекеттік мекеме зерттеу сатысында болашақ мүмкін экономикалық пайдалар тудыратын материалдық емес активтің бар екенін көрсете алмайды. Алғашқыда шығыс ретінде танылған материалдық емес активтерге шығындар материалды емес активтердің өзіндік құнының бір бөлігі ретінде кейін танылмауы тиіс;

ғылыми әзірлемелер бойынша жұмындарды орындауға әзірлеме сатысындағы шығындар активтерді тану өлшемдеріне сәйкес болған кезде құрделі салымдарды есепке алу есебіне жатқызылады.

385. Кұрделі салымдар нақты шығындар бойынша өлшенеді және 2412 "Материалдық емес активтерге құрделі салымдар" қосалқы шотында есепке алынады.

Ғылыми әзірлемелердің аяқталмаған және аяқталған, бірақ қабылданбаған нәтижелері бойынша капиталданған шығындар келесі жылдың балансына ауысады.

Ғылыми жұмындардың аяқталған және қабылданған нәтижелері қабылдау актісі негізінде тану өлшемдерін сақтаған кезде материалдық емес активтерді есепке алу есебіне жатады. Материалдық емес активтерді тану өлшемдеріне сәйкес болмаған жағдайда шегілген шығындар шығыстарға жатқызылады.

386. Материалдық емес активтерді сатып алу 2710 "Материалдық емес активтер" шоты қосалқы шотының дебеті және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті бойынша ескеріледі.

387. Материалдық емес актив бастапқы танудан кейін мынадай модельдердің бірін қолдана отырып есепке алынады:

іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделі;

қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделі.

388. Іс жүзіндегі шығындар бойынша есепке алу моделі:

материалдық емес актив бастапқы танудан кейін жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған кез келген жинақталған шығындарды шегере отырып өзіндік құны бойынша есепке алынады.

389. Қайта бағаланған құн бойынша есепке алу моделі: бастапқы танылғаннан кейін материалдық емес актив қайта бағалау құны бойынша есепке алынуы тиіс, ол кез

келген кейінгі жинақталған амортизацияны алып тастағаннан кейін қайта бағалау құніндегі әділ бағасы болып табылады.

Материалдық емес активтің әділ құны егер ол материалдық емес активтердің осы түрі үшін активтік нарыққа сілтеме жасау арқылы айқындалса ғана, сенімді бағалануы мүмкін. Белсенді нарық болмаған жағдайда материалдық емес актив іс жүзіндегі шығындар бойынша ескеріледі.

Материалдық емес активтің баланстық құны жылдың аяғында есепті құндеңгі әділ құннан елеулі ерекшеленбеуі тиіс. Қайта бағалау бюджетті атқару жөніндегі уәкілетті орган белгілеген мерзімде және кезеңде жүргізіледі.

390. Материалдық емес активті қайта бағалау негізгі құралдарды есепке алғанда қолданылатын қағидаттар бойынша жүргізіледі, мысалы:

құнның артуы тікелей таза активтердің/капиталдың есебіне (5112 "Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотына) кредиттелуі тиіс;

құнның төмендеуі бұрын танылған құнның өсуімен жабылған жағдайлардан басқа кезеңнің шығыстарына жатқызылады;

осы сыныптағы барлық материалдық емес активтер қайта бағалануы тиіс.

Егер активтер сыныбының баланстық құны қайта бағалау нәтижесінде жоғарыласа, онда мұндай ұлғаю 5112 "Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының кредиттіне тікелей жатқызылады. Егер бұрын активтер сыныбының төмендеуі танылса, онда келесі қайта бағалаумен байланысты сол активтер сыныбының құны артқан кезде, құнның төмендеуінің қайтарымы жүргізіледі.

Егер активтер сыныбының баланстық құны қайта бағалау нәтижесінде төмендесе, азаю есепті жылдың қаржылық нәтижесінде танылады. Алайда, егер бұрын актив құнның артуы танылса, кез келген кредиттік қалдық көлемінде азаю 5112 "Материалдық емес активтерді қайта бағалауға арналған резерв" қосалқы шотының дебетіне тікелей жатқызылуы тиіс.

Бір активтер сыныбы ішіндегі жекелеген активтердің қайта бағалауынан құнның артуы не төмендеуі осы сынып ішінде өзара есептесілуі тиіс, бірақ басқа активтер сыныбына жататын активтермен өзара есептеспеуі тиіс.

391. Егер материалдық емес актив қайта бағаланатын болса, қайта бағалау күнгі кез келген жинақталған амортизация не:

активтің баланстық құнның өзгеруіне, активтің баланстық құнын қайта бағалағаннан кейін оның қайта бағалау құннына тең болатындей тенбे-тен қайта саналады;

активтің баланстық құнын азайту жолымен есептен шығарылады, ал таза шама активтің қайта бағаланған құннына дейін қайта есептеледі.

392. Жүйелі негізде активтің амортизацияланатын құнның оны пайдалы қолдану мерзімі ішінде бөлу үшін амортизацияны есептеудің түрлі әдістері қолданылуы мүмкін:

тозуды біркелкі есептеу әдісі;

азаятын қалдық әдісі;
өнім (өндірістік) бірліктерінің әдісі.

Тозуды біркелкі есептеу әдісі активті пайдалы қолдану мерзімі ішінде тұрақты аударымдарға әкеп соқтырады.

Азаятын қалдық әдісі активті пайдалы қолдану мерзімінің ішінде аударымдарды азайтуға әкеп соқтырады.

Өнімнің бірліктер әдісі алынған өнімнің күтілетін пайдаланылуына немесе санына негізделген аударымдарға әкеп соқтырады.

Материалдық емес активті пайдалы қолдану мерзімі әрбір есепті қүнге қарастырылады.

Материалдық емес активтің тарату құны нөлге тең деп қабылданады.

393. Тозудың біркелкі есептеу әдісін қолдану кезінде материалдық емес активтердің амортизациясын есептеу мынадай тәсілдермен:

- 1) амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып;
- 2) активті пайдалы қолданудың белгілі бір мерзімін пайдалана отырып жүргізіледі.

394. Амортизацияның белгіленген нормаларын пайдалана отырып материалдық емес активтер амортизациясының сомасы материалдық емес активтердің бастапқы құнын (қайта бағаланғандар үшін – ағымдағы құнды) тозудың бекітілген жылдық нормаларына сүйене отырып анықталған амортизацияның ай сайынғы нормаларына көбейту жолымен анықталады.

395. Негізгі құралдар объектілерін амортизациялау әдісі мен тәсілі бірыңғай есеп саясатымен анықталады және кезеңнен кезекті қолданылады.

396. Материалдық емес активтердің амортизациясы ай сайын есептеледі. Материалдық емес активтердің амортизациясын есептеу бастапқы тану айынан кейінгі айдың 1-і күнінен басталады және шығып қалу айынан кейінгі айдың 1 күнінен тоқтатылады.

397. Материалдық емес активтер бойынша амортизация есептеу 7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" шотының дебеті және 2721 "Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі. Алайда кейде активте жасалған болашақ экономикалық пайдалар басқа активтердің өндірісі кезінде сіңіп кетеді. Бұл жағдайда есептелген амортизация осындай басқа активтің іс жүзіндегі құнының бір бөлігін құрайды және оның баланстық құнына енгізіледі.

398. Мемлекеттік мекеме пайдалы қызмет мерзімі белгіленбеген материалдық емес активті құнсыздануды оның өтелетін сомасының жыл сайынғы негізінде, сондай-ақ әрқашан да материалдық емес активтің ықтимал құнсыздану белгісі болған кезде баланстық құнымен салыстыру жолымен тестілеуі тиіс. Материалдық емес активтердің құнсыздануы түгендеу комиссиясының актісі негізінде түгендеу қорытындысы бойынша мынадай жазбамен көрсетіледі: 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін

"шығыстар" шотының дебеті және 2722 "Материалдық емес активтердің құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының кредиті.

Мемлекеттік мекемедегі материалдық емес активтердің құнсыздану фактілерін анықтау рәсімі осы қағидалардың "Активтердің құнсыздануы" бөлімінің ережелеріне сәйкес танылады.

399. Материалдық емес активті тану ол істен шығарылғаннан кезде тоқтатылады.

Материалдық емес активті тануды тоқтатуға байланысты туатын кірістер немесе шығыстар егер мұндайлар болса есептен шығарудан түскен таза түсімдер мен активтің баланстық құнының арасындағы айырма ретінде анықталады. Олар активті тануды тоқтату сәтінде ағымдағы жылдың қаржы нәтижесінің құрамында тануға жатады.

400. Мемлекеттік мекеме материалдық емес активтердің қатардан шығуын мынадай корреспонденциялармен көрсетеді:

баланстық құнға – 7420 "Ұзак мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Материалдық емес активтер" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде осы актив бойынша жинақталған амортизация сомасына – 2721 "Материалдық емес активтердің жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Материалдық емес активтер" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті. Осы активтің құнсыздануына есептелген резерв болған кезде құнсызданудан шығынды есептен шығару жөнінде жазба жүзеге асырылады: 2722 "Материалдық емес активтердің құнсыздануына арналған резерв" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Материалдық емес активтер" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті;

активтерді сатудан түсетін сома, егер Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен осы соманы қолданудың өзге тәртібі белгіленбесе, мемлекеттік мекемелер бюджет кірісіне аударады және есепте көрсетеді 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және 6320 "Активтерді істен шығарудан түсетін кірістер", бір мезгілде 7120 "Бюджетпен есеп айырысулар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3131 "Активтерді сатудан түсетін кіріс бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

401. 2412 "Материалдық емес активтерге қурделі салымдар" қосалқы шоты бойынша ұзак мерзімді активтерді қабылдау, беру, істен шығару, есептен шығару бойынша операциялар" материалдық емес активтер бойынша ұқсас операциялармен жүргізіледі.

402. Материалдық емес активтер объектісін қабылдау-тапсыруды ресімдеу үшін Бухгалтерлік құжаттаманың НОС-1 нысанды материалдық емес активтерді қабылдау-тапсыру актісі қолданылады.

Актіде материалдық емес активтер түрінің дәл атауы, оның мемлекеттік мекемеге тапсырылу күні, объектілердің сипаттамасы, оның бастапқы құны, тозу нормасы және басқа қажетті деректер көрсетіледі.

Материалдық емес объектілердің қабылдануын ресімдеу кезінде акт материалдық емес әрбір объектіге бір данада жасалады. Бірнеше бір үлгідегі материалдық емес объектілердің қабылдануын ресімдейтін жалпы акт жасауға рұқсат беріледі. Акт ресімделген соң материалдық емес активтердің объектісін немесе оны пайдалану тәртібін сипаттайтын қосымша құжаттармен бірге немесе мемлекеттік мекеменің осы объектіге мүліктік құқықтарын растайтын басқа құжаттармен бірге бухгалтерлік қызметке тапсырылады, оған бас бухгалтер және мемлекеттік мекеменің басшысы қол қояды және бекітеді.

403. Материалдық емес активтерді бір мемлекеттік мекемеден екіншісіне беру кезінде акт беруші және қабылдаушы тараптар үшін 2 (екі) данада жасалады.

404. Материалдық емес активтер қозғалысының талдама есебі мемлекеттік мекемеге түскен барлық материалдық емес активтерді есепке алу үшін қолданылатын Бухгалтерлік құжаттаманың НОС-6 нысанды материалдық емес активтерді есепке алу түгендеу карточкасында жүргізіледі. Түгендеу карточкасын бухгалтерлік қызмет материалдық емес активтердің әр объектісіне ашады. Түгендеу карточкасында материалдық емес активтің толық атауы, қабылдау күні, тіркеу нөмірі, бастапқы құны, амортизация нормасы, құнсыздану сомасы және есептен шығу себебі көрсетіледі.

Нысан мемлекеттік мекеменің материалдық емес активтер объектісін алу фактісін растайтын құжат "Материалдық емес активтерді қабылдау-тапсыру актісі", техникалық және басқа құжаттама негізінде бір данада толтырылады.

Бухгалтерлік құжаттаманың НОС-6 нысанды түгендеу карточкалары Бухгалтерлік құжаттаманың ҰМА-10 нысанды мемлекеттік мекемелерде ұзақ мерзімді активтерді есепке алу жөніндегі түгендеу карточкаларының тізімдемесінде тіркеледі. Тізімдеме бір данада жүргізіледі. Ондағы жазбалар карточкаларды ашу жылын көрсете отырып ұзақ мерзімді активтердің топтары бөлінісінде жүргізіледі. Әрбір топ үшін тиісті беттер саны беріледі. Нөмірлеу 1-нөмірден бастап әрбір топ бойынша жүргізіледі. Орталықтандырылған бухгалтерияларда әрбір қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекеме бойынша осы тәртіппен жүргізіледі. Ұзақ мерзімді активтер шығып қалған және ауыстырылған кезде тізімдеменің "Ескеरту" бағанында мемориалды ордердің күні (күні, айы, жылы) және нөмірі көрсетіледі.

Түгендеу карточкалары бухгалтерлік қызмет картотекаларында сақталады, онда олар өз ішінде материалдық жауапты тұлғалар бойынша бөле отырып тиісті қосалқы шоттар мен топтар бойынша, ал орталықтандырылған бухгалтерияларда – қосымша қызмет көрсетілетін мемлекеттік мекемелер бойынша да орналастырылады.

405. Материалдық емес активтерді қабылдау-тапсыру актісі" материалдық емес активтерді басқа мемлекеттік мекемеге тапсыру кезінде есептен шығуы туралы белгі жасауга негіз болып табылады.

Материалдық емес активтерді есептен шығару тәртібі негізгі құралдарға ұксас жүргізіледі. Материалдық емес активтерді есептен шығаруды ресімдеу үшін "Бухгалтерлік құжаттаманың НОС-3 нысанының "Материалдық емес активтерін есептен шығару актісі" қолданылады.

13-тарау. Жалдауды есепке алу тәртібі

406. Жалдау төмендегідей жіктеледі:

егер ол жалдау мерзімі аяқталғаннан кейін меншік құқығының ауысуына қарамастан, активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды дерлік беруді білдіретін болса;

егер ол активті иеленуге байланысты барлық тәуекелдер мен пайдаларды дерлік беруді білдірсе, операциялық жалдау.

Жалдауды қаржылық немесе операциялық ретінде жіктеу көп жағдайда операцияның мазмұнына, шарттың талаптарына байланысты болады және жалдаудың басталған күніне жүргізіледі.

Жалдау шартының басталуы – жалдау туралы шартты жасау немесе тараптардың негізгі жалдау шарттарына қатысты міндеттемелер қабылдауының неғұрлым ерте күні.

Жеке немесе жиынтықта әдетте жалдауды қаржылық ретінде жіктеуге алып келетін жағдайларға мыналар жатқызылады:

жалдау шарты жалдау мерзімінің соңында активті иелену құқығын жалға алушыға беруді көздейді;

жалға алушының жалдау мерзімінің басында осы құқықты іске асыру күні әділ қүннан айтарлықтай төмен бағаға осы активті сатып алуға құқығы бар, ал жалдауды қабылдаған күні бұл құқықтың жүзеге асырылатыны туралы негізделген сенім бар;

жалдау мерзімі меншік құқығын беру болмаған кезде де, активтің экономикалық қызмет мерзімін елеулі бөлігіне қолданылады;

жалдау қарым-қатынастарының басталу күніне келтірілген ең төменгі жалдау төлемдерінің келтірілген құны жалдау мәні болып табылатын активтің әділ құнына іс жүзінде тең;

жалға берілген активтердің маманданған сипаты бар, оларды жалдаушы ғана елеулі өзгертусіз пайдалана алады.

407. Мемлекеттік мекеме мыналарды:

пайдалы қазбаларды, мұнайды, табиғи газ және өзге де қалпына келтірілмейтін табиғат ресурстарына жасалған барлауға немесе пайдалануға жалдауды;

кинофильмдер, бейнеказбалар, пьесалар, қолжазбалар, патенттер мен авторлық құқық сияқты объектілер бойынша лицензиялық келісімдерді қоспағанда барлық жалдау түрлерін есепке алу үшін Қағидалардың осы тарауының ережелерін қолданады.

Қағидалардың осы тарауының ережелері мыналарды:

жалға алушының иелігіндегі және инвестициялық жылжымайтын мүлік ретінде ескерілетін жылжымайтын мүлікті;

жалға берушінің операциялық жалға беру шарты бойынша инвестициялық жылжымайтын мүлкін;

жалға алушылардың қаржылық жалдау шарттарында қолда бар биологиялық активтерін;

жалға берушілер операциялық жалдау шарттары бойынша жалға берген биологиялық активтерді бағалау үшін негіз ретінде қолданылмайды.

408. Мемлекеттік мекеменің жалдау бойынша операцияларды есепке алуы үшін мынадай шоттар алынған:

1270 "Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек";

2220 "Жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек";

3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек";

4120 "Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек".

409. Жалға алушы осы операцияны мынадай корреспонденциямен көрсетеді: "Негізгі құралдар", "Инвестициялық жылжымайтын мүлік", "Биологиялық активтер" немесе "Материалдық емес активтер", 4120 "Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

Мемлекеттік мекеме тану сәтінде, сондай-ақ есепті жылдың аяғында жалдау бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешектің ағымдағы бөлігін бөліп береді: 4120 "Жал бойынша ұзақ мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті және 3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

Қаржылық жалдауға байланысты жалдаушы жүзеге асырған қызметке тікелей жатқызылатын ретінде анықталған шығындар актив ретінде танылған сомаға қосылады.

Активтер мен міндеттемелер бастапқы жалдау күніне анықталған соманың ішіндегі ең тәмен сомада танылады:

жалға алышынан мүліктің әділ құны;

ең тәменгі жалдау төлемдерінің дисконтталған құны.

Активті жалға алушы амортизациялайды. Жалға алышын активтің амортизацияланатын құны өзінің жеке амортизацияланатын активтері үшін жалға алушы қабылдайтын амортизация саясатына сәйкес қолдануды күтетін мерзім бойы әр есеп кезеңіне бөлінеді: 7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" шотының дебеті және жиналған амортизацияны көрсету бойынша тиісті қосалқы шоттың кредиті.

Мемлекеттік мекеме жалданатын активтердің баланстық құнын осы Қағидалардың 24 "Активтердің құнсыздануы" тарауының ережелеріне сәйкес құнсыздану түрғысынан мерзімді қайта қарастырады.

Жалдау бойынша сыйақы есептеуді мемлекеттік мекеме 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының кредиті бойынша көрсетеді.

Жалдау міндеттемесін өтеу 3250 "Төлеуге қысқа мерзімді сыйақылар" және 3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шоттарының дебеті және "Ақша қаражаты және олардың баламалары" тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Жалға беруші жалдау мерзімінде басында баланста қаржылық жалдау шенберінде алынатын жалдау төлемдеріне тең дебиторлық берешекті таниды.

Активті жалдауға беру мынадай жазбамен көрсетіледі: 2220 "Жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" шотының дебеті және қаржылық жалдауға берілген активтің тиісті қосалқы шотының кредиті.

Жалдау бойынша сыйақы есептеу 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және 6210 "Сыйақылар бойынша кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі. Жалдаудан сыйақылар бойынша кірістер бюджет кірістері болып табылады (активтерді басқарудан түсетін кірістерді бюджетке аудару тәртібі осы Қағидалардың "Дебиторлық және кредиторлық берешектер" бөлімінде қарастырылған).

Есепті кезеңнің аяғында мемлекеттік мекеме жалдау бойынша ұзақ мерзімді берешектің ағымдағы бөлігін мынадай жазбамен көрсетеді: 1270 "Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының дебеті және 2220 "Жал бойынша ұзақ мерзімді дебиторлық берешек" шотының кредиті.

410. Операциялық жалдауды есепке алу кезінде жалға алушы операциялық жалдау кезінде жалдау төлемдерін (жүйелі шығыс төлемге байланысты емес) өзге жүйелі негіз қолданушының пайда алудың уақытша кестесінің артық көрсетуін қамтамасыз еткен жағдайдан басқа жағдайларда жалдау мерзімі ішінде тұра сзықты негізде бөлінген шығыстар ретінде көрсетеді.

Жалдау төлемдері (жалдау бойынша шығыстар) 7130 "Жал бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Жалға алушы енгізген алдын-ала төлеу сомасы "Өзге активтер мен міндеттемелер" бөліміне сәйкес ескеріледі.

Операциялық жалдауға алынған активтерді жалға алушы 01 "Жалға алынған активтер" баланстан тыс шотында ескереді.

Жалға берушілер баланста осындай активтердің сипатына қарай операциялық жалдау шартындағы активтерді ұсынады.

Операциялық жалдан жалдау кірісі (сақтандыру және қызмет көрсету сияқты ұсынылған қызметтер үшін түсімдерді қоспағанда) өзге жүйелі негіз жалдауға алынған активтен пайданың азаю уақытша кестесін артық ұсынуды қамтамасыз еткен жағдайларды қоспағанда, кірістер құрамында жалдау мерзімі бойы тұра сзықты негізде танылады.

Операциялық жалдаудан түсетін кіріс былайша көрсетіледі: 1270 "Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының дебеті және 6220 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" шотының кредиті. Жалдаудан сыйақылар бойынша кірістер бюджеттің кірістері болып табылады (активтерді басқарудан түсетін кірістерді аудару "Дебиторлық және кредиторлық берешектер" бөлімінде қарастырылған).

Жалға алу бойынша берешек төленген кезде шоттардың мынадай корреспонденциясы 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті және 1270 "Жал бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

Шығындар, оның ішінде жалдау кірісін алу кезінде тартқан шығындар шығыстар құрамында танылады, бұл кезде мынадай тізбек жүзеге асырылады: 7110 "Ұзак мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" шотының дебеті және 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" қосалқы шотының кредиті.

411. Жалдауды құжаттамалық ресімдеу жалға беруші мен жалға алушы арасында жасалған жалдау шартын жасаудан басталады.

Жалға берілген активтерді талдамалы есепке алуды жалға берушілер бойынша активтердің әр объектісі бойынша (жалға берушінің түгендеу нөмірлері бойынша) Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында жүргізіледі. "Операцияның мазмұны" бағанында шалдау шартының нөмірі мен күнін, жалға берушінің атауы көрсетіледі.

14-тaraу. Өзге активтер мен міндеттемелерді есепке алу тәртібі

412. Болашақ кезеңдердің шығыстарына мынадай шығындар жатады: маусымды салаларда өндіріске дайындық жұмыстары бойынша; жаңа өндірістерді, цехтарды, агрегаттарды және кәсіпорындарды игеру бойынша (іске қосу шығыстары), жерлерді қалпына келтіру бойынша; өндірісті ұйымдастырғанда немесе кеңейткенде жұмысшыларды жаппай біржолғы жинау бойынша; ғылыми әдебиетке, газеттерге, журналдарға жылдық жазылу сомасы; келесі есеп кезеңі үшін төленген жалдау төлемі (аванспен); алдын-ала төленіп қойған сақтандыру төлемдерінің сомасы және басқа шығыстар.

Есептеу қағидатына сәйкес кірістер есепке алу жазбаларында көрсетіледі және кірістерді алуға байланысты ақша қаражатының немесе өзге активтердің түсү шамасына қарамай, олар жататын сол кезеңдердің есептілігіне қосылады.

413. Мемлекеттік мекеменің өзге активтер мен міндеттемелерді есепке алуы үшін мынадай шоттар арналған:

- 1410 "Берілген қысқа мерзімді аванстар";
- 1420 "Алдағы кезеңдердің шығыстары";
- 1430 "Өзге қысқа мерзімді активтер";
- 2810 "Өзге ұзақ мерзімді активтер";
- 3410 "Алынған қысқа мерзімді аванстар";
- 3420 "Өзге қысқа мерзімді міндеттемелері";
- 4310 "Алдағы кезеңдердің кірістері";
- 4320 "Өзге ұзақ мерзімді міндеттемелері".

414. Аванстық төлем тәртібінде өнім берушілермен және мердігерлермен, сатып алушылармен және тапсырыс берушілермен есеп айырысулады есепке алу қаражатты тараптармен келісілген мерзімде және мөлшерде дүркін-дүркін аудару жолымен жүзеге асырылады. Осы шотта мемлекеттік тапсырысты орындағаны үшін орындаушыларға екінші деңгейдегі банктердегі немесе мемлекеттік қазынашылық органдарындағы орындаушының шотына тапсырыс берушінің бюджеттік қаражаттарды аудару жолымен жүзеге асырылатын аванстар ескеріледі.

Онім беруші мен сатып алушы, мердігер мен тапсырыс беруші ай сайынғы негізде іс жүзінде алынған тауарлардың, орындалған жұмыстардың немесе көрсетілген қызметтердің негізінде өз есептерінің жағдайын нақтылайды және шартта немесе келісімде келісілген тәртіппен қайта есептеу мен тиісті төлемді жүргізеді.

415. 1410 "Берілген қысқа мерзімді аванстар" шотының дебеті бойынша Шоттар жоспарының "Ақша қаражаты және олардың баламалары" бөлімі шоттарының кредитімен корреспонденцияда берілген аванстардың сомасы көрсетіледі. 1410 "Берілген қысқа мерзімді аванстар" шотының кредиті бойынша 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебетімен корреспонденциялауда берілген аванстар сомасы көрсетіледі.

416. Ақылы қызметтерден аванстардың түсімі 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" шотының дебеті және 3410 "Алынған қысқа мерзімді аванстар" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Бұрын алынған авансты есепке алу 3410 "Алынған қысқа мерзімді аванстар" шотының дебеті және 1230 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Аванстың қолданылмаған сомасын қайтару 3410 "Алынған қысқа мерзімді аванстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Ақша қаражаты және олардың баламалары" бөлімі шоттарының тиісті қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетіледі.

Талап арыздың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мерзімі өтіп кеткеннен кейін алынған аванстар бойынша талап етілмейтін кредиторлық берешекті

есептен шығару 3410 "Алынған қысқа мерзімді аванстар" шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

417. Болашақ кезеңдердің шығыстары туындаған кезде (мысалы, мерзімді баспаға жылдық жазылуға төлем, пошта байланысы қызметтеріне ақы төлеу, аванспен төленген жалдау төлемі) бухгалтерлік есепте мынадай тізбекпен беріледі: 1420 "Алдағы кезеңдердің шығыстары" шотының дебеті және 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" қосалқы шотының кредиті.

Болашақ кезеңдерге аванстық төленген шығыстар есепті кезеңнің шығыстары деп тани отырып, жүйелі түрде бөлуге жатады. Ағымдағы кезеңге (айға, тоқсанға) жататын төлемдер сомасы 1420 "Алдағы кезеңдердің шығыстары" шотының кредитінен 7140 "Өзге операциялық шығыстар", 7130 "Жал бойынша шығыстар" шотының дебетіне есептен шығарылады.

418. Есепті кезеңдердің арасындағы кірістердің ара жігін ажырату мемлекеттік мекеменің қаржы қызметінің қорытындыларын нақты анықтау және объективті қаржылық есептілік жасау үшін қажет.

Ағымдағы кезеңге (ай, тоқсан) жататын төлемдердің сомасы 4310 "Алдағы кезеңдердің кірістері" шотының дебетінен Шottар жоспарының кірістерін есепке алудың тиісті шотының кредитіне есептен шығарылады.

419. 1410 "Берілген қысқа мерзімді аванстар", 1420 "Алдағы кезеңдердің шығыстары" және 3410 "Алынған қысқа мерзімді аванстар" (тамақ өнімдеріне аванстарды қоспағанда) шоттары бойынша есеп айырысулардың талдама есебі әр өнім беруші үшін ай ішіндегі операцияларды көрсету үшін қажет жолдар саны берілетін Бухгалтерлік құжаттаманың 408-нысанды жинақтау ведомосінде (7-мемориалды ордер) жүргізіледі. Жинақтау ведомосінде жазбалар операциялар жасалғанына қарай әрбір құжат (шот) бойынша жүргізіледі.

420. Өнім беруші төлемді мемлекеттік мекеменің немесе орталықтандырылған бухгалтерияның кодына қайтарған жағдайда, "Басты-журнал" кітабына жазбалар осы соманы ескерусіз жүргізіледі. Болашақ кезеңнің кірістері мен шығыстарының талдама есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында және Бухгалтерлік құжаттаманың 460 нысанды және 461 нысанды Шығыстардың әртүрі (тобы) бойынша болашақ кезеңдердің шығыстары мен кірістерін есепке алу ведомостерінде жүргізіледі.

15-тaraу. Кірістерді есепке алу тәртібі

421. Мемлекеттік мекеменің сенімді бағалана алатын, болашақ экономикалық пайда немесе сервистік әлеует алу мүмкіндігі болса, кіріс танылады.

Мемлекеттік мекеме кірісті есептеу әдісімен таниды.

422. Мемлекеттік мекеменің кірістерін есепке алу үшін мынадай шоттар арналған: 6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер";

- 6020 "Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер";
6030 "Трансфертер бойынша кірістер";
6040 "Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер";
6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер";
6060 "Гранттар бойынша кірістер";
6070 "Қарыз түсімдерінен түсетін кірістер";
6080 "Айырбас емес операциялардан алынатын өзге кірістер";
6090 "Қаржыландыруды бюджетке қайтару";
6110 "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер";
6210 "Сыйақылар бойынша кірістер";
6220 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер";
6310 "Әділ құнның өзгеруінен түсетін кірістер";
6320 "Ұзақ мерзімді активтердің шығуынан алынатын кірістер";
6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер";
6340 "Бағамдық айырмадан түсетін кірістер";
6350 "Шеккен зиянды өтеуден алынатын кіріс";
6360 "Өзге кірістер";
6370 "Қорларға түсетін түсімдерден кірістер";
6380 "Қаржылық инвестициялар мен міндеттемелерді бастапқы тану кезінде туындайтын кірістер".

423. Айырбасталмайтын операцияларды жүргізу кезінде мекеме ресурстар алады және қандай да бір нысандағы өтемақыны айырбастауға бермейді.

Айырбасталмайтын операциялардан түсетін кірістер белгілі шарттармен шектелмеген айырбасқа шамамен тең құнды тікелей ұсынусыз активтердің артуын білдіретін мемлекеттік мекеменің алуына жататын немесе алынған экономикалық пайдалардың немесе сервистік әлеуеттің жалпы түсімін білдіреді.

Мемлекеттік мекемелердің кірістері:

- ағымдағы қызметті қаржыландыру;
- трансфертер мен субсидиялар алу;
- демеушілік және қайырымдылық көмек алу;
- гранттар алу;

салықтық және салықтық емес түсімдер салықтық, кедендік және өзге де Қазақстан Республикасының заңнамаларында қарастырылған;

өзге айырбасталмайтын операциялар сияқты айырбасталмайтын операциялардан қалыптастырылады.

Айырбасталмайтын операциялардан түскен кірістердің жалпы белгісі ақша қаражаты бір занды тұлғадан екіншісіне айырбастау кезінде бағасы бірдей құнды қамтамасыз етусіз аударылады.

Мемлекеттік мекеме операция нәтижесінде алынған активті ресурстар үстінен бақылау алғанда таниды (тәуекелдер мен пайдалар) ол актив анықтамасымен және тану өлшемдерімен келісіледі.

Егер міндеттемені тану талап етілмесе, мемлекеттік мекеме айырбасталмайтын операцияның нәтижесінде активті таныса, сондай-ақ сатып алу қуніне әділ құны бойынша бағаланған актив сомасына баламалы кіріс те танылады.

424. Жоспарлы қаржыландырудың бөлінуі 1081 "Жеке қаржыландыру жоспары бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1091 "Жеке қаржыландыру жоспарына бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1083 "Басқа да бюджеттердің есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1086 "Республикалық бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1095 "Жергілікті бюджетке тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің) құны түрінде түсетін түсімдерге және олардың жұмсалуына байланысты операциялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6010 "Ағымдағы қызметті қаржыландырудан алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

425. Күрделі салымдар бойынша жоспарлы қаржыландыруды бөлу 1082 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1092 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті бойынша және 6020 "Күрделі салымдарды қаржыландырудан алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

426. Бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің төмен тұрған бюджет үшін трансфертер бойынша қаржыландыру алыны 6030 "Трансфертер бойынша кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі, бұл ретте 1084 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шоты дебеттеледі.

Пайдаланылмаған трансфертердің сомасына төмен тұрған бюджеттің кредиторлық берешек есептеуі есепті жылдың аяғында 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

Трансферт сомаларын келесі жылды түгел пайдалануға рұқсат берілген жағдайда 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" дебеті және 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотының кредиті бойынша деген жазба жүргізіледі.

Пайдаланылмаған трансфертерді қайтару сомасына төмен тұрған бюджеттің кредиторлық берешекті есептесі жылды 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет

алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1093 "Трансфертер бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

427. Субсидиялар бойынша кірістер ретінде жеке және заңды тұлғаларға, оның ішінде шаруашылық қожалықтарға немесе фермерлік шаруашылықтарға субсидиялар бойынша бюджеттік қаржыландырудың сомасы және тиісті бюджеттік бағдарламасы шенберінде жеке кәсіпкерлік субъектілеріне екінші деңгейдегі банктердің кредиттері бойынша сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау ескеріледі.

Субсидиялар бойынша бюджеттен жоспарлы тағайындаулар алу 1085 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1094 "Субсидиялар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6040 "Субсидиялар төлемдері бойынша қаржыландырудан түсетін кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

428. Филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен түсетін кірістер ретінде нысаналы не сөзсіз сипаттағы ақшалай, қорлар мен ұзақ мерзімді активтер нысанында түскең қайырмалдық жәрдем ету түсімдері ескеріледі.

Филантропиялық қызметтен және (немесе) демеушілік қызметтен және (немесе) меценаттық қызметтен және (немесе) кіші отанға қолдау көрсету жөніндегі қызметтен алынған қаражат түсімі мынадай жазбамен көрсетіледі: Шоттар жоспарының активтері тиісті шотының 1041 "Қайырымдылық көмек ҚБШ" қосалқы шотының дебеті және 6050 "Қайырымдылық көмектен алынатын кірістер" шотының кредиті.

429. Гранттар бойынша кірістер ретінде донарлардан алынған қайтарусыз гранттар (қайтарусыз қаржылық көмектің) сомасы ескеріледі.

Ақша қаражаты түрінде байланысты гранттың арнайы шотына қаражаттың түсіү 1061 "Байланысты гранттың арнайы шоты" қосалқы шотының дебеті және 6060 "Гранттар бойынша кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі және кіріс ретінде мойындалады.

430. Байланыс гранттың қаражаты есебінен тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) үшін тікелей төлеммен ақы төлеу 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының дебеті және 6060 "Гранттар бойынша кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша бір мезгілде 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

431. Сыртқы қарыздың арнайы шотына қаражаттың түсімі 1062 "Сыртқы қарыздың арнайы шоты" қосалқы шотының дебеті және 6071 "Сыртқы қарыздан түсетін кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

432. Сыртқы қарыздар бойынша тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) үшін тікелей төлеммен ақы төлеу 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер"

шотының дебеті және 6071 "Сыртқы қарыз түсімдерінен түскен кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша бір мезгілде 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

433. Айыrbасталмайтын операциялардан түсетін өзге кірістер ретінде мемлекеттік мекемелер бюджетке қайтарусыз түсімдерден алынған кіріс сомасы ескеріледі және 6080 "Айыrbас емес операциялардан алынатын өзге кірістер" шотында танылады.

Сондай-ақ, олар жүргізілген кезде мемлекеттік мекеме алынған ресурстардың әділ құнын сәйкестендірусіз алынған ресурстарға айыrbастауға өтемақы жүргізе алатын айыrbасталмайтын операциялардың тобы қолданылады. Мұндай жағдайларда мемлекеттік мекеме олардың әр қурауышы жеке танылатын айыrbасталатын және айыrbасталмайтын операциялардың үйлесімі бар екенін айқындауы тиіс.

434. 6080 "Айыrbас емес операциялардан алынатын өзге кірістер" шоты мынадай қосалқы шоттардан тұрады:

- 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер";
- 6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер";
- 6083 "Жергілікті өзін-өзі басқарудан алынатын кірістер";
- 6084 "Жергілікті өзін-өзі басқарудың басқа да кірістері";
- 6085 "Трансфертердің бюджетке түсуі";

6086 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын қаржыландырудан түсетін кірістер".

Салықтық және салықтық емес түсімдердің дебиторлық берешегін есептеу 1292 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек", 1293 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу жөнінде қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының/қосалқы шотының дебеті және 6081 "Бюджетке түсетін салықтық түсімдерден алынатын кірістер", 6082 "Бюджетке түсетін салықтық емес түсімдерден алынатын кірістер" қосалқы шотының кредиті бойынша жүргізіледі.";

435. Қаржыландырудың пайдаланылмаған сомасын қайтару 6090 "Қаржыландыруды бюджетке қайтару" шотының дебеті және Шоттар жоспарының 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" бөлімшесінің шоты тиісті қосалқы шотының кредиті.

436. Айыrbасталатын операция бір тарап активтерді немесе қызметтерді алады немесе міндеттемелерді өтейтін және тікелей екінші тарапқа шамамен тең құнды

тапсыратын (тауарлар, көрсетілетін қызметтер немесе активтерді пайдаланудың мүмкіндігі түрінде) операция танылады.

437. 6110 "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер" шотында Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес мемлекеттік мекеменің иелігінде қалатын және бюджет бойынша бөлінген қаржы бөлүмен қатар (сақталуға) белгілі мақсаттарға жұмсала алатын тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан алатын кірістер ескеріледі.

Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) сатудан түсетін кірістер қолма-қол ақшасыз есеп айырысу жолымен түседі, сондай-ақ мемлекеттік мекемелердің кассасына немесе ақылы қызметтер ҚБШ-на кейіннен аудару үшін банктер филиалының (бөлімшелерінің) кассасына енгізіледі.

438. Айырбасталатын операциялардан түсетін жалпы (таза) кіріс алынған және алуға жататын сомандың әділ құны бойынша өлшенеді.

Өтеу әдетте ақша қаражаты немесе олардың баламалары түрінде жүргізіледі, жалпы кірістің сомасы – алынған немесе алуға күтіліп отырған ақша қаражаты мен олардың баламаларының сомасы.

Ұзақ мерзімді сипаттағы жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді көрсету операцияларымен байланысты жалпы кіріс операция нәтижесі сенімді бағаланғанда, есеп кезеңіне операцияның аяқталу дәрежесін есепке ала отырып, яғни мынадай шарттар орындалса танылады:

жалпы кірістің шамасы сенімді бағалана алады;

операцияға байланысты экономикалық пайда немесе сервистік әлеует субъектіге түседі деген ықтималдық болғанда;

есепті күндегі жағдай бойынша операцияның аяқталу дәрежесі сенімді бағалана алады; операцияға байланысты шегілген шығындар мен оны аяқтау үшін қажет шығындар сенімді бағалана алады.

Жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер бойынша жалпы кіріс мынадай сәттер бойынша тапқан кіріс ретінде танылады:

нақты орындау – шарт (келісім, келісімшарт) талаптарына сәйкес: не қызметті көрсетудің басталу сәтінде, не аяқтау кезінде, не қызметті көрсеткеннен кейін, не шарттың әрекет еткен кезеңі (қызметті көрсету кезеңі) ішінде барабар;

қызметті көрсету дәрежесін (аяқталу дәрежесін) ескере отырып – барабар орындау;

қызметтер көрсету шамасына қарай – аяқталған орындау немесе "пайыздық дайындық" әдісі.

Жалпы кіріс қызметтер көрсетілген және жұмыстар орындалған есеп кезеңдерінде ғана танылады.

439. 6110 "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер" шотының кредитінде тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді), оның ішінде дайын өнімдерді және оқу-өндірістік шеберханаларының өнімдерін, қосалқы

ауылшаруашылық оқу-тәжірибелік шаруашылықтарды сатудан алынған кірістердің сомасы жазылады және бұл ретте 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шоты дебеттеледі.

440. Мемлекеттік мекемелерге тиесілі асханалар ұсынатын тамақ үшін мектептерде және мектеп-интернattарда оқытындардың тамағы үшін, мектеп жанындағы лагерьлерде балалардың болғаны үшін есептелген төлемнің сомасына және тауарлар (жұмыстар, көрсетілетін қызметтер) бойынша сатудан ақша олардың өкімінде қалатын мемлекеттік мекемелердің басқа есеп айырысуларына 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1232 "Төлемдердің арнайы төлем түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының дебетіне және 6110 "Тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өткізуден алынатын кірістер" шотының кредитіне жазба жүргізіледі. Түсken төлемнің сомасына 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1232 "Төлемдердің арнайы төлем түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шоты кредиттеде және 1042 "Ақылы қызметтер ҚБШ" қосалқы шоты, 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шоты дебеттеледі.

441. Шоттар жоспарының 6200 "Активтерді басқарудан алынатын кірістер" кіші бөлімінің шоттарында инвестиция объектісінің таза кірісінің бір бөлігінің түсімдерінен, акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендерден алынатын кірістер және заңды тұлғаларда қатысу үлестеріне кірістер, мұлікті жалдаудан алынатын кірістер, берілген қарыздар бойынша сыйақылар көрсетіледі.

442. Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі дивидендер мен аударымдарды есептеуді мынадай жазбамен көрсетеді: 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және 6220 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" шотының кредиті, бір мезгілде: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

Инвестиция объектісінің пайда (шығындар) үлесінде мемлекеттік мекеменің қатысуын көрсету акционерлердің/қатысушылардың (жалғыз акционердің/қатысушының) жалпы жиналысының немесе мемлекеттік басқару органдының шешімі бойынша жүзеге асырылады: 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шотының дебеті және 6220 "Активтерді басқарудан алынатын өзге де кірістер" шотының кредиті.

443. Қаржылық жалға беру бойынша сыйақыны есептеу 1250 "Алынуға тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының дебеті және 6210 "Сыйақылар бойынша кірістер" шотының кредиті, 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

444. Шоттар жоспарының "Өзге кірістер" бөлімінің шоттарында ұзақ мерзімді активтердің әділ құнының өзгеруінен, ұзақ мерзімді активтердің шығып қалуынан,

занды және жеке тұлғалардан активтерді қайтарымсыз алудан, бағамдық айырмадан түсетін және озге кірістер ескеріледі.

445. Ұзақ мерзімді активтердің әділ құнының өзгеруінен түсетін кірісті тану мынадай жазбамен көрсетіледі: ұзақ мерзімді активтің тиісті шотының дебеті және 6310 "Әділ құның өзгеруінен түсетін кірістер" шотының кредиті.

446. Ұзақ мерзімді активтердің шығып қалуынан түсетін кірістер мынадай жазбамен көрсетіледі: 1231 "Сатып алушылар мен тапсырыс берушілердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және 6320 "Ұзақ мерзімді активтердің шығуынан алынатын кірістер" шотының дебеті.

447. Активтерді қайтарусыз алудан түсетін кірістер Шоттар жоспарының тиісті қосалқы шоттың/шотының дебеті және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

448. Бағамдық айырмадан кірістер мемлекеттік мекеменің есебінде көрсетіледі:
бағам артқан кезде: Шоттар жоспарының тиісті қосалқы шотының/шотының дебеті және 6340 "Бағамдық айырмадан түсетін кірістер" шотының кредиті;

бағам төмендеген кезде: Шоттар жоспарының тиісті қосалқы шотының/шотының дебеті және 6340 "Бағамдық айырмадан түсетін кірістер" шотының кредиті.

449. Ушінші тараптардың активтердің құнсыздануынан шығындарды өтеуден кірістерді тану ұзақ мерзімді активтің құнсыздануына резервтің тиісті шотының дебеті және 6350 "Шеккен зиянды өтеуден алынатын кіріс" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

450. 6360 "Өзге кірістер" шотында мыналардың нәтижесінде туындаған мемлекеттік мекеменің кірістері көрсетіледі:

мемлекеттік мекеменің кассасында ақша қаражатының артықтығын анықтау: 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті, бір мезгілде: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

кінәлі тұлғалар есебіне жатқызылған материалдар мен тамақ өнімдерінің жетіспеушілігі мен шығындарын есептен шығару: 1262 "Қызметкерлердің өзге есеп айырысу түрлері бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті және бір мезгілде:

7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

бұрын есептен шығарылған дебиторлық берешекті қайтару: дебиторлық берешектің тиісті шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті; 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шоттарының дебеті және дебиторлық берешектің тиісті шотының кредиті; 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және

3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті; 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті;

ұмітсіз кредиторлық берешекті есептен шығару (бұған объективті шарттар болған кезде): кредиторлық берешектің тиісті қосалқы шоттарының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті;

негізгі құралдарды жоюдан алынған материалдар құнын кіріске жазу: 1319 "Өзге материалдар" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті;

биологиялық активті биоөзгерту процесінде төлдеу, өсім немесе салмақ қосуды алу: 2610 "Жануарлар" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті;

биологиялық активтерден өнім алу: 1330 "Дайын өнім" қосалқы шотының дебеті және 6360 "Өзге кірістер" шотының кредиті.

451. Жыл аяқталғаннан кейін мемлекеттік мекеме есеп жылының қаржы жылына кірістер шоттарының жабылуын жүргізеді, бұл ретте кірістердің тиісті шоты дебеттеледі және 5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шоты кредиттеледі.

452. Кірістерді құжаттамалық ресімдеу алғашқы есеп құжаттарының негізінде жүзеге асады.

453. Тексерілген және есепке қабылданған құжаттар операциялардың жасалу күніне қарай жүйелендіріледі (хронологиялық тәртіппен) және 14-мемориалды ордерде Бухгалтерлік құжаттаманың 406 нысанды балаларды күтіп-ұстағаны үшін ата-аналарымен есеп айырысу жөніндегі жиынтық ведомостерде ресімделеді;

15-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың 409 нысанды айырбасталмайтын операциялардан түсетін кірістерді есептеудің жиынтық ведомосі;

16-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың 409-а нысанды тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) іске асырудан түсетін кірістерді есептеудің жиынтық ведомосі;

17-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың 409-б нысанды активтерді басқарудан түсетін кірістерді есептеудің жиынтық ведомосі;

18-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың 409-в нысанды өзге операциялар бойынша кірістерді есептеудің жиынтық ведомосі;

26 мемориалдық ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың № 409-д нысанында бюджет түсімдерінен кірістерді есептеудің жинақтаушы ведомосі.

454. Кірістердің өзге түрлерін есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 283-нысанды көп бағанды карточкаларында жүзеге асырылады.

16-тaraу. Шығыстарды есепке алу тәртібі

455. Шығыстар активтің азаюымен немесе міндеттемелердің ұлғаюымен байланысты, сенімді өлшене алатын экономикалық пайдалардың төмендеуі немесе сервистік әлеуettің төмендеуі туындағанда танылады.

Мемлекеттік мекеме шығындарды есептеу әдісі бойынша таниды.

456. Мемлекеттік мекеме бюджет қаражатынбекітілген қаржыландыру жоспарларында көзделген нысаналы мақсатына қатаң сәйкестікте жұмсауға міндетті.

Бюджет бойынша шығындарды есепке алу мекеме, бағдарлама, кіші бағдарлама бойынша және бюджеттік сыныптаманың ерекшеліктері бойынша жүргізіледі.

457. Мемлекеттік мекеменің шығыстарын есепке алу үшін мынадай шоттар арналған:

- 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар";
- 7020 "Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар";
- 7030 "Зейнетакы жарналары бойынша шығыстар";
- 7040 "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар";
- 7050 "Міндетті сақтандыруға арналған шығыстар";
- 7060 "Қорлар бойынша шығыстар";
- 7070 "Іссапарларға арналған шығыстар";
- 7080 "Коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша шығыстар";
- 7090 "Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар";
- 7110 "Ұзақ мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар";
- 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар";
- 7130 "Жал бойынша шығыстар";
- 7140 "Өзге операциялық шығыстар";
- 7150 "Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға арналған шығыстар";
- 7210 "Трансфертер бойынша шығыстар";
- 7220 "Зейнетакы мен жәрдемақы төлеу бойынша шығыстар";
- 7230 "Субсидиялар бойынша шығыстар";
- 7240 "Жалпы сипаттағы трансфертер бойынша шығыстар";
- 7250 "Жергілікті өзін-өзі басқару трансфертері бойынша шығыстар";
- 7260 "Бюджетке түсетін түсімдерді азайту жөніндегі шығыстар";
- 7270 "Өзге де трансфертер және бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар";
- 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар";
- 7320 "Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар";
- 7330 "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобалары бойынша шығыстар";
- 7410 "Әділ құнының өзгеруі бойынша шығыстар";
- 7420 "Ұзақ мерзімді активтерді қатардан шығару жөніндегі шығыстар";
- 7430 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар";
- 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар";
- 7450 "Резервтерді құру бойынша шығыстар";

- 7460 "Өзге шығыстар";
7470 "Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстар";
7480 "Каржылық инвестициялар мен міндettемелерді бастапқы тану кезінде туындаитын шығыстар";
7490 "Қорлар бойынша шығыстар".

458. Мемлекеттік мекеменің операциялық шығыстары Шоттар жоспарының 7000-7100 "Операциялық шығыстар" бөлімі шоттарының қосалқы шотында танылады және еңбекақы төлеуге, стипендия төлеу бойынша, қосымша белгіленген зейнетақылық жарналарға, әлеуметтік салыққа, міндettі сақтандыруға, қорлар бойынша, іссапарларға, коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша, ағымдағы жөндеуге және ұзак мерзімді активтерді амортизациялау бойынша шығыстар кіреді. Бюджетпен есеп айырысу бойынша, жалдау бойынша және өзге операциялық шығыстар.

459. Мемлекеттік мекеме шығыстардың есептелуін мынадай корреспонденциялармен көрсетеді:

еңбекақы төлеу бойынша: 7010 "Еңбекақы төлеуге арналған шығыстар" шотының дебеті және 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

мемлекеттік оқу орнында стипендия төлеу бойынша: 7020 "Стипендиялар төлеу бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3230 "Стипендианттарға қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

қосымша белгіленген зейнетақы жарналары бойынша: 7033 "Қосымша белгіленген зейнетақы жарналарына арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3142 "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕАҚ-на төленетін зейнетақы жарналары бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

әлеуметтік салық бойынша: 7040 "Әлеуметтік салыққа арналған шығыстар" шотының дебеті және 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндettі әлеуметтік сақтандыруға міндettі төлемдер бойынша: 7050 "Міндettі сақтандыруға арналған шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3143 "Өзге де міндettі және ерікті төлемдер бойынша өзге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

қорларды есептен шығару бойынша: 7060 "Қорлар бойынша шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті;

іссапарларға есеп беретін сома бойынша: 7070 "Іссапарларға арналған шығыстар" шотының дебеті және 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа

мерзімді дебиторлық берешегі", 1263 "Өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының кредиті;

коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша: 7080 "Коммуналдық төлемдер мен өзге қызметтер бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

ағымдағы жөндеуге: 7090 "Ағымдағы жөндеуге арналған шығыстар" шотының дебеті және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

ұзак мерзімді активтерді амортизациялау бойынша: 7110 "Ұзак мерзімді активтердің амортизациясы бойынша шығыстар" шотының дебеті және ұзак мерзімді активтердің жиналған амортизациясы бойынша тиісті қосалқы шоттың кредиті;

бюджетпен есеп айырысу бойынша: 7120 "Бюджетке төленетін төлем бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3133 "Өзге операциялар бойынша бюджет алдындағы қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

жалдау бойынша: 7130 "Жал бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3260 "Жал бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті.

460. Шоттар жоспарының 7200 "Бюджеттік төлемдер бойынша шығыстар" кіші бөлімінің шоттарында бюджетке түсетін салықтық және салықтық емес түсімдерінің азауы бойынша мемлекеттік мекеменің трансфертер, субсидиялар, зейнетақы мен жәрдемақылар, субвенциялар төлеу бойынша шығыстары ескеріледі.

461. Алынған трансфертердің қаражаты есебінен жүргізілген шығыстарды есептен шығару төмен тұрған бюджеттің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің есептері негізінде мынадай жазбамен жүзеге асырылады: 7210 "Трансфертер бойынша шығыстар" шотының дебеті және 1210 "Бюджеттік төлемдер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" шотының тиісті қосалқы шотының кредиті.

462. Зейнетақылар мен мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар төлеу бойынша іс жүзінде жүргізілген шығыстар 7220 "Зейнетақы мен жәрдемақы төлеу бойынша шығыстар" шотының дебеті және 1216 "Зейнетақылар мен жәрдемақылар төлеуге трансфертер бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті бойынша ескеріледі.

463. Жеке және заңды тұлғаларға төленген субсидиялар бойынша шығыстарды есептен шығару мынадай жазбамен көрсетіледі: 7230 "Субсидиялар бойынша шығыстар" қосалқы шотының дебеті және 3114 "Жеке тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", 3115 "Заңды тұлғаларға субсидиялар бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті.

464. Мемлекеттік мекеме мыналар бойынша сыйақы есептеуді көрсетеді:

алынған қарыздар бойынша: 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының кредиті;

қаржылық жалдау бойынша: 7310 "Сыйақылар бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3250 "Төленуге тиісті қысқа мерзімді сыйақылар" шотының кредиті.

465. Казимемлекеттік сектор субъектілеріне, қауымдашқан ұйымдарға немесе бірлескен қесіпорындарға инвестицияларды есепке алу бойынша үлестік қатысу әдісі қолданылған кезде инвестиция объектісі шығындарының үлесінде мемлекеттік мекеменің қатысуын көрсету акционерлердің/қатысушылардың (жалғыз акционердің/қатысушының) немесе мемлекеттік басқару органының жалпы жиналышының шешімі бойынша 7320 "Активтерді басқару бойынша өзге шығыстар" шотының дебеті және 2120 "Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары" шотының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

466. Шоттар Жоспарының "Өзге шығыстар" бөлімінің шоттарында ұзақ мерзімді активтердің әділ құнының өзгеруінен, ұзақ мерзімді активтердің шығып қалуынан, бағамдық айырмадан, резервтер құру бойынша және өзге шығыстар ескеріледі.

467. Ұзақ мерзімді активтердің әділ құнының өзгеруінен шығысты тану мынадай жазбамен көрсетіледі: 7410 "Әділ құнының өзгеруі бойынша шығыстар" шотының дебеті және ұзақ мерзімді активтің тиісті шотының кредиті.

468. Мемлекеттік мекеме бағамдық айырмадан шығыстарды мынадай жазбамен көрсетеді:

бағам төмендегендегі: 7430 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар" шотының дебеті, Шоттар жоспары активінің тиісті қосалқы шотының/шотының кредиті;

бағам артқанда: 7430 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспары міндеттемелерінің тиісті қосалқы шотының/шотының кредиті.

469. Активтердің құнсыздануынан шығыстар 7440 "Активтердің құнсыздануынан түсетін шығыстар" шотының дебеті және активтердің құнсыздануына резервтерді есепке алу бойынша тиісті шоттың кредиті.

470. Мемлекеттік мекеме резервтер құру бойынша шығыстарды мынадай корреспонденциямен көрсетеді: 7450 "Резервтерді құру бойынша шығыстар" шотының дебеті және 1290 "Күмәнді дебиторлық берешектер бойынша резерв" шотының кредиті.

471. Өзге шығыстар мемлекеттік мекеменің есебінде мынадай тізбектермен көрсетіледі: 7460 "Өзге шығыстар" шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Қорлар" кіші бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының (бұзылудан қорларды жоғалтқанда), 2610 "Жануарлар" шотының, 2620 "Көпжылдық екпелер" шотының кредиті.

Мемлекеттік мекеме есебіндегі республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстары тізбектермен: 7470 "Республикалық және жергілікті бюджеттердің ҚБШ бойынша шығыстары" шотының дебеті және 1046 "Республикалық бюджеттің ҚБШ", 1047 "Жергілікті бюджеттердің ҚБШ" қосалқы шоттарының кредиті бойынша көрсетеді.

472. Мемлекеттік мекеме жыл аяқталғаннан кейін есепті жылдың қаржылық нәтижесіне шығыстар шоттарын жабуды жүргізеді, бұл ретте 5210 "Есепті жылдың

қаржылық нәтижесі", 5230 "Бюджетке түсімдер бойынша есепті кезеңін қаржылық нәтижесі" дебеттеледі және шығыстардың тиісті шоттары кредиттеледі.

473. Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы мен инвестициялық жылжымайтын мүлік бойынша есепке алу негізгі құралдарды, жылжымайтын мүлікті, жануарларды (жұмысшы мал), ауылшаруашылық қызметіне байланысты емес өсімдіктерді Бухгалтерлік құжаттаманың НК-6, НК-8 нысанды түгендеу карточкаларында жүргізіледі, онда теңгемен амортизацияның жылдық сомасы, тозу есептелетін ай және жыл жазылады. Ай сайынғы амортизацияны есептеу Бухгалтерлік құжаттаманың 459 нысанды Ұзақ мерзімді активтердің амортизация сомасын есептеудің әзірлеу кестесінде өсу қорытындысымен көрсетіледі.

474. Материалдық емес активтердің амортизациясы бойынша есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың НОС-6 нысанды активтерді есепке алудың түгендеу карточкаларында жүргізіледі, онда теңгемен амортизацияның соңғы рет тозу есептелетін бір жылда және айда жинақталған сомасы жазылады.

475. Иссапар шығыстарын есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 386-нысандына есеп беретін тұлғалармен есеп айырысу бойынша жинақтаушы ведомста жүргізіледі (8 мемориалдық ордер).

Есеп беретін әрбір тұлғаның саны көп емес мемлекеттік мекемелерде есеп айырысулардың талдама есебі Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында есептілікке жауапты тұлғалар бойынша жүргізіледі.

476. Бюджетке түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек бойынша жинақтаушы ведомосі Бухгалтерлік құжаттаманың № 458-д нысандында 27 мемориалдық ордерде жүргізіледі.

477. Шығыстарды есепке алу 19-мемориалды ордер - Бухгалтерлік құжаттаманың 458 нысанды операциялық шығыстарды есептеудің жиынтық ведомосінде жүргізіледі;

20-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың 458-а нысанды бюджеттік төлемдер бойынша шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

21-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың 458-б нысанды активтерді басқару жөніндегі шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

22-мемориалды ордер – Бухгалтерлік құжаттаманың 458-в нысанды өзге операциялар бойынша шығыстарды есептеудің жинақтау ведомосі;

27 мемориалдық ордерде – Бухгалтерлік құжаттаманың № 458-д нысандында бюджетке түсімдер бойынша төлеушілермен есеп айырысу бойынша дебиторлық берешек бойынша жинақтаушы ведомосі.

478. Шығыстардың қалған түрлерді есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 283 нысанды көп бағанды карточкаларында немесе Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкасында жүргізіледі.

479. Резервтер бойынша шығындарды есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 283 нысанды көп бағанды карточкасымен ресімделеді.

17-тaraу. Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындарды есепке алу тәртібі

480. Қорларды өндіруге және қайта өндеуге жұмсалатын шығындар тікелей және үстеме (жанама) шығыстар болып бөлінеді:

тікелей шығыстарға өнім бірліктеріне тікелей байланысты шығындар жатады: материалдар, өндірістегі жұмысшылардың, ғылыми қызметкерлердің еңбекақылары және басқа шығыстар, электр энергиясы, есеп жылының өнімі құнына жатқызылған өткен жылдардың шығындары және өзге тікелей шығындар;

үстеме (жанама) шығындарға мыналар жатады: басқару аппараты мен қызмет көрсетуші персоналдың жалақысы, үй-жайларды жалдау, жылу, ағымдағы жөндеу мен өзге жанама шығыстар.

481. Өндіріске және басқа мақсаттарға шығындарды есепке алу үшін 8010 "Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" шотының мынадай шоттары арналған:

8011 "Материалдар";

8012 "Еңбекақы";

8013 "Еңбекақыдан аударымдар";

8014 "Үстеме шығыстар".

482. Егер мемлекеттік мекеме өнімнің бір түрін өндірсе, барлық шығындар тікелей болып табылады. Калькуляцияның бірнеше объектілері болғанда үстеме шығыстар алдын ала 8014 "Үстеме шығыстар" қосалқы шотында ескеріледі.

Өндірістік (оқу) шеберханаларында және баспа өнімдерін дайындағанда үстеме шығыстарды бөлу ай сайын жүргізіледі, ал қосалқы ауылдық және оқу-тәжірибелік шаруашылықтарда жыл сонында жүргізіледі. Нақты шарттарға қарай үстеме шығыстар жеке бүйымдар, ауылшаруашылық өнімдерінің түрлері немесе өндірістегі жұмысшылардың, ғылыми қызметкерлердің және өндірісте жұмыс істейтін басқа қызметкерлердің еңбекақыларына тең өндірістің салалары немесе жұмсалған материалдар бойынша, немесе тікелей шығындардың жиынтығы бойынша бөлінеді.

483. Өндіріс бойынша операцияларды ай басында көрсеткен кезде, аяқталмаған өндірістің сальdosы өндірістік есеп шотына ауыстырылады: 8010 "Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" шотының дебеті және 1320 "Аяқталмаған өндіріс" шотының кредиті.

Тікелей өндірістік шығындар 8010 "Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" тиісті шотына тікелей жатады:

қорларды есептен шығару: 8011 "Материалдар" қосалқы шотының дебеті және Шоттар жоспарының "Корлар" бөлімі шотының тиісті қосалқы шотының кредиті;

өндірістегі қызметкерлердің еңбекақысын есептеу: 8012 "Еңбекақы" қосалқы шотының дебеті және 3241 "Еңбекақы төлеу бойынша қызметкелерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" қосалқы шотының кредиті;

Еңбекақыдан аударымдар: 8013 "Еңбекақыдан аударымдар" қосалқы шотының дебеті және 3122 "Әлеуметтік салық бойынша қысқа мерзімді кредиторлық берешек", қосалқы шоттарының кредиті.

484. Есепті кезеңнің соңында өндірістік шығындардың жалпы қорытындысы жүргізіледі. Бұл ретте шоттардың мынадай корреспонденциясы жүзеге асырылады: 8010 "Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" шотының дебеті және 8011 "Материалдар", 8012 "Еңбекақы", 8013 "Еңбекақыдан аударымдар", 8014 "Үстеме шығыстар" тиісті қосалқы шоттарының кредиті.

Есепті кезеңнің соңында өндірістік шоттардан сальдо аяқталмаған өндірістің ай соңындағы қалдықтарын анықтау үшін дайын өнімге және аяқталмаған өндіріске ауыстырылады: 1330 "Дайын өнім" шотының дебеті және 8010 "Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" шотының кредиті, 1320 "Аяқталмаған өндіріс" шотының дебеті, 8010 "Өндіріске және басқа мақсаттарға арналған шығындар" шотының кредиті.

485. Өндірістік шығындардың талдамалы есебі дайындалмалар мен қайта өндеулердің әрбір түрі бойынша (ішкі киім тігу, отын дайындау, жеміс-жидектерді қайта өндеу және дайындалмалар мен қайта өндеулер) Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында жүргізіледі. Бұйым түрлері бойынша, шығындар сыныптамасы бойынша, ауылшаруашылық дақылдарының әр атауына немесе жануарлардың әр тобына Бухгалтерлік құжаттаманың 283 нысанды көп бағанды карточкаларында жүргізіледі. Өсімдіктану бойынша егіншілік, бағбаншылық, көкөніс өсірушілік шығындары жеке ескеріледі. Қажет болған жағдайда жеке дақылдар бойынша (бидай, жемістер, картоп, жидектер және басқа дақылдар) жүргізіледі. Мал шаруашылығы бойынша ірі қара мал, қой шаруашылығы, шошқа шаруашылығы, құс шаруашылығы бойынша шығындар жеке ескеріледі.

486. Тәжірибелік құрылғыларды дайындау бойынша талдама есеп Бухгалтерлік құжаттаманың 283 нысанды көп бағанды карточкаларда әр тәжірибелік құрылғы бойынша жүргізіледі.

Жұмыстар аяқталған соң тәжірибелік құрылғы кіріске жазылмайды, ал көрсетіледі, сонда акті құрастырылады және материалдар, құрылғыны қайта монтаждағанда алынған құралдарды қолдану бағасы бойынша кіріске жазылады.

487. Материалдардың сол немесе басқа түрін даярлау мен қайта даярлау аяқталғанда, тиісті тұлғалардың қолы бар акті жасалады, онда қайта даярлауда немесе даярлаудан алынған құндылықтардың саны, осы жұмыстарға жұмсалатын шығындар мен олардың өзіндік құны көрсетіледі. Актіні мемлекеттік мекеме басшысы немесе ол уәкілеттік берген тұлға бекітеді және осы шоттан шығындар сомасын есептен шығару және тиісті шоттар бойынша алынған құндылықтарды кіріске жазу құқығына арналған құжат қызметін атқарады.

18-тарау. Бағалау міндеттемелерін, шартты міндеттемелерді және шартты активтерді анықтау

488. Активтердің амортизациясы, құнсыздануы және күмәнді қарыздар бағалау міндеттемелеріне жатпайды, бұл баптар активтердің баланстық құнының түзетілімі болып саналады және осы тарауда қарастырылмайды.

489. Мемлекеттік мекеменің бағалау міндеттемелерін есепке алуға арналған шоттар:

3310 "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері";

3320 "Қысқа мерзімді кепілдік міндеттемелері";

4210 "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері";

4220 "Ұзақ мерзімді кепілдік міндеттемелері".

490. Бағалау міндеттемелері мынадай жағдайларда танылады:

мемлекеттік мекеменің қандай да бір етken оқиға бойынша тұған міндеттемесі бар (занды немесе тәжірибеден туындаитын);

міндеттемені реттеу үшін экономикалық тиімділігі бар қорларды шығару қажет деп тану ықтималдығы бар; және міндеттеме мөлшерінің сенімді есептік бағалауын келтіруге болады.

Егер бұл шарттар орындалмаса, онда бағалау міндеттемелері танылмауы тиіс.

Занды міндеттеме әдетте шарт немесе заңнама әсерінің нәтижесінде пайда болады.

491. Бухгалтерлік есепте бағалау міндеттемесін таныған кезде мынадай тізбек беріледі: 7450 "Резервтерді құру бойынша шығыстар" шотының дебеті және 3310 "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері", 4210 "Ұзақ мерзімді бағалау міндеттемелері" шотының кредиті.

492. Бағалау міндеттемесі ретінде танылған сома есепті күнге ағымдағы міндеттемені өтеуге қажет шығындардың ең жоғары есептік бағасы ретінде болуы тиіс.

Ағымдағы міндеттемені өтеуге қажет шығындардың ең жоғары есептік бағасы – бұл субъекті есепті күнге міндеттемені өтеу үшін төлеуі немесе үшінші тарапқа аударуы мүмкін сома.

Бағалау міндеттемесін өтеуге қажет кейбір немесе барлық шығындарды басқа тараптың өтеуі күтілген жағдайда өтем субъект міндеттемені өтегендеге, өтемнің алынуы анық болған жағдайда ғана танылуы тиіс. Өтем жеке актив ретінде есептелуі тиіс. Өтемге байланысты танылған сома бағалау міндеттемесінің сомасынан аспауы тиіс.

Қаржылық қызметтің нәтижелері туралы есепте бағалау міндеттемесіне жатқызылған шығысты өтеуге қатысты танылған соманы шегере отырып ұсынуға болады.

493. Бағалау міндеттемелері жыл сонында қайта қаралуы және ағымдағы ең жоғары есеп бағасын көрсету үшін түзеліп отыруы тиіс. Егер міндеттемені өтеу үшін экономикалық пайдаларды немесе сервистік әлеуетті қамтитын ресурстардың шығуын талап ету ықтималдығы жоқ болса, онда бағалау міндеттемелері жойылуы тиіс.

Бағалау міндеттемесі бойынша есептелген резервті жойған кезде мынадай тізбек беріледі: 3310 "Қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері" дебеті және 7450 "Резервтерді құру бойынша шығыстар" шотының кредиті.

494. Бағалау міндеттемесіне қарсы бастапқыда оларға қатысты құрылған шығындарға есептеледі.

495. Әйтеуір бір өтелетін шығындар бойынша бағалау міндеттемелері танылмайды, өйткені қаржылық есептілік болашақтағы мүмкін жағдайды емес, есеп кезеңінің соңындағы жағдайды көрсетеді.

496. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда бағалау міндеттемелерінің туындауы бойынша түрлі ахуалдардың үлгілері берілген.

497. Мемлекеттік мекеме шартты міндеттемені мойындамайды, экономикалық пайдасы бар ресурстардың шығып қалуы алып табылған жағдайлардан басқа жағдайларда, қаржылық есептіліктің түсініктеме жазбасындағы шартты міндеттемені ашады.

498. Шартты активтер қаржылық есептілікте танылмайды, өйткені бұл мүмкін ешқашан алынбайтын кірісті тануға әкеледі. Мемлекеттік мекеме шартты активтер туралы ақпаратты қаржылық есептіліктің түсініктеме жазбасында ұсынады.

Егер мемлекеттік мекемеге экономикалық пайдалар түседі деген ықтималдық болса, шартты активті ашылуы тиіс. Егер кірісті сату шынымен анықталса, онда тиісті актив шартты актив болып табылмайды және оны тану қаржылық есептіліктің дайындау мен ұсынудың қағидаттарына сәйкес болады.

19-тaraу. Валюта бағамдары өзгерістерінің әсер етуі

499. Қазақстан Республикасында қолданыстағы валюта және қаржылық есептілікті ұсынудың валютасы болып теңге табылады.

500. Шетел валютасындағы шоттар бойынша операцияларды жасау мен ресімдеудің тәртібі валюталық реттеу туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

501. Шетел валютасындағы операциялар бухгалтерлік есепте алғаш көрсетілгенде шетел валютасындағы сомаға операцияны жасау күніндегі валюталарды айырбастаудың нарықтық бағамын қолдану жолымен қолданыстағы валютада көрсетіледі. Бір мезгілде бұл операцияларды есепке алу еайрысулар мен төлемдер валютасында жүргізіледі.

Осы операцияның тану өлшеміне сәйкестігі алғаш анықталған күн операция күні болып табылады.

502. Мемлекеттік мекеменің бюджеттік қаржыландыру есебінен шетел валютасын сатып алуы мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі:

шетел валютасын сатып алуға ақша қаражаты аударылғанда: 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" шотының дебеті және Шottар жоспарының "Ақша қаражаты және олардың баламалары" бөлімінің тиісті шотының кредиті;

шетел валютасындағы шотқа шетел валютасы түскенде: 1050 "Шетелдік валютадағы шот" шотының дебеті және 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" қосалқы шотының кредиті, бір мезгілде комиссиялық алымның сомасы шығыстарға жатқызылады: 7140 "Өзге операциялық шығыстар" шотының дебеті және 1280 "Өзге қысқа мерзімді дебиторлық берешектер" қосалқы шотының кредиті.

503. Шетел валютасы кассадағы түскен кезде мынадай корреспонденция жүзеге асырылады: 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының дебеті және 1050 "Шетелдік валютадағы шот" шотының кредиті.

504. Өнім берушілермен және мердігерлермен шетел валютасында есеп айырысу 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының дебеті және 1050 "Шетелдік валютадағы шот" шотының кредиті бойынша жазбамен көрсетіледі.

505. Есептілікке шетел валютасында ақша қаражатын беру операция жасау күніндегі бағам бойынша 1261 "Есеп беретін сомалар бойынша қызметкерлердің қысқа мерзімді дебиторлық берешегі", 1263 "Өзге де есеп беретін тұлғалардың қысқа мерзімді дебиторлық берешегі" қосалқы шотының дебеті және 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" шотының кредиті бойынша көрсетіледі.

506. Эрбір есепті күнге мемлекеттік мекеме есепте мыналарды көрсетеді:

түпкілікті бағамды (есепті күнге ағымдағы валюталық бағамды) пайдалана отырып қайта есептелген - шетел валютасындағы ақшалай (монетарлы) баптар;

операция жасау күніне айырбастау бағамы бойынша - шетел валютасындағы ақшалай емес (монетарлы емес) баптар;

әділ құнды анықтау мерзімінде әрекет еткен айырбастау бағамдары бойынша қайта есептелген - әділ құн бойынша бағаланған шетел валютасындағы ақшалай емес (монетарлы емес) баптар.

Мыналар монетарлы (ақшалай) баптар болып табылады: ақша қаражаты, ақша қаражаты түрінде төлеуге жататын зейнетақылар мен қызметкерлерге басқа сыйақылар, ақша қаражатымен өтеуге жататын резервтер.

Мыналар монетарлы емес (ақшалай емес) баптар болып табылады: тауарлар мен қызметтер үшін аванстық төлемдердің сомасы, материалдық емес активтер, қорлар, негізгі құралдар, сондай-ақ ақшалай емес (монетарлы емес) активті ұсыну жолымен реттеуге жататын резервтер/міндеттемелер.

507. Айырбастау бағамының өзгеруі нәтижесінде операцияны жасау күні мен шетел валютасындағы операциялар бойынша монетарлы (ақшалай) баптарды өтеу күні арасында бағамдық айырма туындайды.

Ол бойынша операция мен есеп айырысу бір есепті кезең ішінде жүзеге асырылса, онда барлық бағамдық айырма сол есепті кезеңде танылады.

Операция бойынша есеп айырысу оны жасау кезеңінен кейінгі есеп кезеңінде жүргізілсе, әрбір аралық есеп кезеңінде, тіпті есеп айырысу кезеңіне дейін танылатын бағамдық айырма осы кезеңнің ішінде валюталық бағамдардың өзгеруімен анықталады.

508. Бағамдық айырманың өзгеруі есепте мынадай корреспонденциялармен көрсетіледі:

активдердің шоттары бойынша:

бағам көтерілген кезде: Шоттар жоспары активінің тиісті қосалқы шотының/шотының дебеті және 6340 "Бағамдық айырмадан түсетін кірістер" шотының кредиті;

бағам төмендеген кезде: 7430 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар" шотының дебеті, Шоттар жоспары активінің тиісті қосалқы шотының/шотының кредиті;

міндеттемелер шоттары бойынша:

бағам көтерілген кезде 7430 "Бағамдық айырма бойынша шығыстар" шотының дебеті, Шоттар жоспары міндеттемесі тиісті қосалқы шотының/шотының кредиті;

бағам төмендеген кезде: Шоттар жоспары міндеттемесі тиісті қосалқы шотының/шотының дебеті, 6340 "Бағамдық айырмадан түсетін кірістер" шотының кредиті.

509. Шетелдік қызметке шетелдегі дипломатиялық және оларға теңестірілген өкілдіктер, консулдық және өз қызметін Қазақстан Республикасынан тыс шоғырландырылған қаржылық есептілік ұсынатын органның валютасынан ерекшеленетін валютада жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттік мекемелері жатқызылады.

510. Ақша қаражатының негізгі бөлігі генерацияланатын және жұмсалатын негізгі экономикалық ортаның валютасы шетелдік қызметті жүзеге асыратын мекемелер үшін қолданыстағы валюта болып табылады. Қолданыстағы валютаны анықтау кезінде мынадай факторларды:

түсімдер берілетін;

есептеулер жүргізілетін валютаны басшылықта алу қажет.

Мыналар қолданыстағы валютаны анықтау кезінде қосымша факторлар болып табылады:

қызметтін шоғырландырылған қаржылық есептілік беретін орган қызметінің жалғасы ретінде немесе елеулі дербестік дәрежесіне ие қызмет ретінде жүзеге асыру;

шоғырландырылған қаржылық есептілік беретін органмен жасалатын операциялар шетелдік қызметте елеулі немесе елеусіз үлесті құрай ма;

шетелдік қызметтен түсетін ақша қаражатының ағыны шоғырландырылған қаржылық есептілік беретін органның ақша ағынына тікелей әсер ете ме.

511. Есепті кезеңдегі нәтижелер және қаржылық көрсеткіштер мынадай рәсімдерді пайдалана отырып қолданыстағы валютадан ұсынувалютасына қайта есептеуге жатады

:

1) әрбір берілген бухгалтерлік баланс бойынша активтер мен міндеттемелер (яғни салыстырмалы деректерді қоса алғанда) осы бухгалтерлік баланс күніндегі түпкілікті бағам бойынша қайта есептеуге жатады;

2) қаржылық қызметтің нәтижелері туралы әрбір есеп бойынша жалпы кірістер мен шығыстар (яғни салыстырмалы деректерді қоса алғанда) операцияларды жүзеге асыру күніндегі бағам бойынша қайта есептеуге жатады;

3) барлық туындаған бағамдық айырмалар таза активтердін/капиталдың жеке құрауышы ретінде тануға жатады. Оң бағамдық айырма 5114 "Шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв" қосалқы шотының кредиті бойынша, бұрын есептелген резерв болған кезде теріс бағамдық айырма 5114 "Шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге арналған резерв" қосалқы шотының дебеті бойынша көрсетіледі.

Бұрын есептелген резерв болмаған кезде теріс бағамдық айырма 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" қосалқы шотының дебеті бойынша көрсетіледі.";

512. Шетелдік қызметті жүзеге асыратын жағдайда мекеме қолданыстағы валютаны өзгертуken жағдайда, соңғысы қайта есептеу рәсімдерін қолдануы тиіс, олар аудису сәтінен бастап жаңа қолданыстағы валюталарға перспективалық қолданылады. Басқаша айтқанда, барлық баптарды валюта аудисқан күнге бар бағам бойынша жаңа қолданыстағы валютага қайта есептеуді жүргізу қажет.

Шетелдік қызмет шығып қалған кезде осы шетелдік қызметке қатысты жеке құрауыш ретінде танылған бағамдық айырмалардың жиынтық сомасы шығып қалудан кіріс танылатын кезеңдегі шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылуы тиіс.

513. 1010 "Кассадағы ақша қаражаты" және 1050 "Шетелдік валютадағы шот" шоттары бойынша ақша қаражатының қозғалысы бойынша операцияны есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 381 нысанды жинақтау ведомосінде (3-мемориалды ордерде) жүргізіледі, ал операциялардың талдама есебі – Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында немесе Бухгалтерлік құжаттаманың 292 нысанды кітабында жүргізіледі.

514. Валютаның әр түрі бойынша жасалатын операциялар шетел валютасында (номиналы бойынша) көрсетілетін жеке касса кітабы жүргізіледі.

20-тaraу. Таза активтерді/капиталды есепке алу тәртібі

515. Қағидалардың осы тарауы Шоттар жоспарының "Таза активтер/капитал" бөлімі шоттарындағы операцияларды есепке алу тәртібін анықтайды:

5010 "Күрделі салымдарды қаржыландыру";

5110 "Резервтер";

5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі";

5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі";

5230 "Бюджетке түсітін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі";

5240 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша алдынғы жылдардың қаржылық нәтижесі".

516. Салымдар бойынша міндеттемелерді қабылдауға жоспарлы тағайындауларды мемлекеттік мекемеге бөлгендеге, күрделі салымдарды қаржыландыру танылады және мынадай жазбамен көрсетіледі 1082 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар", 1092 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті және 6020 "Күрделі салымдарды қаржыландырудан түсетін кірістер" қосалқы шотының кредиті.

Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен қаржыландырудың түсімі 1087 "Сыртқы қарыздардың және байланысты гранттардың есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының дебеті 5012 "Сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен күрделі салымдарды қаржыландыру" қосалқы шотының кредиті бойынша көрсетіледі. Қаржылық жыл аяқталғаннан кейін сыртқы қарыздар мен байланысты гранттар есебінен міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар шоттардың кері корреспонденциясымен жабылады.

517. Есепті жылдың соңында жоспарлы тағайындаулар шоттарындағы күрделі салымдарға қалдықтар бюджетке қайтаруға жатады 6090 "Қаржыландыруды бюджетке қайтару" қосалқы шотының дебеті және 1082 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" немесе 1092 "Күрделі салымдар бойынша міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулар" қосалқы шотының кредиті.

518. Шоттар жоспарының 5100 "Резервтер" кіші бөлімінің шоттарында активтерді қайта бағаланған құны бойынша есепке алу моделін пайдаланған кезде есептелетін ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауга, шетелдік қызмет бойынша шетел валютасын қайта есептеуге және өзге резервтерге арналған сомалар көрсетіледі.

Ұзақ мерзімді активтерді қайта бағалауга резервтерді есептеу мен есептен шығару тәртібі осы қағидалардың тиісті кіші тарауларында анықталған.

519. 5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шотында есепті жылдағы мемлекеттік мекеменің кірістері мен шығыстарының сомасын жабу нәтижесі көрсетіледі, бұл ретте мынадай корреспонденциялар жүзеге асырылады:

5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шотының дебеті және Шоттар жоспары шығыстарының тиісті қосалқы шотының/шотының кредиті;

Шоттар жоспары кірістерінің тиісті қосалқы шотының/шотының дебеті және 5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті.

520. 5230 "Бюджетке түсетін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шотында есепті кезеңдегі мемлекеттік мекеменің кірістері мен шығыстарының

жабылу сомасының нәтижесі көрсетіледі, бұл ретте корреспонденция жүзеге асырылады:

5230 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шотының дебеті және Шоттар жоспары шығыстарының тиісті шотының/қосалқы шотының кредиті;

Шоттар жоспары кірістерінің тиісті шотының/қосалқы шотының дебеті және 5230 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шотының кредиті.

521. 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотында есепті жылды қоса алғанда мемлекеттік мекеме қызметінің барлық кезеңіне ұлғаю нәтижесімен қаржылық қорытынды көрсетіледі және мынадай жазбамен көрсетіледі:

5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының дебеті және есепті жылдың теріс қаржылық нәтижесі болған кезде 5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті;

5210 "Есепті жылдың қаржылық нәтижесі" шотының дебеті және есепті жылдың оң қаржылық нәтижесі болған кезде 5220 "Өткен жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті.

Ағымдағы кезеңде өткен жылдардың қателерін түзету 5220 "Алдыңғы жылдардағы қаржы нәтижесі" шотын қолдана отырып жүзеге асырылады.

522. 5240 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі" шотында есепті жылды қоса алғанда мемлекеттік мекеме қызметінің бүкіл кезеңі үшін өспелі жиыны бар қаржы нәтижесі көрсетіледі және мынадай жазбалармен:

5240 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының дебеті және 5230 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шотының кредиті есепті жылдың теріс қателерінің нәтижесі болған кезде;

5230 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша есепті кезеңнің қаржылық нәтижесі" шотының дебеті және 5240 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі" шотының кредиті есепті жылдың оң қаржы нәтижесі болған кезде бейнеленеді.

Өткен жылдардың қателерін түзету ағымдағы кезеңде 5240 "Бюджетке түсептін түсімдер бойынша алдыңғы жылдардың қаржылық нәтижесі" шотын қолдана отырып жүзеге асырылады.

523. 5010 "Күрделі салымдарды қаржыландыру" қосалқы шоттары бойынша есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 292-а нысанды карточкаларында жүргізіледі.

21-тaraу. Баланстан тыс шоттарда есепке алу тәртібі

524. Мемлекеттік мекеме мемлекеттік мекемеде балансталған шоттардағы уақытша сақталудағы және оның меншігіне жатпайтын активтердің (жалданған активтер, қатаң

есептілік бланкілері және мемлекеттік мекемеге тиесілі емес басқа да активтер) есебін жүргізеді.

Баланстан тыс шоттарда есепке алу дара (қарапайым) жазба бойынша жүргізіледі. Баланстан тыс шоттарда ескерілген активтер белгіленген тәртіппен түгендеуге жатады.

525. Көрсетілген құндылықтарды есепке алу үшін мынадай баланстан тыс шоттар қолданылады:

01 "Жалға алғынған активтер" шотында – операциялық жалға алу шарты бойынша қабылданған активтер жалдау шартында көзделген құнында ескеріледі;

02 "Жауаптылықпен сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар" – шарттар бойынша ғылыми-зерттеу және конструкторлық жұмыстарды орындау үшін сатып алғынған арнайы жабдықты, сондай-ақ шарттарда көзделген баға бойынша қайта өндөуге қабылданған шикізат пен материалдарды қоса алғанда мемлекеттік мекеме жауапты сақтауға қабылдаған тауар-материалдық құндылықтар ескеріледі;

03 "Қатаң есептілік бланкілері" – сақтаудағы және есепке берілетін қатаң есептілік бланкілері (есеп айырысу чек кітапшалары, түбіртек кітапшалары, аттестаттар, дипломдар, куәлік бланкілері, мемлекеттік мекемелердің фирмалық бланкілері, тамақтануға төленген талондар, демалыс үйлеріне, шипажайлар мен туристік базаларға төленген жолдамалар, пошталық маркалар мен мемлекеттік баж маркаларына) және басқа да қатаң есептілік бланкілерін мемлекеттік органдар бекіткен тізбелерге сәйкес есепке алғынады;

04 "Төлемге қабілетсіз дебиторлардың есептен шығарылған берешегі – "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 2-тармағында белгіленген тәртіппен өндіріп алуға үмітсіз деп танылған кезден бастап бес жыл ішінде төлемге қабілетсіз дебиторлардың берешегі ескеріледі, борышкерлердің мүліктік жағдайы өзгерген жағдайда оны өндіріп алу мүмкіндігін бақылау үшін баланстан есептен шығару. Осы берешекті өтеуге алғынған сомалар баланстық шотқа қалпына келтіріледі және мемлекеттік мекеменің бюджет алдындағы тиісті бюджеттің кірісіне беру жөніндегі міндеттемесі ретінде танылады;

05 "Қайтарылмаған материалдық құндылықтар үшін оқушылар мен студенттердің берешегі" – оқушылар мен студенттердің қайтарылмаған киім-кешектері, іш киімдері, құралдары және басқа да құндылықтары үшін берешегі ескеріледі. Оқу орнының балансынан оқудан шығып қалған оқушылар мен студенттердің материалдық құндылықтарын есептен шығару олардың шығуы туралы бұйрықтардың негізінде жүргізіледі. Оқушылар мен студенттер қайтарылмаған материалдық құндылықтар баланстан тыс есепке алғынады. Мұндай мүлікті талап ету Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 260-бабына сәйкес жасалады;

06 "Ауыспалы спорт жүлделері мен кубоктары" – түрлі мемлекеттік мекемелер бекіткен және олардан жеңімпаз командаларды марапаттау үшін алғынған ауыспалы

сыйлықтар, тулар, кубоктар ескеріледі (осы мемлекеттік мекемеде болған барлық кезеңі ішінде);

07 "Жолдамалар" – қоғамдық, кәсіподактық және басқа ұйымдардан қайтарымсыз алынған жолдамалар ескеріледі;

08 "Әскери техниканың оқулық құралдары" – тирлерде, спорттық ату аландарында, әскери пәндер кабинеттерінде орналасқан барлық жабдықтар мен құралдар ескеріледі;

09 "Мәдени мұра активтері" – мәдени мұралық активтер (тарихи ғимараттар мен ескерткіштер, археологиялық қазбалар орны, қорықтар мен табиғи қорғалатын аумақтар, сондай-ақ өнер туындылары) ескеріледі;

10 "Мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken) мұлік" – Мемлекеттік мұлік туралы заңның 21-бабымен көзделген жекелеген негіздер бойынша мемлекет меншігіне айналдырылған (түсken), бағаланған мұліктің есепті құнге Мемлекеттік мұлік тізілімінің деректерімен расталған жиынтық сомасы есепке алынады.

526. Талдама есепке алу Бухгалтерлік құжаттаманың 296-а нысанды карточкаларында жүргізіледі:

жалға алынған активтер – активтердің әр объектісі бойынша жалға берушілер бойынша (жалға берушінің түгендеу нөмірлері бойынша);

иегер мемлекеттік мекемелер, тапсырыс берушілер, түрлері, сұрыптары және сақталу орны, шартты бағалары немесе сатып алу бағалары бойынша – жауапты сақтауға қабылданған немесе орталықтандырылған жабдықтау бойынша төленген қорлар;

борышкердің тегін, атын және әкесінің атын көрсету арқылы – төлем қабілетсіз дебиторлардың берешегі;

әр оқушы мен студент бойынша – оқушылар мен студенттердің берешегі;

әр зат пен оның құны бойынша - ауыспалы спорттық сыйлықтар мен кубоктар;

жолдама түрлері, саны және нақты бағасы бойынша – жолдамалар (жолдамалар ақшалай құжаттармен бірге кассада сақталуы тиіс);

атаулары, орналасқан жерлері және материалдық жауапты тұлғалар бойынша - әскери техникалық оқу құралдары.

Қатаң есептілік бланкілерінің талдама есебі алу әр бланк түрі және сақталу орны бойынша Бухгалтерлік құжаттаманың 448 нысандагы қатаң есептілік бланкілерін есепке алу кітабында жүргізіледі.

3-бөлім. Есепке алудың жекелеген қағидаттары

22-тарау. Есепті қүннен кейінгі оқиғалар

527. Қаржылық есептілік жататын есептік кезеңінің соңғы күні есепті күн деп саналады.

Есептік күн мен қаржылық есептілікті ұсыну күні арасында болып жатқан есептік кезеңнен кейінгі оқиғалар 2 (екі) түрге бөлінеді:

1) есепті күні қолданылған шарттарды растайтын оқиғалар жататын есепті күннен кейінгі түзетілетін оқиғалар;

2) есепті күннен кейінгі пайда болған шарттар туралы қуәландыратын оқиғалар жататын есепті күннен кейінгі түзетілмейтін оқиғалар.

Есепті күннен кейінгі, қаржылық есептілікке елеулі ықпал ететін түзетілмейтін оқиғалар тиісті ақпаратты қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада көрсете отырып, ашып көрсету жолымен көрсетіледі.

Қаржылық есептілікке түсіндірме жазбада ашып көрсетілетін ақпарат есепті күннен кейінгі әрбір елеулі оқиғалардың қысқа, бірақ толық сипаттамасын және олардың салдарын құндық мәніндегі бағалауды қамтиды.

Түзетілетін оқиғаларды көрсету үшін қаржылық есептілікте танылған сомалар түзетуге жатады.

23-тaraу. Әділ күн

528. Әділ күнға жақсы хабарланған осында мәміле жасауға ниет білдірген тәуелсіз тараптар арасында активті айырбастауға немесе міндеттемені өтеуге болатын сома жатқызылады.

529. Белсенді нарық болғанда әділ күн нарықтық белгілейтін баға ретінде анықталады.

530. Әділ күнды анықтау үшін белсенді нарық болмаған кезде бір немесе бірнеше мынадай көрсеткіштер пайдаланылады:

1) операция жасау күні мен есепті күн арасында шаруашылық шарттарындағы елеулі өзгерістер болмағандығын ескере отырып нарықтағы соңғы операция бағасы;

2) ұқсас активтерге нарықтық баға;

3) салалық көрсеткіштер.

531. Активтің нарықтық бағасы немесе басқа құндық көрсеткіштері болмаған жағдайда, әділ күнды анықтау үшін активтен күтілетін таза ақша ағындарының келтірілген құны пайдаланылады. Есеп нақты бір орын мен күйдегі активтің әділ құнын анықтау үшін жүргізіледі. Осы факторлар дисконттау ставкасын анықтау және күтілетін таза ақша ағындарын есептеу кезінде ескеріледі.

24-тaraу. Активтердің құнсыздануы

532. Активтің құнсыздануы амортизация арқылы болашақтағы экономикалық пайдалардағы немесе сервистік әлеуеттегі шығындарды жүйелі танудан артық болашақ экономикалық пайдалардағы немесе активтің сервистік әлеуетіндегі шығындар болып табылады.

Активтің өтелетін құнынан оның баланстық құны артық болған кезде актив құнсызданған болып есептеледі.

Активтің өтелетін құны сатуға арналған шығындарды және оны пайдаланудан түсken құндылықтарды шегергеннен кейінгі активтің әділ құнынан ең көп мәні ретінде айқындалады.

Активті пайдаланғаннан түсетін құндылық генерацияланбайтын ақша қаражаты активтің қалдық сервистік әлеуетінің дисконтталған құны ретінде айқындалады. Қалдық сервистік әлеуеттің дисконттық құны мынадай әдістерді пайдалана отырып айқындалады:

- 1) ауыстырудың амортизацияланған құн әдісі;
- 2) қалпына келтіру құн әдісі;
- 3) пайдалы бірліктер әдісі.

Генерацияланатын ақша қаражаты активтерін пайдаланудан түсетін құндылық активті алуы үздіксіз пайдаланудан және оның пайдалы қызметінің мерзімі өткенненнен кейін істен шығуынан күтілетін ақша қаражатының болашақ ағымдарының дисконтталған құны ретінде айқындалады.

Генерацияланатын ақша қаражаты активтерін пайдаланудан түсетін құндылықты бағалау мынадай кезеңдерді:

- 1) жалғастырылып жатқан активтерді пайдаланумен және оның түпкілікті істен шығуына байланысты болашақ түсімдер мен ақша қаражаты ағымдарын; және
- 2) осы ақша қаражаты ағымдарына тиісті дисконттау стаквасын қолдануды қамтиды.

Егер активтің құнсыздануының қандай да бір белгісі болса, онда осы жеке алынған активтің өтелетін құнын бағалауды жүргізуге жатады. Гере жеке алынған актив үшін өтелетін құнды бағалау мүмкін болмаса, онда мемлекеттік мекеме актив тиесілі генерацияланатын бірліктің өтелетін құнын айқындауы тиіс. Актив тиесілі генерацияланатын бірлік активтің өзін және ақша қаражатының генерацияланатын ағымын, елеулі дәрежеде ақша қаражатының ағымына басқа активтермен немесе олардың топтарына тәуелсіз активтердің ең аз тобын білдіреді.

Жеке активтің өтелетін құны, егер:

- 1) активтерді пайдалану құндылығы сатуға арналған шығындарды шегергеннен кейін мәні бойынша оның әділ құнына жақын ретінде айқындау мүмкін болмаса (мысалы, жалғастырылып жатқан активті пайдаланудан түсетін болашақ ақша қаражатының ағымдары елеусіз ретінде бағалана алмайды): және
- 2) басқа активтер генерацияламайтын елеулі дәрежеде ақша ағымдарынан тәуелсіз ақша ағымдарын актив генерацияламайды және ақша ағымдарын жеке генерациялай алмаса, айқындалмайды.

Мұндай жағдайларда пайдалану құндылығы мен өтелетін құн осы активтің генерацияланатын бірлігі үшін ғана айқындалуы мүмкін.

533. Есепті жылдың соңында есепте жүргізілген түгендеу нәтижесі бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшісімен келісілген мемлекеттік мекеме басшысы бұйрығына сәйкес құрылған түгендеу комиссиясының актісі негізінде егер осы активтің баланстық құнынан өтелетін құн төмен болса, бар активтердің құнсыздану фактісі тіркеледі. Түгендеу актісінде құнсыздану себептері көрсетілуі тиіс.

534. Жылдық түгендеу өткізген уақытта түгендеу комиссиясы активтердің орналасқан орны бойынша және бұл құндылықтар сақталудағы жауапты тұлғалар бойынша құнсыздануға тест өткізеді.

535. Тестіленетін құндылықтар мен объектілердің атаулары және олардың саны номенклатуrasesы мен есепте қабылданған өлшем бірліктері бойынша жеке түгендеу Бухгалтерлік құжаттаманың 401 нысанды жеке түгендеу тізімдемелерінде (біріктіру ведомостерінде) көрсетіледі. Тізімдемелер материалдық құндылықтардың орналасқан жері және олардың сақталуына жауапты тұлғалар бойынша жеке бір данада жасалады. Тізімдемелерге түгендеу комиссиясының төрағасы және барлық мүшелері қол қояды. Түгендеу комиссиясының жұмысы жүргізілген тестілеудің нәтижелері көрсетілген хаттамамен рәсімделеді. Егер активтің құнсыздану белгілері анықталса, онда есепте құнсыздану резервін көрсету фактісі Бухгалтерлік құжаттаманың 433 нысанды бухгалтерлік анықтамасымен ресімделеді.

536. Қандай да бір құнсыздану белгілері болғанға қарамастан, мемлекеттік мекеме жыл сайын пайдалы қызмет ету мерзімі белгісіз материалды емес активті құнсыздану түрғысынан оның баланстық құны мен өтелетін сомасын салыстыру жолымен тестілеуге міндетті.

537. Құнсыздануға арналған тестілерге активтердің құнсыздану мүмкіндіктерін көрсететін қандай да белгілерді анықтау жөніндегі рәсімдер жатқызылады.

Құнсыздануға тестілер өткізген кезде кем дегенде мынадай белгілерді назарға алған жөн:

акпараттың сыртқы көздері:

активтің көрсететін қызметке қажеттілік пен сұраныстың азауы немесе толық дерлік тоқтауы;

мемлекеттік мекеме қызмет ететін технологиялық, заңнамалық немесе саяси ортада кезең ішінде мемлекеттік мекемеге қолайсыз әсер ететін өзгерістердің болуы немесе жақын арада елеулі ұзақ мерзімді өзгерістердің күтілуі;

акпараттың ішкі көздері:

активтің ескіруінің немесе физикалық зақымдануының дәлелдері бар;

кезең ішінде активті пайдалану дәрежесінде немесе тәсілінде мемлекеттік мекемеге теріс әсер ететін өзгерістердің болуы немесе жақын арада ұзақ мерзімді өзгерістердің күтілуі (соның ішінде: активтің тұрып қалуы, активтің қатысуымен жүзеге асырылатын жұмысты тоқтату немесе қайта құру жоспарлары немесе активті күтілген құнінен бұрын шығарып тастау жоспарлары);

активтің құрылуын аяқтауға дейін немесе пайдалануға жарамды күйге жекізуді тоқтату туралы шешім;

актив қызметінің нашарлағандығын немесе күтілгеннен де көп нашарлағандығын көрсететін ішкі есептілік деректері бар.

538. Мемлекеттік мекеме жыл сонында алдыңғы кезеңдерде активтің құнсыздануынан танылған шығындардың жоқтығын немесе кемігендігін көрсететін қандай да болмасын белгілерді анықтап отырады, бұл активтің құнсыздануынан болған шығындарды қайтаруға және оның баланстық құнының артуына алып келеді. Мұндай белгі бар болған жағдайда мемлекеттік мекеме осы актив қызметінің орнын толтыру құнын бағалайды, бұл ретте мемлекеттік мекеме кем дегенде мынадай белгілерді ескереді:

сыртқы белгілер:

актив қамтамасыз ететін қызметке сұраныстың немесе тұтынудың қайта жандануы;

мемлекеттік мекеме қызмет ететін технологиялық, заңнамалық немесе саяси ортада кезең ішінде мемлекеттік мекемеге қолайлы әсер ететін өзгерістердің болуы немесе жақын арада ұзақ мерзімді өзгерістердің күтілуі;

ішкі белгілер:

қарастырып отырған кезең ішінде активті пайдаланудың қазіргі немесе күтілетін дәрежесі мен тәсілінде мемлекеттік мекемеге қолайлы әсер ететін өзгерістердің болуы немесе жақын арада ұзақ мерзімді өзгерістердің күтілуі. Бұл өзгерістер қарастырып отырған кезең барысында активтің қызметін жақсарту немесе қүшейту үшін тартылған шығындарды немесе активке байланысты операцияларды қайта құрылымдауды қамтиды;

құрылуы бұрын тоқтатылған активті жандандыру және оны аяқтауға немесе пайдалануға жарамды күйге жеткізу туралы шешім;

активтің қызметі күтілгеннен де едөуір жақсы екендігін немесе жақсы болатындығын көрсететін ішкі есептіліктің деректері бар.

539. Негізгі құралдар объектілерінің құнсыздануына, жойылуына немесе берілуіне байланысты үшінші тұлғалардан берілетін өтемақы қаржылық нәтиже құрамына енгізіледі, онда мұндай өтемақы алуға жатады.

540. Активтің құнсыздануынан болған шығынды қайтару актив қызметінің орны толтырылатын сомасының артуына дейін жүргізіледі, ол сома алдыңғы кезеңдерде ешқандай құнсыздану шығындары танылмаса (тозуды немесе амортизацияны шегере отырып) баланстық құннан артық болмауы тиіс. Құнсызданудан болған шығынды қайтару қаржылық қызмет нәтижелері туралы есепте танылады.

25-тaraу. Дисконттау қағидаттары

541. Дисконтталған (келтірілген) құн субъектінің әдеттегі операциялары барысында қүтілетін болашақ ақша ағымының ағымдағы құнын немесе пайдалы әлеуетін айқындау үшін қолданылады.

542. Осы активтер мен міндеттемелердің өтеу кезіндегі (алдын ала анықтауға болатын) атаулы құны олардың балансқа қабылдау сәтіндегі нақты құнынан ерекше болады. Пайда болатын айырма осы активтер мен міндеттемелердің құнына және тиісінше, өтеу кезіндегі емес, кезең бойы толық өтелгенше кіріске (шығысқа) енгізілуі тиіс. Осы рәсім тиімді пайыздық ставканы пайдалана отырып есептеу қағидатына толық сәйкес келеді.

Пайыздың тиімді ставкасына жоспарланған ақша ағындарын алғаш танылған мөлшерге тең мөлшерге әкелетін дисконттау ставкасы жатқызылады.

543. Ақша ағындарын дисконттаудың негізгі формуласы жекелеген төлемнің ағымдық құнын анықтау формуласы болып табылады:

$$PV = FV/(1+i)n,$$

PV – ағымдағы құн – қазіргі уақытта салынатын сома, яғни қолда бар немесе ағымдағы күнге инвестицияланған қаржы немесе болашақта алынатын қаржы қаражатының ағымдағы құны.

FV – n жылдардан кейін инвестиацияның болашақ құны – болашақта алынатын қаржы қаражаты немесе бүгінгі қаржы қаражатының болашақ шамасы.

i – дисконт ставкасы - ағымдағы және болашақ құнды есептеу үшін қолданылатын пайыздық ставка. Дисконттау ставкасы салымдардың тиімділігін бағалау үшін қолданылады. Экономикалық тұрғыдан қарастырғанда дисконттау ставкасы – бұл инвестор талап ететін салымдық капиталдың табыстырылған нормасы.

n – уақыт кезеңі – қаржы құралдарының ағымдағы және болашақ құнын есептеу кезеңдерінің саны.

Осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша С-1 кестесі әртүрлі кезеңдердегі және әртүрлі пайыздық мөлшерлемелер бойынша 1 шартты бірліктің ағымдағы құнын анықтау үшін қолданылады.

544. Инвестицияның болашақ құны мына формуlamen есептеледі:

$$FV = PV(1+i)n$$

Осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша С-3 кестесі 1 шартты бірліктің n жылдан кейінгі болашақ құнын анықтау үшін қолданылады.

545. Белгілі жылдар ішінде төленген жүйелі төлемдер арасындағы бірдей интервалды бір бағытты төлемдердің ағыны аннуитет болып табылады. Мұндай төлемдер түсімдер мен төлемдер түрінде болуы мүмкін.

Аннуитетте ағымдағы құнды да, болашақ құнды да есептеуге болады.

546. Аннуитеттің ағымдағы (дисконтталған) құнына аннуитетке енгізілген әр жеке төлемнің немесе түсімнің ағымдағы құндарының сомасы жатқызылады, ол мынадай формула бойынша анықталады:

$$PV = FV * f,$$

мұнда, f – дисконттау факторы осы қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша С-2 кестесі.

Аннуитеттің ағымдағы құны тең интервал бойы мәні мен маңызы бірдей төлемдерді талап ететін (ең төменгі жалдау төлемдері) қаржылық жалдау бойынша келісімшарттарға сәйкес болашақ түсімдердің немесе төлемдердің ағымдағы құнын анықтау үшін қолданылуы мүмкін.

547. Аннуитеттің болашақ құны аннуитетке енгізілген әр жеке төлем мен түсімнің болашақ құнының сомасы болып табылады, ол мынадай формула бойынша анықталады

$$FV = PV * f,$$

мұнда, f – дисконттау факторы осы қағидалардың 7-қосымшасына сәйкес нысан бойынша С-4 кестесі.

548. Ең төмен жалдау төлемдеріне жалға алушы жалдау мерзімі ішінде жүзеге асыруға міндетті төлемдер жатқызылады. Ең төменгі жалдау төлемдері жалдау міндеттемесі мен қаржылық шығыстардан (сыйақылар) тұрады.

Ең төменгі жалдау төлемдердің дисконтталған құнын есептеген кезде егер оны іс жүзінде анықтау мүмкін болса, жалдау шартында ұғынылатын пайыз ставкасы дисконттау ставкасы болып табылады; керісінше жағдайда жалға алушының қарызға алған капиталына пайыздың өсім ставкасы немесе активті сатып алу үшін осындай мерзімге кредит үшін банк белгіленген пайыз қолданылады.

549. Дисконтталған құнды есептеу үшін жалдау төлемдерінің мөлшері мен мерзімділігін және дисконттаудың пайыздық ставкасын білу қажет.

550. Активтің мүмкін құнсыздандының көрсететін кез келген белгі болған жағдайда мемлекеттік мекеме актив қызметінің өтелетін (генерацияланатын) бағасын жүргізеді.

Активтің сервистік қалдық әлеуетінің немесе генерацияланатын бірліктің дисконтталған құны мынадай әдістерді пайдалана отырып айқындалады:

алмастырудың амортизацияланған құн әдісі

Активті ауыстыру құны - бұл активтің жалпы пайдалы әлеуетін алмастыруға қажетті құн. Бұл құн активтің тұтынылған не таусылған пайдалы әлеуетін көрсету үшін амортизацияланады. Актив бар активті қалпына келтіру (репликациялау) жолымен не оның жалпы пайдалы әлеуетін ауыстыру жолымен ауыстырылуы мүмкін. Ауыстырудың амортизациялық құны қайсысының аздығына байланысты активті қалпына келтіру құнның немесе ауыстыру құнның және осындай құн негізінде есептеліп жинақталған амортизацияның арасындағы айырмашылық түрінде активтің тұтынылған немесе таусылған пайдалы әлеуетін көрсету үшін өлшенеді.

қалпына келтіру құнның әдісі

Қалпына келтіру құннына оны құнсыздандыруға дейінгі деңгейге дейін активтің пайдалы әлеуетін қалпына келтіру құны жатады. Активтің пайдалы әлеуетінің

қалдығының дисконталған құны актив құнсызданғанға дейінгі ағымдағы пайдалы әлеуетінің қалдығының ауыстыру сомасынан қалпына келтірудің бағалау құнын шегеру жолымен анықталады. Активтің құнсыздануы қайсысының кем екеніне байланысты қалпына келтірудің амортизациялық құны немесе ауыстырудың амортизациялық құны ретінде анықталады.

пайдалы бірліктер әдісі

Активтің пайдалы әлеуетінің қалдығының дисконталған құны актив құнсызданған кезде күтілетін азайған қызметтік бірліктердің санымен келістіру үшін активтің пайдалы әлеуетінің ағымдағы қалдық құнын құнсыздануға дейін азайту жолымен анықталады. Активтің құнсыздануға дейінгі пайдалы әлеуетінің ауыстыру қалдығының ағымдағы құны қайсысының кем екеніне қарай құнсыздануға дейінгі қалпына келтірудің амортизациялық құны немесе активтің амортизацияланған ауыстыру құны ретінде айқындалады.

Пайдалану құндылығын өлшеу үшін неғұрлым оңтайлы тәсілді тандау бар деректерге және құнсыздану түріне байланысты:

технологиялық, заңнамалық немесе саяси ортадағы ұзақ мерзімді елеулі өзгерістер нәтижесінде анықталған құнсыздану қажет болған жағдайда ауыстырудың амортизацияланған құны ұстанымын немесе қызметтік бірліктер ұстанымын қолдана отырып өлшенеді;

пайдалану дәрежесі мен тәсілінде ұзақ мерзімді елеулі өзгерістер нәтижесі ретінде анықталған, оның ішінде сұраныстың тоқтатылуы немесе толықтай дерлік тоқтатылуы нәтижесінде анықталған құнсыздану қажет болған жағдайда ауыстырудың амортизацияланған құны ұстанымын немесе қызметтік бірліктер ұстанымын қолдана отырып өлшенеді;

іс жүзінде зақымдану нәтижесі ретінде анықталған құнсыздану қажет болған жағдайда қалпына келтіру құнының ұстанымын немесе ауыстырудың амортизацияланған құнының ұстанымын қолдана отырып өлшенеді.

4-бөлім. Мемлекеттік мекемелерді ұзақ мерзімді активтермен және қорлармен орталықтандырылған жабдықтау жөніндегі операцияларды есепке алу тәртібі

26-тарау. Орталықтандырылған жабдықтау бойынша бір бюджетте тұрган тапсырыс беруші мен жүк алушы арасында туындастын орталықтандырылған жабдықтау жөніндегі операцияларды есепке алу тәртібі

551. Ұзақ мерзімді активтер мен қорлар үшін жеткізушимен есеп айырысулады тапсырыс беруші мемлекеттік мекемелерді орталықтандырылған жабдықтау ретінде 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотында ескереді. Өнім берушінің шотын төлегендеге тапсырыс беруші 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотын

дебеттейді және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотын кредиттейді.

552. Жұкті алушыға жіберілген құндылықтарға жеткізушіден алынған, ұсынылған құжаттар (шоттар, жүккүжаттар және басқа құжаттар) негізінде жұкті алушы Тапсырыс берушіге немесе орталықтандырылған бухгалтерияға Бухгалтерлік құжаттаманың 280 нысаны бойынша хабарлама жібереді. Хабарлама хатқа жұкті алушының мекенжайына жіберілген материалдық құндылықтарға жеткізуші шотының көшірмесі ұсынылады.

553. Жұкті алушының бухгалтериясы жеткізушінде жіберілген материалдық құндылықтарына хабарлама мен шоттардың көшірмесі негізінде жұкті алушының мекенжайына мынадай жазбаларды жүргізеді:

ұзақ мерзімді активтердің түскен сомасына Шоттар жоспарының ұзақ мерзімді активтерінің тиісті қосалқы шотын/шоттарын дебеттейді және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотын кредиттейді;

түскен материалдардың немесе қайтарылатын бос ыдыстар, сондай-ақ киім-кешек, төсек орын, киім мен аяқ-киім сомасына 1310 "Материалдар" шотының тиісті қосалқы шоттарын дебеттейді және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотын кредиттейді.

Жұкті алушы жеткізуші жіберген, бірақ хабарлама хат алған сәтке дейін түспеген құндылықтардың сомасына 1350 "Жолдағы қорлар" шотын дебеттейді және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотын кредиттейді. Бұл құндылықтарды алғаннан кейін 1310 "Материалдар" шотының тиісті қосалқы шоттары дебеттеледі және 1350 "Жолдағы қорлар" шоты кредиттеледі.

Бұл жазба Бухгалтерлік құжаттаманың 280-нысаны бойынша хабарламада көрсетілген жеткізу шарттарын ескере отырып, жүргізіледі.

Жұкті алушының бухгалтерлік қызметі материалдық құндылықтарды қабылдағаннан кейін дереу Бухгалтерлік құжаттаманың 280-нысанындағы хабарлама бойынша алынған құндылықтардың есепке алынғаны туралы жауап хабарлама жібереді

554. Жұкті алушыдан жауап хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс берушінің бухгалтерлік қызметі 7460 "Өзге шығыстар" шотының дебеті және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті бойынша жазба жүргізеді.

Жұкті алушы құндылықтар мен заттарды қабылдау кезінде анықталған жетіспеушілік пен құндылықтардың бүліну сомасына немесе заттардың жиынтығы жетпеген сомаға актілер ресімдейді.

556. Жеткізушіге қайтарылатын ыдысты жіберген кезде жүк алушының бухгалтерлік қызметі тапсырыс берушіге жеткізушімен есеп айырысу үшін санын, бағасын және құнын көрсету арқылы ыдыстың жіберілуін растайтын барлық құжаттарды салып жібереді. Бұл операциялар бойынша жүкті алушы 6330 "Өтеусіз түрде алынған активдерден алынатын кірістер" шотының дебеті және қайтарылатын ыдыс сомасына 1319 "Өзге материалдар" қосалқы шотының кредиті бойынша жазбалар жүргізеді.

Тапсырыс беруші бұл операциялар бойынша мынадай жазбаларды жүргізеді:

жүкті алушыдан жіберілген қайтарылатын ыдысқа құжаттарды алғанда және ол үшін жеткізушіге шоттар көрсеткенде (бос ыдысты сатып алу бағасы бойынша) ұсынылған шот сомасына 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотын дебеттейді және 7460 "Өзге шығыстар" шоты кредиттейді, бос ыдысты сатып алу бағасы мен жеткізушіге ыдыс қайтарылған баға арасындағы сома айырмасына 7460 "Өзге шығыстар" шотын дебеттейді және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотын кредиттейді;

қайтарылған ыдыс үшін ақша алғанда 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотын дебеттейді және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотын кредиттейді. Егер қайтарылатын ыдыс былтыр сатып алынған болса, тапсырыс беруші бұл соманы ол қаржыландырылатын бюджет кірісіне енгізеді.

27-тaraу. Орталықтандырылған жабдықтау бойынша түрлі бюджеттерде түрган тапсырыс беруші мен жүк алушы арасында туындайтын операцияны есепке алу тәртібі

556. Корлар үшін өнім берушімен есеп айырыуларды тапсырыс беруші мемлекеттік мекемелердің орталықтандырылған жабдықтау (жұмыстар мен көрсетілетін қызметтер) тәртібінде 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотында ескереді. Өнім берушінің шотын төлеу кезінде тапсырыс беруші 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотын дебеттейді және 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауға арналған жоспарлы тағайындаулары" шотын кредиттейді.

557. Жүкті алушыға жіберілген құндылықтарға жеткізушіден алынған ақталу құжаттары (шоттар, жүкқұжаттар және басқа құжаттар) негізінде Тапсырыс беруші жүкті алушыға немесе орталықтандырылған бухгалтерияға Бухгалтерлік құжаттаманың 280-нысаны бойынша хабарлама жібереді.

Бұл ретте тапсырыс беруші жүкті алушының бухгалтерлік қызметіне Бухгалтерлік құжаттаманың 280-нысаны бойынша хабарлама жібереді. Хабарламаға жіберілген құндылықтарға жеткізуши шотының көшірмесі қоса беріледі.

558. Жүкті алушының бухгалтерлік қызметі жеткізушиңін жіберілген материалдық құндылықтарына хабарлама хат пен шот-фактуралардың көшірмесін Тапсырыс берушіден алғаннан кейін жүкті алушының мекенжайына мынадай жазбаларды жүргізеді:

келіп түскен ұзақ мерзімді активтердің сомасына Шоттар жоспарының ұзақ мерзімді активтерінің қосалқы шотын/шоттарын дебеттейді және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотын кредиттейді;

келіп түскен материалдардың немесе қайтарылатын ыдыстар, іш киім, төсек орын, киім мен аяқ-киім сомасына 1310 "Материалдар" шотының тиісті қосалқы шоттарын дебеттейді және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотын кредиттейді.

Жүкті алушы жеткізуши жүкті алушының мекенжайына жіберген, бірақ хабарлама алған сәтке дейін түспеген құндылықтардың сомасына 1350 "Жолдағы қорлар" шотын дебеттейді және 6330 "Өтеусіз түрде алынған активтерден алынатын кірістер" шотын кредиттейді. Бұл жазба Бухгалтерлік құжаттаманың 280 нысаны бойынша хабарламада көрсетілген жеткізу шарттарын ескере отырып, жүргізіледі.

Бұл құндылықтарды алғаннан кейін түскен материалдардың немесе қайтарылатын ыдыстың сомасына 1310 "Материалдар" шотының тиісті қосалқы шоттары дебеттеледі және 1350 "Жолдағы қорлар" шоты кредиттеледі.

Жүк алушы Өнім берушінің тапсырмасы бойынша орындалған жұмыстың актілеріне және шот-фактуралардың көшірмесі мен орындалған жұмыстардың және көрсетілген қызметтердің көлемі мен мөлшерін растайды, актілерге қол қояды және оларды Тапсырыс берушіге төлеу үшін жібереді.

559. Жүкті алушының бухгалтерлік қызметі активтерді қабылданған соң тапсырыс берушіге жедел жабдықтаудың орталықтандырылған тәртібінде келіп түскен құндылықтарды есепке алу туралы Бухгалтерлік құжаттаманың 280-нысаны бойынша жауап хабарлама жіберуге міндettі.

Жүкті алушыдан жауап хабарлама алғаннан кейін Тапсырыс берушінің бухгалтерлік қызметі 7460 "Өзге шығыстар" шотының дебеті бойынша және 3210 "Жеткізушилерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотының кредиті бойынша жазба жүргізеді.

Жұкті алушы құндылықтар мен заттарды қабылдау кезінде анықталған жетіспеушілік пен құндылықтардың бүліну сомасына немесе заттардың жиынтығы жетпеген сомаға актілерді ресімдейді.

560. Жеткізушіге қайтарылатын ыдысты жөнелту кезінде жүк алушының бухгалтерлік қызметі тапсырыс берушіге жеткізушілермен есеп айырысу үшін оның санын, бағасын және құнын көрсете отырып ыдыстың жіберілуін растайтын барлық құжаттарды салып жібереді және бұл операциялар бойынша 6330 "Өтеусіз түрде алынған активдерден алынатын кірістер" шотының дебетіне және 1319 "Өзге материалдар" қосалқы шотының кредитіне жазба жүргізеді.

Тапсырыс беруші есепке алуда бұл операциялар бойынша мынадай жазба жүргізеді:

жүк алушының бухгалтерлік қызметінен жіберілген қайтарылатын ыдысқа құжаттарды алғанда және ол үшін жеткізушіге шоттар көрсеткенде 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотын дебеттейді және 7460 "Өзге шығыстар" шотын кредиттейді;

жеткізушіден бос ыдыс үшін ақша алған кезде 1080 "Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелерін қабылдауга арналған жоспарлы тағайындаулары", 1090 "Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің міндеттемелері бойынша жеке қаржыландыру жоспарына сәйкес міндеттемелер қабылдауга арналған жоспарлы тағайындаулары" шотын дебеттейді және 3210 "Жеткізушілерге және мердігерлерге қысқа мерзімді кредиторлық берешек" шотын кредиттейді. Қайтарылатын ыдыс былтыр сатып алынған жағдайда, тапсырыс беруші бұл соманы ол қаржыландырылатын бюджет кірісіне енгізеді.

28-тaraу. Концессия шарттары бойынша активтер мен міндеттемелерді есепке алу тәртібі

551. Концессия объектілерін мемлекеттік меншікке қабылдау "Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы" Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – МЖӘ туралы Заң) сәйкес жүзеге асырылады.

МЖӘ туралы Заңына сәйкес мемлекеттік әріптес (бұдан әрі – концендент) Қазақстан Республикасы, оның атынан әрекет ететін, мемлекеттік-жекешелік әріптестік шартын жасасқан мемлекеттік органдар, мемлекеттік мекемелер, мемлекеттік кәсіпорындар және жарғылық капиталға қатысу үлестерінің немесе дауыс беретін акцияларының елу және одан көп пайзы мемлекетке тікелей немесе жанама түрде тиесілі жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар болып табылады.

Концессиялық келісім шенберінде кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын концессия шартын жасайтын заңды тұлға және/немесе жеке тұлға концессионер болып табылады.

Бухгалтерлік есепте концессиялық активтің дұрыс құжаттық ресімделуі және түсімі мен есепке шығарылуының тіркелімдерінде уақтылы көрсетілуі, сондай-ақ олардың сақталуын бақылау қамтамасыз етіледі.

562. Концессиялық келісім шеңберінде концессионер, концессионердің қолданыстағы не концессионер құратын, әзірлейтін, сатып алатын активі болып табылатын немесе концеденттің қолданыстағы немесе қолданыстағыны жетілдірген активі болып табылатын концессиялық активті береді.

563. Концедент концессионер берген және концеденттің қолданыстағыны жетілдірген активін, егер:

концедент активтің көмегімен концессионер қандай көрсетілетін қызметтерді беруге тиіс екенін, оларды ол кімге және қандай бағамен беруге тиіс екенін бақылайтын немесе реттейтін; және

концедент – менишік иесі құқығында, пайда алу мақсатында немесе өзге де негізде пайдалану құқығында – келісімнің қолданылу мерзімінің аяғында активтегі кез келген елеулі қалдық үлесін бақылайтын болса концессиялық актив ретінде тануы тиіс.

564. Концессиялық активті есепке алу үшін мемлекеттік мекемелерде қосалқы шоттардың белгіленген төрт мәнінен кейін нұқтемен, нөмірлеуін 20-дан бастап, қосымша талдамалы ақпарат үшін 2 (екі) мәнді қосымша нөмірлеуді пайдалана отырып, 2300 "Негізгі құралдар", 2400 "Аяқталмаған құрылыш және курделі салымдар", 2700 "Материалдық емес активтер" деген кіші бөлімдердің қосалқы шоттары қолданылады. Мысалы, концессия шарты бойынша берілген құрылышты 2330.20 "Құрылыштар" шотында көрсеткен жөн.

565. Концедент концессиялық активті бастапқы бағалауды, концеденттің қолданыстағы активі концессиялық актив ретінде қайта сыныпталған жағдайларды қоспағанда, әділ құны бойынша жүргізуі тиіс.

Концеденттің қолданыстағы активі концессияға берілген жағдайда, концедент қолданыстағы активті концессиялық актив ретінде қайта сыныптауы тиіс.

566. Бастапқы тану мен қайта сыныптаудан кейін концессиялық активтер осы қағидалардың 9 "Негізгі құралдарды есепке алу тәртібі" деген және/немесе 12 (он екі) ай "Материалдық емес активтерді есепке алу тәртібі" деген бөлімге сәйкес негізгі қуралдар және/немесе материалдық емес активтерге үқсас есепке алынуы тиіс.

567. Концедент концессиялық активті таныған кезде міндеттемені таныған жөн. Конценденсттің қолданыстағы активі концессиялық актив ретінде қайта сыныптаған жағдайда концедент міндеттемені танымайды.

568. Міндеттемені бастапқы бағалау концессиялық актив бағаланған, концедент концессионерге немесе концессионер концедентке беретін кез келген өзге сыйақының (мысалы, ақшалай қаражат) сомасына түзетілген сомаға жүргізіледі.

569. Танылатын міндеттеменің сипаттамасы концедент пен концессионер алмасатын сыйақының сипаттамасына байланысты болады. Концедент концессионерге беретін сыйақының сипаттамасы келісімді міндеттейтін шарттарды және тиісті жағдайларда шарттық құқықты ескере отырып, анықталады.

570. Концессиялық активтің орнына концедент концессионерге концессиялық актив үшін мынадай:

концессионерге төлемдерді жүзеге асыру ("қаржылық міндеттеме" моделі);

өтемді концессионерге басқа тәсілдермен ("концессионерге құқық беру" моделі), атап айтқанда:

концессионерге концессиялық активті сырттай пайдаланушылардан пайданы алу құқығын беру; немесе

концессионерге, оны концессионердің пайдалануы үшін кірісті генерирлейтін басқа активке рұқсат беру тәсілдерімен, олардың кез келген тіркесінде өтем төлеуі мүмкін.

571. Концессия шарттары бойынша міндеттемелер үшін 2 (екі) модель қолданылады :

қаржылық міндеттеме моделі;

құқық беру моделі.

572. Қаржылық міндеттеме моделі бойынша: концеденттің құрылыш, концессиялық активті әзірлегені, сатып алғаны немесе жетілдіргені үшін төлемді концессионерге ақшалай қаражатпен немесе өзге қаржы активімен жүзеге асыру туралы сөзсіз міндеттемесі болған жағдайда, концедент міндеттемені қаржылық міндеттеме ретінде есепке алады.

573. Концедент концессионерге жүргізілетін төлемдерді бөледі және оларды экономикалық мазмұнына сәйкес міндеттеменің азаюы, концессионер берген қарыздар бойынша шығындар және көрсеткен қызметтерге ақы төлеу ретінде есепке алады.

Концессиялық келісімдер шенберінде концессионер берген қарыздар бойынша шығындар және көрсеткен қызметтерге ақы төлеу шығыстар ретінде есепке алынуға тиіс.

574. Негізгі құралдарға амортизацияны есептеу 7110 "Ұзақ мерзімді активтерді амортизациялау бойынша шығыстар" шотының дебеті және 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" шотының кредиті бойынша жүзеге асырылуға тиіс.

575. Құқық беру моделі бойынша: концеденттің құрылыш, концессиялық активті әзірлегені, сатып алғаны немесе жетілдіргені үшін төлемді концессионерге ақшалай қаражатпен немесе өзге қаржы активімен жүзеге асыру туралы сөзсіз міндеттемесі болмаған және концессионерге концессиялық активті сырттай пайдаланушылардан пайданы немесе оны концессионердің пайдалануы үшін кірісті генерирлейтін өзге активке құқығын берген жағдайда концедент міндеттемені концедент пен концессионер арасындағы актив алмасу нәтижесінде туындаған кірістің алынбаған бөлігі ретінде есепке алады.

Концедент қызмет көрсетуге арналған концессиялық келісімнің экономикалық мәніне сәйкес танылған кірісті және міндеттемені тануы тиіс. Бұл ретте мынадай жазба: 4310 "Болашақ кезеңдердің кірістері" және 6220 "Активтерді басқарудан түскен өзге кірістер" шотының кредиті жүргізіледі.

Егер концедент концессиялық активті өзірлегені, сатып алғаны немесе жақсартқаны үшін ақы төлеуді концессионерге қаржылық міндеттеме алу жолымен және ішінара концессионерге құқық беру жолымен жүзеге асырған болса, мұндай жағдайларда жиынтық міндеттеменің әрбір бөлігін жекелеп есепке алу қажет.

Концессия шарттары бойынша негізгі құралдардың амортизациясын есептеу құқық беру моделі бойынша 7110 "Ұзак мерзімді активтерді амортизациялау бойынша шығыстар" шотының дебеті және 2391 "Негізгі құралдардың жинақталған амортизациясы" шотының кредиті бойынша жүзеге асырылады.

576. Концедент қызмет көрсетуге арналған концессиялық келісімге байланысты туындаитын басқа міндеттемелерді, шартты міндеттемелер мен шартты активтерді осы қағидалардың 5 "Қаржылық инвестициялар мен қаржылық міндеттемелерді есепке алу тәртібі" және 18 "Бағалау міндеттемелерін, шартты міндеттемелер мен шартты активтерді анықтау" тарауларына сәйкес есепке алуға тиіс.

577. 28 "Концессия шарттары бойынша активтер мен міндеттемелерді есепке алу тәртібі" тарауының талаптарына ұшырамайтын шарттар жөніндегі операцияларды есепке алу осы қағидалардың басқа да тарауларына сәйкес шартты қатынастар талабына сүйене отырып жүзеге асырылады.

578. Концессионер құрған активті қабылданап алу-беру кезінде мемлекеттік мекеменің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-1 нысаны бойынша 2 (екі) данада "Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылданап алу-беру (өткізу) актісін" жасайды.

Концессия шарттары бойынша концеденттің сатып алған немесе концеденттің қолданыстағы активтерін қабылданап алу-беру кезінде мемлекеттік мекеменің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-1 нысаны бойынша 2 (екі) данада "Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылданап алу-беру (өткізу) актісін" жасайды.

Концессия шарттары бойынша концессионердің қолданыстағы немесе концессионердің сатып алған активтерін қабылданап алу-беру кезінде мемлекеттік мекеменің тұрақты жұмыс істейтін комиссиясы Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-1 нысаны бойынша 2 (екі) данада "Негізгі құралдарды және инвестициялық жылжымайтын мүлікті қабылданап алу-беру (өткізу) актісін" жасайды.

579. Концессиялық активтердің қозғалысының талдамалы есебі "Мемлекеттік мекемелерде негізгі құралдарды, инвестициялық жылжымайтын мүлікті есепке алатын түгендеу карточкасында" Бухгалтерлік құжаттаманың НҚ-6 нысаны бойынша жүргізіледі.

Материалдық емес активтердің қозғалысының талдамалы есебі "Материалдық емес активтерді есепке алатын түгендеу карточкасында" Бухгалтерлік құжаттаманың НОС-6 нысаны бойынша жүргізіледі.

"Материалдық емес активтердің объектісін қабылданап алу-беруді ресімдеу үшін "Материалдық емес активтерді қабылданап алу-беру актісі" Бухгалтерлік құжаттаманың НОС-1 нысаны бойынша жүргізіледі.

580. Концессиялық активтерді теңгерімнен есептен шығару Мемлекеттік мұлік туралы заңға сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік мекемелерде
бухгалтерлік есеп жүргізу
қағидаларына
1-қосымша

Мемлекеттік мекемелердің ұзақ мерзімді активтері бойынша жылдық тозу нормалары

Ұзақ мерзімді активтердің түрлері мен топтары	Мемлекеттік мекемелердің бухгалтерлік есеп шотының/косалкы шотының нөмірі	Тозу нормаларының шифры	Жылдық тозу нормасы (бастапқы құнына % (пайызда))
1. Ғимараттар	2320		
Тұрғын емес ғимараттар	2321	1.1	7
Тұрғын ғимараттар	2322	1.2	2
2. Құрылыштар	2330	2.1	7
Автомобиль жолдары	2331	2.1	5,5
Өзге жолдар	2332	2.2	7
Өзге құрылыштар	2333	2.3	7
3. Беру қондырылары	2340		
Электр беру және байланыс қондырылары	2340	3.1	4
Трансмиссиялар және құбыр өткізгіштері	2340	3.2	5
4. Көлік құралдары	2350		
Теміржол көлігінің жылжымалы құрамы	2350	4.1	15
Су көлігі	2350	4.2	15
Автомобиль көлігі	2350	4.3	15
Жедел медициналық көмеккеарналған автомобиль көлігі*	2350	4.4	20
Әуе көлігі	2350	4.5	15
Ат көлігі	2350	4.6	15
Өндірістік көлік	2350	4.7	20
Спорттық көлік	2350	4.8	23
5. Машиналар және жабдық	2360		
Күш машиналары және	2360	5.1	10

Жұмыс машиналары және жабдық	2360	5.2	12
Өлшеу аспаптары	2360	5.3	20
Реттеуші аспаптар және қондырыгылар	2360	5.4	20
Лабораториялық жабдық	2360	5.5	10
Компьютерлік жабдық	2360	5.6	25
Медициналық жабдық	2360	5.7	10
Кеңсе жабдығы	2360	5.8	10
Өзге де машиналар және жабдық	2360	5.9	15
Криминалдық жабдық	2360	5.10	20
6. Құралдар, өндірістік және шаруашылық мүкеммал	2370		
Құралдар	2370	6.1	30
Өндірістік мүкеммал және керек-жарақтар	2370	6.2	10
Шаруашылық мүкеммал	2370	6.3	15
Өзге де өндірістік және шаруашылық мүкеммал	2370	6.4	10
7. Өзге де негізгі құралдар	2380		
Көгалдандыратын, сәндік отырғызуулар және басқа да жасанды көп жылдық отырғызуулар	2383	7.1	8
Жерлерді жақсарту бойынша күрделі шығындар	2383	7.2	12
Өзге де мүкеммал	2383	7.3	25
Жұмыс орындаитын мал	2383	7.4	12
Өзге де негізгі құралдар	2383	7.5	25
8. Инвестициялық жылжымайтын мұлік	2500		
Тұрғын емес ғимараттар	2510	8.1	7
Тұрғын ғимараттар	2510	8.2	2
Жер	2600		
9. Биологиялық активтер	2610	9.1	12
Жануарлар	2620	9.2	8
Көп жылдық отырғызуулар	2710		
10. Материалдық емес активтер	2711	10.1	10
Бағдарламалық қамтамасыз ету	2712	10.2	10

Авторлық құқықтар	2713	10.3	10
Лицензиялық келісім	2714	10.4	10
Патенттер	2716	10.5	10
Өзге де материалдық емес активтер			

Ескертпе: * мемлекеттік мекеменің балансындағы жедел медициналық көмек қызметінің санитарлық автокөлігі үшін.

Мемлекеттік мекемелерде
бухгалтерлік есеп жүргізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Биологиялық активтер	Ауылшаруашылық өнімі	Алынған (жиналған) өнімді қайта өндірудің соңғы нәтижелері
Қойлар	Жүн	Иірілген жіп, кілем
Ағаш көшеттері	Бөренелер	Арамен кесілген материалдар
	Мақта	Жіп, киім
Өсімдіктер	Жиналған құрақ	Қант
Сүтті мал	Сүт	Сыр (ірімшік)
Шошқалар	Тұтас ет	Шұжық өнімдері, консервіленген шошқа еті
Бұталар	Жапырақ	Шай, кептірілген темекі
Жұзімдіктер	Жұзім	Шарап
Жеміс-жидек ағаштары	Жиналған жемістер	Қайта өндірілген жемістер

Мемлекеттік мекемелерде
бухгалтерлік есеп жүргізу
қағидаларына
3-қосымша
Нысан

№ p/r	Шаруашылық ахуалы	Откен оқиғалардан туындағы міндеттеменің болуы	Экономикалық пайдалары бар қорлардың тапсырылуының болуы	Қажетті іс-әрекеттер
1.	Кадрларды қайта даярлау. Заңнамадағы өзгерістерге байланысты кадрларды қайта даярлауды өткізу қажет	Жоқ	Жоқ	Қайта даярлау басталған сәтке дейін міндеттеуші оқиғалар туындауды. Шығындар қайта даярлау кезеңінде есептеледі.
2.	Шектеулер тұғызатын шарттар. Мекеменің қолданылмаған жабдықтаулар бойынша жалдау	Иә	Иә	Болашақ болмай қалмайтын жалдау төлемдеріне бағалау

	төлемдерін жалғастыруға құқықтық міндеттемесі бар			міндеттемелерін құру
3.	Соттың талқылауы (1). Мекеме сот талқылауына қатысады. Сарапшылар тексеру барысында ұйымның ешқандай міндеттемесі туындармайды деп есептейді	Жоқ		Бағалау міндеттемесі құрылмайды. Сарапшылардың пікіріне сүйене отырып ұйым міндеттемені мойындармайды.
4.	Сот талқылауы (2). Мекеме сот талқылауына қатысады. Сарапшылар талқылау нәтижесінде ұйымның міндеттемесі туындармайды деп есептейді	Иә	Иә	Міндеттемені өтеу үшін бағалау міндеттемесін құру

Мемлекеттік мекемелерде
бухгалтерлік есеп жүргізу
қағидаларына
4-қосымша

C-1 КЕСТЕСІ 1 ш.б. кезеңдегі ағымдағы құны

	1,00%	1,25%	1,50%	1,75%	2,00%	3,00%	4,00%	5,00%
1	0,9901	0,9877	0,9852	0,9828	0,9804	0,9709	0,9615	0,9524
2	0,9803	0,9755	0,9707	0,9659	0,9612	0,9426	0,9246	0,9070
3	0,9706	0,9634	0,9563	0,9493	0,9423	0,9151	0,8890	0,8638
4	0,9610	0,9515	0,9422	0,9330	0,9238	0,8885	0,8548	0,8227
5	0,9515	0,9398	0,9283	0,9169	0,9057	0,8626	0,8219	0,7835
6	0,9420	0,9282	0,9145	0,9011	0,8880	0,8375	0,7903	0,7462
7	0,9327	0,9167	0,9010	0,8856	0,8706	0,8131	0,7599	0,7107
8	0,9235	0,9054	0,8877	0,8704	0,8535	0,7894	0,7307	0,6768
9	0,9143	0,8942	0,8746	0,8554	0,8368	0,7664	0,7026	0,6446
10	0,9053	0,8832	0,8617	0,8407	0,8203	0,7441	0,6756	0,6139
11	0,8963	0,8723	0,8489	0,8263	0,8043	0,7224	0,6496	0,5847
12	0,8874	0,8615	0,8364	0,8121	0,7885	0,7014	0,6246	0,5568
13	0,8787	0,8509	0,8240	0,7981	0,7730	0,6810	0,6006	0,5303
14	0,8700	0,8404	0,8118	0,7844	0,7579	0,6611	0,5775	0,5051

15	0,8613	0,8300	0,7999	0,7709	0,7430	0,6419	0,5553	0,4810
16	0,8528	0,8197	0,7880	0,7576	0,7284	0,6232	0,5339	0,4581
17	0,8444	0,8096	0,7764	0,7446	0,7142	0,6050	0,5134	0,4363
18	0,8360	0,7996	0,7649	0,7318	0,7002	0,5874	0,4936	0,4155
19	0,8277	0,7898	0,7536	0,7192	0,6864	0,5703	0,4746	0,3957
20	0,8195	0,7800	0,7425	0,7068	0,6730	0,5537	0,4564	0,3769
21	0,8114	0,7704	0,7315	0,6947	0,6598	0,5375	0,4388	0,3589
22	0,8034	0,7609	0,7207	0,6827	0,6468	0,5219	0,4220	0,3418
23	0,7954	0,7515	0,7100	0,6710	0,6342	0,5067	0,4057	0,3256
24	0,7876	0,7422	0,6995	0,6594	0,6217	0,4919	0,3901	0,3101
25	0,7798	0,7330	0,6892	0,6481	0,6095	0,4776	0,3751	0,2953
26	0,7720	0,7240	0,6790	0,6369	0,5976	0,4637	0,3607	0,2812
27	0,7644	0,7150	0,6690	0,6260	0,5859	0,4502	0,3468	0,2678
28	0,7568	0,7062	0,6591	0,6152	0,5744	0,4371	0,3335	0,2551
29	0,7493	0,6975	0,6494	0,6046	0,5631	0,4243	0,3207	0,2429
30	0,7419	0,6889	0,6398	0,5942	0,5521	0,4120	0,3083	0,2314

кестенің жалғасы

	6,00%	7,00%	8,00%	9,00%	10,00%	12,00%	14,00%	15,00%
1	0,9434	0,9346	0,9259	0,9174	0,9091	0,8929	0,8772	0,8696
2	0,8900	0,8734	0,8573	0,8417	0,8264	0,7972	0,7695	0,7561
3	0,8396	0,8163	0,7938	0,7722	0,7513	0,7118	0,6750	0,6575
4	0,7921	0,7629	0,7350	0,7084	0,6830	0,6355	0,5921	0,5718
5	0,7473	0,7130	0,6806	0,6499	0,6209	0,5674	0,5194	0,4972
6	0,7050	0,6663	0,6302	0,5963	0,5645	0,5066	0,4556	0,4323
7	0,6651	0,6227	0,5835	0,5470	0,5132	0,4523	0,3996	0,3759
8	0,6274	0,5820	0,5403	0,5019	0,4665	0,4039	0,3506	0,3269
9	0,5919	0,5439	0,5002	0,4604	0,4241	0,3606	0,3075	0,2843
10	0,5584	0,5083	0,4632	0,4224	0,3855	0,3220	0,2697	0,2472
11	0,5268	0,4751	0,4289	0,3875	0,3505	0,2875	0,2366	0,2149
12	0,4970	0,4440	0,3971	0,3555	0,3186	0,2567	0,2076	0,1869
13	0,4688	0,4150	0,3677	0,3262	0,2897	0,2292	0,1821	0,1625
14	0,4423	0,3878	0,3405	0,2992	0,2633	0,2046	0,1597	0,1413
15	0,4173	0,3624	0,3152	0,2745	0,2394	0,1827	0,1401	0,1229
16	0,3936	0,3387	0,2919	0,2519	0,2176	0,1631	0,1229	0,1069
17	0,3714	0,3166	0,2703	0,2311	0,1978	0,1456	0,1078	0,0929
18	0,3503	0,2959	0,2502	0,2120	0,1799	0,1300	0,0946	0,0808
19	0,3305	0,2765	0,2317	0,1945	0,1635	0,1161	0,0829	0,0703
20	0,3118	0,2584	0,2145	0,1784	0,1486	0,1037	0,0728	0,0611
21	0,2942	0,2415	0,1987	0,1637	0,1351	0,0926	0,0638	0,0531
22	0,2775	0,2257	0,1839	0,1502	0,1228	0,0826	0,0560	0,0462
23	0,2618	0,2109	0,1703	0,1378	0,1117	0,0738	0,0491	0,0402

24	0,2470	0,1971	0,1577	0,1264	0,1015	0,0659	0,0431	0,0349
25	0,2330	0,1842	0,1460	0,1160	0,0923	0,0588	0,0378	0,0304
26	0,2198	0,1722	0,1352	0,1064	0,0839	0,0525	0,0331	0,0264
27	0,2074	0,1609	0,1252	0,0976	0,0763	0,0469	0,0291	0,0230
28	0,1956	0,1504	0,1159	0,0895	0,0693	0,0419	0,0255	0,0200
29	0,1846	0,1406	0,1073	0,0822	0,0630	0,0374	0,0224	0,0174
30	0,1741	0,1314	0,0994	0,0754	0,0573	0,0334	0,0196	0,0151

Мемлекеттік мекемелерде
бухгалтерлік есеп жүргізу

қағидаларына

5-қосымша

Нысан

C-3 КЕСТЕЦІ 1 ш.б. кезеңдегі болашақ құны

	1,00%	1,25%	1,50%	1,75%	2,00%	3,00%	4,00%	5,00%
1	1,0100	1,0125	1,0150	1,0175	1,0200	1,0300	1,0400	1,0500
2	1,0201	1,0252	1,0302	1,0353	1,0404	1,0609	1,0816	1,1025
3	1,0303	1,0380	1,0457	1,0534	1,0612	1,0927	1,1249	1,1576
4	1,0406	1,0509	1,0614	1,0719	1,0824	1,1255	1,1699	1,2155
5	1,0510	1,0641	1,0773	1,0906	1,1041	1,1593	1,2167	1,2763
6	1,0615	1,0774	1,0934	1,1097	1,1262	1,1941	1,2653	1,3401
7	1,0721	1,0909	1,1098	1,1291	1,1487	1,2299	1,3159	1,4071
8	1,0829	1,1045	1,1265	1,1489	1,1717	1,2668	1,3686	1,4775
9	1,0937	1,1183	1,1434	1,1690	1,1951	1,3048	1,4233	1,5513
10	1,1046	1,1323	1,1605	1,1894	1,2190	1,3439	1,4802	1,6289
11	1,1157	1,1464	1,1779	1,2103	1,2434	1,3842	1,5395	1,7103
12	1,1268	1,1608	1,1956	1,2314	1,2682	1,4258	1,6010	1,7959
13	1,1381	1,1753	1,2136	1,2530	1,2936	1,4685	1,6651	1,8856
14	1,1495	1,1900	1,2318	1,2749	1,3195	1,5126	1,7317	1,9799
15	1,1610	1,2048	1,2502	1,2972	1,3459	1,5580	1,8009	2,0789
16	1,1726	1,2199	1,2690	1,3199	1,3728	1,6047	1,8730	2,1829
17	1,1843	1,2351	1,2880	1,3430	1,4002	1,6528	1,9479	2,2920
18	1,1961	1,2506	1,3073	1,3665	1,4282	1,7024	2,0258	2,4066
19	1,2081	1,2662	1,3270	1,3904	1,4568	1,7535	2,1068	2,5270
20	1,2202	1,2820	1,3469	1,4148	1,4859	1,8061	2,1911	2,6533
21	1,2324	1,2981	1,3671	1,4395	1,5157	1,8603	2,2788	2,7860
22	1,2447	1,3143	1,3876	1,4647	1,5460	1,9161	2,3699	2,9253
23	1,2572	1,3307	1,4084	1,4904	1,5769	1,9736	2,4647	3,0715
24	1,2697	1,3474	1,4295	1,5164	1,6084	2,0328	2,5633	3,2251
25	1,2824	1,3642	1,4509	1,5430	1,6406	2,0938	2,6658	3,3864
26	1,2953	1,3812	1,4727	1,5700	1,6734	2,1566	2,7725	3,5557
27	1,3082	1,3985	1,4948	1,5975	1,7069	2,2213	2,8834	3,7335

28	1,3213	1,4160	1,5172	1,6254	1,7410	2,2879	2,9987	3,9201
29	1,3345	1,4337	1,5400	1,6539	1,7758	2,3566	3,1187	4,1161
30	1,3478	1,4516	1,5631	1,6828	1,8114	2,4273	3,2434	4,3219

кестенің жалғасы

	6,00%	7,00%	8,00%	9,00%	10,00%	12,00%	14,00%	15,00%
1	1,0600	1,0700	1,0800	1,0900	1,1000	1,1200	1,1400	1,1500
2	1,1236	1,1449	1,1664	1,1881	1,2100	1,2544	1,2996	1,3225
3	1,1910	1,2250	1,2597	1,2950	1,3310	1,4049	1,4815	1,5209
4	1,2625	1,3108	1,3605	1,4116	1,4641	1,5735	1,6890	1,7490
5	1,3382	1,4026	1,4693	1,5386	1,6105	1,7623	1,9254	2,0114
6	1,4185	1,5007	1,5869	1,6771	1,7716	1,9738	2,1950	2,3131
7	1,5036	1,6058	1,7138	1,8280	1,9487	2,2107	2,5023	2,6600
8	1,5938	1,7182	1,8509	1,9926	2,1436	2,4760	2,8526	3,0590
9	1,6895	1,8385	1,9990	2,1719	2,3579	2,7731	3,2519	3,5179
10	1,7908	1,9672	2,1589	2,3674	2,5937	3,1058	3,7072	4,0456
11	1,8983	2,1049	2,3316	2,5804	2,8531	3,4785	4,2262	4,6524
12	2,0122	2,2522	2,5182	2,8127	3,1384	3,8960	4,8179	5,3503
13	2,1329	2,4098	2,7196	3,0658	3,4523	4,3635	5,4924	6,1528
14	2,2609	2,5785	2,9372	3,3417	3,7975	4,8871	6,2613	7,0757
15	2,3966	2,7590	3,1722	3,6425	4,1772	5,4736	7,1379	8,1371
16	2,5404	2,9522	3,4259	3,9703	4,5950	6,1304	8,1372	9,3576
17	2,6928	3,1588	3,7000	4,3276	5,0545	6,8660	9,2765	10,7613
18	2,8543	3,3799	3,9960	4,7171	5,5599	7,6900	10,5752	12,3755
19	3,0256	3,6165	4,3157	5,1417	6,1159	8,6128	12,0557	14,2318
20	3,2071	3,8697	4,6610	5,6044	6,7275	9,6463	13,7435	16,3665
21	3,3996	4,1406	5,0338	6,1088	7,4002	10,8038	15,6676	18,8215
22	3,6035	4,4304	5,4365	6,6586	8,1403	12,1003	17,8610	21,6447
23	3,8197	4,7405	5,8715	7,2579	8,9543	13,5523	20,3616	24,8915
24	4,0489	5,0724	6,3412	7,9111	9,8497	15,1786	23,2122	28,6252
25	4,2919	5,4274	6,8485	8,6231	10,8347	17,0001	26,4619	32,9190
26	4,5494	5,8074	7,3964	9,3992	11,9182	19,0401	30,1666	37,8568
27	4,8223	6,2139	7,9881	10,2451	13,1100	21,3249	34,3899	43,5353
28	5,1117	6,6488	8,6271	11,1671	14,4210	23,8839	39,2045	50,0656
29	5,4184	7,1143	9,3173	12,1722	15,8631	26,7499	44,6931	57,5755
30	5,7435	7,6123	10,0627	13,2677	17,4494	29,9599	50,9502	66,2118

Мемлекеттік мекемелерде
бухгалтерлік есеп жүргізу
қағидаларына
6-қосымша
Нысан

C-2 КЕСТЕСІ Кезеңдегі 1 ш.б. аннuitеттің ағымдағы құны

	1,00%	1,25%	1,50%	1,75%	2,00%	3,00%	4,00%	5,00%
1	0,9901	0,9877	0,9852	0,9828	0,9804	0,9709	0,9615	0,9524
2	1,9704	1,9631	1,9559	1,9487	1,9416	1,9135	1,8861	1,8594
3	2,9410	2,9265	2,9122	2,8980	2,8839	2,8286	2,7751	2,7232
4	3,9020	3,8781	3,8544	3,8309	3,8077	3,7171	3,6299	3,5460
5	4,8534	4,8178	4,7826	4,7479	4,7135	4,5797	4,4518	4,3295
6	5,7955	5,7460	5,6972	5,6490	5,6014	5,4172	5,2421	5,0757
7	6,7282	6,6627	6,5982	6,5346	6,4720	6,2303	6,0021	5,7864
8	7,6517	7,5681	7,4859	7,4051	7,3255	7,0197	6,7327	6,4632
9	8,5660	8,4623	8,3605	8,2605	8,1622	7,7861	7,4353	7,1078
10	9,4713	9,3455	9,2222	9,1012	8,9826	8,5302	8,1109	7,7217
11	10,3676	10,2178	10,0711	9,9275	9,7868	9,2526	8,7605	8,3064
12	11,2551	11,0793	10,9075	10,7395	10,5753	9,9540	9,3851	8,8633
13	12,1337	11,9302	11,7315	11,5376	11,3484	10,6350	9,9856	9,3936
14	13,0037	12,7706	12,5434	12,3220	12,1062	11,2961	10,5631	9,8986
15	13,8651	13,6005	13,3432	13,0929	12,8493	11,9379	11,1184	10,3797
16	14,7179	14,4203	14,1313	13,8505	13,5777	12,5611	11,6523	10,8378
17	15,5623	15,2299	14,9076	14,5951	14,2919	13,1661	12,1657	11,2741
18	16,3983	16,0295	15,6726	15,3269	14,9920	13,7535	12,6593	11,6896
19	17,2260	16,8193	16,4262	16,0461	15,6785	14,3238	13,1339	12,0853
20	18,0456	17,5993	17,1686	16,7529	16,3514	14,8775	13,5903	12,4622
21	18,8570	18,3697	17,9001	17,4475	17,0112	15,4150	14,0292	12,8212
22	19,6604	19,1306	18,6208	18,1303	17,6580	15,9369	14,4511	13,1630
23	20,4558	19,8820	19,3309	18,8012	18,2922	16,4436	14,8568	13,4886
24	21,2434	20,6242	20,0304	19,4607	18,9139	16,9355	15,2470	13,7986
25	22,0232	21,3573	20,7196	20,1088	19,5235	17,4131	15,6221	14,0939
26	22,7952	22,0813	21,3986	20,7457	20,1210	17,8768	15,9828	14,3752
27	23,5596	22,7963	22,0676	21,3717	20,7069	18,3270	16,3296	14,6430
28	24,3164	23,5025	22,7267	21,9870	21,2813	18,7641	16,6631	14,8981
29	25,0658	24,2000	23,3761	22,5916	21,8444	19,1885	16,9837	15,1411
30	25,8077	24,8889	24,0158	23,1858	22,3965	19,6004	17,2920	15,3725

кестенің жалғасы

	6,00%	7,00%	8,00%	9,00%	10,00%	12,00%	14,00%	15,00%
1	0,9434	0,9346	0,9259	0,9174	0,9091	0,8929	0,8772	0,8696
2	1,8334	1,8080	1,7833	1,7591	1,7355	1,6901	1,6467	1,6257
3	2,6730	2,6243	2,5771	2,5313	2,4869	2,4018	2,3216	2,2832
4	3,4651	3,3872	3,3121	3,2397	3,1699	3,0373	2,9137	2,8550
5	4,2124	4,1002	3,9927	3,8897	3,7908	3,6048	3,4331	3,3522
6	4,9173	4,7665	4,6229	4,4859	4,3553	4,1114	3,8887	3,7845
7	5,5824	5,3893	5,2064	5,0330	4,8684	4,5638	4,2883	4,1604
8	6,2098	5,9713	5,7466	5,5348	5,3349	4,9676	4,6389	4,4873

9	6,8017	6,5152	6,2469	5,9952	5,7590	5,3282	4,9464	4,7716
10	7,3601	7,0236	6,7101	6,4177	6,1446	5,6502	5,2161	5,0188
11	7,8869	7,4987	7,1390	6,8052	6,4951	5,9377	5,4527	5,2337
12	8,3838	7,9427	7,5361	7,1607	6,8137	6,1944	5,6603	5,4206
13	8,8527	8,3577	7,9038	7,4869	7,1034	6,4235	5,8424	5,5831
14	9,2950	8,7455	8,2442	7,7862	7,3667	6,6282	6,0021	5,7245
15	9,7122	9,1079	8,5595	8,0607	7,6061	6,8109	6,1422	5,8474
16	10,1059	9,4466	8,8514	8,3126	7,8237	6,9740	6,2651	5,9542
17	10,4773	9,7632	9,1216	8,5436	8,0216	7,1196	6,3729	6,0472
18	10,8276	10,0591	9,3719	8,7556	8,2014	7,2497	6,4674	6,1280
19	11,1581	10,3356	9,6036	8,9501	8,3649	7,3658	6,5504	6,1982
20	11,4699	10,5940	9,8181	9,1285	8,5136	7,4694	6,6231	6,2593
21	11,7641	10,8355	10,0168	9,2922	8,6487	7,5620	6,6870	6,3125
22	12,0416	11,0612	10,2007	9,4424	8,7715	7,6446	6,7429	6,3587
23	12,3034	11,2722	10,3711	9,5802	8,8832	7,7184	6,7921	6,3988
24	12,5504	11,4693	10,5288	9,7066	8,9847	7,7843	6,8351	6,4338
25	12,7834	11,6536	10,6748	9,8226	9,0770	7,8431	6,8729	6,4641
26	13,0032	11,8258	10,8100	9,9290	9,1609	7,8957	6,9061	6,4906
27	13,2105	11,9867	10,9352	10,0266	9,2372	7,9426	6,9352	6,5135
28	13,4062	12,1371	11,0511	10,1161	9,3066	7,9844	6,9607	6,5335
29	13,5907	12,2777	11,1584	10,1983	9,3696	8,0218	6,9830	6,5509
30	13,7648	12,4090	11,2578	10,2737	9,4269	8,0552	7,0027	6,5660

Мемлекеттік мекемелерде

бухгалтерлік есеп жүргізу

қағидаларына

7-қосымша

C-4 КЕСТЕЦІ Кезеңдегі 1 ш.б. аннуитеттің болашақ құны

	1,00%	1,25%	1,50%	1,75%	2,00%	3,00%	4,00%	5,00%
1	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000
2	2,0100	2,0125	2,0150	2,0175	2,0200	2,0300	2,0400	2,0500
3	3,0301	3,0377	3,0452	3,0528	3,0604	3,0909	3,1216	3,1525
4	4,0604	4,0756	4,0909	4,1062	4,1216	4,1836	4,2465	4,3101
5	5,1010	5,1266	5,1523	5,1781	5,2040	5,3091	5,4163	5,5256
6	6,1520	6,1907	6,2296	6,2687	6,3081	6,4684	6,6330	6,8019
7	7,2135	7,2680	7,3230	7,3784	7,4343	7,6625	7,8983	8,1420
8	8,2857	8,3589	8,4328	8,5075	8,5830	8,8923	9,2142	9,5491
9	9,3685	9,4634	9,5593	9,6564	9,7546	10,1591	10,5828	11,0266
10	10,4622	10,5817	10,7027	10,8254	10,9497	11,4639	12,0061	12,5779
11	11,5668	11,7139	11,8633	12,0148	12,1687	12,8078	13,4864	14,2068
12	12,6825	12,8604	13,0412	13,2251	13,4121	14,1920	15,0258	15,9171
13	13,8093	14,0211	14,2368	14,4565	14,6803	15,6178	16,6268	17,7130

14	14,9474	15,1964	15,4504	15,7095	15,9739	17,0863	18,2919	19,5986
15	16,0969	16,3863	16,6821	16,9844	17,2934	18,5989	20,0236	21,5786
16	17,2579	17,5912	17,9324	18,2817	18,6393	20,1569	21,8245	23,6575
17	18,4304	18,8111	19,2014	19,6016	20,0121	21,7616	23,6975	25,8404
18	19,6147	20,0462	20,4894	20,9446	21,4123	23,4144	25,6454	28,1324
19	20,8109	21,2968	21,7967	22,3112	22,8406	25,1169	27,6712	30,5390
20	22,0190	22,5630	23,1237	23,7016	24,2974	26,8704	29,7781	33,0660
21	23,2392	23,8450	24,4705	25,1164	25,7833	28,6765	31,9692	35,7193
22	24,4716	25,1431	25,8376	26,5559	27,2990	30,5368	34,2480	38,5052
23	25,7163	26,4574	27,2251	28,0207	28,8450	32,4529	36,6179	41,4305
24	26,9735	27,7881	28,6335	29,5110	30,4219	34,4265	39,0826	44,5020
25	28,2432	29,1354	30,0630	31,0275	32,0303	36,4593	41,6459	47,7271
26	29,5256	30,4996	31,5140	32,5704	33,6709	38,5530	44,3117	51,1135
27	30,8209	31,8809	32,9867	34,1404	35,3443	40,7096	47,0842	54,6691
28	32,1291	33,2794	34,4815	35,7379	37,0512	42,9309	49,9676	58,4026
29	33,4504	34,6954	35,9987	37,3633	38,7922	45,2189	52,9663	62,3227
30	34,7849	36,1291	37,5387	39,0172	40,5681	47,5754	56,0849	66,4388

кестенің жалғасы

	6,00%	7,00%	8,00%	9,00%	10,00%	12,00%	14,00%	15,00%
1	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000	1,0000
2	2,0600	2,0700	2,0800	2,0900	2,1000	2,1200	2,1400	2,1500
3	3,1836	3,2149	3,2464	3,2781	3,3100	3,3744	3,4396	3,4725
4	4,3746	4,4399	4,5061	4,5731	4,6410	4,7793	4,9211	4,9934
5	5,6371	5,7507	5,8666	5,9847	6,1051	6,3528	6,6101	6,7424
6	6,9753	7,1533	7,3359	7,5233	7,7156	8,1152	8,5355	8,7537
7	8,3938	8,6540	8,9228	9,2004	9,4872	10,0890	10,7305	11,0668
8	9,8975	10,2598	10,6366	11,0285	11,4359	12,2997	13,2328	13,7268
9	11,4913	11,9780	12,4876	13,0210	13,5795	14,7757	16,0853	16,7858
10	13,1808	13,8164	14,4866	15,1929	15,9374	17,5487	19,3373	20,3037
11	14,9716	15,7836	16,6455	17,5603	18,5312	20,6546	23,0445	24,3493
12	16,8699	17,8885	18,9771	20,1407	21,3843	24,1331	27,2707	29,0017
13	18,8821	20,1406	21,4953	22,9534	24,5227	28,0291	32,0887	34,3519
14	21,0151	22,5505	24,2149	26,0192	27,9750	32,3926	37,5811	40,5047
15	23,2760	25,1290	27,1521	29,3609	31,7725	37,2797	43,8424	47,5804
16	25,6725	27,8881	30,3243	33,0034	35,9497	42,7533	50,9804	55,7175
17	28,2129	30,8402	33,7502	36,9737	40,5447	48,8837	59,1176	65,0751
18	30,9057	33,9990	37,4502	41,3013	45,5992	55,7497	68,3941	75,8364
19	33,7600	37,3790	41,4463	46,0185	51,1591	63,4397	78,9692	88,2118
20	36,7856	40,9955	45,7620	51,1601	57,2750	72,0524	91,0249	102,4436
21	39,9927	44,8652	50,4229	56,7645	64,0025	81,6987	104,7684	118,8101
22	43,3923	49,0057	55,4568	62,8733	71,4027	92,5026	120,4360	137,6316

23	46,9958	53,4361	60,8933	69,5319	79,5430	104,6029	138,2970	159,2764
24	50,8156	58,1767	66,7648	76,7898	88,4973	118,1552	158,6586	184,1678
25	54,8645	63,2490	73,1059	84,7009	98,3471	133,3339	181,8708	212,7930
26	59,1564	68,6765	79,9544	93,3240	109,1818	150,3339	208,3327	245,7120
27	63,7058	74,4838	87,3508	102,7231	121,0999	169,3740	238,4993	283,5688
28	68,5281	80,6977	95,3388	112,9682	134,2099	190,6989	272,8892	327,1041
29	73,6398	87,3465	103,9659	124,1354	148,6309	214,5828	312,0937	377,1697
30	79,0582	94,4608	113,2832	136,3075	164,4940	241,3327	356,7868	434,7451

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК